



«QAZAQSTANŪ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

1(9) 03 / 2021



НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА
LIBRARY.RU

30.01.2019 ж. тіркелген
Күелік №17493-Ж
ISSN 2708-0897
Жазылу индексі 76112

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.АУЭЗОВА
M.AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY

«QAZAQTAŃY»

республикалық ғылыми журнал
республиканский научный журнал
republican scientific journal

1 (9) 03 / 2021

ШЫМКЕНТ, 2021
SHYMKENT, 2021

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректорының 30.01.2019 ж., №39-нқ бұйрығы бойынша «QAZAQTANY» республикалық деңгейдегі ғылыми журналы ресми ғылыми мерзімді баспасөз ретінде университеттен жылына 4 рет, әр тоқсанда: наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан айларының соңында шығарылады.

Ғылыми журналға Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп «Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агентігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы» 30.01.2019 ж., №17493-Ж. куәлігі берілген.

Жазылу индексі – 76112.

Ресей ғылыми дәйексөз индексі (РҒДИ) базасына тіркелген (05.05.2019ж. №260 келісім-шарт).

Ғылыми журналды дайындап, жарыққа шығарушы жауапты құрылым - М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі.

Ғылыми журнал «Рухани жаңғыру» бағдарламасына ғылыми сүйемелдеу жасау мақсатында гуманитарлық, педагогика, филология және шығармашылық салалардағы маңызды теориялық, әдістемелік, қолданбалы және сараптамалық сипаттардағы зерттеулердің нәтижесін жариялау үшін құрылды. Гуманитарлық ғылымдар бағытындағы тақырыптық рубрикалар: Қазақстан тарихы; дүниежүзі тарихы; археология; этнология; түркітану; архив ісі; музей ісі; кітапхана ісі; саясаттану; философия; мәдениеттану; заңтану; халықаралық қатынастар; экономика; әлеуметтану; өлкетану және тұлғатану; педагогика ғылымдары бағытындағы тақырыптық рубрикалары: педагогика және оқыту әдістемесі; психология және инклюзивтік білім беру; филологиялық ғылымдар бағытындағы тақырыптық рубрикалар: тіл білімі және әдебиет; когнитивті аспектідегі тілді үйрену-мәдениаралық қарым-қатынастың негізі; шығармашылық бағытындағы тақырыптық рубрикалар: өнер (музыка; хореография, театр); бейнелеу өнері және дизайн (кәсіптік білім).

На основании приказа №39-нқ от 30.01.2019 г. ректора Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова, Министерства образования и науки Республики Казахстан республиканский научный журнал «QAZAQTANY» университетом как официальное рецензируемое периодическое печатное издание выпускается 4 раза в год, ежеквартально: в конце месяцев март, июнь, сентябрь, декабрь.

Научный журнал зарегистрирован Комитетом информации, Министерства информации и коммуникаций Республики Казахстан. Получено свидетельство №17493-Ж от 30.01.2019 г. «О постановке на учет, переучет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания».

Подписной индекс – 76112.

Зарегистрирован в базе Российской индексации научного цитирования (РИНЦ) (договор №260 от 05.05.2019 г.).

Ответственное подразделение по подготовке и выпуску журнала - проектный офис «Рухани жаңғыру» ЮКУ им.М.Ауэзова.

Научный журнал учрежден в целях научного сопровождения программы «Рухани жаңғыру», публикации результатов научных исследований в области гуманитарных, педагогики, филологии и творческих направлений, содержащие важные результаты исследований теоретического, методического, прикладного и экспериментального характера. Направление гуманитарных наук тематические рубрики: история Казахстана; всеобщая история; археология; этнология; тюркология; архивное дело; музейное дело; библиотечное дело; политология; философия; культурология; юриспруденция; международные отношения; экономика; социология; краеведение; направление педагогических наук, тематические рубрики: педагогика и методика преподавания; психология и инклюзивное образование. Направление филологических наук, тематические рубрики: языковедение и литература; изучение языка в когнитивном аспекте – основа межкультурной коммуникации; творческое направление тематические рубрики: искусство (музыка; хореография, театр); изобразительное искусство и дизайн (профессиональное обучение).

On the basis of order №39-n from 30.01.2019 G. rector of South Kazakhstan University named M. Auevov, Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan Republican scientific journal "QAZAQTANY" University as the official periodical printed publication produced 4 times a year, quarterly at the end of months March, June, September, December. The scientific journal is registered by the information Committee of the Ministry of information and communications of the Republic of Kazakhstan. Received certificate No. 17493-ж Of 30.01.2019. "On registration and re-registration of a periodical, news Agency, and online publication".

The subscription index is 76112.

Registered in the database of the Russian science citation index (RSCI) (agreement No. 260 of 05.05.2019).

The responsible Department for the preparation and publication of the magazine is the project office of rukhani zhangyru of the Auevov SKU.

The scientific journal has been erected for the purpose of scientific support of the «Rukhani Zhagyru» program, the publication of the results of scientific research in the field of humanitarian, pedagogi, philology and creative directions, containing important research results of a theoretical, methodological, applied and experimental nature. Direction of the humanitarian sciences subject headings: history of Kazakhstan; the world history; archeology; ethnology; turkology; archival business; museum work; librarianship political science; philosophy; cultural studies; jurisprudence; international wearing; economy; sociology; local history and cognition of personality; direction of pedagogical sciences subject headings: pedagogy and teaching methods; psychology and inclusive education; direction of philological sciences subject headings linguistics and literature; language learning in cognitive aspect – basis of intercultural communication; creative directions subject headings art (music; choreography, theater); visual arts and design (vocational training).

«QAZAQTANÝ» республикалық ғылыми журнал 1 (9) 03 / 2021
«QAZAQTANÝ» республиканский научный журнал 1 (9) 03 / 2021
«QAZAQTANÝ» republican scientific journal 1 (9) 03 / 2021

Меншік иесі: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Тауке-хан даңғылы, 5
РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Бас редактор: Қожамжарова Д.П. - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы - ректор, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі.

Жауапты редактор: Жанысбекова Г.А. - М.Әуезов атындағы ОҚУ-ң «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының доценті.

Техникалық редактор: Торғаутова Ш.А. - «Әлем тарихы» мамандығының магистрі, М.Әуезов атындағы ОҚУ-ң «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының бас менеджері.

Редакциялық алқа мүшелерінің құрамы: Нұрманбетов Қ.Ә.- з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың бірінші проректоры; Бейсенбаев С.Қ.-п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Қоғаммен байланыс және мәдениет» жөніндегі проректоры; Исакова А.Т.- п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Стратегиялық даму және интернационализация» жөніндегі проректоры; Мәжинбеков С.А. - философ.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Әлеуметтік және тәрбие жұмысы» жөніндегі проректоры; Функ Д.А. - т.ғ.д., профессор, РҒА «Антропология және этнология» институтының директоры. М.Ломоносов атындағы ММУ-дың «Этнология» кафедрасының меңгерушісі. «Сибирские исторические исследования» (Scopus, Ресей ЖАК) журналының бас редакторы; Аманжолова Д.А. - т.ғ.д., профессор, РҒА «Ресей тарихы» институтының жетекші ғылыми қызметкері; Раджабов К.К. - т.ғ.д., профессор. ӨзБРҒА «Тарих» институтының қызметкері; Мырзахметов М.М. - филолог.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры; Мәжитов С.Ф. - т.ғ.д., профессор. ҚР ҰҒА академигі, ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ-дың директоры; Койгелдиев М.Қ. - т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, ҚР ҰҒА академигі, «Қазақстан тарихшылар ассоциациясының» төрағасы; Тұрғараев Б.Т. - з.ғ.д., профессор, «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының директоры; Қабыдинов З.Е. - т.ғ.д., профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы «Тарих және этнология» институтының директоры; Байтанаев Б.А. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі. Ә.Х.Марғұлан атындағы «Археология» институтының бас директоры; Артықбаев Ж.О. - т.ғ.д.Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың «Археология және этнология» кафедрасының профессоры; Кәрібаев Б.Б. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі; Тұрсын Х.М. - т.ғ.д., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың «Тарих» кафедрасының профессоры; Қожа М. - т.ғ.д., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың «Тарих» кафедрасының профессоры; Қалыш А.Б. - т.ғ.д., профессор. әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың «Археология, этнология және музология» кафедрасының меңгерушісі; Қапалбекұлы Н. - академик, профессор, Алматы облысының Құрметті азаматы, ЮНЕСКО «Мәдениеттерді жақындастыру» орталығының бас ғылыми қызметкері; Ақыш Н.Б. - филолог.ғ.д. ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті М.О. Әуезов атындағы институтының «Әдебиет және өнер» институтының бас ғылыми қызметкері; Есіркепова А.М. - з.ғ.д., ҚР Президентінің жанындағы МБА-ның профессоры; Мыңбаев Н. – филолог.ғ.д., профессор М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Түркітану» ғылыми орталығының директоры; Қалыбекова А.А. – п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының профессоры; Тлеубердиев Б.М. - филолог.ғ.д., «Қазақ тілі және әдебиет» кафедрасының профессоры; Қабылбекова З.Б. - п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы психология» кафедрасының профессоры; Лекерова Г.Ж. - п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Психология және дефектология» кафедрасының меңгерушісі; Жолдасбекова С.А. – п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Кәсіптік оқыту» кафедрасының профессоры; Әлібек С.Н. - т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың колледж директоры. «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры; Алметов Н.Ш. - п.ғ.д., профессор. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы педагогика» кафедрасының профессоры; Султанов С.А. - саяси.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Философия және мәдениет» кафедрасының профессоры; Қартаева Т.Е. - т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың қауым-н профессоры, Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың «Жаршысы» тарих сериясы бойынша жауапты хатшысы; Рысбаева С.Ж. – саяси ғ.к., ҚР Президентінің жанындағы МБА-дың доценті; Нұржанов А.Ә. - т.ғ.к., доцент Ә.Х.Марғұлан атындағы «Археология» институтының жетекші ғылыми қызметкері; Уразбаев Қ.М. - филолог.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Тарих және педагогика» факультетінің деканы; Сейдахметов М.Қ. - з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Басқару және бизнес» жоғары мектебінің деканы; Қоңыратбаев О.М. - т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мұхтартану» ғылыми орталығының жетекші қызметкері; Кәрібаев С.Ө. - т.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі; Отарбаева Г.К. - т.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының меңгерушісі; Нуртазин Е.К. - з.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мемлекет және құқығы теориясы» кафедрасының меңгерушісі; Карбозова Г.К. – филолог.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Ағылшын тілі білімі» кафедрасының меңгерушісі; Авизова А.Қ. - т.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының доценті; Джунисбаев С.М. - т.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Тарих және этнология» ғылыми орталығының директоры, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті; Сулейменов Т.А. - философ.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Философия және мәдениет» кафедрасының доценті; Айдарова А.Б. - з.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Экономика» кафедрасының қауым-н профессоры; Қалшабек А.Б. – филолог.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері; Әзімхан Ы.О. - филолог.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Филология» факультетінің деканы; Жолдасбекова Қ.Ә. - п.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының доценті; Айнабеков Н.Б. - «Аударма ісі» мамандығы; гуманитарлық ғылымдар магистрі. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Академиялық ғылым департаментінің», «Ғылыми талдамалы ақпарат» орталығының басшысы, аудармашы, журналдың ағылшын тіліндегі материалдарының редакторы.

/М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «QAZAQTANÝ» республикалық ғылыми журналының редакциялық алқасының құрамына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы. 10.02.2020 ж., №64-нқ бұйрығынан көшірмесі/.

«QAZAQTANÝ» respublikaalyq ғылыми журнал 1 (9) 03 / 2021
«QAZAQTANÝ» respublikanский научный журнал 1 (9) 03 / 2021
«QAZAQTANÝ» republican scientific journal 1 (9) 03 / 2021

Учредитель: Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент қ., проспект Тауке-хана, 5
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор: Кожамжарова Д.П. – Председатель правления - ректор Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК.

Ответственный редактор: Жанысбекова Г.А. - начальник центра «Рухани жаңғыру и Ассамблеи народа Казахстана», кандидат исторических наук, доцент кафедры «Всеобщая история и музейное дело».

Технический редактор: Торгаутова Ш.А. - магистр по специальности «Всеобщая история», главный менеджер центра «Рухани жаңғыру и Ассамблеи народа Казахстана» ЮКУ им.М.Ауэзова.

Состав членов редакционной коллегии: Нурманбетов К.Э. - первый проректор ЮКУ им.М.Ауэзова, к.ю.н., доцент; Бейсенбаев С.К. - проректор по «Общественным связям и культуре» ЮКУ им.М.Ауэзова, д.п.н., профессор; Исакова А.Т. - к.п.н. проректор по «Стратегическому развитию и интернационализации» ЮКУ им.М.Ауэзова; Мажинбеков С.А. - к.философ.н., доцент, проректор по «Социальной и воспитательной работе» ЮКУ им.М.Ауэзова; Функ Д.М. - д.и.н. профессор, директор института «Антропология и этнология» РАН, зав.кафедрой «Этнология» МГУ им.М.Ломоносова, главный редактор журнала «Сибирские исторические исследования» (Scopus, ВАК РФ); Аманжолова Д.А. - д.и.н., профессор, ведущий научный сотрудник института «История России» РАН; Раджабов К.К. - д.и.н., профессор, сотрудник института «История» РАН РУзб-н; Мырзахметов М.М. - д.филолог.н., профессор, директор научно-исследовательского центра «Мухтартану» им.ЮКУ М.Ауэзова; Мажитов С.Ф. - д.и.н., профессор, академик НАН РК директор республиканского государственного учреждения «Қоғамдық келісім» (Общественное согласие) при Президенте РК. Койгелдиев М.К. - д.и.н., профессор Каз.НПУ им.Абая, академик НАН РК, Председатель Ассоциации историков Казахстана; Тургараев Б.Т. - д.ю.н., профессор, директор международного общественного благотворительного фонда «Жеті жарғы және Қожаберген жырау»; Кабылдинов З.К. – д.и.н., профессор, директор института «История и этнология» им. Ш.Ш.Уалиханова; Байтанаев Б.А. – д.и.н., профессор академик НАН РК, директор института «Археология» им.А.Х.Маргулана; Артыкбаев Ж.О. - д.и.н., профессор кафедры «Археология и этнология» ЕНУ им. Л.Гумилева; Карибаев Б.Б. - д.и.н., профессор, член-корр. НАН, зав.кафедры «История Казахстана» КазНУ им.аль-Фараби; Турсын Х.М. - д.и.н., профессор кафедры «История» МКТУ им. Х.А.Ясауи; Мухтар К. - д.и.н., профессор кафедры «История» МКТУ им. Х.А.Ясауи; Калыш А.Б. - д.и.н., профессор, зав.кафедры «Археология, этнология и музейное дело» КазНУ им.аль-Фараби; Нағашыбек К. - академик, профессор, почетный гражданин Алматинской области, ведущий научный сотрудник центра «Сближение культур» ЮНЕСКО, профессор ЮКУ им.М.Ауэзова; Акыш Н.Б. - д.филолог.н., ведущий научный сотрудник института «Литературы и искусства» им. М.Ауэзова Комитета науки РК; Есиркепова А.М. - д.э.н., профессор Академии государственного управления при Президенте РК; Мынбаев Н. – д.филолог.н., профессор, директор научного центра «Тюркология» ЮКУ им. М.Ауэзова; Калыбекова А.А. - д.п.н., профессор кафедры «Общая педагогика и музыкальное образование» ЮКУ им. М.Ауэзова; Тлеубердиев Б.М. – д.филолог.н., профессор кафедры «Казахский язык и литература», ЮКУ им.М.Ауэзова; Кабылбекова З.Б. – д.п.н., профессор кафедры «Общая психология» ЮКУ им.М.Ауэзова; Лекерова Г.Ж. - д.п.н., зав.кафедры «Психология и дефектология» ЮКУ им. М.Ауэзова; Жолдасбекова С.А. - д.п.н., профессор кафедры «Профессиональное образование» ЮКУ М.Ауэзова; Алибек С.Н. - д.и.н., профессор кафедры «История Казахстана» ЮКУ им.М.Ауэзова, директор колледжа ЮКУ им.М.Ауэзова; Алметов Н.Ш. - д.п.н., профессор кафедры «Общая педагогика и музыкальное образование» ЮКУ им. М.Ауэзова; Султанов С.С. - д.полит.н., профессор кафедры «Философия и культурология» ЮКУ им.М.Ауэзова; Картаева Т.Е. - к.и.н., асоц.профессор, ответственный секретарь серии история «Вестника» КазНУ им. аль-Фараби; Рысбаева С.Ж. - к.полит.н., доцент Шымкентского филиала Академии государственного управления при Президенте РК; Нуржанов А.А. – к.и.н., доцент, научный сотрудник института «Археология» им. А.Х.Маргулана; Уразбаев К.М. – к.филолог.н., доцент, декан факультета «История и педагогика» ЮКУ им.М.Ауэзова; Сейдахметов М.К. - к.э.н., доцент кафедры «Маркетинг и менеджмент», декан Высшей школы «Управление и бизнес» ЮКУ им.М.Ауэзова; Коньратбаев О.М. - к.и.н., доцент, ведущий научный сотрудник научного центра «Мухтартану» ЮКУ им. М.Ауэзова; Карибаев С.У. - к.и.н., доцент, зав.кафедры «История Казахстана» ЮКУ им.М.Ауэзова; Отарбаева Г.К. - к.и.н., доцент, зав.кафедры «Всеобщая история и музейное дело» ЮКУ им. М.Ауэзова; Нуртазин Е.К. - к.ю.н., доцент, зав.кафедры «Теория государства и права» ЮКУ им. М.Ауэзова; Карбозова Г.К. – к.филолог.н., доцент зав.кафедры «Английское языкознание» ЮКУ им.М.Ауэзова; Авилова А.К. - к.и.н., доцент кафедры «Всеобщая история и музейное дело» ЮКУ им.М.Ауэзова; Джунисбаев С.М. - к.и.н. доцент кафедры «История Казахстана», директор научного центра «История и этнология» ЮКУ имени М.Ауэзова; Сулейменов Т.А. - к.филолог.н., доцент кафедры «Философия и культурология» ЮКУ им.М.Ауэзова; Айдарова А.Б. - к.э.н., доцент, асоц.профессор кафедры «Экономика» ЮКУ им.М.Ауэзова; Калшабек А.Б. - к.филолог.н., ведущий научный сотрудник научно-исследовательского центра «Мухтартану». ЮКУ им.М.Ауэзова; Азимхан Ы.О. - к.филолог.н., доцент, декан факультета «Филология» ЮКУ им. М.Ауэзова; Жолдасбекова К.А. - к.п.н., доцент кафедры «Изобразительное искусство и дизайн» ЮКУ им.М.Ауэзова; Торгаутова Ш.А. - магистр по специальности «Всеобщая история», главный менеджер проектного офиса «Рухани жаңғыру», технический редактор журнала, корректор журнала ЮКУ им.М.Ауэзова; Айнабеков Н.Б. - магистр гуманитарных наук по специальности «Переводческое дело», начальник центра «Научно-аналитической информации» Научно-академического департамента ЮКУ им. М.Ауэзова, переводчик, редактор материалов английского языка.

/Выписка из приказа №64-нқ, от 10.02.2020г. О внесении изменений и дополнений в состав членов редакционной коллегии республиканского научно журналу «QAZAQTANÝ» ЮКУГ им.М.Ауэзова/.

ISSN 2708-0897

@Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, 2020

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК
DIRECTION OF THE HUMANITARIAN SCIENCES**

тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ - ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА –
HISTORY OF KAZAKHSTAN**

ӘОЖ: 94.115

¹Жанысбекова Г.А., ²Әшим Ж.Қ.

¹тарих ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы. Шымкент, Қазақстан

²Шымкент қалалық «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің менеджері,
Шымкент, Қазақстан

**1916-17 Ж.Ж. ҚАЗАҚ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ СОҒЫСЫНЫҢ ЖЕТІСУ МАЙДАНЫ:
ТЫҢ ДЕРЕКТЕР ІЗІМЕН**

Түйін. Өз жерінде өгейлік көрген қазақ халқының жағдайы патша соғысына адамдық ресурс қажеттілігі пайда болған кезде мүлдем қиындап кетті. Оны зерделі Дала ұлдары жақсы түсінді, қаншалықты басы байлаулы, қолы қысқа - қарусыз болса да қарсыласпай беріле салу - әскери демократия рухында өмір сүріп келген, жаугершілік замандарда ел шетіне келген жаудан жері мен суын талай рет аман алып қалған олар үшін мүлдем санаға сыймайтын жат құбылыс еді. Елдегі оқығандар қаншалақты қан төкпеуге шақырғанымен, 1916 жылы басталған Ұлт-азаттық көтерілістің бара-бара жалпыұлттық сипатқа енуі, қасық қаны қалғанша жанталаса қарсы тұруы, өз мемлекеттілігінің негізгі жүйесі – хандықты қалпына келтіруге күш салуы, келімсектердің барлығына бірдей біртұтас майдан ашу және соғыстың Далалық тактикасы мен стратегиясын бұлжытпай жасап, мұздай қаруланған кәсіби тұрақты орыс әскеріне қарсы жылға жуық уақыт бойында қарулы қарсылықты тоқтатпау – бұл Қазақ халқының Ұлы ерлігі.

Кілт сөздер: Ұлт-азаттық соғыс, патша жарлығы, бұратана, солдат, тыл жұмысы

Кіріспе.

Егеменді Қазақстанның Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы кезеңінде ұлттық рухтың биікке өрлеуі, елдің әлемдік елдер санатына енуі заңды құбылыс. Осындай рухи күшею үстіміздегі жылы 100 жылдық мерейтойы атап өтілген Ұлы Оқиға – 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліске тарихи-ретроспективалық назар аударуды ғылыми айналысқа енбеген тың архивтік деректермен танысу арқылы жүзеге асыру жаңа талдаулар жүргізу; сол кезеңдегі қанды тарихи үдерістің барысын жаңа құжаттар мен толықтыру – ұлт үшін маңызды оқиғаның мазмұнын мүмкіндігінше кеңінен көрсету өзін «Мәңгілік ел» деген брендпен әлемге танытып отырған Отанымыз үшін аса маңызды.

1916 жылғы соғыс барысы зерттелінгенімен, оның ұлттық сипатын, шынайы деңгейін көрсетуге, бағалауға құжаттық-деректік базаның шектеулілігі, әміршіл биліктің тегеуріні, отаршылдық жүйенің еліміз егемендік алғанға дейін жасырын түрде жалғасуы үрдістері мүмкіндік берген жоқ. Тарихи оқиғаның барысы туралы шындықтың отаршыл ел мақсатына орай бұрмалануы Қазақстанның өз егемендігін алуына дейін жалғасып келді. Тәуелсіздік жылдарында ұлттық тарихты зерделеуге ынта-жігер жоғарылағанымен, дерек тапшылығының орны толған жоқ; шетелдік, ресейлік архивтер есігін ашқан жоқ. 1916 ж. көтерілістің 100 жылдығына орай жарияланған мақалалары мен конференция баяндамалары С. Асфендияров[1], Т. Рысқұлов [2], Ә. Бөкейханов [3] т.б. естеліктерін пайдаланды.

Ал академиялық оқулық болып табылатын «Қазақстан тарихының» 3 томында 1916-

1917 ж.ж. Қазақстан мен Орта Азиядағы аса ірі ұйымдасқан қарсылықтың бүлікшілер мен тобырдың қарапайым көтерілісі емес, «отарланған Шығыстың империяға қарсы ұлт-азаттық соғысы», - деп атап көрсетілген [4].

Елін қорғауға шыққан азаматтардың кез-келген соғысы «Отан соғысы» деген атқа лайық. Дегенмен, үзік-үзік көтерілістің орнына біртұтас соғыс ретінде бейнелеу үшін үлкен дерек базасы қажетті. Осыған байланысты 1916 ж. оқиғаны ұлт-азаттық соғыс ретінде сипаттауға мүмкіндік беретін құжаттарды ғылыми айналысқа енгізу проблемасы бой көрсетті және оған жаңа архивтік материалдар негізінде 1916 ж. 25 маусымда басталып, 1917 жылы ақпанда аяқталған тарихи оқиғаның Жетісу орталығы мысалы негізінде «Көтеріліс» деңгейінен «Ұлт-азаттық соғыс» деңгейіне ауыстыру арқылы қол жеткізілді.

1. «Қазіргі кезге дейін босатылған тұрғындардың кейбір бөлігінің әскери міндеткерлікті өтеуге қатыстырылу туралы» атты 1914 жылы жасалған және 1916 жылы қайтадан қарастырыла басталған құпия заң жобасына тарихи талдау жасау;

2. «1916 ж. қазақтарды тыл жұмысына алу туралы патша жарлығы» құжатына тарихи талдау жасау;

3. «Түркістан генерал-губернаторы және Түркістан әскери округы әскерінің қолбасшысы генерал-адъютант Куропаткиннің Николай патшаға берген рапорты» құжатына деректанулық талдау жасау.

Кезінде кеңес тарихнамасында 1916 жылғы қозғалыстың мақсаттары, сипаты және қозғаушы күштері туралы белгілі бір көзқарасы қалыптасқан болатын. Бірақ ұзақ жылдар бойы осы аса бір ірі оқиғаны зерттеу "БК(б)П тарихының қысқаша курсы" мен тоқырау кезеңдерінің дәстүрлері схемалары рухында жүргізіліп келді. 1916 жыл оқиғаларына байланысты жаңаша ойлау және "ақтандақтарды" жою тұрғысынан қайта қарастыруды талап ететін көптеген мәселелер бар екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Ең алдымен көтеріліс тарихнамасы мен деректемелері туралы бірер сөз. Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 ж. көтеріліс туралы көп жазылды. Мәселені ең алғаш зерттеудің әу басында тарихшылардың аға буын өкілдері С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, С. Меңдешев, Б. Алманов, жазушы Ж. Аймауытовтар тұрды [1-4]. Сонымен қатар олардың бәрі де сол жылдардағы қаһарлы оқиғаларды көзімен көрген, ал кейбірі көтеріліске тікелей қатынасқан адамдар еді. Бұл авторлар еңбектерінің маңызы ерекше. Бірақ олардың бәрі де тоталитаризмнің құрбандығына ұшырап, еңбектері ұзақ жылдар бойы тарихнамаға енбей, атаусыз қалды.

Деректемелердің аса ірі жинағы 1960 жылы Мәскеу қаласының Ғылым академиясының баспасы арқылы жарық көрді [7].

Сонымен қоса-қабат, Ресей архивтерінің өзінде және олардың интернет-ресурстарында жасалған ізденістік-эвристикалық жұмыстардың нәтижесінде көлемі 800 беттен асатын бұған дейін еш жерде жарияланбаған құжаттар кешеніне ие болуға қол жеткізілді. Осы құжаттардың ішінде қазақ халқының ұлт-азаттық көтеріліске тай-тұяғы қалмай бірдей шығуына себепкер болған, жаппай наразылық туындатқан, сөйтіп, «1916 жылғы патша жарлығы» деп атауы мифке айналған, алайда көптеген тарихшының қолына түспеген дерек те бар [6].

Орыс билеушісі – патша жарлық жасау үшін оның алдында көптеген айлар мен жылдарға созылатын алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіліп отырылған. Олардың барлығы арнайы министрліктер айналысқан. Қазақтан солдат алу әрекеті І дүниежүзілік соғыс басталысымен-ақ жүргізіле басталған және оның сәйкес құпия заң жобасы - Қазіргі кезге дейін босатылған тұрғындардың кейбір бөлігінің әскери міндеткерлікті өтеуге қатыстырылу туралы» атты 1914 жылы жасалған және 1916 жылы қайтадан қарастырыла басталған құпия заң жобасы жасалып, патшаның қарауына ұсынылды [7].

Көтерілістің барысында Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Куропаткин орыс патшасы ІІ Николайға берген рапортында көтеріліс ошағына айналған өңірлердегі

көтеріліс жағдайын сипаттаған және оның барысын карта бетіне қоса түсірген. Біз қарастырып отырған Жетісу орталығындағы көтеріліс Куропаткиннің рапортында № 4 картада бейнеленген [8].

Ғылыми мақалада 1916 ж. патша жарлығының және оған Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Куропаткин рапортының толық мәтіндерін ғылыми айналысқа алғаш рет енгізді және оның нысаны ретінде 1916-1917 жылдардағы Ұлт-азаттық соғыстың Жетісу майданы алынды. Оқиғаның хронологиялық шеңберін 1916 жылмен ғана шектемей, оған 1917 жылды да қосу үшін Жетісу жеріндегі тоқталмаған толассыз қантөгістер себеп болды. Соғыс алма-кезек жеңістер және жеңілістер сериясымен жүре отырып, 1917 жылы да жалғасын таба бергендігін архив құжаттары дәлелдейді.

ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ «БҰРАТАНАЛАРДЫ» ӘСКЕРИ МІНДЕТКЕРЛІКТІ ӨТЕУГЕ ШАҚЫРУ ҮШІН ЖАСАҒАН ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

XX ғасырдың бас кезі қазақ ұлты үшін қысымшылыққа толы кезең болған еді.

Біріншіден, Ресейдің Азиялық Шығысты шаруаларға қоныстандыра отарлауы империялық мақсаттарға дөп келетіндігіне нақты көзі жетіп, қазақтарды шұрайлы жазық жерлерден шөл дала мен тауларға ығыстыру саясаты іс жүзінде айрықша қарқынмен жүргізіле басталды. 1907-1912 жылдардың өзінде ғана Ресейдің европалық бөлігінен 2 млн. 400 мың адам әкеліп қоныстандырылды. Отарлау Қазақстанда кең көлемде жүзеге асырылды. Патша үкіметі 1916 жылға қарай қазақтарды 40 млн.-ға шұрайлы жерінен айырып, қоныстану қорын құрды. Столыпин реформасының бас кезінде-ақ «Санкт-Петербургские ведомости» газеті былай деп жазуға мәжбүр болды: егер мемлекет мүдделері қырғыздарды құрбан етуді талап етсе, бұған қарсы шығудың керегі жоқ, бірақ екінші жағынан, бір қолымызбен жасай отырып, біздің екінші қолымызбен күйретіп жатқанымызға көзді жұма қарамай, қайта ашық мойындауымыз керек. 1917 жылға қарай Қазақстанда қоныстану учаскелеріне, ормандағы саяжайларға, казак әскерлеріне, помещиктік имениелерге, монастырьлік учаскелерге, қалалар мен темір жолдар үшін бөлінген өңірлерге ең жақсы егістік жерлер мен жайылымдардың 45 147 765 десятинасы тартып алынды. XIX-ші ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында, Хиуа мен Бұқараны қоспағанда, бұрынғы Түркістан шегінде орыс қоныстанушыларының 941 поселкалары пайда болды. Түркістанда әрбір келімсекке орыс поселкелерінде 3, 17 десятина, ал байырғы халықтың әрбір жанына (қазаққа, өзбекке, қырғызға және басқаларға) 0,21 десятина өңделетін жер тиді. Орасан көп көлемде қырғыз-қазақ батырақтары пайда болды. Жетісу губерниясында барлық қоныстанушылар шаруашылықтарының 98 процентіне дейін жалдамалы еңбекті пайдаланды. Қазақтардың жерін жаппай тартып алу көшпенділер мен орыс-украин қоныстанушылары арасындағы қатынастарды қиындата түсті.

«1899 жылдан кейін қазақтар мен орыстар арасындағы этникалық жанжалдар (қақтығыстар) даладағы өмірдің сипатты белгісіне» айналды деп Т. Рыскұлов өте дұрыс жазған еді [2, б.39-63].

Екіншіден, қаншалықты қиын болғанымен қазақтар әлі де болса өз жерінде өмір сүріп жатыр еді. Бұл жағдай патшалық биліктің өз басына I дүниежүзілік соғыстың ауыртпашылығынан көрген құқайын енді отар елдің басына қарай төңкере салуға деген ұмтылыс басталған кезде тіпті мүлдем шиеленісіп кетті. Қазақ ұлтының ең баскөтерер бөлігін – 16-дан 49 жасқа дейінгі ер-азаматтарды елінен айырып, төгілген от пен оқтың өтіне қарусыз-қауқарсыз түрде шығарып тастау – жерді босатып алудың барып тұрған құйтырқы «көреген» саясаты болатын. Оған дайындық жұмысы I Дүниежүзілік соғыс бастала салысымен-ақ қоса жүргізіле басталған екен. Бұл туралы құпия түрде зерттеулер жүргізіліп, арнайы «Қазіргі кезге дейін босатылған тұрғындардың кейбір бөлігінің әскери міндеткерлікті өтеуге қатыстырылу туралы» «заң жобасы» жасалған [7, Сур.2].

Бұл құжаттың авторлары қажеттілігі болмаса, Ресей империясының кейбір халықтарын шынайы әскери міндеткерліктен босату жарғының «әрбір орыс боданының

қасиетті міндеті тақ және отанды қорғау» дейтін негізгі ұстанымымен қарама-қарсы келетіндігін ескертеді. Осы жерде орыс идеологтарының құйтырқылығына тағы да көз жеткізе аламыз: өзінің азиялық Отанын орыс келімсектеріне бере отырып, қазақтар сол орыстардың айдаладағы еуропалық Отанын өздері мүлдем көрмеген-білмеген біреулерден қорғап беруі міндетті екендігі заңдастырылып жатты. Оның өзінде, - деді аталмыш заң жобасын жасаушылар, - «мемлекеттің орталығының тұрғындарына шет аймақтары үшін әскери міндеткерліктің салмағын сала беру әділетсіздік; нәтижесінде орталықтың есебінен шет аймақтардың тұрғындары дамып, байып отыр. Сонан соң, қандай да бір қандай да бір халықты әскери міндеткерліктен шамадан тыс ұзақ уақыт бойына босату, ол халықтың бойында осындай жеңілдіктің мәңгілік екендігіне нық сенім орнататындығымен зиянды. Ол халықтың мәдени көтерілуі барысында ұлттық сезімі де дами бастайды, нәтижесінде әскери міндеткерлікті енгізу барған сайын қиындай береді (мысалы, Финляндия)» [7, б.2].

Ал рельс жолдарының Ресейдің отарлап алған жерлерінде жатқан ең алыс шекарасына дейін жүргізілгендігі нәтижесінде көптеген шет аймақтардың «бұратана» тұрғындары орыс тұрғындарымен тығыз байланысқа түсе бастағандығы, біртіндеп мемлекеттік тілді (орыс тілін) меңгере бастағандығын және отарлаушылардың тілімен айтқанда «бірлесе өмір сүрудің «мәдени» түріне өте бастағандығы», – басқаша айтар болсақ – орыстана бастап, шынайы боданға айнала бастауы бұл жерлердегі «бұратаналарды» әскерге алуға мүмкіндік бере алар еді.

Орыстардың «бұратаналарды» әскерге алудың «ғылыми» тұрғыда зерттеуі нәтижесінде анықталған:

- а. отарланушылардың «так» алдындағы «абыройлы борышы» бар екендігі;
- ә. әскери міндеткерліктен босатудың психологиялық кері зардабының болатындығынан халықтардың «кемсітілуі», «мәдениеттенбеуі» мүмкіндігі;
- б. «бұратаналарды әскерге алмаудың еуропалық орыстар үшін «әділетсіз» екендігі;
- в. «бұратаналардың» әскери міндеткерліктерді орындаудың орнына өз үйлерінде баю жолында екендігі;

г. олардың біршама «орыстанғандығы», яғни айдаған жаққа қарай жүре беретін «көнбіс» жағдайға түсуі сияқты т.с.с. негізгі «себептерінен» өзге шет аймақтарды саяси жағдайдың күрт өзгергендігімен есептесу қажеттігі бой көрсетті. Өйткені, Азияда, Қиыр Шығыста жаңа ұлы держава – Жапония өсіп шықты; ұзақ уақыт бойына жартылай отар ел болып келген, баскөтерер қауқары болмаған Қытай жаңа өмірге ояна бастады және әскери бағытта орыстар үшін аса қауіпті қарсылас болып шығуы мүмкіндігі пайда болды; Түркістандық және Кавказдық шекараларда еуропалық державалардың бәсекелестігі салдарынан шиеленістер болып кетуі барлық кезде де ұлан-ғайыр қашықтықты ескере отырып, жергілікті орыстардан құралған запасты әскери қатарға шақырғанда өз запастарынан толық әскерді құрастыра алатындай етіп шет аймақтарда әскери іске оқытылған адамдардан құралған запасты дамытуды қолға алу керек. Жоғарыда аталып өтілген маңызды пікірлер шынайы әскери міндеткерліктен босатуды болашақта қай халықтарда сақтап қалу керек деген сұраққа, ол босатуды аса күмәнсіз қажеттілік үшін ғана мүмкін ете отырып, өте-мөте ұқыптылықпен қарау керек, - деген тоқтамға алып келді.

Бұл ұқыптылықтың мағынасы архив құжатының келесі мазмұнынан белгілі болады. Ол жерде орыстардың «сенімсіз бұратана тұрғындардың», яғни қазақтардың қандай да болмасын топтарын милитарландыру (қаруландыру) мемлекет үшін қауіпті деген саяси пікірі, сондай-ақ, халықтың жекелеген топтарының әскери міндеткерлігін өтеуге шақыру аса үлкен қиыншылықтармен жүретін, әрі армияға ешқандай пайда бермейтін географиялық және климаттық жағдайларды ескерулерінің қажеттілігі және қандай да болмасын бір ру-тайпаның орыстардың мәдениетіне сәйкессіздігін «жабайылығы және әлсіздігі» деп қарастырып, сөйтіп осылардың нәтижесінде әскер құруға жарамсыз болып шығатын кездерді де ескеру қажеттілігін атап көрсетеді және бұл «бұратаналардың» жабайылығына байланысты армияға масыл болатындығын да ескертіп өтеді, өйткені

орыстардың ойынша шынайы әскери қызметтің бекітілген уақыты «бұратаналарды» әскери оқыту түгіл, тіпті оларға қандай-да бір мәдени сипат беру үшін де жеткіліксіз, - дейді.

Осы жағдайларға байланысты оларға шынайы әскери міндеткерлікті енгізуден мүлдем бас тартудың қажеттілігін мойындау дұрыс деп есептелді. Орыс шенеуніктерінің құжат қабылданардан 40 жыл бұрын жасалған ой пайымдаулардың 1914-16 жж. ешқандай да орны жоқ, өйткені Ресейдің өмір жағдайлары өзгергендігі соншалықты, жоғарыда көрсетілген алып тастауларды олардың мемлекеттің қазіргі заманғы жағдайына байланысты қаншалықты қажет екендігін анықтау мақсатында қайта қараудың шынайы қажеттілігі туындағандығын көрсетеді [7, б.11].

Соғыс кезеңінің «талабы» үшін «бұратана» халықтардан әскерге солдат алу ісін жүргізбейінше І дүниежүзілік соғыстың басымдылығы орыстардан ауып кететіндігіне әбден көзі жеткен әскери министрлік шенеуніктері «киргиздардан» солдат алу үшін олардың өздерін зерттеу керек деген тұжырымға келеді және «киргиздардан» қандай солдаттар шығуы мүмкін деген сұраққа жапа-тармағай жауап іздестіре бастайды. Осы сұрақты қарастыруға кіріскен кезде, үкімет оны жергілікті жерлердің өзінде алдын-ала дайындалған бағдарлама бойынша мұқият тексеріп алуды дұрыс деп тапты.

Сөйтіп, Түркістанда жергілікті орыс және «бұратана» халықтарды әскери міндеткерлікті өтеуге шақыруды әскери губернаторлар алдын-ала дайындалған бағдарлама бойынша зерттеп, талдау жасады және өз ойларын талқылауларға салып отырды... Оның үстіне Түркістан генерал-губернаторы және Кавказ наместнигі осы іс бойынша өздерінің жалпы қорытындысын берді.

Патшалық Ресей еуропалық бөлікті мекендеген орыстарды «коренные народы», яғни «байырғы тұрғындар» атаған болатын, ал Азиядағы отарланған жерлердегі халықтарды «инородцы» - «тегі басқалар», «бұратаналар» деп атады. Сол «бұратана» деп аталған халықтардың өзі патшалық Ресей шенеуніктері қабылдаған өмір сүру салты байланысты нақтыланған классификация бойынша бірнеше сатыға бөлінген: отырықшылар, көшпелілер және қаңғыбастар және осы түрмен бөлу патшалық Ресейдің негізгі заңдарының барлығына енгізілген.

Олар «Бұратаналардың» көшпелі өмір салты бойынша өмір сүретін «киргиздар» деп аталатын тобы сан жағынан үлкен деген қорытындыға келді. «Киргиздардың» ең көпшілігі Астрахань және Ставрополь губернияларын, Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарын және Түркістан өлкесіне қоныс тепкен. Бұл аймақтардан ұзын саныекі жарым миллион әскер жасындағы ер адамдар жинала алатындығына болжам жасалды.

Орыс «зерттегіштер» әскерге алынуы тиіс халықтар мен ұлттардың өз тағдырына деген көңіл-күйлерін де болжалдауға, бағалауға кірісті. Сөйтіп, 1914 жылдың өзінде-ақ, «бұратаналардан» әскерге адам алынады екен деген алып-қашпа сөз жіберіп, оған қандай қатынас жасайтындықтарын байқаған. Байқау нәтижелерін әрбір әкімшілік билік басында болатын жиналыс-мәжілістерінде талқылауларға салып отырған. Сөйтіп, бұл жерлердегі тұрғындардың әскерге алу туралы алып-қашпа әңгімелерге деген қатынастары бірдей екендігі анықталды. Мысалы, Торғай мәжілісінің мәлімдемесі бойынша өздерінің жабайылығы және тәртіпсіздігіне байланысты басқаша өмір салтына мүлдем жиіркене қарады, әскери міндеткерлік туралы алып-қашпа сөздерге, жеккөрушілікпен қызбалана қатынас жасайды, - деген тұжырымға келген. [7, б.9].

Қазақтардың әскери міндеткерліктің енгізілетіндігі туралы сыбысқа жасаған қатынасы туралы Омбы кеңесі де куәландіреді, оның өзінде «киргиздар» әскери міндеткерліктен әйел патшалар Анны Иоанновнаның және Екатерина II және император Николай I берген ерекше грамоталарымен Ресейге қан төгісусіз және көтеріліссіз қосылғандықтары үшін мәңгілікке босатылғандықтары туралы уәж айтатындықтарын да ескертеді. Осыған байланыста орыс шенеуніктері ерінбестен осы құпия заң жобасының ішінде бірқатар анықтамалық жұмысты да жүргізген. Дегенмен, кез-келген анықтама да,

зерттеу жұмыстарының барлығы да бір ғана мақсатқа – қазақтарды әскерге алу мақсатына бағындырылғандықтан, мәңгілікке әскер алмау туралы патша жарлығы да осы мақсатқа икемделе түсіндіріледі де: «Аталған грамоталар киргиздарды жалпыға бірдей міндеткерліктен емес, рекруттық әскер алудан босатқан. Ресейге қантөгіссіз қосылған туралы мәлімдеме ақиқаты дау туғызатын шындық. Киргиздарды Ресейге қосу 1780 жылдан бастап, 100 жылға жуық уақыт бойына жүргізілді, оның өзінде алғашқы орыс елшілігін қырып тастай жаздап, тұтқында ұстап тұрған. Содан соң, олардың сұлтандарының Ресейге деген ант бұзарлық әрекеттерінің онжылдықтары басталды. XIX ғ. 40-шы жылдарының өзінде тек 1847 ж. өлген соң ғана Кенесары Қасымов даланы толқытқан, мыңдаған атты жинаған, бұрынғы иеліктерін қайтарып алуды көкसेген, «киргиздардың» өз тәуелсіздігін қайтарып алу әрекеті аяқталды.

Ресейге қосып алынған «киргиздар» тек XIX ғ. алпысыншы және жетпісінші жылдарында Орта Азиялық хандықтары басып алынғаннан кейін ғана, басқа барар жер, басар тауы қалмаған кезде ғана толық бейбіт бола бастады», - деп салады [7, б.10].

Әрмен қарай заң жобасын жасаушы әскери министрлік шенеунігі сол кезеңдегі Сібір мен Торғай уездерінде отар отарлауы үшін көшпенділердің артық жерлерін тартып алып жатқан жерге орналастыру жұмыстары жүргізілу барысымен де таныстырып және оған баға беріп өткен: «бұратаналардың» көшпенділерінің «отырықшы» разрядына көшірілуіне байланысты олардың ішкі басқарылуы мен сот ісі қайта ұйымдастырылуда екендігін айтып, ол реформаның пайдасын бұқара көпшілік түсінгенін, бірақ, оған байлар мен ықпалдылар қарсылық көрсетіп жатқанын айтып өтеді. Ал жерге орналастыруға келер болсақ, оған «киргиздар» қаскөйлік және сенімсіздікпен қарайды, өйткені олар мал шарушылығын жүргізуі және өмір сүруі үшін орналасқан жерлерін өздерінің бөлінбес меншігі деп есептейді, ал ол жерді бөліп алуды зордың күшімен ғана мойындайды. Еңүлкен наразылықты бұратаналардың ең көп, ең жақсы жайылымдарын алып қойған, өз руластарын толық басқарып отырған бай «киргиздар» туындатады. Бұл тартып алуларды "киргиздар" қашып құтылмас зұлымдық деп есептейді. Олар бағынды, бірақ өкпелі, ыңғайлы сәті туындағанда әрқашан өз наразылықтарын айтып қалады. Бұл наразылықтар кейбір жағдайларда өршіп отырады, - дейді [7, Б. 10].

Жерден айрылу, дәстүрлі күнделікті үрдістен ажыратылу қарқыны қазақтар үшін қанша ауыр болғанымен, оның жүргізілу шапшандығына орыстардың көңілі толмады. Мысалы, Торғай облысының ерекше мәжілісі «киргиздар» орыстардың мемлекеттік өмірінен әлдеқайда алшақта, сондықтан оған қас; тіпті 15-20-30 жыл деген уақыттың өзінде қазіргі окшау өмір сүріп жатқан «киргиздардың» орыс мемлекеттілігі идеясын мойындай қоюы екіталай дүние деген қорытындыға келді. Бұдан шығатын жол – орыстық талап деңгейінде дұрыс қойылған білім беру, жақсы орыс мұғалімі және орыс азаматтық тәртібі ғана уақыт өте келе «киргиздардың» Ресеймен шынайы байланысын орната алады және олардың орыстардан алшықтығынан туындаған дұшпандығына тоқтау салады, - деген ғылыми тұжырымсымаққа келді. Ал, оған дейін «киргиздар» армия үшін сенімсіз элемент болды және әскери қызметке алыну құрметі үшін олардың деңгейі өскен жоқ. Әрине, Ресейдің байырғы тұрғындары «киргиздарды» әскери міндеткерліктен босатудың салдарынан артық жұмыс істейді, ал «киргиздар» осының нәтижесінде артықшылықтарды пайдаланады, - деп көлгірсіді. «Киргиздарды» әскери міндеткерлікті шынайы түрде орындауға тарту олардың жалпы мемлекеттік өмірдің ықпал ету өрісіне енгізіп алмай тұрып мүлдем мүмкін емес.

Осындай қорытындыға Омбы мәжілісінде тоқтады. Бұл сұрақ бойынша Омбы әскери округінің әскери басшылығы көшпенділерді неғұрлым табысты орыстандыру үшін әкімшіліктің ұмтылысы түземдіктерді отырықшы өмір салтына өткізудің барлық шараларын қарастыруға бағытталуы тиіс және оған өтудің жолындағы кедергілердің барлығын алып тастауы тиіс; тек қана әскери міндеткерлікті өтемеуге ғана бола «киргиздардың» казактарға, қалаларға, селоларға қосылғысы келмейтіндігі белгілі, - дейді.

Көшпенділердің арасында міндетті әскери қызметті енгізу теріс ықпал етіп соншалықты қажет болып отырған «киргиздарды» отырықшыландыру ісін кешеуілдетіп жіберуі мүмкін екенігін болжалдайды.

Омбы мәжілісі «киргиздардың» кедейлерінің отырықшылыққа екендігін «киргиздарды» жерге орналастыру туралы сөз болғанда олардың қоятын бірінші сұрағы «солдатқа ала ма екен?» екендігін куәландырады. Ақмола губернаторына «киргиздар» топ-тобымен ағылып келіп, өз еріктерімен отырықшылыққа өтсе, жерге алынатын-алынбайтындығы туралы сұрақ қоюмен болды және нақты жауап беруді өтініп, әскерге алынатын болса, онда Қытайға көшіп кетуге рұқсат сұраған.

«Киргиздар» сенімді солдат болады деп күтуге бола ма? деген сұрақ бойынша Торғай мәжілісі келесі пікірді ұстанды: панисламизм идеясы «киргиздардың» арасында да таралуда; орыс әскері қатарына шақырылу біздің мүмкін жауларымызды күшейтеді. Ресей жалауының астына әскери қызмет атқару олардың санасында Ресейге берілгендік рух орнатпайды, бірақ қару-жарақты пайдалануға үйретеді. Сондықтан орыс армиясының қатарын мұндай «бұратаналармен» ластауға болмайды. Әскерде соны қорғау үшін соғысқа баратын біздің байрағымыздың «киргиз» - солдат үшін не маңызы бар? Біздің дініміз бен отанымыз оған бөтен, тіпті жау, - деген сарындас қорытындыға Омбыдағы мәслихатта келді, оның өзінде осы мәселе бойынша Омбы әскери округының басшылары төмендегідей пікір айтты:

«Әскери міндеткерлікті енгізудің» салдары «киргиздардан» құралатын жасақтың саяси жағынан сенімсіз әскери күшке айналдыратыны болмақ; берілгендігіне сенім артуға болмайтындығын Орта Азиялық халықтарды қазіргі заманғы қару меңгеру өнеріне үйрету пайдалы емес. Пайыздық үлес жағынан алып қарағанда Империя тұрғындарының азғантай бөлігін ғана құрағанымен, Орта Азияның басқа көптеген мұсылман халықтарының біздің бодандарымыздың да, вассалдық мемлекеттер Хиуа мен Бұхараның бодандарының да және Қытай мұсылмандарымен жақын көршілес орналасуы себепті «киргиз» халқының саяси маңызын жоғалтты деп есептеуге әлі де болса мүмкіндік бермей отыр. Сонымен, саяси қажеттіліктерді ескерер болсақ, көшпелі бұратана тұрғындарының арасына жыл сайын қару-жарақты жақсы меңгерген адамдарды аз көлемде болса да енгізіп отыруға Орта Азияның «магометандарының» қазіргі жағдайында жол беру мүмкін емес.

Сонымен, Батыс Сібір және Далалық өлке жергілікті басшылықтың пікірінше «киргиздардың» мәдениеті төмен, дене жағынан жетілмеген, саяси сенімсіз; әскери міндеткерлікті енгізу оларға орыс крестьяндарымен бірдей типте енгізіліп жатқан сот, әкімшілік басқару және жерге орналастыру жұмыстарын тежеп тастайды. Түркістан өлкесінің «киргиздарын» алатын болсақ, жергілікті басшылық оларға бірқатар оң мінездеме береді. Дегенмен Орта Азиядағы панисламдық көзқарастың дамуының нәтижесінде, сондай-ақ Түркістанның ерекше географиялық және саяси жағдайына байланысты, өлкенің мұсылман тұрғындарының, оның ішінде «киргиздардың» арасында әскери міндеткерліктің таратылуына аса абай болу керек. Осының барлығын ескере отырып және Жарғыны қайта қарайтын ведомствоаралық комиссияның пікіріне сәйкес Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарының және Түркістан өлкесінің барлық облыстарының «киргиздарын» әскери міндеткерлікті өтеу жұмысына шақыруды болашақта ыңғайлы жағдай орнағанға дейін шегере тұруды мемлекеттік орган мүддеге неғұрлым сәйкес келетін дұрыс шешім деп есептеген [7, Б. 11].

Осындай алдын-ала жүргізілген «ғылыми-зерттеу» жұмыстарының нәтижесінде және тұрғындарды әскери міндеткерлікке шақыру туралы жоғарыда келтірілген пайымдардың барлығын ескере отырып, Әскери Министрлік жалпы негізде Түркістан өлкесінің және Саха облысының орыс тұрғындарын, Түркістан өлкесінің дүнген, тараншы және татарларын әскери міндеткерлікке қатыстыру туралы қорытындыға келді [7, Б. 31].

Ал, Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары және Түркістан өлкесінің барлық

облыстарының «киргиз» тұрғындарының әскери міндеткерліктен босатылу туралы өкімі күшінде қалдырылсын деген қорытынды тұжырымдалды [7, Б. 32].

Жоғарыда жасалған тарихи талдаулардан 1916 жылғы қазақ ұлтының үстемдік билікке қарсы бас көтеруіне отаршылдық езгінің күшеюі, жерді тартып алу, салықтар мен алымдардың шамадан тыс ұлғайтылуы, қазақ халқы мен аймақтың басқа байырғы халықтары жөнінде патша өкіметі жөнінде патша жүргізген орыстандыру саясаты, қалың бұқараның жағдайының күрт нашарлауы тарихи алғышарт болса [1, б.638], ал Жетісу майданының басталуына 1916 жылғы 25 маусымдағы «Тыл жұмыстарына 16 мен 49 арасындағы ер азаматтарды алу туралы» патша Николай II-нің жарлығы түрткі-себеп болғандығы белгілі.

Ал, осы жарлықтың өзін оқулықтардан, энциклопедиядан, құжаттар жинақтарынан ешқандай зерттеуші күні бүгінге дейін кездестіре алған жоқ. Төменде осы «атақты» әрі қанқұйлы жарлықтың мәтінін сөзбе-сөз аударып беріп отырмыз:

«Үкімет заңдары мен жарғылары жинағы. Үкімет сенаты басылымы. 6 шілде 1916 ж.

№182 Бірінші бөлім. Әскери министрліктің Аса биік құзіретті жариялауы

1526. Империяның бұратана ер тұрғындарын әскери қимыл жасап жатқан армияның жүрген аудандарында қорғаныс құрылыстарын және әскери жолдарды салу үшін қажет басқа да жұмыстарды атқару үшін шақыру туралы.

Император патшаға 1916 ж. маусымның 25 күнінде Аса жоғары құзірет көрсетуге көңілі кетті.

1) Әскери ұрыс қимылдары аудандарында қорғаныс құрылыстарын және әскери қатынас пен тасымал жолдарын салу үшін, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныс үшін қажет басқа да жұмыстарды атқару үшін Империяның төменде аталған 19-дан 43 жасқа дейінгі ер тұрғындарын болып жатқан соғыс кезінде тартылсын:

а) Астрахан губерниясының және Сібірдің барлық облыстары мен губернияларын Приморье, Амур, Камчатка, Сахалин облыстары, Орта-Колым, Верхолиск және Вилнюс округтері, Енисей губерниясының Турухан және Бочуган бөлімдерінде Томск губерниясы мен уезінің Тоғыр бөлімінде, сондай-ақ Тобыл губерниясының Березов және Сургут уездерінде өмір сүретін қаңғыбастардан басқа бұратаналардың барлығы;

б) Сыр-Дарья, Ферғана, Самарқан, Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай және Закаспий облыстарының бұратана тұрғындары;

в) Тер, Кубан облыстарының және Закавказьенің мұсылман тұрғындары.

2) Бірінші пункте жазылғанға орай жұмысқа алынатын бұратана тұрғындардың жасын анықтау, сондай-ақ оларды жұмысқа алудың рет-тәртібін 1914 ж. 3 тамызда Әскери Кеңес бекіткен ереже бойынша анықталады және Ішкі істер министрлігі және Әскери министрліктердің келісімін алу үшін ұсынылады», - деп аяқталады [6, С. 25.].

Осы орайда «қанша халықтың қанын судай шашып, елді ойрандауға жағдай жасаған, халықтың ашу-ызасының тасқындауына катализатор болған осы атақты құжаттың өзінің мазмұны қандай болды екен деген ой тақырып зерттеушілері мен Қазақстан тарихына қызығушылықпен қараушылардың барлығының көкейінде тұрған болуы керек. Ізденіс осы проблемалық сұрақтан басталды десек, артық айтқандық болмас.

Патша жарлықты өз қолымен жазбайды, әрине, оны дайындау жұмысы алдын-ала «ғылыми» негізде, әрі Ресей империясының канцеляриялық заңының құжат дайындауының күрделі ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Ал, соның алғашқы нұсқасы «Секретно» деп белгі соғылған Ресей империясының әскери министрлігінің бас штабының пенсиялық және төменгі шендегілер қызметі бөлімі жасап министрлер кеңесіне ұсынған «Осы уақытқа дейін босатылған тұрғындардың кейбір бөліктерін әскери міндеткерлікті өтеуге қатыстыру туралы» заң жобасы болып табылады [8, с.1].

Құпия заң жобасының кіріспесінде патша шенеуніктері бодан елдерден әскерге солдат алуды «ғылыми-патриоттық» тұрғыдан негіздеме болып, «Тақ пен Отанды қорғау әрбір орыс азаматының қасиетті міндеті», алайда, кейбір жерлер мен тұрғындар үшін

жасалған «уақытша» ережелердің күші 40 жылдан аса уақытқа созылып келе жатыр, мұны «жөндейтін» кез келді, яғни бұл мәселені қайта қарау керек, - деп салады.

Құжат дерегі бойынша патшаның I дүниежүзілік соғысқа сала алмай отырған тұрғындарының классификациясы мынадай: Түркістан өлкесі, Камчатка, Сахалин, Енисей, Томск, Тобыл, Якут облыстарының орыс ұлтты тұрғындары; Ұлы Финляндия князьдығының азаматтары; Сібір мен Түркістанның барлық «бұратана» халқы. Осы өлкелерден барлығы әскери міндеткерлікті 7 миллионға жуық ер адамдар «өтемей» отырғандығын анықтайды, ал оның орысы – тек қана 114000. Орыс емес ұлттардың бұған дейін әскерге шақырылмағандығының себебін заң жобасын жасаушылар саяси себептермен түсіндіреді, яғни, бодандықты енді ғана мойындаған «бұратаналарды» әскер қатарына шақырып, қолдарына қару ұстатудың зардабы Ресейдің уысынан жаңа жер аумақтарының шығып кетуі мүмкін деген қауіп нәтижесі. Талданып отырылған құжат қазақтардың Ресейге бағыныштылығы сезімінің өте төмен екендігін лажсыз мойындайды да, мұның өзін «мәдениетсіздік, жабайылық» деп айыптайды, [8, с.2].

Осыдан соң, өздері астамшылықпен «бұратана» деп атаған ұлттар мен ұлыстардың I дүниежүзілік соғысқа баруының міндеттілігін ғылыми тұрғыдан негіздеу үшін құжат авторы қазақтар мен басқа азиялық халықтарға сұрыптаулық «классификация» жасайды. Ол жерде азиялықтар «отырықшылар», «көшпенділер» және «қаңғыбастар» болып, үшке бөлінеді. Оның өзінде, - деп атап көрсетеді дерек авторы, - негізінен бұратаналардың басым көпшілігі отырықшылыққа өтсе де, Ресейдің қоластына толық өтіп кетуден сақтанып, өздерін «көшпенді» деп көрсетіп, отырықшылардың ақшалай төлейтін салығы қаншалықты аз болып, керісінше көшпелілердің төлейтін «натуралды» салығының ауыртпалығы қаншалықты көп болса да, оған да шыдап беріп, өз дәрежесін жоғалтпау үшін ақырғы амалдарын жасап бағуда екендігіне тоқталған [8, с.9].

Осындай, өз елдігін сақтау үшін, «Малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» деп еңіреген ата-бабаларымыз, 1916 жылғы патшаның кезекті зобалаңында да бір адамдай жұмыла атқа қонуы – заңды құбылыс. Мұны орыстың саясаткерлерінің сезбей қалуы мүмкін емес-тін. Сондықтан, жергілікті жерде тұрақты армия ұстап, оны тек орыстардан ғана жасақтады. Бұл туралы құжат: оның өзінде орыстар «біздің» азиялық жер аумағымызды мекендеп, игеру үшін осы міндеткерліктен босатылған, - дейді. Бұл күйтырқы саясаттың 1916-1917 жылдардағы ұлт-азаттық соғысының басталуы себептері кешеніне қосымша болғандығы да айқын. Яғни, қазақтардың барлығы әскерге алынуға тізімдер жасалып жатқан кезде, орыстардың егінін салып, малын жайлап, жайбарақат өмір кешіп, оның үстіне Жетісуды мекендеген орыстардың жазалау отрядтары құрамында қазақтарға әскерге неге бармайсың деп, қоқан-лоққы көрсетуі фактісі лаулаған отқа май құйғанмен бірдей болды.

1916-17 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ СОҒЫСТЫҢ ЖЕТІСУ МАЙДАНЫ ТУРАЛЫ ЖАҢА АРХИВТІК ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТАРИХИ ТАЛДАУ

Патша жарлығы шыға салысымен өздері қандай алапат күш иесінің қарсыластығына бастау салып жібергенін түсінген жергілікті басқару биліктерінің шенеуніктері енді дереу халықтың ашуызасының тасқынының алдын алмақ болып жанталасады. Оны мына бір 1916 ж. 16 шілдесінде берілген жеделхат мәтінінен де аңғаруымызға болады: «Сіздің өзіңіздің назарыңызға. Түркістан және басқа да шетаймақтар түземдіктерін әскер жұмысына алу сыртқы істер министрлігінің, бас штабтың және Түркістан генерал-губернаторының қатысуынсыз жасалды. Бірақ енді патша шығарған шешімді өзгерту мүмкін емес. Сондықтан, тыныштықты сақтаудың барлық шараларын жасаңыздар. Клеммь»[9]. Яғни, патша жарлығының заңсыздығы, халықтың айдаладағы патша үшін құрбандыққа шалыну деңгейіндегі мал іспеттес бодандар емес екендігі, өзінің айтар сөзі, көздеген арман-мақсаты мен дербес мұң-мұқтажы бар, діні мен тілі басқа бөгде ұлт екендігін түсіне отырып, сол халықтың алдында өздерін ақтап алудың, бассауғалаудың ақырғы айла-шарғысын жасай бастады. Дегенмен, халықтың жан толқынысынан

туындаған алапат соғыс жағдайында ұлы күшті сөзбен тоқтату мүлдем мүмкін емес еді. Сондықтан, өлкеде соғыс жағдайы жарияланып, әскери-соғыс трибуналдары көптеп ашылып, өмірлік маңызы бар құрылыс нысандары ерекше күзет пен бақылауға алына бастады [10].

Мысалы, Сырдарья өзенінің жоғарғы ағыстарында су қоймалары құрылыстарын салуды зерттеушілердің бастығы И.Г. Александровтың Түркістан генерал-губернаторы Ф.В. Мартсонға гидрометриялық станциялардың техникалық қызметкерлері мен мүлкін қорғау үшін әскери командалар тағайындауын өтінген хатында ол өзі басқарып отырған екі су станциясының әрқайсысын қорғау үшін 6 әскеріден құралған екі отряд сұраған [11].

Ал, әскери министрлікті уақытша басқарып отырған инфантерия генералы П.А. Фроловтың Николай II патшаға 1916 жылдың 25 маусымында берген жарлығының орындалуы және Түркістан генерал-губернаторы генерал-адъютант А.Н. Куропаткинге Түркістан әскери округының әскерлерінің басқолбасшысы шенін беру туралы баяндамасында [12] патша шенеуніктері қазақтардың әскери наразылығының басталуы туралы мынадай «тұжырымдар» жасаған:

1. Тұрғындар да әкімшілік те тұрғылықты жерден тысқары аумақта жұмыс жасауға алынуға ешқандай да даяр болмаған, асығыс жасалған тірліктердің арқасында тәртіпсіздіктер орын алып, орыс қаны төгілген, сөйтіп қару қолдануға мәжбүр еткен;

2. Қару қолданудың арқасында үкіметтің өкімдеріне қарсы нақты қарсылықтар жойылды, бәрібір тұрғындар толқулы, тәртіпсіздіктер қайтадан өршіп кету қаупі сақталуда;

3. Осының алдында ғана үкіметтің заңына бағынуға даяр екендігін білдірген «киргиздардың» еңсесі түсіп кеткен.

4. Ферғана облысындағы басқа облыстарға қарағанда тыныштық жағдай оның әскери губернаторы Гиппиустың Жарғыны өз бетінше түсіндіріп, әскерге өз тілектерімен ғана алатын айтқаннан кейін ғана орнаған. Ал егер, Жарғы толық орындала бастайтын болса, онда бұл облыс та көтеріліске шықпақ.

5. Жетісу облысының «киргиз» тұрғындары Қытай шекарасынан өтуге дайындалуда; Сыр-Дарья және Ферғана облыстарының «киргиздары» да осыны жасауға дайын отыр.

6. Түркістан өлкесінің облыстарында тіркеу жұмыстары жүргізіліп жатқан жоқ. Сондықтан, әскер жұмысына нақты кімдердің алынуы тиіс екендігі де анық емес. Тіркеу жұмысын жүргізуге жасалған талпыныстар нәтижесінде оны жүргізушілердің барлығы да «киргиздардың» қолынан опат болды. Мұндай санақты қайта бастау өте қиын. Өйткені жаңа тәртіпсіздіктер басталып кетуі де мүмкін.

7. «Түземдік» тұрғындардың нақ қайсысын әскер жұмысына алудан босатуды анықтау мәселесі де шешілген жоқ, бұл да қиындықтар туындатып отыр, - деген сарындас қорытындылар патшалық биліктің дағдарысын нақты да айқын көрсетіп беріп отыр.

Патша ағзамының өзі қолымен: «Келісемін. Шет аймақтарда қанды тәртіпсіздіктерге алып келген іс-шараны асығыстықпен және ойланбай жасалғандығын ескертемін» деп белгі соққан бұл құжатта нақ осындай 19-дан 45 жас аралығындағы орыс мұжықтарын инженерлік бөлімдерге алу ісі ішкі Ресейде асықпай, екі жыл ішінде жүргізілгендігін, бірден қауырт түрде барлық басқөтерер ер-азаматты алып кету шаруашылыққа орны толмас соққы жасайтынына талдау жасалған. Өз асығыстығы мен шалалығын мойындау тек көзбояушылық үшін жасалған әрекет болатын. Оны алысқа бармай, нақ осы құжаттың келесі бетіне үңілсе де айқын көруге болады. Архивтік құжаттың 577 парағының артқы бетінде Түркістан генерал-губернаторы генерал-адъютант А.Н. Куропаткиннің осы өлкедегі жағдайды тыныштандыру үшін қандай іс-шаралар жасайтындығы туралы патша ағзамымен ой бөліседі. Ол жерде Куропаткин өзге іс-шаралардың алдында Түркістан өлкесінің тәртіпсіздіктерінің басты кінәлілері болып табылатын «түземдіктерді» ең қатал түрде жазалау керек деген басты шарасын ең алдымен көрсеткен және Түркістан әскери

округында әскери жағдай орнатылып, оның әскерінің командиріне «Басқолбасшы» атағын беру сұралған [13].

Жергілікті жердегі орыс билігі басындағылар және патшаның кадрлық офицерлері осынау оқиға ішінде жүргендегі өз жағдайын «соғыс» жағдайы деп бағалап, өздеріне соғыс кезіндегі барлық құқықтар мен міндеткерліктерді сұрағаны ХХ ғасырдың бас кезінде еліміз соғыс режимінде болғандығына тағы да айқын дәлел.

Егер, соғыстың басталуына екі елдің арасындағы дипломатиялық келіссөздердің нәтиже бермегендігі салдарынан барады десек, онда дипломатиялық қатынастарды, хаттарды, өтініштерді әрбір облыстағы рубасылар, ру ақсақалдары уезд, облыс басшыларына қарша боратқанын, оның жауабын асқан шыдамдылықпен күткенін, көтеріліске қарағанда қарулы қақтығыстың бір сәттік бұрқ етпе ашу емес, талай іс-әрекеттің, жасалған қадамдардың нәтижесіздігінен ел бүтіндігін сақтап қалудың соңғы шекарасындай болған әскери қақтығысқа амалсыз бару екендігін көре аламыз.

Әскери жағдайды орнатып алғаннан кейін орыстар тарапынан әскер жасақтау ісі шапшаң қолға алынды. 1916 жылдың 27 шілдесінде Жетісу ерекше казак жүздіктерінің 3-ін құру туралы іс-әрекеттерін бастады [14] және жер-жерден әскери іс-қимылдар туралы әскери рапорттар келіп түсе бастады [15].

1916-1917 жж. қазақтардың патша үкіметіне қарсы ұлт-азаттық соғысының Жетісу майданындағы оқиғалар тізбегі қарапайым бұрқ етпе көтеріліс оқиғасынан мүлдем алшақ жатты.

Түркістанның генерал-губернаторы Куропаткин өзінің басқарып отырған жераумағында болып өткен әскери іс-қимылдар туралы өзінің басқолбасшысы патша ағзамға берген рапортында ұлт-азаттық соғыстың ірі майдан шептерін анықтаған: Самарқан облысы; Сырдария облысы; Ферғана облысы; Жетісу облысы; Закаспий облысы және т.б. жерлерінен өтті.

Бұлардың әрқайсысындағы әскери соғыс іс-қимылдарына арнайы карталар жасалып соғыс бағыт-бағдарына баға берілді [10]. Қаншалықты «шайка», «басбұзарлар», «бүлікшілер» деп атағанымен тұрақты армияның бөлімдерін және оларға тиесілі барлық қару-жаракты жаппай жұмылдырғанына қарағанда майдан ұрыстары әскери жергілікті жердегі әскердің барлық мүмкіндіктерін қажет еткен сыңайлы. Мұның өзі 1916-1917 ж.ж. тарихи үдерістің «көтеріліс» емес, «соғыс» болғандығының айғағы. Осы майдандардың ішінде аса ірі және қазақтардың ұйымдасқан түрде бір кісідей жұмыла бас көтерген жері Жетісу. Осыған орай Жетісудағы майдан ұрыстарына жаңадан ашылған деректерді пайдалана отырып талдау жасау қажеттілігі бой көрсетті. Сондықтан 4 картаның және Куропаткин рапорты берген мәліметтерін талдайтын болсақ, Жетісу облысында алғашқы көтеріліс туралы хабар 6 тамызда естілді: осы күні Верный уездінің оңтүстік-шығыс бөлігінде, Асы өзені бойында, жұмысшылар тізімін жазуға келген, уезд басшысының көмекшесіне қазақтар қарусыз шықты. Сол күні Самса ст. райондар, Верныйдан 80 верст батысында, қырғыздардың тобы телеграфты бүлдірді, почталық хаттың дұрыстығын бұзды, почта станцияларын қиратты және тонады, өздерімен мүлікті және жолаушыларды, жылқыларды қоса алып кетті. 9 тамызда Қордайдан Верныйға дейінгі почта станциялары толықтай қиратылды. Одан кейін Тоқмақ және Пішпек өңірлеріндегі 6 болыстың «киргиздары» Пржевальскімен хаттар байланысын үзіп тастады. Көбінесе қаруланған үлкен топтары Кәстек тауының өңірінде және Асы өзені бойында болды. Шелек, Сусамыр, Үлкен және Кіші Кебін өңірінде орыс ауылдарына шауып, олардың мүлкін тартып алып және қолдарына түскен адамдарды айуандықпен өлтірді. Куропаткин қазақтардың бұл майдандағы бірқатар әскери тактикасын мойындауға мәжбүр болды. Ол: «Киргиз шайкаларында ұйымдасқан іс-әрекеттер байқалуда: кейбіреулерінде ерекше белгілері бар, ал кейбіреулерінде баскиімдерінде металлдан жасалған белгілері болды, біздің әскердің қимылын хабарлап тұратын сигналадар қолданды, таулы өңірлерде оқ-дәрі мен суық қару жасайтын шеберханалар тұрғызылды», - деп үрейлене жазады [8].

Көтерілістен бұрын қырғыздар 3 төменгі шенеуніктен үлкен емес конвойды басып алып, олардан көлік, 170 берданка қаруы және 40 000 оқ тартып алып Пржевальскіге қарай жол тартқан. Қалған қаруларды Халық жасақтарына Қытай шекарасынан жеткізіп тұрған. Негізгі көтеріліс ошақтары Пішпек уездінің оңтүстік жағындағы таулы өлкелер және бүкіл Пржевальскі уезді және оған іргелес Жаркент уездінің оңтүстік бөлігі. Осы өлкедегі бүкіл орыс ауылдары қиратылды. Аман қалғандары Тоқмақ ауылында және Пішпек, Пржевальск қалаларында тығылды. Тек Пржевальск уезінде 6024 отбасы жапа шекті, олардың ішіндегі көбісі бүкіл мүлкінен айырылды. Әкімшілік шенеуніктерінен: Пржевальск уезді бастығының көмекшісі подполковник Кайчев және Пішпек уездінің таулы болыстарының полиция қызметкері Меньшиков бүкіл адамдарымен ал бөлек әскери командалардан: Нарын учаскесінен – 1 прапорщик 9 казактарымен және 8 солдатымен, Қарқарада – 24 казак және Жалаңаш өңірінде 6 казак. Жаркент уездінің солтүстік бөлігіндегі 17 болыс және Балқаш ауданы маңынан көшпенді болыстар, Верныйдан, Қапал және Лепсі уездіндегілер Қытайға асып кетпекші болды. Бірақ көп жағдайда «киргиздар» өздерінің жерлеріне қайта оралып жатты. Жетісудағы көтерілісті басу үшін басқа облыстардан 3.5 әскер, запастағы әскердегі 7 ротаны, 5 зеңбірек және 14 қару жіберілді. Жетісуға бұл әскерлер 3 бағытта жіберілді: Әндіжан жақтан – Нарын бекінісіне, Черняевтен – почта жолы бойынан – Пішпек пен Тоқмаққа, және айналмалы темір жолмен Семипалатинскіге және одан кейін Сергиополь – Лепсі – Верный бағытынан әскерлер жіберіліп отырылды. Негізгі әскерден бөлек казак батареясымен казак полкі және Кольганский пулеметшілер командасымен, оның ішіндегі Орынбордың 7 казак полкі Черняевқа жіберілді, ал Сібірлік 9 казак полкі Семипалатинск арқылы Верныйға жіберілді. Бұл әскер келген соң қырғыз халық жасақтарын таулы аудандарға қарай ығыстырылды, тамақтың жетіспеушілігінен, жемнің жетіспеуінен малдарынан айырылды. Бірақ Пржевальск және Пішпек уездерінің 39 болыстың көтерілісші қырғыздары Марийн ауылының дүңгендері және басшыларымен көтеріліс орталықтарында орналасқан әскердің сырт және тау арқылы өздерімен бірге тұтқынға түскен орыстарды алып, Қытайға жетіп оның ішінде Қашғар және Құлжа провинцияларына, кейбірі ішкі Қытайға барды: малынан айрылғаннан кейін аштыққа ұшырап, қайта оралуға рұқсат алды.

Ояз басшыларының берген есебінде Жетісу майданында қаза тапқан орыстардың жалпы саны 2380, із-түссіз жоғалғандары 1459 болса, оның ішінде әскерилерден 3 офицер, 52 төменгі шенді қаза тауып, 41 төменгі шенді жарақаттанды және 75-із-түссіз жоғалды. Сөйтіп, мұздай қаруланған жау жағы, қару-жарақсыз бейбіт жатқан елдің шамына тиіп, шамырқанған елдің қаһарынан тек Жетісу майданының өзінде бір жылға жуық уақыт ішінде 4000-ға жуық адамы мен атты әскерінен, қыруар соғыс техникасынан айрылды [8].

Сонымен, қорытындылай келе, қалтарысқа қалдырыла салынған құжаттарды көтеру нәтижесінде қанды оқиғаның басталған датасымен ғана атап, оның бір сәттік бұрқ етпе көтеріліс ретінде көрсетуге тырысқан конъюнктуралық тарихи жазбалардың дұрыс еместігі, оқиғаның бір сәттік көтеріліс емес, екі жылдың көлемін алған, екі жақтан да көптеген адам мен техника шығындарын шектірген, заң түрінде соғыс жағдайы жарияланған, нақты соғыс оқиғасы екендігін патша шенеунігі, тарихи нәубет топалаңның көрігін үрлеп жүрген қандықол жендет – Куропаткиннің өзінің сөздерімен-ақ дәлелденді. Бұл соғыстың ұрыстарының майдан шебі болғандығын, сол шепті қызыл сызықпен белгілеп берген сол кезеңнің өзінде жасаған карталарынан көрініп тұр (сурет №4-6).

Осы оқиғаны хронологиялық жағынан тек 1916 жылмен ғана шектей салу – алдымен патшалық Ресейдің, онан соң кеңестік биліктің негізгі мүддесі – қоластындағы халықтардың ұлы орыс халқынсыз күн көре алмайтын тобыр екендігін дәлелдей салу үшін қажет болатын. Оның үстіне, патшалық Ресей өзі көздеген мақсат-мүддесіне қол жеткізіп қойды: «бұратаналар» соғыс қажеттілігіне керек ғимараттар мен жол қатынастарын салу ісі үшін батыс майдан шебіне қойша тоғытылып жатты. Елдің баскөтерерлері асылды, атылды, шабылды, жазаланды. Елде тыныштық орнағандай болды. Дегенмен, бұл

тыныштық тек ауыр жараланып, зардап шеккен ел тарапынан ғана орнаған тыныштық болатын. Енді қарама қарсы жақ – орыс қоныс аударушылары тарапынан кек алу әумесерліктері басталды. Бұл туралы архив құжаттары материалдары сөйлесін: «Наши делегаты сообщают ужасающие положения киргиз Семиречья. Киргизы внезапно убиваются поселенцами-семиреченцами. Возвращающихся из Китая киргиз не пускают на свои места. За ними форменно охотятся. Киргизы терпят крайнюю нужду. Корма нет. Голодают, продают жен и детей. Доходят до того: съедают друг друга. Русские поселенцы Семиречья вооружены, киргизы безоружны. Нет слов описать положения киргиз. Горе, несчастье, море слез. Необходимы экстренные меры. Туркестанский краевой мусульманский совет» [17].

1917 жылдың 30 маусымында Түркістан мұсылмандар комитеті Уақытша үкімет пен солдат депутаттары кеңесінің атқарушы комитетіне берген жедел хатының жалпы мәтінінен көріп отырғанымыздай қарулы іс-қимыл онан әрмен қарай жалғасын тапқан және қансыраған жақ – қазақтарды біржола жер бетінен жойып жіберуге тас-түйін бекінген. Бұл – басқыншылық соғыс заңы.

1917 жылдың 25 қазанына дейін Уақытша өкімет өзара қанды қырғынға ұшыраған екі жақ – Жетісу қазақтары және Жетісуды қоныстанған орыс мұжықтары мен казактарын өзара біріктіруге тырысты. Себебі, ұрыс майданының екі жағында қалған екі тап та патшаның қаналушы бодандары болатын. Жаңа саясатқа бұл екеуінің өзара қырқысуы жақсы нәтиже бермес еді. Сөйтіп, осы жағдайда Уақытша өкіметтің «К населению Семиреченской области» деген жаңа құжаты жасалды [18].

Ол жерде «Патша өкіметі өзінің ебедейсіз іс-әрекетімен Жетісу жерін жайлаған «киргиздардың» бойына үрей ұялатты: өз тағдырына алаңдаған «киргиздар» көтерілді, - дей келе, жара әлі де болса жазылған жоқ, әлі де болса бейбітшілік орнаған жоқ, - деп сол кезеңде орын алып отырған жағдайды нақты көрсетеді. Ал, егер қарулы көтеріліс пен қарулы қақтығыстан соң бейбітшілік орнамаса, бұл әлі де болса майдан ұрыстарының жүріп жатқандығын көрсетеді. Жетісу жерінде соғыстың шоғы әлі де болса өшпей жатқандығын бейбітшілікті орнатуға жасаған ұмтылған Уақытша өкіметтің құжатының мына сөздерінен де айқын көрінеді: «Еркін Жетісулықтар! Сендердің жараларың ауыр, қасіреттерің ұлан-ғайыр, дегенмен бітімгершілікке келуге болады! Бұрын сендер бір-біріңе бөтен едіңдер, енді сендер азатсыңдар, теңсіңдер, бауырсыңдар. Бір-біріңе бауырластық қолын созып, бұрынғыны ұмытыңдар! Орыс адамдары! «Бұдан әрмен қарай өздеріңнің бауырларың болып табылатын «киргиздарды» Уақытша өкімет кешіргендей кешіріңдер! «Киргиздар»! Туған жерлерің сендерді күтіп тұр. Орыстарға келіп, олармен бітімге келіңдер!»

Бейбітшіліктің орнамағандығын келесі құжат та растайды: «Правительство простило киргиз, но местное население не простит их. Не может население простить киргизам выкалывание глаз, вырывание языков, убийство невинных людей. Не может оно простить киргиз, виновников полного своего разорения... Примерение необходимо ... Недавно еще, 11 марта сего года киргизы убили 3 солдат, уехавших в горы на разведку. Русские бьют единичных киргиз почти ежедневно» [19].



Сурет №1. А.Н. Куропаткиннің Николай II-ге ұлт-азаттық соғыс барысы туралы берген рапорты үшін дайындаған картасы [16]



Сурет №7. Жетісу өлкесінің мұсылмандар кеңесінің Уақытша өкіметке жіберген жеделхаты [17]

«Шолпан» журналының 1922 жылы ноябрь-декабрьдегі №2,3 санында «...16-шы жылғы төңкеріс . жерін алған отаршылдардың зорлығы зорға дегенде 21-ші жылда ... жерлеріне (қайта) ие болды...» деген мәлімет кездестірдік [20]. Жетісу жерінің, оның ішінде тұтас Түркістанның әскери-оккупациялық жағдайда болғандығына М. Шоқайдың мына сөзі де жарқын мысал бола алады: «Я думаю, - говорит Петерс,- мы не найдем такого идиотау который сейчас пошел бы на улицу и стал открыто ругать узбеков, таджиков, киргизов, казахов, как это было в 1920-1921 гг.» [21]. Сонымен, 1917 жыл Ұлт-азаттық соғыстың екінші кезеңі деу дұрыс және өзінің толық зерттелуін күтіп тұр.

Қорытынды

1916 жылғы ұлттық қозғалысты ұзақ жылдар бойы зерттеушілер көтеріліс деп бағалап келеді. Көтерілген халық қозғалысқа бірте-бірте дем берді, таудан аққан селдей ол бір-біріне жалғасып, жайыла берді, тайфундай сатырлатып, күтірлетіп, теңселтті. Басқаша айтқанда, ол бір жерде болған көтеріліс емес, сериялы көтерілістер, көтеріліс шеңберінен шығып, төңкеріс дәрежесіне көтерілді. Ал осындай дауылға ұласқан қозғалыстың қандай ерекшеліктері бар еді?

Біріншіден, азаттық қозғалыс бүкіл халықтық бағыт алды. Отаршылық зорлығы, қорлығы алдында таптық, әлеуметтік, тағы басқа қайшылықтар аңдалмай да қалды. Екіншіден, тұтас аймақ қаруланған халықтан тұрды. Хан Кенеден кейін ұзақ жылдардан кейін «қаруланған халықты» «территориялдық» әскери ұйым, ата-бабадан қалған әскери өнер қайтадан жаңғыртты. От жалын Ұлы Даланы ғана емес, Орта Азияны шарпыды. Халық жазалаушы қосынмен сөзге келмеді, кешірмеді. Қанға қан, жанға жан деп жекпе-жекке біртұтас организм болып қарсы тұрды. Үшіншіден, Қазақстан мен Қырғыз

сахарасының кейбір аудандары болмаса күрес тек орысқа емес, қара шекпенді шаруаға емес, империяға қарсы бүкіл халықтық бағыт алды. Ал кейбір ұлтаралық наразылықтардың ұйымдастырушысы империяның өзі, оның отарлық аппараты еді.

Төртіншіден, тарихтың сол бір алмағайып кезінде халық қарулы күш қана ұйымдастырып қоймады, ел басқару органдарын құрды, құқықтық нормаларды белгіледі. Салық жинау жүйесін жасады, елбегі, хан, хан кеңесі, қазылар алқасы, сардарбек тағайындалды. Жетісуда қазақтар қырғыз, өзбек, ұйғырлармен бірікті, ел арасында елшіліктер жүрді. Басқаша айтқанда, мемлекеттік негіздер құрылды.

1916 жылғы оқиғаны бағаламаудың бірнеше салдары бар. Ол ең алдымен зерттеу жұмысының қарышын бәсеңдетті, оның ауқымын тарылтады. 1916 ж. көтеріліс Шығыс халықтарының отарлық саясатқа қарсы ұзақ дәуірге созылған күресінің жалғасы болды. Соғыс зардаптары, Столыпин реформасы кезінде жергілікті халықтың жерін тартып алудың үдей түсуі, дәстүрлі шаруашылықтың күйзелісі мен құлдырауы, өлкені тоналуының күшейе түсуі, орыстандыру саясатының ұлғаюы — осының бәрі халық наразылығын шегіне жеткізді. Жергілікті халыққа қарсы жазалау саясатының күшеюі, қазақ және басқа да бұратана халықтарды қара жұмысқа алу жөніндегі Указды орындау әдістері мен репрессиялар қоғамның барлық таптарын көтеріп, қарсылықтың жалпы ұлттық сипатын тудырды. 1916 жылғы көтеріліс кезеңінде қазақ халқын біржола құртып жіберу қаупы туды. Жоңғарлармен күрес дәуіріндегідей, тарих мәселені тағы да төтесінен қойды: қазақ халқы өмір сүруін тоқтатады, немесе ұлт ретінде жан сақтауы қажет. Тұрғылықты халықты құртумен айналысқан жазалаушы экспедицияларға әскери бөлімдер казактар жасақтарынан тұрды.

Ұзақ уақыт бойы көтеріліс басшылығы, оның көсемдері «ВКП(б) тарихының қысқаша курсына» бейімделіп, таптық тұрғыдан қарау позициясынан ауытқымау үшін әлеуметтік жағынан қара халықтан шыққандар деп келінді. Сондықтан хан сайлау, сардарбектерді, уәзірлерді сайлау, яғни басқарудың шығыстағы дәстүрлі институттары қалпына келтірілгені жайлы тарихи факторлері есепке алынбады.

Көтеріліске шыққан халық отарлауға дейінгі мемлекеттік басқару жүйелерін қалпына келтірді. Жер-жерде даладағы дәстүрлі ақсүйектер өкілдерінен хан сайланып жатты. Мәселен, қырғыз, Торғау уездерінде дала ақсүйектерінің 9 өкілі хан көтерілді. Ақмола облысының Еренсай және Әйелді болыстарында хан және 4 қазы сайланды. Шерубай-Нұра болысында - Нұрлан Қияшев, Қарашақ болысында Оспан Шонов хан деп жарияланды. Верный уезінің Жайымтал болысының ханы болып Бекболат Әшекеев сайланды. Болыстық басқару жүйесі қалпына келтіріліп, әкім - ел бегі, сот алқасы - жасақшы, қазына билеушісі - қазынашы, халық жасақтары армиясының қолбасшысы - сардарбек құрылды. Халық жасақтарының әскери өнері зерттелмей келеді. Алғашқы жеңілістердің тәжірибесі мен сабақтары халық жасақтарының партизандық күрес тәсіліне көшуге мәжбүр етті, күші басым жаумен күрескенде көшпенділер қолданған соғыс тәжірибесін пайдалануға тура келді.

1916-1917 жылдарда оқиғалардың қауырт өрбуі, өкімет пен саясаттың жиі алмасуы, қанды қырғын соғыстар мен ұлттық антогонизмнің күшеюі 1916 жылғы халық жасақтары идеясы тағдырын трагедияға орап кетті. Азамат соғысының от-жалынында екі жақта қолына түскенімен шайқасты, осының нәтижесінде бейбіт халық зардап шегіп жатты.

1916-1917 жылғы оқиға зардаптары трагедияға толы болғанымен ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының сана-сезімін оятуға зор түрткі болды. Орталық езгі орнықаннан бері алғаш рет олар ұлттық мүдделері бір екенін білді, белсенді саяси әрекетке тартылды, Ресей самодержавиясының отаршыл экспансиясына қарсы тұра алатын күш екенін сезінді. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының күресі ұрпақтар зердесінде мәңгіге сақталған. Еліміз басынан өткеріп отырған бетбұрыс кезеңінде біз оған назарымызды аударып отырмыз. Ұлттық сана-сезім өсіп келе жатқан тұста, іс жүзіндегі ұлттық егемендік үшін және риясыз ұлтаралық татулық үшін күрес жағдайында ұлт-азаттық қозғалысының

қарама-қайшы әрі күрделі тарихын терендете және айғақты зерттеу қажеттігі туындайды. Оның схематизмнен де, догматизмнен де ғана емес, бағасы арзан конъюнктурадан да алыс тұрғаны жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1 Асфендияров С.Д. Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане. Алма-Ата-Москва: Казахстанское краевое издательство, 1936. – 150 с.

2 Рысқұлов Т. Восстание туземцев Средней Азии в 1916 г. В двух частях. – Кзыл-Орда: Государственное издательство КССР, 1927.

3 Бөкейхан Ә.Н. Шығармаларының 9 томдық толық жинағы./ Құраст.: Аққұлұлы Ж. Астана: Сарыарқа, 2013.

4 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін. 5 томдық. Т.3-Алматы: Атамұра-2010. б. 40

5 Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов. М.: Изд-во АН СССР, 1960. 252 с.

6 Высочайшее повеление о привлечении мужского инородческого населения империи для работ по устройству оборонительных сооружений и военных сообщений в районе действующей армии и иных работ, необходимых для государственной обороны // Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. М., 1960. С. 25.

7 Проект Устава о привлечении на отбывание воинской повинности некоторых частей населения, освобожденного от нея до настоящего времени. // АВПРИ. Ф. Среднеазиатский стол. Оп. 486. Д. 340б. С. 1-4, 8-13, 31-33.

8 Копия. Секретно. Его императорскому величеству Туркестанскаго генерал-губернатора и командующего войсками Туркестанскаго военного округа рапорт. //РГВИА. Ф. 400. Оп. 1. Д. 4548. Л. 1–15 об.

9 АВПРИ. Ф. Среднеазиатский стол. Оп. 486. Д. 185. Л. 246.

10 РГВИА. Ф. 400. Оп. 1. Д. 4546. Ч. 1. Л. 179–179 об.

11 РГИА. Ф. 432. Оп. 1. Д. 422. Л. 6, 7.

12 РГВИА. Ф. 1396. Оп. 3. Д. 549. Л. 576–578 об. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. М., 1960. С. 39–42.

13 РГВИА. Ф. 1396. Оп. 3. Д. 549. Л. 577–578 об.

14 РГВИА. Ф. 2000. Оп. 3. Д. 2464. Л. 74–74 об., 83.

15 РГИА. Ф. 426. Оп. 3. Д. 205. Л. 2.

16 Карта Семиреченской области с обозначением районов, охваченных востанием. Масштаб: в 1 дюйме 40 верст. 22 февраля 1917 г. Приложение к рапорту А.Н. Куропаткина Николаю II от 22 февраля 1917 г. РГВИА. Ф. 165. Оп. 1. Д. 5105. Л. 4.

17 РГВИА. Ф. 400. Оп. 1. Д. 4639. Л. 110.

18 РГВИА. Ф. 400. Оп. 1. Д. 4639. Л. 108–108 об.

19 РГВИА. Ф. 400. Оп. 1. Д. 4639. Л. 59-62.

20 Шолпан. Алматы: Ақ арыс, 2010. – Б.96.

21 Чокай-оглы М. Туркестан под властью Советов. Статьи, воспоминания. Алма-Ата: Айқап, 1993. С.8.

Аннотация: Положение казахского народа, видевшего мертвых на своей земле, совершенно осложнилось, когда возникла потребность в людских ресурсах для царской войны. Он хорошо понимал умных Сынов Степи, как связаны их головы, как коротки их руки - без оружия, без сопротивления - жили в духе военной демократии, в военное время, не раз спасая землю и воду от врага, пришедшего на край страны, был им совершенно чужд. Несмотря на то, что те, кто учился в стране, призывали не проливать кровь, начавшееся в 1916 году Национально-освободительное восстание приобрело национальный характер, сопротивляться до конца ложке крови, приложить усилия к восстановлению главного строя своей государственности-ханства, открыть единый фронт для всех инородцев и упорно развивать полевую тактику и стратегию войны, не прекращать почти год вооруженного сопротивления против профессиональной регулярной русской армии,

вооруженной ЛЬДОМ.

Ключевые слова: национально-освободительная война, царский указ, буратана, солдат, тыловая работа

Abstract. The situation of the Kazakh people, who saw the dead on their land, was completely complicated when the need for Human Resources arose for the Tsarist war. He was well understood by the intelligent Sons of the Steppe, how tied their heads, how short their hands - without weapons, without resistance - lived in the spirit of military democracy, in times of war, having repeatedly saved land and water from the enemy who came to the edge of the country, was completely alien to them. Despite the fact that those who studied in the country urged not to shed blood, the National Liberation uprising that began in 1916 to become a national character, to resist until the end of a spoonful of blood, to make efforts to restore the main system of their statehood-the Khanate, to open a single front for all aliens and to persistently develop field tactics and strategy of the war, not to stop armed resistance for almost a year against a professional regular Russian army armed with ICE is a great feat of the Kazakh people.

Keywords: National Liberation War, royal decree, buratan, soldier, Home Front Work

УДК 518.65.65.754

¹Мулдахметова Ж.И., ¹Естемесова С.С., ²Умирбекова Р.У.

¹к.истор.н., старший преподаватель ЮКУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

¹к.педагог.н., доцент ЮКУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

²старший преподаватель. Эрджиевский государственный университет. Кайсери. Турция

ОПИСАНИЕ ПЕСЕННО-ПОЭТИЧЕСКОГО ИСКУССТВА КАЗАХСКОГО НАРОДА В НАСЛЕДИИ ДОРЕВОЛЮЦИОННЫХ РОССИЙСКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ В СЕРЕДИНЕ XIX ВЕКА

Аннотация: В данной коллективной научной публикации на основе привлечения богатейшего аутентичного первоисточника «Туркестанского сборника» авторами была предпринята попытка сравнительного анализа важного элемента жанра музыкальной культуры песенно-поэтического искусства кочевых казахов. Истоки песенно-поэтического искусства казахов уходят своими корнями в седую древность. Песенно-поэтическое искусство казахов богато и содержательно в ней отражены вековые чаяния идеалы кочевников, их роль и место в мировой истории. В казахских песнях отражена любовь кочевников к своей родной земле, Отчизне, близким и родным, степным просторам. Как ни парадоксально но этот факт, звуки казахских мелодий можно услышать везде, во время свадебных церемоний, в период перекочевки казахского аула, в период похоронно-поминальных обычаев, на торжественных мероприятиях и т.д. Таким образом, национальная музыка казахов занимала важное место в традиционном музыкальном творчестве. Казахская традиционная музыкальная культура тесно связана с повседневной трудовой жизнью народа, она сопровождала кочевых степняков повсюду начиная с момента рождения и до самой смерти.

Ключевые слова: Казахские музыкальные мелодии, ее жанры и разновидности, музыкальные инструменты, их роль и место в традиционном быту.

Введение. Независимый суверенный Казахстан твердо идет по пути глубинного обновления и общественного прогресса. С провозглашением государственной независимости особую актуальность на наш взгляд, приобрели процессы возрождения национального и духовного самосознания, исконных духовно-нравственных и интеллектуальных ценностей того или иного народа, исторической памяти и прошлого тюркских народов, жестко подавляемых в условиях господства советской тоталитарной системы. При этом на наш взгляд главное существенное значение уделяется учету национальной особенности и укоренившейся в жизнедеятельности номадов, обращению к своему прошлому и предкам, реставрации национально-культурных и духовных ценностей через призму прошедшей многовековой истории казахского народа.

Классический народный казахский музыкальный язык очень богат, тем самым, определяет глубокое выражение внутреннего мира человека, его духовности, чувства прекрасного, национально-этнический колорит традиционной музыкальной культуры, мироощущение и мирозерцание номадов. Музыка и искусство всегда занимало значительное место в общественной и духовной жизни казахского народа.

В обеспечении задач восстановления богатейшего историко-культурного наследия, возрождения утраченного важное значение имеет системное исследование ключевых аспектов казахской этнографии, быта и культуры, хозяйства, занятия, верований, и в том числе музыкального песенно-поэтического искусства кочевых казахов, истоки которых уходят своими корнями в седую древность.

Следует отметить, что важным элементом духовной культуры казахского народа всегда были народная музыка и песенное творчество.

Методы исследования. В нашем исследовании чрезвычайно важно применяя метод сопоставительного анализа письменных источников, выявить достижения и недостатки истории музыкальной культуры казахов в дореволюционной российской историографии колониального периода. На наш взгляд специальное монографическое исследование истории музыкальной культуры казахского народа позволит выявить наиболее характерные закономерности, тенденции, устоявшиеся традиции ее развития, воссоздать реальную историческую картину прошлого народов Центральной Азии. Целостная реконструкция истории музыкальной культуры народов Центральной Азии даст возможность расширить научные представления о духовно-нравственном развитии казахского народа. В нашем исследовании широко применялись методы историзма, объективного анализа, системный метод, сравнительный и др, которые были проверены временем и практикой.

Теоретическая часть. Следует отметить, что после завоевания территории Казахстана царской Российской империи началось систематическое и планомерное исследование этого богатейшего и загадочного края дореволюционными российскими, казахскими и зарубежными исследователями в историческом, этнографическом и археологическом направлении. Немало научных публикаций дореволюционных российских исследователей было посвящено анализу основных компонентов музыкальной культуры казахского народа. Так, например, известный дореволюционный российский исследователь востоковед П.И.Пашино в своем очерке «Туркестанский край. Путевые заметки» обращаясь к характеристике музыкальной культуре отмечает: «Киргиз (казах – авторы) постоянно поет, чтобы он не делал. Есть у киргиз (казахов – авторы) особый род певцов, которые разъезжают из аула в аул, и всю жизнь занимаются пением» [1].

На наш взгляд, оценки российского исследователя, востоковеда П.И.Пашино весьма правдивы, По данным большинства исследователей, национальная традиционная музыкальная культура казахского народа богата, своеобразна и специфична. В ней отражены в полной мере красота и величие степных просторов, внутренний и духовный мир кочевника, их вековые чаяния, нужды и идеалы и т.д. Несомненно, что именно через национальную музыку коренные жители этих необъятных степных простор изливали свою радость, горе и печаль, разлуку и тоску по Родине и т.д. Этот факт свидетельствует о том, что музыка занимало важное место в традиционном быту кочевых народов Евразии.

Известный дореволюционный российский исследователь А.К. Гейнс в своей статье «Киргизские очерки», характеризуя особенности казахских песен и их роль, и место в традиционном быту номадов пишет: «Как однообразны и безграничны их степи, так неопределенны, монотонные типичные их песни. Исполняемые ими песни весьма согласовывались с этим широким горизонтом, и с этим чистым, свежим воздухом. В подобной песне раскрывается душа кочевника, любящая степной простор, разгул степей и удаль» [2].

На наш взгляд, А.К.Гейнс безусловно прав в данной взвешенной научно – аргументированной оценке, так как в песенно-поэтическом творчестве казахского народа отражены душевные переживания кочевников, любящие свои безграничные степи и просторы. В песнях казахского народа отразилась его многовековая богатая история, надежды, вековая мечта к созиданию и процветанию казахского традиционного кочевого общества, стремлению к обретению независимости и свободы.

Другой не менее известный дореволюционный российский исследователь А.Самсонов в своей статье « Очерки Сибирской киргизской степи», давая характеристику песенного искусства казахов, пишет: «Этот народ способен к лирической и эпической поэзии, киргиз (казах – авторы) простодушный сын природы. У них есть талантливые поэты – импровизаторы, которые пользуются в среде народных масс огромным авторитетом и уважением. У них много сказок исторического и религиозного содержания» [3].

Мы разделяем точку зрения автора и считаем, что он смог верно, на наш взгляд, отразить богатство и своеобразие казахской лирической и эпической поэзии, профессиональное искусство казахских певцов – импровизаторов, их богатый творческий потенциал, их умение ясно и четко выражать свои оригинальные идеи, суждения мысли и т.д. Кочевники разъезжая по своим широким степным просторам непременно поют песню. Чтобы нарушить тишину и покой в пути, взгляды в сторону горных вершин, он непременно сочинит какую-нибудь песню, в которой отразится его любовь к окружающей среде и Родине.

Отмечая достоинства казахских профессиональных певцов, известный дореволюционный российский исследователь М.В.Готовицкий отмечает: «Киргизы (казахи – авторы) большие охотники до пения все они любят изливать в пении свои мысли и впечатления, на известный им самим импровизированный мотив. Вообще всякая радость и горе изливается у киргиз (казахов – авторы) в пении, которое в большинстве случаев всегда производит глубокое впечатление на слушателя» [4].

На наш взгляд, М.В.Готовицкий безусловно прав, ибо в каждом ауле можно было услышать казахские песни, в которых отражены трудовая деятельность наших предков, их стремление к созиданию. В них воспевались героические патриотические подвиги и мужество защитников нашего Отечества, причем как замечает сам автор их народ слушал внимательно затаив дыхание. Таким образом, музыка вдохновляла и воодушевляла наших предков в ходе их военного противостояния с иноземными захватчиками.

Известный дореволюционный российский исследователь Е.Э.Сно в своей публикации « Среди знойных пустынь и широких степей. Народы Туркестана» отмечает: « Песня – лучший друг и товарищ киргиза (казаха – авторы). Она сопровождает его повсюду, начиная с момента его появления на свет и до самой смерти. Поют киргизы (казахи – авторы) чаще всего под звуки домбры или кобыза, иные певцы прославившиеся своим ораторским искусством время от времени объезжают казахские аулы, участвуя в духовно-поэтических состязаниях айтысы. Прославленные и одаренные певцы всюду были желанными гостями в казахских аулах»[5].

Таким образом, следует отметить, что Е.Э.Сно совершенно верно смог уловить казахские мелодии, игравшие весьма значительную роль в традиционном быту кочевников. Песенно-поэтическое искусство номадов, безусловно, играло главенствующую роль в повседневной жизни кочевников. В своих песнях казахи воспевали свои родные степные просторы, героизм и самоотверженность своих мудрых и великих предков, величие и уникальность кочевой и оседлой цивилизации, открытость и широту души своего народа.

Известный дореволюционный российский исследователь Д.Львович в своих путевых заметках красочно и колоритно описывает профессиональное искусство исполнения музыкальных мелодий и песен знаменитого казахского певца Нургожи, который судя по

описаниям автора, везде пользовался огромным уважением и почетом. В своей песне певец отразил картину повседневной жизни кочевников, их стремление сохранить потомство и породы скота, кроме того, ярко и реалистично описывает автор труда картину перекочевки традиционного казахского кочевого аула, хлопоты и душевные переживания кочевников на новом месте, описывает период жизни кочевников на летних пастбищах жайляу[6].

Таким образом, следует отметить, что Нургожа в своей песне отразил наиболее ключевые фрагменты традиционного образа жизни кочевников, их повседневную трудовую деятельность, картину перекочевки казахского кочевого аула, радость и веселье кочевников на летних пастбищах жайляу. С песнями казахи пасли свой скот, рыли колодцы, ткали ковры, валяли кошмы, словом вся повседневная бытовая жизнь номадов не могла обойтись без музыки. На протяжении всей своей многовековой истории наши мудрые и великие предки выработали самобытный музыкальный язык, имеющий свои характерные особенности и специфику, которые ярко проявляются особенно в исполнении мелодий и песен. Казахские национальные песни и мелодии широко использовались в быту кочевников, в них раскрывались искусство импровизации певцов, их умение четко и ясно преподносить музыку через национальные казахские инструменты.

Рекомендации. Материалы данной научной публикации будут полезны в ходе разработок научно-исследовательских проектов, касающиеся данной темы исследования. Помимо этого, материалы статьи могут быть использованы в ходе чтения обзорных лекций по истории и этнографии, музыкальной культуре казахского народа, в ходе подготовки учебно-методических трудов, монографий, учебных программ и т.д. Содержащиеся в данной научной публикации авторов сведения, вызовут у представителей научной и мировой общественности глубокий познавательный интерес и послужат своего рода путеводителем при изучении истории музыкальной культуры казахского народа




Рисунок 1. - Иллюстрация из «Туркестанского сборника».

Заключение. Таким образом, в заключении статьи хотелось бы особо отметить тот факт, что вышеупомянутые нами исследователи на основе целенаправленного изучения истории музыкальной культуры казахского народа были глубоко убеждены в их способности к духовному и культурному возрождению. В то же время они прекрасно осознали, что многие многогранные аспекты казахской музыкальной культуры казахского народа еще не до конца глубоко не изучены и исследованы. К отдельным на наш взгляд недостаткам дореволюционных российских исследователей колониального

периода можно отнести чрезмерное увлечение описанием тех или иных аспектов казахской музыкальной этнографии.

Но, несмотря на некоторые упущения, недостатки, фактологические ошибки, в силу не знания языка и менталитета изучаемого народа, их богатейших духовных и культурных ценностей, все же следует признать, что дореволюционные российские исследователи внесли свой весомый вклад в изучение музыкальной культуры казахского народа.

Список литературы:

- 1 П.И.Пашино Туркестанский край в 1866 г. Путевые заметки // Туркестанский сборник Том 14. СПб., 1869. С. 57.
- 2 А.К.Гейнс Киргизские очерки // Туркестанский сборник Том 1869. С.5.
- 3 А.Самсонов Очерки Сибирской киргизской степи // Туркестанский сборник Том 25. СПб., 1870. С. 393.
- 4 М.В.Готовицкий О характере киргизских песен // Туркестанский сборник Том 342. СПб., 1883. 90-91.
- 5 Е.Э.Сно Среди знойных пустынь и широких степей. Народы Туркестана // Туркестанский сборник Том 583. СПб., 1916. С. 16-17.
- 6 Д.Львович По киргизской степи //Туркестанский сборник Том 583. Ташкент., 1916. С. 123-124.

Түйін: Бұл ұжымдық ғылыми басылымда авторлар ең бай түпнұсқа «Түркістан жинағы» дереккөзді пайдалана отырып, көшпелі қазақтардың музыкалық мәдениеті жанрының маңызды элементін салыстырмалы түрде талдауға тырысты. Қазақтардың әні мен поэтикалық өнерінің бастаулары ежелгі дәуірден бастау алады. Қазақтардың ән-поэтикалық өнері бай және мазмұнды, онда көшпенділер мұраттарының ғасырлар бойғы ұмтылысы, олардың әлемдік тарихтағы ролі мен орны бейнеленген. Қазақ әндері көшпенділердің туған еліне, Отанына, туыстары мен достарына, дала тұрғындарына сүйіспеншілігін бейнелейді. Парадоксальды көрінгенмен, бұл факт қазақ әуендерінің дыбыстарын барлық жерде, үйлену тойларында, қазақ ауылының көшіп-қону кезінде, жерлеу және еске алу әдет-ғұрыптары кезінде, салтанатты шараларда және т.б. жерлерде кездестіруге болады. Сонымен, қазақтың ұлттық музыкасы дәстүрлі ән күйлері қазақ қоғамында маңызды орын алады. Қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениеті халықтың күнделікті еңбек өмірімен тығыз байланысты; ол көшпелі дала тұрғындарын туғаннан өлгенге дейін барлық жерде серік етті. Ән қазақтардың рухани және моральдық жағынан өзгеруіне көмектескендігінің арқасында олардың сенімді досы және жолдасы болып табылады.

Кілт сөздер: қазақ музыкалық әуендері, оның жанрлары мен түрлері, музыкалық аспаптар, олардың дәстүрлі өмірдегі ролі мен орны.

Abstract: In this collective scientific publication, based on the involvement of the richest authentic original source "Turkestan Collection", the authors attempted a comparative analysis of an important element of the genre of musical culture of the song and poetic art of nomadic Kazakhs. The origins of the song and poetic art of the Kazakhs go back to the hoary antiquity. The song-poetic art of the Kazakhs is rich and meaningful, it reflects the age-old aspirations of the ideals of the nomads, their role and place in world history. Kazakh songs reflect the love of nomads for their native land, Motherland, relatives and friends, steppe expanses. Paradoxical as it may seem, this fact, the sounds of Kazakh melodies can be heard everywhere, during wedding ceremonies, during the migration of the Kazakh aul, during the period of funeral and memorial customs, at solemn events, etc. Thus, the national music of the Kazakhs occupied an important place in traditional musical creativity.

Key words Kazakh musical melodies, its genres and varieties, musical instruments, their role and place in traditional life.

УДК. 314.148(574)

¹Асылбеков Е.С., ²Торгаутова Ш.А.

¹тарих магистрі. А.П.Чехов атындағы № 21 жалпы орта мектебі, Шымкент, Қазақстан

²тарих магистрі. «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының бас менеджері. М.Әуезов атындағы ОҚУ,

«МИРАС» рухани жаңғыру академиясының жетекшісі. Шымкент, Қазақстан

XX Ғ.АЯҒЫ-XXI Ғ. БАСЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Түйін: Мақалада XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы Оңтүстік Қазақстан халықтарының, оның ішінде ұлттық құрамның демографиялық көзқарас тұрғысынан және демографиялық өнімсіз өсу тарихының кейбір проблемалары талқыланады. ұлттардың жалпы өсіміндегі кемуі мен көбеюі демографиялық процес ретінде бірқатар ұлттардың тарихи Отанына эмиграциялануымен және өсімдегі депопуляциялық жағдайдың орын алуымен түсіндіріледі. Дегенмен ұлт болашағын, ұрпақ ертеңін Қазақстан болашағымен байланыстырған ұлттар, әсіресе өзбек, тәжік, әзербайжан, түрік, кавказ халықтарының жалпы өсімінде өсу байқалады. Жалпы облыстың ұлттық құрылымын әлеуметтік демографиялық тұрғыда талдайтын болсақ, онда Шардара, Отырар, Қазығұрт, Созақ, Бәйдібек аудандарының халқы моноэтникалықта, Сарыағаш, Түркістан, Арыс, Мақтарал аудандарының халқы полиэтникалық деңгейде қалыптасып отыр. Ал Сайрам ауданында жергілікті ұлттың үлес салмағының төмендігі байқалады


Кілт сөздер: халықтар, Оңтүстік Қазақстан, эмиграция, ұлттар, демографиялық өсу

Кіріспе: Оңтүстік Қазақстан облысы да Қазақстан республикасының біртұтас территориялық аймағы ретінде көпұлтты құрылымға ие. Дегенмен Оңтүстік Қазақстан облысы республикадағы өзге аймақтарға қарағанда өзіндік мәдени, өндірістік, ұлттық ерекшелігі бар аймақ және мұнда жергілікті ұлттың басымдығымен бірге, оның облыстағы өзге ұлттармен өзіндік колоритін сақтай отырып, қоғамның экономикалық, саяси, рухани, әлеуметтік жүйелеріндегі аспектіде интеграциялануы тән.

Теориялық талдау. Оңтүстік Қазақстан облысы халқының этникалық құрылымын талдаудағы ерекшелік ондағы ұлттардың әлеуметтік демографиялық потенциалын анықтаумен қатар, соңғы жылдары өзектілігі кемімей тұрған ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін деңгейлік дамытудағы қажеттіліктен туындап отыр. Қазақстан республикасында 1999 жылы орын алған жалпы халықтық санақтан кейін елдің этно-демографиялық құрылымы төмендегідей сипатта, яғни:

1 кесте. Ұлттардың саны


25.02.1999ж.		01.01.2004ж.	
Қазақтар	798,5 мың	855,08 мың	
Орыстар	447,9 мың	407,26 мың	
Украиндар	547,1 мың	469,1 мың	- 10,5%
Өзбектер	370,7 мың	409,8 мың	
Немістер	353,4 мың	237,7 мың	
Татарлар	209,0 мың	232,8 мың	
Ұйғырлар	210,4 мың	223 н	- 6%
Өзге ұлттар	646,0 мың	659,0 мың	



Жоғарыдағы кестеден көретініміз, ол жекелеген ұлттардың жалпы өсіміндегі кемуі мен көбеюі демографиялық процес ретінде бірқатар ұлттардың тарихи Отанына эмиграциялануымен және өсімдегі депопуляциялық жағдайдың орын алуымен түсіндіріледі. Дегенмен ұлт болашағын, ұрпақ ертеңін Қазақстан болашағымен байланыстырған ұлттар, әсіресе өзбек, тәжік, әзербайжан, түрік, кавказ халықтарының жалпы өсімінде өсу байқалады. Бір жағынан аталған ұлттардың жылдан жылға еселеп өсуі олардың дүниеге ұрпақ келтіру санасындағы демографиялық саясаттың орын алуында жатыр.

Тәжірибелік бөлім. Сонымен бірге ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан жуық мерзімдік уақыттарда 20 миллиондық межеге жетуі тиіс деген ой қозғап отыр емес пе. М.Тәтімов «бұл жағдай жүзеге асуы үшін еліміз жылына 2 миллион адамға артуы тиіс». Жалпы Қазақстан территориясындағы халықтың өсімі, елдің тарихи әлеуметтік дамуын қоса алғандағы М.Тәтімовтың сызбасы бойынша мынадай:

2010 ж.



Аталған сызбадан көретініміз, ол еліміздің ұлттық қозғалысындағы табиғи өсімнің жылдан-жылға төмендеп, ондағы демографиялық жарылыс тек 1960 жылдарға дейін орын алып, бұл процесің біртіндеп құлдырауы еді. Мұндағы ерекшелік елдің әлеуметтік-саяси


өміріндегі тарихи моменттермен байланыстылығы. Енді кезектегі мәселе, ол жалпы ұлттық санақтан кейінгі облыс халқының ахуалы еді.

1999 жылғы Оңтүстік Қазақстан облысының ұлттық құрылымы және бес жыл ішіндегі халықтың қозғалу динамикасы

	1999ж	2000ж	2001ж	2002ж	2003ж
облыс бойынша	1975,6	2004,8	2050,7	2078,5	2110

халықты құраса, онда мұндағы халықтың ұлттық құрылымына келер болсақ, онда 1999 жылғы жалпы халықтық санақтың мәліметтері бойынша облысымызда қазақ ұлты – 55,8%, орыс ұлты -15,3%, өзбек ұлты – 15,6%, әзербайжандар -1,5%, татарлар -1,9%, тәжіктер -1,1%, украин ұлты -1,8%, кәрістер -0,6%, немістер -1,4%, ұйғырлар -0,2%, шешендер -0,2%, гректер -1,1%, белорустар -0,2%, башқұрттар -0,1%, қырғыз -0,1%, армяндар -0,1%, мордва -0,1%, молдавандар -0,1%, еврейлер -0,1%, басқа ұлттар -1,3% құрауда.

Жалпы облыстың ұлттық құрылымын әлеуметтік демографиялық тұрғыда талдайтын болсақ, онда Шардара, Отырар, Қазығұрт, Созақ, Бәйдібек аудандарының халқы моноэтникалықта, Сарыағаш, Түркістан, Арыс, Мақтарал аудандарының халқы полиэтникалық деңгейде қалыптасып отыр. Ал Сайрам ауданында жергілікті ұлттың үлес салмағының төмендігі байқалады.



Сонымен бірге Оңтүстік Қазақстан облысындағы демографиялық ахуалдың жағымды бағытта қалыптасуына, ондағы жалпы өсімнің өсуіне елімізге қоныстанып отырған оралмандардың тигізер ықпалы зор.

Жалпы Қазақстан республикасында оралмандар категориясының қалыптасуына негіз болған жағдай, ол барлығыңызға мәлім еліміздің тәуелсіздік алуы және әлемдік өркениетте өзіндік қолтанбасы бар саясатпен экономикалық тұғырнаманы қалыптастыруға ұмтылуындағы жағдайлар тізбегі еді. Оралмандар категориясының қалыптасуына ел тәуелсіздігіне келетін болсақ, онда Қазақстан республикасы және оның тұрғылықты халқы қазақ ұлты өзінің әлеуметтік тарихи өмірінде небір зобаланды басынан өткергені ақиқат. Міне сол тарихи нәубеттер салдарынан елімізден қазақ ұлтының алыс және жақын шетелдерге ауа көшкені рас болса, онда бүгінгі оралман статусына ие қазақ сол елмен қайта қауышқан қазақ екендігі даусыз. Оның үстіне тарихи жағдайларға байланысты қазағы қалың қоныстанған территориялардың өзге елдердің еншісіне байланып кете барғаны. Даулы жер қатынастары орын алған елдер қатарына Өзбекстан, Ресей, Қытай елдерін алсақ, онда тап осы елдерде шетелдердегі қазақ диаспорасының басым бөлігі шоғырлана қоныстанған екен.

Ал шетелдегі қандастарымызбен мәдени- әлеуметтік байланысты жолға қою 1992 жылдан бері қызмет етіп келе жатқан Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы ұйымының функционалды іс-әрекеті аясына тиісті. Сонымен бірге оралмандарды қоныстандыру мен ел жағдайына бейімдеу шарасы Көші-кон және демография агенттігі тарапынан жүзеге асып отыр.

Ал еліміздің әлемдік аренадағы саяси және экономикалық қауіпсіздігі тұрғысынан келетін болсақ, онда Қазақстан жақын болашақта демографиялық өсімге қол жеткізуі тиіс.

Қорытынды. Аталған жағдай еліміздің экономикалық-өндірістік өрлеуі тұрғысынан да белгілі бір қажеттілікті талап етіп отыр. Осындай қордалы, келелі мәселелерді шешу үшін Қазақстан алыс және жақын шет елдердегі ұлттың өкілдік шоғырына арқа сүйеуге мәжбүр. Өйткені еліміздің жергілікті халқы белгілі және белгісіз себептерге сай көбеймей отыр. Тағы бір басымдық ол оралмандардың мәдени-рухани процестерде әсіресе ұлттық діл, дін, тіл мәселесіндегі беріктігі. Сондықтан кейінгі жылдары ел халқының санын көбейтуде оралмандарды көптеп тарту керек деген сөз жиі айтылуда оның үстіне қоныстанушы оралмандардың үштен бірі Оңтүстік Қазақстанды таңдайды екен.

Сонымен Оңтүстік Қазақстан облысының ұлттық демографиялық құрылымының полиэтникалық бағыттағы қалыптасу тарихының тамыры тереңде екендігі және бүгінгі дағдарысты жағдайдан демографиялық саяси-әлеуметтік негізін қалыптастыруда мемлекеттік патронаждық саясаттың қажеттілігі еді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Казахстанская правда «Пять лет после общенародной переписи» 2004г. №43
- 2 М.Тәтімов «Денсаулық», №12.2003 ж. «Қазақтар қайтсе көбейеді» (3бет)
- 3 Алексеенко А.Б. «Население дореволюционного Казахстана», А. 1981г.
- 4 Асылбеков А., Галиев А. «Социально- демографические процессы в Казахстане», А. 1989 г.
- 5 «Оңтүстік Қазақстанның демографиялық дамуы», Шымкент 2003ж.
- 6 «Оңтүстік Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы», жылдық статистика, Шымкент 2004ж.
- 7 «Оңтүстік Қазақстан және оның аймақтары», Шымкент 2003ж.
- 8 Н.Әмзәұлы. «Демографиялық ахуалымыз». Шымкент келбеті. 24.09.2004ж.

Аннотация: В статье обсуждаются некоторые проблемы истории роста народов Южного Казахстана в том числе национального состава с демографической точки зрения и демографической непродуктивности, имеющие в промежутке с 99-х годов XX-го века до наших дней. В статье обсуждаются некоторые проблемы истории демографического и непродуктивного роста народов Южного Казахстана, в том числе национального состава, с 99-х годов XX века до наших дней. Убыль и воспроизводство национальностей в общем росте объясняется эмиграцией ряда национальностей на историческую родину как демографический процесс и возникновением растительной депопуляционной ситуации. Тем не менее, наблюдается рост национальностей, связывающих будущее нации, будущее поколения с будущим Казахстана, особенно узбекского, таджикского, азербайджанского, турецкого, Кавказского народов. В целом, если проанализировать национальную структуру области в социально-демографическом плане, то население Шардаринского, Отырарского, Казыгуртского, Созакского, Байдибекского районов формируется на моноэтническом уровне, Сарыагашского, Туркестанского, Арысского, Мактаральского районов. А в Сайрамском районе наблюдается низкий удельный вес местной нации.

Ключевые слова: народы, Южный Казахстан, эмиграция, национальностей, демографический рост

Abstract: There are considered some problems of growth history of nations in South Kazakhstan, the national structure by demographical view demographical unproductively, which take place within 99 years of XX th century till nowadays in this article. increase in nationalities linking the future of the nation, the future of the generation with the future of Kazakhstan, especially the Uzbek, Tajik, Azerbaijani, Turkish, and Caucasian peoples. In general, if we analyze the national structure of the region in socio-demographic terms, the population of Shardara, Otyrar, Kazygurt, Sozak, Baidibek districts is formed at the mono-ethnic level, Saryagash, Turkestan, Arys, Maktaral districts. And in Sairam district there is a low proportion of the local nation

Keywords: peoples, Southern Kazakhstan, emigration, nationalities, demographic growth

**ТҮРКІТАНУ
ТҮРКОЛОГИЯ
TURKOLOGY**

УДК 378. 245 Н 23

¹Нарзуллаева С.Б., ²Eftal Şükrü Batmaz

¹магистр, оқытушы Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі
Балқаш, Қазақстан

²PhD, доктор, Анкара университеті. Анкара, Түркия

АРАМЕЙ ЖАЗУЫ – КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗУЫ

Түйін. Ғылымы жұмыс арамей жазуының келіп шығу тарихын талдау, анықтау мақсатында жазылған. Жұмыста жазудың пайда болуы туралы ғылыми зерттеулер көрсетілген және деректер келтірілген. Сонымен бірге руналық жазудың пайда болуына арамей жазуының әсері және осы мәселеде ғалымдардың пікірлеріне тұжырым жасалды. Арамей жазуы ежелгі тайпалардың жазу мәдениетінің қалыптасуына негіз болды. Арамей жазуының қалдырған ескерткіштердің маңыздылығы көрсетілді. Арамей жазуы Жерорта теңізінің жағалауындағы ежелгі тайпалары арқылы кең тарауы жәнәймағы анықталды. Арамей жазуын номадтар және сол кезеңдегі Қазақстан жерінде өмір сүрген тайпалар, тайпалық одақтары және арамей жазуының бір тармағы болғасоңды тілін Соғды мемлекеті халықтары пайдаланды. Жұмыста Л.Гумилевтың, В.В Бартольд, В. Томсонның арамей жазуын зерттеп барысында жазып қалтырған деректері талданды.

Жұмыстың арамей жазуының пайда болуын және таралу аймағын, сонымен қатар арамей жазуының ежелгі ғасырда маңыздылығы көрсетілген. Арамей жазуының бөліну, тармақтары мен бұтақтары келтірілген.

Кілт сөздер: финикия жазуы, арамей жазуы, руналық жазу, парсы – арамей, еврей квадратты, наветей, пальмир, эстрангель, манихей алфавиты, номад халқы.

Кіріспе. Тарих жазба тіл арқылы қалыптасады. Адам білімді, тарихты көптеген жазып қалдырылған деректерді оқу және тарихта жазылған күнделіктегі маңызды деректерді талдау арқылы үйренеді. Адам қоғамындағы әрбір тарихи құбылыстарды, саяси жағдайларды жазып алатын және тарихқа енгізетін ол – жазба тіл. Адам пайда болғаннан осы күнге дейінгі болған тарих және мәдени құбылыстар, өнер және әдебиет саласындағы жетістіктер, ғылым мен техниканың қалыптасуы мен дамуы туралы толық ақпарат алатын және оны келешек ұрпақ бойына сіңіретін, тарихымызды сақтайтын ол – жазба тіл, жазылған дерек

Сан ғасырлар бойы әрбір кезеңдегі жетістіктер, әр дәуірдегі құбылыстар, қазіргі біздің замандағы қалыптасқан рухани дүниелерді, біздің рухани мәдениетімізді келешек ұрпаққа мұра етіп қалдыратын ол – жазу, жазба дерек [1, 7 б.]

Ғалымдар әріптер арқылы оқылатын дыбыс жүйе жазуларының шыққан уақытын б.з.б. 2 мыңжылдық деп болжайды. Бірақ зертеу жұмыстары көне арамей жазуының пайда болғанына 6 мыңға жуық жыл болғанын анықтай келе, бұл пікірді теріске шығарды [2, 83 б.].

Дыбыстық жазудың ең көне түрі-финикия, арамей және араб жазуы [1, 106.]. Соның ішінде арамей жазуы - б.з.б. мыңжылдықтардың басында финикия жазуы негізінде пайда болып, арамей арқылы кең қолданылған көне жазу түрі. Арамей жазуының негізін салушы арамей халқы. Арамейлер - түркі тегі Арабиядан шыққан семит тайпалары, олар б.з.б. 2 мыңжылдықтың II жартысында Арабия шөліндегі бастапқы мекендерін тастап, Орталық Месопатамияға көшіп келген. Ассирия патшасы Пиглатпаласардың I жазуында «араму» сөзін алғаш рет қашаған.

Негізгі бөлім. Арамейлер б.з.б. XI ғасыр ортасында Вавилон мемлекетінің әлсіздігін

пайдаланып, бірнеше қалаларын басып алып, отыршылықпен айналысқан. Ассирияның солтүстік-шығысында бірнеше дербес мемлекет құрған. Арамейлер бізге б.з.б. IX-УІІ ғғ. ежелгі ескерткіштерді мұра етіп қалдырды.

Арамей жазуы толық дауыссыз дыбыстардан қалыптасқан. Бірақ оқу кезінде әрбір дауыссыз дыбыстан соң дауысты дыбыста айтылады. Жазылу жүйесі ерекше болып келеді. Жазғанда оңнан соңға қарай жазған. Арамей жазуы пайдаланылған деректер Солтүстік Мысыр, Шам, Афрад, Хам, Ассириядан табылған. Олар б.з.б. ХІІІ-ХІХ ғасырларға жатады. Арамей жазуы Жеротра теңізінің жағалауындағы ежелгі тайпалар, еврейлер, парсылар, ассириялықтар, вавилондықтар, т.б. арқылы кең тараған. Арамей жазуы Ахамен әулеті билік құрған кезеңде Парсы еліндегі екі мемлекеттік жазулардың бірі болған. Арамейлердің арабтарға сіңіп кетуіне байланысты арамей жазуы б.з. ІІІ-ІУ ғасырында қолданудан шықты. Ғалымдар арамей жазуының негізінде Таяу және Орта шығыс, ежелгі Азия халықтарының жазуы, соның ішінде, еврей, араб, ұйғыр, моңғол, пехлевин жазулары жасалды деген пікір білдірді [3, 419-420 бб.]. Ғалымдар шығыстағы финикиялықтардың жазуында әріптердің өзіндік жүйесінің толық нұсқасы (бірақ бұған ежелгі еврей жазуы кірмейді) шығу тегі жағынан арамей әріп жазуымен байланысты деген пікір білдірді.

Арамей жазуы финикия жазуынан айырмашылығы жеке әріптердің таңбаларын оңайлатылуыеді және соның нәтижесінде арамей жазуы пайда болды. Сонымен бірге бұл жазу Персия елінің мемлекеттік жазуы саналатын персиялық жазу, сына жазуымен бірге пайдалана бастады.

Арамей жазуынан негізінде қалыптасқан немесе тараған жазуынан тараған деп айта алатын жазудың 4 түрі бар. Олар: бірінші жазу - еврей жазуы, екінші түрі – иран жазуы болып табылады. Жазудың үшінші түрі – сириялық жазу және соңғы төртінші түрі – араб жазуы[4, 427 б.].

Б.з.б. мыңжылдықтарда тараған парсы тілі, орта ғасырларға келіп арамей графикасын пайдаланады [5, 151 б.]. Б.з.б. УІ-ІУ ғасырлар арасында Үндістан мен Кіші Азия арасын билеген парсы мемлекеті (Ахемен әулеті) өз жазу ретінде пайдаланған еврейлық шаршы жазуы, сирия - арамей жазуы, парсы – арамей(соғды, хорезм, парфян жазуларының негіз болған), көптеген дәйекшелерімен топтастырылған араб жазуы, т.б. арамей жазуындағы негізгі бөліктері болып табылады. Тұңғыш әліпби қалыптастырғандар - Финикия мемлекетінің халықтары. Финикиялықтардың жазуындағы ерекшеліктердің бірі ол – жазудың оңнан бастап солға қарай жазылуы, сонымен қатар финикиялықтардың әліпбиі тек дауыссыз дабыстардан құралған және дауыссыз дыбыстық әріппен таңбаланған. Дауысты дыбыстар болмаған. Осы әліпбидің негізінде араймейліктердің, сонымен бірге гректердің әліпбиі пайда болған. Арамейлер – арабтардың тайпаларының бірі болған. Арамейліктердің әріптерін Шығыс мемлекеттерінде пайдаланды. Олар дауыссызды ғана таңбалайтын әріптерді пайдаланды, дауысты дыбыстарды таңбалайтын басқа белгілер қолданылды және солдан оңға қарай жазды. УІІІ-ХІІІ ғасырларға тән жазба ескерткіштерде Орта Азия өмір сүрген түркі халықтары манихей және несториан жазуларын пайдаланды. Манихей және несториан жазбалары мәліметтерде келтірілген дерек бойынша арамей – сирия жазуының тармағы болып есептелінеді. Сонымен қатар Шығыс Түркістан өңірінде өте көп қолданылған көне ұйғыр алфавитінің қалыптасуына соғды алфавиті негіз болды және айта кететін дерек соғды әліпбиі парсы – арамей жазуының тармағы болып табылады. Кейіннен ХІІІ ғасырға келіп Шығыс Түркістанда пайдаланылған көне ұйғыр әліпбиі тұңғас – манжүр жазуларының да пайда болуына әсер етті.

Мани өзінің діни ілімін тарату жолында бүкіл түркі халықтары арасында кең тараған «ұйғыр жазуы» деп аталған жазу үлгісін осы арамей жазуының үлгісін пайдалана отырып негізін қалады. Осыдан кейін ұйғыр жазуы негізінде көптеген түркілік шығармалар пайда болды

Теориялық талдау. Манихей және араб алфавиті (набатей алфавитінің негізінде) шығу тегін арамей жазуының бір тармағынан шыққан. Набатей алфавиті рамей жазуының бір тармағы[6, 82 б.].

Арамей жазуын номадтар және сол дәуірде Қазақстанда өмір сүрген тайпаларда пайдаланды. Арамей жазуының бір тармағы болған соғды тілін Соғды мемлекеті (Соғдыианда) халықтары пайдаланды. Соғды мемлекетінің негізгі және алғашқы қоныстанушылар сақтардың көшпелі тайпалары болды[7,18б.]. Осы дерек арқылы сақ дәуірінде арамей жазуының бір тармағы Қазақстан жеріне келді деген пікір қалыптастырумыз мүмкін.

Ғалым тілдер туралы зерттеген еңбегінде осы деректі келтіреді: «... Самый древним переводом можно считать «Таргум». Это означает «перевод». «Таргумами принято называть самые первые, очевидно в истории переводы Библии. ... библейскою мудрость был арамейский распространенный в эпоху персидского господства в Палестине в VI-IV вв. До н.э. [8, 4 б.].

Кейбір ғалымдар арамей және соғды жазуларының түрік ойма жазуына қатысы жоқтығын, тек кейбір пішіндердің бір-біріне сәйкес келетінін анықтаған ғалымдар, түрік бітігі малдың ен-таңбаларынан немесе көшпелілердің өздері жасаған пиктографиялық-идеографиялық белгілерден шыққан деп есептейді[9, 141б.]. В.В.Бартольд иран, турк, манихей тілдерін араластырып арамей тілінде «Дін кітабын» жазған. Соғдылар манихей дінін тарату мақсатында келді. Олар соғды жазуын жақсы білгендігі үшін түрк қағанаты оларды жұмысқа алды[10, 115 б.]. Қазірде ғалымдар руналық жазудың шығу тегіде арамей жазуының негізінде деген пікірлер білдіруде.

Дания ғалымы В.Томсен түркі жазуларының шығуы туралы пікірінде: «арамей жазуының пехлеви және соғды әріптік жазуы варианттарынан шығуы мүмкін»- деп атады. Көрнекті түркітанушы Алтай Аманжолов Орхон таңбаларының жартысынан көбі парсы-арамей жазуындағы әріптерге сәйкес келмейтінін айтады. А.Аманжоловтың пікірінше түрік руналары ұқсастығы жағынан қарайтын болсақ финикий-арамей жазуларына жақын[6, 88-89 бб.]. Ғалым, зерттеуші О.Доннер: «б.з.б. III-II ғасырларға тән Аршакид монетасының жазуын түркі бітігі және арамей жазуларының бір варианты және түркі бітігі жазуының көп ұқсас прототипі арамей жазуының бір варианты»-деп айтып, В.Томсеннің пікірін қолдайды. Арамей жазуының Армаздық нұсқаларынан көне түрк бітігі жазуы бастау алды деген пікірді А.Рона-Ташда айтады[11, 301 б.].

Ғалымдардың пікірлері мен зерттеулері. Орыс ғалымы Е.Д.Поливанов пікірі бойынша арамей жазуының түркі жазуына байланысы жоқ, түркі жазуының қалыптасуы жанамасыз идеограммалардың негіз бойынша пайда болған.

С.В.Киселев, Н.Аристовтың түркі халықтарының руникалық жазуы таңбалардан шықты дейтін теориясы келіспейді. Орыс шығыстанушысы Н.Аристовтың жазуы бойынша, түркі жазуының пайда болуына ешқандай әліпбилердің байланысы жоқ, ол ғасырлар бойымен түркі таңбаларының негізінде өз алдына жеке әліпби болып қалыптасқан[1, 11-12 бб.]. Қ.Сартқожаұлы арамей тілін толық зерттеген ғалымдардың бірі В.Томсон екенін айтып, бірақ оның Енисей, Орхон жазуларының арамей жазуына ұқсас болып, арамей жазуын жаңғыртып түркі тіліне бейімдеп пайдаланды деген пікіріне келіспейді. Ол Р.Готьоның «түркі бітігі жазуының пайда болуы көне соғды жазуынан»- деген пікірін қолдайды[12, 51б.].

Атақты түркітанушы ғалым С.Г.Кляшторный жазуларды зерттей келе, осындай тұжырым қалыптастырды: Орхон әліпбиі – арамей жазуын пайдаланған иран тілдес халықтарымен түркі халықтарының қарым – қатынас орнатуының нәтижесінде Орта Азияға келді. С.Г.Кляшторный соғдылықтардың көне әліпбиі түркі жазуларының пайда болуына әсер етті деген пікірді қолдайды. Осымен қатар бұл тұжырымды растайтын тағы бір маңызды дерек келтірейік, Орта Азияда ерте орта дәуірде билік еткен түркі халықтары соғы жазуын мемлекеттің төл жазуымен қатар қолдана алған. Елдегі ақсүйектер арасында

соғды тілі де және соғды жазуыда түсінікті болған. Бұл туралы мәліметті Махантегін құлпытасынан оқуға болады. Бұл ескерткіш Бұғыты (Моңғолия) аңғарынан табылған. Бұл құлпытаста Түркі қағандығының алғашқы отыз жылғы жағдайы соғды жазуымен және соғды тілінде жазылған [13, 101 б.]

А.Н.Подушкин Күлтөбе қаласына (Арыс өзені бойында) зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында 26 және 30 таңбалары бар күйдірілген кірпіштердің 2 дана сынығын табады. В.А. Лифшиц және С.Г. Кляшторный бұл жазуды тексеру нәтижесінде Күлтөбе қаласының жазуы алфавиттік және арамей жазуының негізінде жасалған - деген пікір білдіреді [14, 217б.].

С.В.Киселев VI-VII ғасырларда батыс туг-ю арамей алфавитін түркі сөздеріне қолданды деген пікір білдірді. Енисейді жайлаған түркі халықтарының жазу ескерткіштерінің көнелігіне дәлелдер келтірді. Өйткені бұл арадағы жартастар мен әдейі орнатқан тас бағаналарда соғысты, аңшылықты, елдің қоныстанғанын не басқа жаққа ауғанын көрсететін суреттердің дүниеге келгеніне ең кемі екі мың жылдай уақыт болған. Көптеген шартты белгілер символдық, әсіресе, космогониялық (дүниенің, бұл – жер, ай мен жұлдыз және күннің пайда болуы жайында) сипатты байқатады. Жұлдыз, қисық, әр түрлі шаршылар мен дөңгелектер, түзу крестер т. б. белгілер қарасу заманында пайда болған. Б.з. д. VII—II ғасырларға жататын тағар дәуірінде шартты белгілер көбейе түскен, оған әр түрлі таңбалар қосылған. Таштың заманында (б. з.д. I ғ.– б.з. V ғ.) таңбалармен қоса санды білдіретін белгілер шыққан. Мұндай көнелік, шартты белгілердің көбейіп, дамып отыруы, қырғыз мемлекеті құрылған кезде, олар өзінің меншікті жазуын шығаруға талпынған. Уйбат чаатасындағы қырғыз қорғанынан табылған қыш құмырадағы әр түрлі шаршы, крес таңбаларымен бейнеленген жазу бұған дәлел бола алады. Табылып жатқан осындай жазуларға сүйене отырып, түркі халықтарының көне жазуларындағы таңбалардың бәрін түгелдей арамей алфавитінің системасынан шығаруға болмайды.

Қорытынды. Біздің заманымызға дейінгі III ғасырда арамей алфавитінің негізінде «шаршы еврей жазуы» («квадратное еврейское письмо») дамыған дейді. Парсы-арамей жазуы кейде Индияның буын жүйелі кхарошти жазуының шығуына негіз болды деген де пікірлерде бар [2, 87-88бб.]. Арамей жазуы ежелгі ғасырда пайда болып, ортағасырлық кезеңінде пайда болған басқа тілдердің қалыптасуына әсер етті.

Әдебиеттер тізімі:

1 Кенжебекова Н.Ә. Жазуға үйрету әдістемесі. (Әдістемелік құрал). Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2016.-135б.

2 Мусабаев. Ғ., Махмутов А., Айдаров Ғ., «Қазақстан эпиграфикасы» Алматы, 1971. Алма-Ата. 165 бет.

3 «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. Бас ред. Ә.Нысанбаев. Алматы «Қазақ» энциклопедиясы, 1998. 720 б.

4 Аханов Қ. «Тіл білімінің негіздері» Оқулық 4-бас;-алматы. «Санат» басылым. 2003.-496 б.

5 Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы 1 (36) 2015. 216 бет

6 Қажыбек Е.З. Тамыры терең әліпби: жалпы түркілік бірегейліктің мызғымас негізі. Алматы, 2017. 320 б.

7 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы. А.М. Ғазалиевтің редакциясымен. 2-ші басылым.- Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті баспасы, 2011. 119 б.

8 Шифман И.Ш. Ветхий завет и его мир: Ветхий завет как памятник литературной и общественной мысли древней Передней Азии. М.: Политиздат, 1987. 240 с.

9 Махмудов А. Как возник древнетюркский алфавит // Исследования по тюркологии. Алма-Ата, 1969. 295 стр.

10 Жусуп Баласагын атындағы кыргыз улуттук университетинин Жарчысы 2013.-
340

11 «Ұлы Дала» II гуманитарлық ғылыми форумының материалдары (бірінші бөлім),
Астана: «Ғылым» баспасы, 2017. 768 б.

12 Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А. Қазақ тілі тарихын дәуірлеу мәселелері:
Оқуәдістемелік құрал. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016. 101 б.

13 I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Хабаршы. №3(91)
Талдықорған, 2019. 173 б.

14 ХҚТУ III Халықаралық Туркология конгресі. А.Ясауи атындағы ХҚТУ.б 18-20
мамыр 2009.734б.

Аннотация. Работа написана с целью анализа, выявления истории возникновения арамейской письменности. В работе представлены научные исследования и приведены данные о происхождении письменности. В то же время влияние арамейской письменности на возникновение рунической письменности и выводы по мнению ученых в этом вопросе были сделаны. Арамейская письменность легла в основу формирования письменной культуры древних племен. Показана значимость памятников, оставленных арамейской письменностью. Арамейская письменность получила широкое распространение и регион через древние племена на побережье моря Жерорта. Арамейская письменность использовалась номадами и племенами, племенными союзами и народами Согдийского государства, являвшимися одной из ветвей арамейской письменности. В работе проанализированы данные, зафиксированные Л.Гумилевым, В.В. Бартольдом, В.Томсоном при изучении арамейского письма. Работа показывает происхождение и распространение арамейского письма, а также важность арамейского письма в древние времена. Приведены разделы, ветви и ветви арамейского письма.

Ключевые слова: финикийская письменность, арамейская письменность, руническая письменность, персидско –арамейская, еврейская письменность, наветей, пальмир, эстрангель, манихейский алфавит, народ номад.

Abstract. The work is written in order to analyze and determine the history of the origin of the Aramaic script. The paper presents scientific research on the origin of writing and provides data. At the same time, the influence of Aramaic writing on the emergence of runic writing and the opinions of scientists on this issue were formulated. Aramaic writing was the basis for the formation of the writing culture of ancient tribes. The importance of the monuments left by the Aramaic script was shown. The Aramaic script was widely distributed and determined by the ancient tribes along the coast of the Sea of Jeroart. The Aramaic script was used by the Nomads and tribes that lived on the territory of Kazakhstan at that time, tribal unions, and the Sogdian language, which was one of the branches of the Aramaic script, by the peoples of the Sogdian state. The paper analyzes the data of L. Gumlev, V. Barthold, and V. Thomson, who studied Aramaic. The work shows the origin and distribution of the Aramaic script, as well as the importance of the Aramaic script in ancient times. The divisions, branches and branches of the Aramaic script are given.

Keywords: Phoenician script, Aramaic script, runic script, Persian –Aramaic, Hebrew square, navetei, Palmyra, estrangel, Manichean Alphabet, nomad people.

АРХИВ ІСІ
АРХИВНОЕ ДЕЛО
ARCHIVAL BUSINESS

ӘОЖ: 94.15.

¹Отарбаева Г.К., ¹Ақылбекова С.Д., ²Ураков Д.Ж.

¹тарих ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан, Шымкент

¹магистрант, М.Ауезов атындағы ОҚУ, Қазақстан, Шымкент

²тарих ғ.к., доцент, Улугбек Ураков Дильдошбек атындағы Халықаралық
Университеті, Өзбекстан

ЖЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ АРХИВТЕРІН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Түйін: ҚР Тұңғыш президенті, Елбасы Н.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында бабалардан мұра болып қалған тарихты қазіргі заманға қаз-қалпына жеткізу үшін отандық және шет елдік мұрағаттарда сақталған құжаттарды зерттеу, саралау жұмыстары, сонымен қатар ата-бабалар тарихын қайта қалпына келтіру желтілдіру мақсаты қойылды. Мақала аясында елімізде «Архив-2025» бағдарламасы бастау алды. Бұл бағдарлама негізінде ел қызметінде жүрген тарихшылар, мәдениеттанушылар мен деректанушылар зерттеу жұмыстарын бастады. Ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық архивтер дүниесіне елеулі және іргелі жұмыстар жүргізуге бағытталған «Архив-2025» жеті жылдық бағдарламасы. Архив-адамның, қоғамның және мемлекеттің басқару қызметінің сенімді серігі, керек деректі дер кезінде жинақтап, ақпаратты сақтаушы, жеткізуші мекеме. «Құжатсыз архив жоқ, архивсіз тарих жоқ, тарихсыз халық жоқ». Ал архивіміздің қорын құрайтын жеке тектік құжаттар мен мемлекеттік құжаттар басты рөлді атқаруда. Жеке тектік құжаттар белгілі бір тұлғаның өмір-тарихының жолындағы құжаттарды құрайтын қор болып табылады. Ал оның қорында оның отбасы жайы мағлұматтар отбасылық архивті де қамтиды. Жеке тектік құжаттарды зерттеуді өзім негізге ала отырып, диссертатцилық жұмысымды бастадым. Осы мақала оның бастамасы болып табылады. Практика түрінде өзім тарихшы ретінде қызығушылымды арттырдым, және өзімнің атама арнап жеке архивтік қор ашуды қолға алып, құжаттардың қалай сақталуын үйрендім. Бұл болашақ ұрпақтың осында ата-бабасы болғанды дәлелдеп, оқып-үйренуге маңызы зор.

Кілт сөздер: мұрағат, құжаттар, мұрағат ісі, қор, мемлекеттік, тарих

Кіріспе. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік архивтері Ұлттық архив қорын байыта үсетін тарихи құнды деректерді толықтырып отыратын жеке адамға тән құжаттарды жинап үлкен мән беріп отыр. Бұл құжаттар республикамыздың қайнаған өмірінің кезеңдерінен хабар берумен шектелмейді, нақты оқиғалар мен құбылыстардың мәнін ашады. Жеке адамға тән құжаттардың екі жақты маңызы бар. Біріншіден, жеке адамның өмірі қызметін зерттеуде елер рөл атқарады. Екіншіден мекемелердің қорларын байыта түседі. Азаттық алғалы тіліміздің мәртебесін көтеріп, мерей өсіру үшін мемлекет тарапынан біртұтас тіл саясатын қалыптастырылып, қазақ тілі мемлекеттік тіл атанды. Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын» атты еңбегінде «Қазақ тілі мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тілінше қолданылуы үшін қолдан келгенінің барын істеу қажет» деп қадан айтқан пікірі архив ісінде де орын алуы қажет.

Теориялық талдау. Мемлекеттік архивтерде жеке азаматтардың құжаттарын жинақтау. Жеке адамға тән құжаттар бұл жеке адамның қызметі арасында жинақталған құжаттар және меншігі болып табылады. Жеке адамға тән құжаттардың бірқатар ерекшелігі оның мемлекеттік архивте жұмысын ұйымдастыру барысында әсер етеді.

Жеке адамға тән құжаттардың түрі, формасы және оларды ақпараттық тіркеу әдісі арнайы нормалармен шектелмейді. Жеке адамға тән құжаттар негізіндегі жеке архив мемлекеттік архивтерде жеке қорды қалыптастырады. Жеке қор жеке адамға тән

құжаттармен қатар ресми құжаттардан да құралады: мекеменің хаттары, қызмет бабындағы құжаттар т.б.

Жеке архивтің қалыптасы процесі басқаруға көнбейді, архив белгілі жақтың шығармашылық, қоғамдық қызметі және өмірінің нәтижесі ретінде стихиялы жолмен қалыптасады, тек азаматтардың жеке коллекциялары ғана бағытты түрде қалыптасуы мүмкін.

Жеке архив құрамын оның шығармашылық мүддесінің сипаты, өмірбаяны, туысқандық, достастық және қызмет бабындағы байланыстыра сүйене отырып, белгілі шамада болжауға болады. Мемлекеттік сақтауға өткізгенгедейін архив құжаттары белгілі бір тәртіп бойынша реттелмейді, құжаттар шашырнды түрде сақталады. Мемлекеттік архивті жеке адамға тән құжаттармен жабдықтау бірнеше кезеңдерден тұрады:

- Құжаттарды белсенді түрде іздестіру, жеке адамға тән құжаттармен мемлекеттік архивті қамтамасыз етудің деректік көзін табу;

- Жеке архив иелерімен түсінік жұмыстарын жүргізу, архив қызметкерлерінің сауаттылығы мен мәдениеттілігін талан ететін көзін жеткізу әдістерін қолдану;

- Архив иесінің үйінен мемлекеттік сақтауға құжаттарды іріктеп алу, құжаттарды қабылдау жайындағы қолхатты тізуді архивтің арнайы отырысында қарауы;

- Жеке архив құжаттарының құндылығын анықтайты алғашқы тексеру жүргізу, баға беру және архивтің арнайы отырысында қарауға дайындау мақсатында алдын ала есепке алу;

- Жеке адамға тән құжаттардың физикалық ерекшелігі олардың сақталу ерекшелігін белгілейді: құжаттар тігілусіз сақталады, көркем бейнелеу ерекше қалыпты қажет етеді, құжаттардың бетіне санын белгілеудің ерекше тәртібі сақталады, құжаттарды тігінен қойыа сақтауға болмайды.

Жеке адамға тән құжаттарды құқықтық және этикалық нормаларға сәйкес қолдануға болады. Авторлық құқықтың объектісі оның нормаларына сәйкес қолданылады. Мемлекеттік сақтауға құжаттарын өткізген азаматтардың шарттары қатаң сақталады.

Қандай да болмасын жаққа рухани зиянын тигізетін мәліметтерді таратуға болмайды.

Мемлекеттік архивтер:

-әдебиет, өнер, мәдениет қайраткерлерінің;

-ғылым қайраткерлерінің;

-халық шарушылығының түрлі салаларында ерекше еңбегімен танылған қайраткерлердің;

-еліміздің өркендеуіне қомақт үлес қосқан қоғам, мемлекет, саясат қайраткерлерінің;

-ауыз әдебиетін зерттеушілер мен библиографтардың;

-Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлерінің;

-өлкетанушылардың, коллекционерлердің;

-репрессия құрбандарының;

-спорт шеберлерінің құжаттарын жинайды.

Сондай-ақ кезінде елінен ажырап қалған немесе кетуге мәжбүр болған шетелдік отандастырымыздың өткен және бүгінгі өміріне қатысты құжаттарды да жинақтайды.

Мемлекеттік архивтерді жеке қор құжаттарымен жабдықтау көздері. Мемлекеттік архивтерге жеке қор құжаттары мына жағдайларда түседі:

-қор иесі жеке архив өзі немесе аманат қағаз қалдыру арқылы;

-жеке архив мұрагерлік құқы бар азаматтардан;

-жеке коллекционерлерден;

-қор иесінің шығармашылық мұрасын комиссия арқылы шығармашылық одақтардан;

-нотариалдық мекемелерден;

-мемлекеттік архив, музей, кітапхана және басқа мекемелерден тиісті архивте сақталатын құжаттарды анықтау барысында;

-шет елдерде тұратын азаматтардан сондай-ақ шетелдердегі мекемелер мен

ұйымдардан (сыйлау немесе айырбастау арқылы).

Тәжірибелік бөлім. Мемлекеттік архивке құжаттары қабылдануға тиісті азаматтардың тізімін жасау. Жеке архив туралы мәдіметтер мемлекеттік архив қызметкерлерінің жинақтауы арқылы немесе еке адамдардан, шығармашылық одақтар мен мекемелерден түседі, баспасөз құралдарынан алынады, сөйтіп ол мәліметтер карточкаға түсіріледі. Карточкаға қор иесі туралы қысқаша мәліметтер кіргізіледі: аты-жөні, өмір сүрген уақыты, қызмет және т.б.

Барлық карточкалар арнайы картотекада есепке аонып болашақ қабылданатын қорлардың жоспарына еңгізіледі. Карточкалар бөлімдерге (әдебиет, өнер, саясат, спорт т.б.) бөлініп, іштей алфавиттік ретпен орналасады. Жуық арада қабылданатын жеке архивтердің нақты тізімі мемлекеттік архивтің сараптау-тексеру комиссиясының арнайы отырысында қаралып, архив директоры бекітеді. Тізімде аты-жөні, туған жылы (қайтыс болған адамдардың) қайтыс болған жылы, айналысатын кәсібі, қызметі толық көрсетіледі. Болашақта қабылданатын жеке архивтердің картотекасы жылжымалы; ол жаңа есімдермен толықтырылып отырады. Есімі нақты тізімге іліккен азаматтардың карточкасы болашақ қабылданатын жеке архивтердің жоспарынан жуық арада қабылданатын жеке архивтердің картотекасына ауысып отырады.

Жеке архив иелерімен қарым-қатынасты ұйымдастыру және оның нәтижесін жазып отыру. Мемлекеттік тұрақты сақтауға қабылданаты құжаттарды іздеп табуы мемлекеттік архив қызметкері жүзеге асырады, оның өзі бірнеше бағытта жүргізіледі: қор иесі туралы деректермен танысу, қарым-қатынас жасау, құжаттарының құрамы мен мазмұнын анықтау.

Жеке архив иелерімен жұмыс жасауды бастар алдында архив қызметкері:

-қор иесі туралы әдебиеттерді оқуы керек, оның өмірбаянымен, шығармашылығымен танысу керек, оның жеке архивінің мемлекеттік архивке өткізу тұратындығын анықтау керек;

-қор иесі құжаттарының мемлекеттік архивте бар жоғын анықтау керек;

-егер архив иесі қор иесінің өзі болмай, басқа адам болған жағдайда, оның нақты мекен жайын, телефон нөмірін, қор иесіне қандай жақындығы бар екендігін анықтау керек.

Жұмыс барысында архив қызметкері мынадай жұмыс түрлерін жүргізеді:

-жеке архивті жабдықтау барысында жүргізілген іс-қағаздар тіркелген бақылау ісін жүргізеді;

-архив директорының қолы қойылған қор иесіне немесе оның архивін өткізушіге хат дайындайды;

-егер қор иесі немесе оның архивін өткізуші мемлекеттік архивке жеке архивін өткізу туралы хат арқылы немесе ауызша өтініш жасаған болса, оған берілетін жауаптың жобасын дайындайды;

-жеке архив құжаттарының құрамымен, мазмұнымен танысады;

-қор иесіне немесе оның архивін өкізушіге мемлекеттік архивке құжаттарды қабылдау реті, алынатын құжаттардың құрамы туралы түсіндіреді;

-қор иесі немесе оның архивін өткізуші құжаттарын мемлекеттік сақтауға қандайда, қандай шарт қою арқылы өткізетінін анықтайды.

Архив қызметкері барлық мәліметтерді жинақтап, мемлекеттік архив директорының атына мәлімдеме хат жазады. Мәлімдеме хаттағы бөлім бастығының бұрыштамасымен, архив директорының келісімімен жұмыс әрі қарай жалғастырылады немесе тоқтатылады. Мәлімдеме хат бақылау ісіне жалғанады. Егер мәселе керісінше шешілген болса, бақылау ісі жеке қор құжаттарымен хат-хабарлар ісіне жалғанып, бекітілген жағдайлар бойынша мемлекеттік архивте сақталады. Болашақта қабылданатын жеке архивтердің картотекасынан карточкасы алынып тасталды. Егер мәселе дұрыс шешілген болса мемлекеттік архивке болашақ қабылданатын қорлардың жоспарынан картотекадағы карточкасы алынып, жақын арада қабылданатын қорлардың картотекасына енеді.

Карточкаға:

-қор иесінің аты-жөні, өмірбаянына қатысты нақты деректер шығармашылық қызметінің сипаттамасы;

-жеке архив өткізушінің аты-жөні, (егер қор иесі өзі тапсырмаған жағдайда) туысқандық қарым-қатынасы (жесірі, баласы, мұрагері, танысы және т.б.);

-архивті өткізушінің мекен жайы, телефон нөмірі;

-жеке архивті мемлекеттік архивке қабылдау жұмысын жүргізіп, бақылау ісін сақтап отырған архив қызметкерінің аты-жөні жазылады.

Карточканың келесі бетіне келіссөздің басталу уақыты, келіссөз барысындағы өзгерістер жазылып отырады.

Жеке архивтегі құжат түрлері. Жеке архив құрамындағы мына құжаттар мемлекеттік сақтауға қабылданады:

-қор иелерінің шығармашыларының қолжазбалары; түрлі варианттары; ғылыми еңбектері, әдістемелік құралдары; аудармалары; композитордың ноталық қолжазбалары (партитуралар мен клавиер), режиссердің пьеса, сценарий, операларды өңдеу жұмыстары; балет құрылымының жоспарлары; барлық қор иелерінің баяндамалар мен сөйлеген сөздерінің мәтіндері (оның ішінде стенограммалар да); суретшілер мен мүсіншілердің салған суреттері, түрлі нұсқалары, спектакль мен кинофильмдерге қажетті костюм мен көркем безендіру нұсқалары;

-өмірбаяны, библиографиясы, қойын кітапшалар, күнделіктер, естеліктер, тарихи мәдени құндылығы бар шығармашылық, анықтамалық, қоғамдық, тұрмыстық түрлі жазбалар;

-өмірбаян деректері (жеке құжаттары, анықтамалар, куәліктер, іссапар қағаздары, келісім шарттар, мақтау қағаздары, алғыстар, құттықтаулар т.б.), сондай-ақ заттық-шаруашылық сипаттағы құжаттар;

-қызмет бабындағы және жеке жазысқан хаттар;

-қор иесінің (жеке және топпен түскен) фотосуреттері, оның жанұя мүшелерінің, туыстарының, жолдастарының, таныстарының фотосуреттері, актерлардың спектакль не кинофильмдеріне түсірілген (сондай-ақ спектакльге дайындық үстіндегі немесе кино түсіріліп жатқандағы) фотосуреттер; сәулеткерлік ғимараттар мен мүсіндік жұмыстардың фотосуреттері; сұңғат жұмыстарының фоторепродукциялары; қолтаңбамен сыйға берілген және жинақталған фотосуреттер;

-спектакль, концерт, қор иесі жинаған немесе оны атап өткен кеш бағдарламалары мен жарнамалары, буклеттер, шақыру қағаздары және т.б.;

-қор иесі туралы және оны есте қалдыру туралы материалдар (естелік, мақала, пікірлер және оның шығармашылығы турлы фильм, спектакль, сурет т.б., газет, журнал, қиындылары, еске түсіру кешінің стенограммалары т.б.);

-қор иесінің шығармашылық жұмысы барысында жинаға, не оның жеке архивтерінде жикталаып қалған авторлардың қолжазбалары, хаттар, газет, журнал, құжаттардан белгілі бір тақырып бйынша дайындаған жинақтар, сондай-ақ қолтаңбалар, өлеңдер тізімі, суреттер мен фотосуреттер және т.б.);

-қор иесінің кітаптары мен кітапшалары (мемлекеттік архив кітапханалырында жоқ немесе сирек кездесетін); қор иесі белгі қойған кітаптар; қолтаңба қойылған кітаптар;

-ауыз әдебиеті және халық әдебиетінің материалдары (ертегілер, мысалдар, түрлі әуендер, әндер, айтыс, т.б.);

-қазақ халқының тарихына, әдебиетіне, өнеріне байланысты шет елдерегі құжаттардың түпнұсқасы немесе көшірмесі (фото, ксеро және микрокөшірмесі).

Жеке коллекционерлерде қабылданған құжаттар:

-елміздің тарихи-мәдени өміріне қатысты жазылған күнделіктер, естеліктер;

- тарихи-мәдени оқиғалар жөнінде нақты көрсетілген белгілі қайраткерлермен жазысқан хаттары;

-қор иесінің өмірі мен қызметін бейнелейтін басты өмірбаяндық құжаттар;

-қолтаңбамен сыйға берілген кітаптар (сирек кездесетін кітаптармен белгілі қайраткерлердің бағалы қолтаңбасы бар кітаптар);

-түрлі тарихи, мәдени оқиғаларға қатысты және белгілі қайраткерлердің фотосуреттері;

-белгілі қайраткерлермен әңгімелерінің дыбыс жазбалары, олар туралы фильмдер;

-басқа да ғылыми, тәжірибелік қызығушылық туғызатын жинақ құжаттар.

Жеке қор иесінен құжаттарын қабылдау жұмысы Мемлекеттік архивке жеке қор құжаттары жеке адамдардың өтінішімен ақысыз. Не ақы беру арқылы қабылданады.

Жеке аламанмен келіссөз жүргізуші архив қызметкері өтініштің дұрыс толықтырылуын қадағалау керек

Қор иесі мемлекеттік архивке құжаттарын өткізу кезінде кейбір шарттарды қоя алады. Мысалы:

- келісілген уақыт ішінде құжаттарды жариялауды тек өзінің құқына қалдыруға;

- жекелеген құжаттарды белгілі бір уақыт ішінде пайдалану құқын бермеуге;

-қор иесі құжаттарын пайдалану құқын өз мұрагеріне тапсыруға;

-кейбір құжаттарды тек фото, не ксеро көшірмесін түсіріп бергенде ғана беруге;

Бұндай көшірмелер егер архив иесі құжаттарын архивке ақысыз өткізген болса, онда қор иесінің есебінен дайындалады, егер ақыға өткізген болса қор иесінің есебінен дайындалады.

Архив иесінің барлық шарттары өтініште, хатта, немесе өтінішке қосымшада айтылуы керек (Сурет 1 және 2).

Сурет 1

Сурет 2

Мемлекеттік архивтің архив иесінің шарттарымен келісімі архив директорының қол қойған хатында хабарланады, кей жағдайда олардың келісімі арнайы келісім шарт арқылы, екі жақтың қол қоюымен жасалады. Келісім шарт еркін түрде толықтырылады.

Өтініште не келісімде мына нәрселер көрсетілмесе де болады:

-өзінің жеке архивн ақысыз түрде өткізген архив иесіне құжаттарын уақытша пайдалануға береді;

-өмір сүргіп жатқан азаматтардың жеке қоры тек олардың рұқсаты арқылы

пайдалануға беріледі;

-авторлық қаламақы алу құқы заңға сәйкес авторлық қолжазбаның жатқан орнына қарамай-ақ төлене береді.

Қор иесі мемлекеттік архивке өз құжаттарымен қоса кітап, журнал, газеттер жинағын, анықтамалықтар және т.б. өткізген кітапхананың қызметкерлері қабылдайды.

Қор иесіне құжаттарын қабылдағанда шашыранды жағдайда түскен құжаттарға, құжаттардың көлемі көрсетілген қолхат беріледі.

Құжаттардың көлемі өте көп болған жағдайда қанша бума екендігі жазылады.

Жеке архив қорын жабдықтау барысында құжаттарға есеп жүргізуді ұйымдастыру. Мемлекеттік архивке қабылданған құжаттар мемлекеттік тұрақты сақтауға өткізгенге дейін есепке алынып, есепке алу кітабына жазылады, одан соң құжаттардың құндылығын сараптау жұмысы жүргізіліп, уақытша жүйеге келтіріліп, тізімдемесін жасау барысында қысқаша сипатталады.

Есебін тез арада пайдалану мақсатында құжаттар есебі картотекаға түсіріледі, карточкаға қор иелерінің ат жөндерімен алфавиттік ретпен беріледі. Карточкаға қор иесінің аты-жөні, құжаттарының түскен күні, көлемі, жұмысты жүргізетін қызметкердің аты-жөні, құжаттар мемлекеттік сақтауға өткізгеннен кейін қордың нөмірі, есеп кітабындағы құжат қабылдағандағы нөмір, құжаттардың саны ғылыми сипаттама жасауға өткізілген уақыты, карточкада толықтырылып, картотеканың «Жабдықтау аяқталған» бөліміне орналастырылады.

Тапсырыс тізімдемесін құрастыру. Жеке қор құжаттарына тапсырыс тізімдемесін жасау қалыптасқан бір жүйелеу жобасы бойынша жасалады. Құжаттар бөлім ішінде нақтылы, тақырыптық т.б. белгілеріе қарай топтастырылып беріледі. Кей жағдайда бір үлгідегі сызбадан ауытқуға болады; тапсырыс тізімдемесінің жоғарғы жағына қор иесінің өмірбаянына қатысты деректерді орналастыруға болады. Тапсырыс тізімдемесі жасалғанда архив иесі егер құжаттарды өзі реттеп тапсырған болса, онда оның құжаттарды өткізу реті сол күйінше сақталады.

Құжаттарды жеке-жеке жүйелеу оның түрлерінің құндылығына, санына, спецификалық ерекшелігі мен әр түрлілігіне байланысты. Құжаттарға тапсырыс тізімдемесін жасағанда, құжаттардың, екінші даналарды архив иесіне қайтарылып беріледі. Кейде қанша дана екені анықталмаған жағдайда, ғылыми анықтама жасау пайдаланылады.

Қор иесінің өмірбаянына қатысты құжаттар аз болған жағдайда барлығын бір топқа (20-30 құжат) біріктіруге болады.

Ал егер көп болса бірнеше топқа бөлу қажет.

- өмірбаян, анкетала;
- анықтама, куәліктер;
- орден кітапшалары;
- еңбек шарттары, келісімдер;
- мақтау қағаздары, құттықтаулар т.б.

Өмірбаяндық құжаттар әрбір құжат бойынша есептеледі. Көркем шығармалардың қолжазбалары мен оның варианттары бөлек топтастырылады. Егер материалдар көлемі үлкен болса, онда қолжазбаның әрбір вариантына жеке нөмір беріледі, барлық варианттарында сипатталады.

Әрбір қолжазба мен әрбір жеке құжат болып есептеледі. Қысқа шығармаларының (әңгімелер, очерктер, өлеңдер) қолжазбалары жеке топтастырылып, әрбір құжат есептеледі. Тізімдемеге тек бірнешеуінің ғана аты жазылады. Автор түзетуімен шығармалардың алғашқы терілген түрі, верстка, баспасөз беттерінде жарияланға шығармаларының қиындылары да жеке топтастырылып папкаларға салынады, әрбір папка құжат болып есептеледі.

Егер қор иесінің қолжазбасына пікір бірге берілсе, олар біріктіріліп беріледі, бірақ

жеке құжат болып есептеледі. Қор иесінің пікірімен берілген әр авторлардың қолжазбалары «Қолжазбалар» бөлмінің соңына орналыстырылады.

Ноталық қолжазбалары сияқты жүйеленеді. Суретшілердің шығармашылық материалдары орындалу техникасына (суреттер, графика) байланысты жүйеленеді.

Белгілі бір тақырыпқа байланысты этюдтар, иллюстрацияла, суреттер сериясы, спектакльге пайдаланатын декорация, костюм нобайлары жеке топтарға бөлінеді. Әрбір жеке парақ, ондағы суреттің санына қарамастан 1 құжат болып есептеледі (тек көрнекті суретшілердің альбомдарынан басқа). Суретшінің суретінің репродукциясы, фотокошірмесі және мүсіншінің жұмыстарының фотосуреті жеке топтастырылады, есебі әрбір құжат бойынша жүргізіледі. Бұл бөлімнің соңына қор иесінің суреттеріннің (көрме) каталогы орнастырылады. Әрбір каталог жеке іс болып есептеледі. Актерлардың ойнаған рольдерінің немесе қатысқан пьесаларының мәтіндері мынадай белгілері бойынша біріктіріледі: белгі қойылған роль мәтіндері, белгі қойылмаған роль мәтіндері, белгі қойылған пьесалар, белгі қойылмаған пьесалар. Әрбір роль мен әрбір пьеса жеке іс болып есептеледі. Театр режиссеры мен кинорежиссерлардың жеке архивтеріндегі материалдар спектакль, не фильм бойынша біріктіріледі. Спектакльді құру (жоспары, мизансцена, рольдерді бөлу т.б.) және пьесаның режиссерлік данасы, сондай-ақ киносценарий, режиссерлік сценарий т.б. жеке топтастырылып, әрбір құжат есептеледі.

Спектакль немесе фильм бойынша топтастырылғанда құжаттарды мынадай топтарға біріктіріп жүйлеуге болады:

- спектакль репетициясы мен кино түсірудегі жұмыс сәтінен фотосуреттер;
- спектакль сахнасынан көрініс;
- кинофильмнен көріністер мен актерларды фотосынақтан өткізу;
- бағдарлама, афиша, буклет, жарнамалар;
- рецензия мен пікірлердің жиынтығы;
- спектакль не фильм талқылауындағы стенограммалар.

Қор иесінің жазып алған хаттары мен жедел хаттары жеке топтастырылады. Яғни, белгілі бір әдебиет, өнер қайраткерлерінің хаттары корреспонденттік белгімен жүйеленеді, тізімдемеге автордың аты-жөні алфавиттік ретпен жеке орналастырылады. Туысқандарына келген хаттар бөлек топтастырылады. Мекемелер, баспалар хаттары жеке топқа бөлінеді. Әрбір хат сырт қағазымен бірге бір іс болып есептеледі.

Бейнелеу құжаттары төмендегінше жүйеленеді:

- суретшінің суреттері;
- қор иесінің фотосуреттері (жеке және топ болып түскен);
- занұясымен, туысқандарымен түскен фотосуреттер;

Актер архивінде актердің рольдегі сәті, спектакльден үзінді т.б. болады. Әрбір фотосурет жеке құжат болып есептеледі.

Жеке архив құрамындағы қабылданған кітаптар мен кітапшалар бірнеше бөлімнен тұрады:

- қор иесінің сирек басылымды шығармалары;
- қор иесінің кітаптар мен кітапшаларындағы иллюстрациялары;
- қор иесінің белгі қойған кітаптары;
- қор иесіне қолтаңба жазып сыйлаған кітаптар;
- қор иесі жинаған өте бағалы басылымдар мен сирек кездесетін анықтамалар, каталогтар.

Барлық кітаптар мен кітапшалар тізімдемеге кіргізіліп, ғылыми ипаттама жасауға жіберіледі, ғылыми сипаттама жасау барысында ол кітаптардың қорға қалдырылатыны не кітапханаға берілетіні шешіледі.

Қор иесінің шығармалары жарияланған газеттер мен дурналдар «Қолжазбалар» бөліміне орналастырылып, жеке есептеледі. Қор құрушы туралы мақалалар, оның шығармаларына рецензиялар – «Қор иесі туралы құжаттар» бөліміне топтастырылып

есептеледі. Қор иесінің жинаған құжаттары тізімдеменің бір бөлімінде сипатталып, классификациялық белгісі бойынша жүйелееді. Тапсырыс тізімдемеде «Шашыранды» (әрнәрсе) бөліміндегеі қолжазбаның жеке парақтары, конвертсіз хаттар, түсініксіз құжаттар папкаға салынып сол папка брйынша есептеледі.

Тапсырыс тізімдемеде құжаттардың соны цифрмен және жазбаша жазылып, тізімдеме жасаған уақыты және оны жасаған қызметкердің аты-жөні, қызметі көрсетіледі.

Кей жағдайда, егер қор иесі мемлекеттік архивке өз құжаттарын тізімнен өткізген болса, онда қайта жүйелеу жүргізілмейді, тек құжаттарды бекітілген тәртіп бойынша есептеп алады да, тізімдеменің соңына мемлекеттік архив қызметкерінің қажетті қорытындысы жазылады.

Жеке архив құжаттарымен жабдықтау мәселесін мемлекеттік архивтің СТК отырысында қарауы. Мемлекеттік сақтауға жеке қор құжаттарын қабылдау мәселесі мемлекеттік архивтің СТК отырысында шешіледі. СТК отырысында мынадай құжаттар дайындау керек:

- Архив директорының бұрыштамасымен қор иесінің немесе құжаттарды өткізуінің өтініші;

- Бөлім бастығының немесе қызметкерінің анықтамасы; қандай жеке архив құжаттары отырысының қарауына беріледі, олар кімнен түсті, қандай жағдайда (ақысыз, ақылы), қор қалай аталады немесе қандай қорға қослады;

- Ақысыз қабылданған құжаттардың тапсырысыз тізбегі;

- Ақылы қабылданған құжаттардың тізімдемесіне бағасы жайлы жоба

- Сарапшының пікірі;

- Егер құжаттар ақылы алынған жағдайда СТК төрағасы мемлекеттік архивтің ғылыми қызметкерін не бас маманын сараптауға тағайындайды, кейде қиындық туған жағдайда арнайы маман шақырады. Жазбаша түрде берілген тоқтамаға мынадай мәселер қамтуы керек: қор иесінің қызметіне сипаттама (өмір және шығармашылық баспалдақтары), әдебиетте, өнерде, жалпы қоғамдаалатн орны; жеке архив құжаттарына сипаттама: архив құрамының толықтығы, құжаттардың мазмұны, оның қоғамдық саяси және ғылыми-тарихи маңызы, шығармашылығының құндылығы, жарияланған-жарияланбағаны және т.б. құжаттарды қабылданғандағы (не сатып алғандығы) мақсатқа сәйкес екендігі жөнінде тұжырымдар мен ұсыныстар және оны болашақта саяси, халық шаруашылық ғылыми және әлеуметтік мәдени мақсатта пайдалану; қаралып отырған жеке архив құжаттарын I, II, не III дәрежелі қорға жатқызу жөніндегі ұсыныстар.

Жеке архивті жабдықтау барысындағы бақылау ісінде жинақталған құжаттар арыз, хат алысу, қор құрушының не құжаттар иесінің өтініші, тапсырыс тізімдемесі, (құжаттарды ақылы алғандағы, бағалау тізімдемесінің жобасы, бөлім бастығы не қызметкерінің анықтамасы, сараптау қорытындысы алдын-ала СТК мүшелеріне онымен танысып білу мақсатында СТК отырысына дейін беріледі.

СТК отырысында қор құрушының, не құжат иесінің өтініші, сарапшының қорытындысы, бағалау тізімдемесінің жобасы, бөлім бастығы, не қызметкерінің анықтамасы, құжаттардың бағасы, қордың аты, дәрежесі тыңдалып, қаралады. СТК шешімі мен пікір алысудың қорытындысы хаттамада толық жазылады, оған міндетті түрде бағалау, не тапсырыс тізімдемесі тіркелу керек. Хаттама мен бағалау тізімдемесі екі дана болып басылады. СТК хаттамасының I данасы (бағалау тізімдемесімен қоса) СТК ісінде сақталады, екіншісі бақылау ісіне тіркеледі.

Жеке архивқа құжаттарының мекемелерде сақталған бөліктері туралы

Құжаттарды сақтаушы мекеменің аты, мекен-жайы	Қор немесе коллекция №	Сақталған құжаттардың құрамы	Іс саны

Сурет 3

Жеке қор құжаттарының өсиі карточкасы

1. Аты-жөні	Қор иесінің құжаттық қорының сақтаушы туралы мәліметтер (мекен-жайы, телефоны)
2. Сипат суреті жазбалары	_____
3. Атағы (ғылыми, қоғамдық)	_____
4. Мамандығы	_____
5. Жаралы орны	_____
6. Мекен-жайы, телефоны	_____
7. Еңбектерінің шығару жөніндегі комиссия туралы мәлімет	_____
8. Жеке қор құжаттарының архивке түскен күні, қордың №	_____

Сурет 4

Нәтижелер мен талқылау. Жеке қор құжаттарын мемлекеттік сақтауға өткізуді рәсімдеу. Мемлекеттік архив директорының бекітуімен СТК шешімі қор иесіне ауызша, не жазбаша хабарланады. СТК хаттамасының негізінде жеке қор құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдау туралы акт толтырылады. Бұған тапсырыс тізбегі қоса жалғанады. Бекітілген акт заңды құжат болып есептеледі.

Қорытынды. Жеке архив құжаттары мемлекет меншігі ретінде Қазақстан Ұлттық архив қорының құрамына енеді. Егер қор иесі құжаттарын бірнеше бөліп берген жағдайда СТК отырысында бірінші түскен архив құжаттары міндетті түрде қаралады, одан кейін түскен әрбір құжат актімен бекітіліп отырады. Қор иесінің ықыласына орай тапсырыс тізімдемесінің бір данасы беріледі, ғылыми сипаттау аяқталған соң қор иесінің жеке қорын ғылыми сипаттау туралы акт толтырылады. Қор тізімдемесінің бір данасы қор иесіне тапсырылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Исахан Р.Т. Мемлекеттік архивтерде жеке азаматтардың құжаттарын жинақтау. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. 2008 ж.
- 2 Сиротина О.А. Методы изучения личных и семейных архивов. Автореферат диссертациииа соискание ученой степени кандидата исторических наук. Москва, 2015 г.
- 3 «Қазақстан халқы тарихи-мәдени мұрасының кейбір объектілерін сақтау жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қаулысына тәуелді актілер: оқу құралы. – Алматы: «Алматы кітап баспасы», 2009 ж.
- 4 ҚРОМА. «Жеке азаматтардың құжаттарын жинақтау». 1145-қ, 502-іс, 18-п
- 5 ҚРОМА. «Жеке азаматтардың құжаттарын жинақтау». 1145-қ, 1-т. 491-іс, 56-п.
- 6 ҚРОМА. «Жеке азаматтардың құжаттарын жинақтау». 1145-қ, 1-т, 543-іс, 51-п.
- 7 Егемен Қазақстан., «Н.Назарбаев, ҚР Президенті Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». № 70 (29051) 12 сәуір, 2017 жыл.
- 8 ҚР Президент Архиві:БКП (б) 1928-1937 ж.ж., № 708 КП (б) ОК, 141 - т., 1 – т., 1560 іс, 1-8 пп.

9 ҚР Президент Архиві:БКП (б) 1928-1937 ж.ж., № 708 КП (б) ОК, 141 – т., 1 – т., 2800 іс, 206-207 пп.

10 ҚР МОМ құжаттары: «Жеке қорлардың қалыптасу тарихы». 81-қор: № 1,2-істер.

11 ҚР ОММ құжаттары: «Жеке қорлардың қалыптасу тарихы». 81-қор, № 3-іс. 73-74 бб.

12 Егемен Қазақстан., «Н.Назарбаев, ҚР Президенті Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». № 70 (29051) 12 сәуір, 2017 жыл. 2-3 б.

13 Н.Ә Назарбаев. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Астана,2017. 8-9-10 б.

14 ҚР Президент Архиві:БКП (б) 1928-1937 ж.ж., № 708 КП (б) ОК, 141-қ., 1-т., 915 іс, 47-57 пп.

Аннотация: Использование в научных целях личных и семейных архивов имеет давние традиции. Определяются они в первую очередь интересом историков, представителей других научных дисциплин к личности и истории, личностным началам в жизни вообще. В своей статье я изучила архивное дело относящихся личным и семейным архивам. Архив – как главное документационное, историческое учреждение стал целью исследования моей диссертационной работы. Первичная часть была посвящена исследованию личных архивов, их создания и хранению государственному учреждению. Проходя научную стажировку в Туркестанском государственном архиве я начала изучать хранения документов в личных и семейных архивах. Личные архивы создаются только для одного человека. Для этого он должен быть важным человеком. Например, Ветеран Отечественной Войны, Ветеран Тыла, каким-нибудь знаменитым актером, художником, композитором, активный участник всех государственных и социальных важных событий и т.д. Я исследовала всех эти личные дела, и решила тоже создать своему дедушке личный фонд в архиве. Так как он является Ветераном Тыла, активным государственным деятелем, возглавлял ветеранов Енбекшинского района. Это дело я начала вместе с архивистом Туркестанского государственного архива с Райгуль Хазиреталикызы. Ведь благодаря архиву наше будущее поколение может узнавать свое родословное. А это считается важным наследием для нашей страны.

Ключевые слова: архив, документы, архивное дело, фонд, государственный, история

Abstract: The use of personal and family archives for scientific purposes has a long tradition. They are determined primarily by the interest of historians, representatives of other scientific disciplines in the personality and history, personal principles in life in general. In my article, I studied the archival work related to personal and family archives. The archive, as the main documentary, historical institution, became the goal of researching my dissertation work. The primary part was devoted to the study of personal archives, their creation and storage of a government institution. During my scientific internship at the Turkestan State Archives, I began to study the storage of documents in personal and family archives. Personal archives are created for one person only. For this he must be an important person. For example, a World War II Veteran, a Home Front Veteran, some famous actor, artist, composer, an active participant in all state and social important events, etc. I researched all these personal affairs, and decided to also create a personal fund for my grandfather in the archive. Since he is a Rear Veteran, an active statesman, he headed the veterans of the Enbekshi region. I started this business together with the archivist of the Turkestan State Archive from RaigulKhaziretalikyzy. After all, thanks to the archive, our future generation can recognize their genealogy. And this is considered an important legacy for our country.

Keywords: archive, documents, archival business, foundation, state, history

ӘОЖ: 25.98

Спанова М., Беделова Г.

тарих ғ.к. доцент. Әл-Фараби атындағы ҚҰУ, Алматы, Қазақстан,
тарих ғ.к. доцент Әл-Фараби атындағы ҚҰУ, Алматы, Қазақстан
ИТАЛИЯДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВТЕРДІ БАСҚАРУ

Түйін: Мақалада қазіргі Италиядағы мемлекеттік архивтерді басқару жүйесі туралы айтылады. Зерттеулер архивтердің басқа мәдени нысандар арасында құндылығын дәлелдеді, өйткені архивтер ұлттық бірегейліктің маңызды бөлігі болып табылады. Іс жүзінде мемлекеттік басқарудың тиімді басқаруы және тиімді әкімшілік мемлекеттік органдардың өмір көзі ретінде тиісті құжаттарды сақтау арқылы өтеді. Сонымен қатар, мақалада Италияның мемлекеттік архивтерінің басқарушылық қызметтері, міндеттері мен рөлдері кеңінен қамтылған. Сол себепті мемлекеттік және жеке архивтік мекемелердің барлық түрлерін оңтайландыру үшін қорытынды нәтижені бағалауға болады. Атап айтқанда, архивтер құжаттардың ерекшелігі үшін емес, күрделі ұйымы бар мекемелер мен кеңселер ретінде талданады. Италияндық реттеу мен аумақтық пішіндерге қатысты олардың сипаттамаларына шолу архивті басқарудың қазіргі кездегі жаман және озық тәжірибелерін көрсету үшін халықаралық сценарийді салыстырмалы зерттеумен байланысты болады.

Мұрағаттану саласындағы менеджмент - бұл итальяндық әдебиет мүлдем ескермеген болса, зерттелмеген сала. Сонымен қатар, зерттеулер архивтік мекемелерге жобаларды басқару тәсілін қолдану, кадрларды даярлаудың үнемі өсуі мен дамуы арқасында ішкі басқаруды оңтайландыруға қалай жететіндігін көрсетеді.

Кілт сөздер: Италиян архиві, архивтерді басқару, құжаттар, мұрағатшылар.

Кіріспе. Бұл мақаланың мақсаты - қазіргі архивтік ұйымды зерттеу және жобалық менеджмент білімі арқасында осындай мәдени ұйымды талдаудың жаңа әдісін енгізу. Шын мәнінде, мемлекеттік мұрағаттар мұражайлар, археологиялық орындар мен кітапханалар сияқты мәдени нысандарды сақтауға арналған басқа қалыптасқан мәдени мекемелермен салыстырғанда ерекше деп анықталуы мүмкін. Шын мәнінде, Италияда мемлекеттік және қоғамдық институттар құрған құжаттама «мәдени мұра» мәртебесін итальяндық мәдени мұра кодексіне сәйкес алады, ал мәдени объектілердің басқа санаттары басқа процеске тап болуы керек. Мемлекеттік архивтерде құру кезеңі сақталумен тығыз байланыста болады және бұл басқа мәдени мекемелерге ұқсамайды. Дәлірек айтқанда, мемлекет мемлекеттік архивтерде құрылған құжаттаманы сақтайды және жергілікті мемлекеттік органдар құжаттардың бүкіл өмірлік циклі үшін жасайды және сақтайды.

Жоғарыда сипатталған мақсатқа сәйкес негізгі зерттеу сұрақтарын қысқаша сипаттауға болады:

- Неліктен қазіргі кезде мемлекеттік мәдени мекемелерде басқарушылық және қаржылық мәселелер бар? Архивтер бірдей жалпы мәселелерді бөлісе ме?
- Италияндық архивтер қабылдауы мүмкін кейбір үздік халықаралық тәжірибелер бар ма?
- Мемлекеттік архивтерде жобаларды басқару стратегияларын қолдануға бола ма?
- Италияда архивтік әкімшілік құрылымды оңтайландыру қалай мүмкін?

Осы сұрақтарға жауап іздеу үшін осы зерттеуде қолданылатын әдістеме сапалы да, сандық та аралас әдіс болып табылады, бұл зерттеу проблемаларын жан-жақты талдауға және екі әдістің шектеулерін минимизациялайтын бай мәліметтер жиынтығын жинауға мүмкіндік береді.

Архивтердің тарихы, құжаттаманы басқаратын кеңселер ретінде, ежелгі дәуірде

негізделген және әртүрлі дәлелдер іздеуге болады. Италия, мысалы, Рим империясының архивтік заңдарынан және ортағасырлық репозиторийлерді есепке алу тәжірибесінен басталады. Осы жалпы мәлімдемеге қарамастан, қазіргі үкіметтік мұрағаттардың құрылымы болашақ ұрпақ үшін итальяндық жадыны сақтаушы ретінде өткенге сал болып қалмайды, өйткені архивтік мұраны сақтау, жақсарту және пайдалану қызметі жүйелі түрде жүруі керек. Сонымен қатар, мәдениет органдарына процедураларды жаңарту, мәдени ұсыныстарды әртараптандыру және орталық үкіметтен қаржыландыруды бөлу шығындарын қарау практикасына сәйкес экономикалық тиімділік пен тиімділіктің маңызды деңгейлеріне жету жолында жұмыс істеу міндеті артып келеді. Бұл жағдайлар басқарушылық пәндерден алынған архивтер үшін ұйымдастырушылық модельдерді қабылдау қажеттілігін тудырды.

Токсаныншы жылдардан бастап, Италияда Мемлекеттік басқаруды реформалау мақсаты қойылды және бұл іс қағаздарын жүргізуді реформалауды да білдірді. Бұл жетілдіруді аяқтау үшін іс қағаздарын басқаруға арналған кеңселердің құрылымдарын, архивтерді білуден бастау керек. Олардың тарихи ұйымдастырылуы мен экономикалық мәселелердің өзара себеп-салдары болып табылатын менеджменттің өзекті мәселелерін зерделеу арқылы ғана ұтымды реформа ұсынуға болады.

Бұл тұрғыда, қазіргі архивпен байланысты функцияларды, міндеттерді және құралдарды көрсету үшін, әдетте RM аббревиатурасымен белгілі жазбаларды басқару термині қолданылады. Бұл құжаттаманың өмірлік циклінің бірінші кезеңі, онда жазбалар жасалады және оларды алғашқы ұйымдастыру келесі кезеңдерде архивтің жақсы басқарылуы үшін маңызды, демек бүкіл мекемені тиімді басқару үшін маңызды болып табылады. Басқаша айтқанда, архивтер басқару құралдары болып табылады, ал олардың функциялары мен мүмкіндіктері осы зерттеудің объектілері болып табылады.

Бір жағынан, архивтер осы жұмыстың жетекші актерлері болып табылады. Атап айтқанда, зерттеудің негізгі объектілері архив қорлары емес, оларды басқару болып табылады. Екінші жағынан, архивтер өздерінің ішкі табиғаты бойынша екі жанның - бір әкімшілік және бір мәдениеттің болуы үшін бірнеше мәселелердің тоғысу нүктесі болып табылады. Осы себеппен, тақырып төрт макро бағыттармен байланыстырылған құрылым: архивтану, мәдени мұра туралы заңнама, экономикалық талдау және жобаларды басқару стратегиясы. Осылайша, осы әр түрлі салалардың ортақ негіздері архивтер қазіргі кездегі қиын жағдайды түсіну, оларды пайдаланудан артықшылықтар алу және басқарушылық мүмкін болатын жетілдіруді табу үшін көпсалалы әдісті қолданудың маңыздылығын ашады.

Зерттеулер архивтік құрылымды басқаруды ұлттық жүйенің беріктігінен бастап жақсартуға мүмкіндік берді, өйткені архивтік теорияға негізделген заңнаманың болуы. Бұл тұрғыда архив директоры бірнеше кәсіби білім мен технологиялық ресурстарды үйлестіру қажеттілігін біле отырып, архивтік білім мен басқарушылық шеберлікті синтездей алатын тұлға ретінде шықты. Бұл көрсеткіш іс жүзінде мұрағат басқармасы болып табылатын шындықты терең білуден бастап және суперведенттермен ынтымақтастықтың арқасында оңтайландыруды қолдана алады.

Италиядағы архив ісін мемлекеттік басқаруды Италия Президенті, Үкіметі, Италия маңындағы аумақтардың, облыстардың, автономиялы облыстардың, автономиялық округтердің, қалалар мен аудандардың атқарушы билік органдары олар құрған архивтік басқару органдары арқылы жүзеге асырады. Архив ісін басқару Италияның мұрағаттану саласындағы орталық атқарушы органына - Италия мұрағат қызметіне, оның органдары мен мекемелеріне жүктелген [1].

Италия мұрағат қызметі жүйесінің органдары мен мекемелерін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету Италияның мемлекеттік бюджеті, Италия құрамындағы мемлекеттік бюджеттері, аумақтардың бюджеттері, облыстардың қалалық бюджеттердің есебінен, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар тиісті мемлекеттік мұрағаттарды Италия мұрағат қорының құжаттарын сақтау бойынша белгіленген талаптарға сәйкес келетін ғимараттар мен үй-жайлармен қамтамасыз етеді. Мемлекеттік емес архивтер мен Италия мұрағат қорының құрамына кіретін мұрағат құжаттары иелерінің өтініші бойынша [2] мемлекет Италия мұрағат қызметі жүйесінің органдары мен мекемелері арқылы олардың архивтерін сақтауға, алуға және пайдалануға көмектеседі. Италия архивтік қорының құрамына кіретін мемлекеттік емес архивтер мен мұрағаттық құжаттардың иелері оларды келісім бойынша мемлекеттік мұрағатқа сақтау үшін беруге, олардың сақтандыру көшірмелерін жасауға, сондай-ақ оларды қалпына келтіруге және пайдалануға құқылы.

Италияның Мұрағат қорының құрамына жатқызылған құжаттардың иелері олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Сақтандыру көшірмелері ерекше құнды және бірегей архивтік құжаттар үшін жасалады. Мұрағат құжаттарын ерекше құнды және бірегейге жатқызу, сондай-ақ олардың сақтандыру көшірмелерін құру және сақтау тәртібін Италия мұрағат қызметі белгілейді [3]. Италияның мұрағаттық қорының мемлекеттік бөлімінің құжаттарын тұрақты сақтауды мемлекеттік мұрағаттар, мемлекеттік мұражайлар мен кітапханалар жүзеге асырады. Италияның мұрағат қорының мемлекеттік бөлімінің құжаттарын уақытша сақтауды Италияның орталық атқарушы органдары, мемлекеттік мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар олар құрған ведомстволық мұрағатта жүзеге асырады. Мемлекеттік архивтер мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметінде қалыптасқан немесе осы архивтер сатып алған архивтік құжаттармен, сондай-ақ оларға мемлекеттік емес мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар мен азаматтар берген құжаттармен толтырылады.

Италияның мұрағат қорының мемлекеттік емес бөлігінен құжаттарды сату кезінде мемлекет оларды алуға басым құқыққа ие. Италияның архив қорының мемлекеттік және мемлекеттік емес бөлігінің барлық құжаттары, қай жерде сақталуына қарамастан, мемлекеттік тіркеуге жатады. Италияның архив қорының құжаттарын мемлекеттік тіркеу тәртібін Италия мұрағат қызметі белгілейді. Мұрағат қорларына қол жеткізу және мұрағат құжаттарын пайдалану тәртібі Италияның архив қорының мемлекеттік бөлігінің құжаттары және оларға анықтамалықтар барлық заңды және жеке тұлғалардың пайдалануына беріледі. Мемлекеттік мұрағатта архив құжаттарын пайдалану тәртібін Италия архив қызметі анықтайды [4]. Италияның орталық атқарушы органдарында, мемлекеттік мекемелерде, ұйымдарда және кәсіпорындарда уақытша сақталатын Италия архивінің мемлекеттік бөлігінен құжаттарды пайдалану тәртібі олар Италия архив қызметі жүйесінің тиісті органдары мен мекемелерімен келісе отырып анықталады [5].

Әр түрлі типтегі архивтер қазіргі кезде пайдаланушылар мүдделері үшін құжаттарды қабылдайтын, қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді сақтайтын және пайдаланатын мекемелер болып табылады. Оның негізгі міндеттеріне мыналар жатады: құжаттармен толтыру; құжаттардың сақталуы мен тіркелуін қамтамасыз ету; қоғамды қажетті мәліметтермен ақпараттық қамтамасыз ету; архивтану, архивтану, іс жүргізу, археография және басқа да арнайы тарихи пәндер саласында ғылыми, зерттеу және әдістемелік жұмыстар жүргізу.

Мұрағаттық менеджмент, жалпы басқару, басқару объектісінің жағдайын өзгертуге бағытталған - оны басқару мақсатына сәйкес бастапқы болмыс түрінен берілген түрге ауыстыру. Архивтердің қазіргі жағдайда тиімді жұмыс істеуі үшін басқарудың заманауи әдістері мен технологияларын қолдану қажет. Архивті басқару деп қызметкерлерге мұрағаттың міндеттері мен функцияларын орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру түсініледі. Қазіргі кезде архивті басқарудың негізгі функционалды бағыттары: 1) нормативтік құжаттар негізінде жүктелген міндеттерді орындау мақсатында мекеме ретінде архивтің құрылымдық ұйымы; 2) архивтерді жоспарлау мен есеп беру кезінде анықталатын болжау жұмыстары; 3) ғылыми-әдістемелік жұмыс, инновациялық қызмет;

4) кадрлармен жұмыс, кадр мәселелерін шешу, кадрларды даярлау мамандар; 5) маркетинг - архив жүзеге асыратын қызметтерге сұраныс деңгейін зерттеу; 6) архивтердің қызметін, қоғамдық қатынастарды насихаттау [6].

Мұрағат менеджменті - бұл қызметкерлердің мұрағаттың міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруы бойынша қызметті ұйымдастыру. Мұрағаттық басқару Италия мен оның құрамына кіретін заңнамалық актілер, салааралық және салалық нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Мұрағат қызметін ұйымдастырудың негізгі нормативтік құжаттары архивтің жарғысы (ережесі), оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелер, архивтің құрылымы мен штаттық кестесі, шығындар сметасы, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары болып табылады. Мұрағаттың жарғысы (лауазымы) Италия мұрағат қызметі бекіткен архивтің шамамен жарғысы (лауазымы) негізінде жасалады. Жарғы (регламент) мұрағаттың міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен ұйымдастырылуын, онда сақталатын құжаттардың құрамын (профилін) анықтайды. Мұрағаттың жарғысын (лауазымын) жоғары тұрған мұрағат басқару органы бекітеді [7]. Архивтің құрылымы Италия мұрағат қызметі бекіткен архивтің шамамен құрылымы негізінде архив жұмысының шарттары мен ерекшеліктерін ескере отырып жасалады. Құрылымы жоқ архивтерде жұмыс тобы бойынша жұмыс тобы құрылуы мүмкін.

Мұрағаттағы жоспарлау және есеп беру жұмысын директор немесе оның орынбасары ұйымдастырады; бұл жұмысқа мұрағаттың басшылығы мен мамандары тікелей қатысады. Жұмыстарды жоспарлауды мұрағат ісін дамытудың федералдық және аймақтық бағдарламаларын (жоспарларын), Италия мұрағат қызметінің, Италияның құрылтай субъектісінің архивті басқару органының ұсынымдарын ескере отырып, өз қызметінің нәтижелерін талдауға негізделген архив дербес жүзеге асырады [8]. Мұрағаттың жұмыс жоспары бір жылға жасалады. Мұрағат ісін дамытудың мемлекеттік, аймақтық бағдарламаларына (жоспарларына) сәйкес, сондай-ақ өз бастамалары бойынша архивтің жұмысына және / немесе оның қызметінің жекелеген бағыттарын дамытуға арналған ұзақ мерзімді бағдарламалар (жоспарлар) жасалуы мүмкін.

Италиядағы архивті басқару проблемаларын бірнеше блокқа бөлуге болады. Құжаттарды сақтаудың дәстүрлі тәсілінде кеңістіктің болмауы. Кез-келген ұйым үздіксіз жаңа және жаңа қағаз құжаттар жасайды, олардың маңызды бөлігі ұзақ мерзімді сақтауға жатады. Бұл не құқықтық реттеуге байланысты, не тікелей ұйымның қажеттіліктеріне байланысты. Сақтау кеңістігін кеңейту мәселесі үнемі туындайды, бірақ сонымен бірге оларға қойылатын барлық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету қажет: ылғалдылықтың, температураның, жарықтандырудың белгілі бір көрсеткіштері [9]. Егер сіз архивті дұрыс ұйымдастырмасаңыз, оны қалпына келтіруге болмайтын маңызды құжаттарды жоғалтуыңыз мүмкін. Сонымен қатар, олардың кейбіреулері 75 жылға дейін сақталуы керек.

Реттеу және әдістеме. Бұл мәселеде құжаттардың құндылығын анықтау мәселесі маңызды: сыртқы және ішкі. Сыртқы құндылық құқықтық нормалармен реттеледі. Ішкі - компанияның қажеттіліктері бойынша. Мысалы, заң құжаттардың жекелеген түрлерін (машиналарда, жабдықтарда, техникалық процестерде және т.б.) 10 жыл бойы сақтауды белгілейді, ал іс жүзінде олар 60 немесе одан да көп жылға қажет болуы мүмкін. Осы себепті компаниялар қандай құжаттарды заңды мерзімнен ұзақ сақтау керектігін өздері анықтауы керек. Құжаттардың ішкі маңыздылығын бағалау проблемасы, әсіресе, мемлекеттік мұрағаттарды сатып алу көзі болып табылатын кәсіпорындарда өзекті болып табылады. Бұл негізінен тарихи маңызы зор ұйымдар [10].

Білікті кадрлардың жетіспеушілігі проблемасы. Кәсіпорын үшін құндылығы бойынша құжаттардың дұрыс сараптамасын өте аз мамандар жүргізе алады. Ол үшін жоғары білікті мамандарды (бас инженер, бас технолог және т.б.) тарта отырып, сараптама комиссиясын құру қажет. Құжаттарды есептен шығару қажет бола ма, жоқ па, олар тек негізделген

шешім қабылдай алады. Сонымен қатар, мұндай мамандар, әдетте, басқа да маңызды мәселелермен айналысады,[11] ал комиссия құрамына кіру оларды ұзақ уақытқа өзінің тікелей міндеттерінен алшақтатады.

Ақпаратты қорғау. Бұл проблема белгілі бір ноу-хауға ие жоғары технологиялық өндірістер үшін өзекті болып табылады. Мұндай кәсіпорындардағы мұрағатшылардың көпшілігі өте төмен жалақы алады, бұл адами факторды байыпты қабылдауға мәжбүр етеді. Құжаттың маңыздылығы қандай болмасын, ол қарапайым мұрағатшыға түседі, ал технологиялық инновация бәсекелестерге өтуі мүмкін. Құжаттарды сақтау стандарттары туралы ұмытпауымыз керек, егер сақталмаса, заңдық маңызы бар қағаздар өз күшін жоғалтуы мүмкін (солып қалған қолтаңбадан бастап толық жойылуға дейін). Сақтау процедурасын кішкене сақтамаған жағдайда, құжаттардың барлық жиынтығы «бос» болуы мүмкін. Тәжірибе көрсеткендей, мұрағатқа қалдықтар бойынша ең жақсы үй-жайлар бөлінбейді, сондықтан дұрыс сақталмағандықтан қажетті қағаздарды жоғалту ықтималдығы өте жоғары [12].

Жойылу проблемасы. Құжаттардың үлкен көлемімен жыл сайын оларды СТ-пен және ішкі саясатпен реттелетін рәсімдерге сәйкес жою арқылы есептен шығару қажет. Мұндай жою үшін сізге арнайы компания жалдау керек, немесе құжаттарды алып тастауды және полигонға уәкілетті бақылаушыны жеткізуді ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар, құжаттарды жағу қоршаған ортаға зиянды.

Жоғарыда аталған мәселелердің жалғыз шешімі - электронды мұрағатқа көшу. Ол бірқатар даусыз артықшылықтарды ұсынады. Ия, архив әлі де біріктіріледі, өйткені барлық құжаттарды электронды түрде сақтауға болмайды, бірақ мәселенің ауырлығы айтарлықтай төмендейді. Мұндай архивтерді жақсы ұйымдастыру және басқару үшін құжаттар бастапқыда электронды форматта жасалып, олардың өмірлік циклынан өтіп, мұрағатқа сол формада кіретін тұйықталған жүйелерді пайдалану өте орынды. Электронды мұрағатта көшбасшылардың бірі Directum EDMS болып табылады. Бұл жүйені қолдану қазір құжаттардың едәуір бөлігін қағазға басып шығармауға мүмкіндік береді. Бұл ресми және сыртқы хат алмасу болуы мүмкін. Тиісті ішкі реттеу кезінде 90% ұйымдастырушылық-басқарушылық құжаттар электронды түрде жасалуы және сақталуы мүмкін [13].

Электрондық архивтің талассыз артықшылығы, физикалық кеңістіктегі айтарлықтай үнемдеуден басқа, құжаттардың жеке массивтерін қорғау және оларға қол жеткізу құқықтарын саралау мүмкіндігі. Сонымен, атап айтқанда Directum жүйесі белгілі бір ақпаратқа қол жеткізуді бұғаттауға мүмкіндік береді,[14] осылайша олардың құпия сақталуын қамтамасыз етеді. Электрондық архивтің қосымша артықшылығы - оны сақтық көшірмелеу үшін экстерриториялық тарату мүмкіндігі. Негізгі серверге бірдене болған күннің өзінде, сақтық көшірме мұрағаты қалады. Құжаттарды электронды сақтауды дамытуға арналған қосымша плюс пен ынталандыру - бұл электронды мұрағаттарды реттеудегі елеулі жетістіктер. Атап айтқанда, ұйым мұрағатының негізгі ережелеріне қатысты өзгерістер.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, біз тек жақын болашақты ғана емес, сонымен бірге қазіргі уақытты барлық ұйымдардан, әсіресе ірі кәсіпорындар мен холдингтерден электронды архивтерді құру мен жетілдіру және қағаз жұмысының ағымын барынша қысқарту бойынша шұғыл жұмыстарды бастауды талап ететіндігі туралы фактіні айтуымыз керек, және қалайдемек, сақталатын қағаз тасымалдаушылар санының азаюы [15].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қазіргі сценарийлердің динамикасын қабылдай отырып және ұлттық мемлекеттік архивтерді жетілдіру мақсатында әкімшілік қызметкерлеріне, сондай-ақ заң шығарушыларға арналған архивтерді басқарудағы біліктілікті арттыру жоспарын құру қажет болып табылады.

Қорытындылай келе, барлық осы сұрақтарды түсіндірудің кілті - олардың жалпы

өрісі: менеджмент. Шындығында, архивтің ішкі құрылымы мен үдерістерін түсінудің арқасында ғана нақты мәселелерді жекелендіруге болады. Сонымен қатар, көптеген халықаралық орталарды қалыптастыратын әр түрлі озық тәжірибелерді талдаудың арқасында Италияның мемлекеттік архивтерін оңтайландыруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Бенедетти А. (2012) Инвентарь Государственного архива Лукки Сальваторе бонги, в культуре текста и документа. Питер. № 39. С. 103-122.
- 2 Benedetti A. (2010) La Bibliotecadell'ArchivioCentraledelloStato, in "Culture del testo e del documento", а. 11, n. 31.93–98 pp.
- 3 Bertini M. B. (2008) Checos'è un archivio / M. B.Bertini // Roma :Carocci.12 p.
- 4 Бонфлио-Досио Дж. (2009) Муниципальные архивы Италии: культурное наследие и административный ресурс, в Агостини, Филиберто. Милан: Ангелы, Том 85. С. 233-245.
- 5 Брунетти Д. (2001) Городской архив: руководство по хранению и управлению архивными активами: классификатор; максимальное количество отходов; конфиденциальность и право доступа; цифровая форма, компьютерный протокол и новые технологии. Римини: Маджоли. С. 46-49.
- 6 VeneziaS. (2009) Deliberazionimiste. Registro XXVIII (1357– 1359). Venezia : Istituto Veneto di Scienze. P. 66-69.
- 7 Venezia S. (2013) Deliberazionimiste. Vol. 3.Registre XVI (1333– 1335) / S.Venezia, E. Orlando // Venezia:Istituto Veneto di Scienze. P. 87 - 89.
- 8 VeneziaS. (2014) Deliberazionimiste. Vol. 7.Registro XX (1341–1342) / S.Venezia, E. Orlando // Venezia:Istituto Veneto di Scienze. P. 66-69.
- 9 GirardiF.(2014)Venezia: Istituto Veneto di Scienze, LettereedArti.Venezia:Istituto Veneto di Scienze. P. 205-212.
- 10 Кантуэлл Д.Д. (2000) Государственный архив, 1959–1969. Ричмонд, Суррей: Государственный архив. С. 73.
- 11 Carucci P. (2008) Manuale di archivistica / P. Carucci, M. Guercio // Roma: Carocci.— 26 p.
- 12 Carucci P. (2006)GliArchivi di Stato, in Storiad'Italianelsecoloventesimo.Strumenti e fonti, a cura di Claudio Pavone, vol. II, Roma.55–129 pp.
- 13 Попов А.В. (2002) Архивное наследие А.И. Герцена на родине и за рубежом.Герценовские чтения VIII: Материалы научной конференции. Киров. С. 6-12.
- 14 Прозорова В.Б. (2013) Luxinarcana–секретные архивы Ватикана. Размышления о документальном наследии, представленном на выставке в Риме. Вестник архивиста. № 2 (122). 302 с.
- 15 Черникова К.Г. (2002) Еще раз об архиве светлейшей княгини ЮрьевскойОтечественные архивы. № 4. С. 116-117.
- 16 Архивное дело в Италии / http://studbooks.net/625388/istoriya/arhivnoe_delo_italii. (Қаралған күні: 17.11.2020).
- 17 Рим мемлекеттік архивінің ресми сайты / <https://www.comune.roma.it/web/it/home.page> (Қаралған күні: 26.10.2020).

Аннотация: В статье рассматривается система управления государственными архивами в современной Италии. Исследования доказали ценность архивов среди других культурных объектов, поскольку архивы являются важной частью национальной идентичности. На практике эффективное руководство и действенное администрирование государственного управления является источником жизненной силы органов государственной власти благодаря хранению соответствующих документов.

Кроме того, в статье рассматриваются функции управления, задачи и роли итальянских государственных архивов, поэтому можно оценить конечный результат для оптимизации всех типов государственных и частных архивных учреждений. В частности, архивы анализируются не как документы, а как учреждения и офисы со сложной организацией. Обзор итальянского регулирования и их характеристик по отношению к территориальным формам будет связан со сравнительным исследованием международного сценария, чтобы проиллюстрировать текущие плохие и лучшие практики архивного управления.

Управление архивами - это неизведанная область, если не полностью игнорируемая в итальянской литературе. Исследование позволяет автору выделить передовой опыт и разработать правила внутреннего управления, применимые к различным архивным учреждениям по всей Италии. Кроме того, исследования показывают, как архивные учреждения могут оптимизировать внутреннее управление за счет применения методов управления проектами, постоянного роста и развития обучения.

Ключевые слова: итальянский архив, архивное дело, документы, архивисты.

Abstract: The article deals with the management system of state archives in modern Italy. Research has proven the value of archives among other cultural sites, as archives are an important part of national identity. In practice, effective public administration and effective administration is the lifeblood of public authorities through the storage of relevant documents.

In addition, the article covers the management functions, tasks and roles of the Italian state archives. Therefore, the final result can be assessed for the optimization of all types of public and private archival institutions. In particular, archives are analyzed not as documents, but as institutions and offices with a complex organization. An overview of Italian regulation and their characteristics in relation to territorial forms will be associated with a comparative study of the international scenario to illustrate the current bad and best practices of archival management.

Archival management is an unexplored field, if not completely ignored in the Italian literature. The study allows the author to highlight best practices and develop internal management guidelines that apply to various archival institutions throughout Italy. In addition, research shows how archival institutions are able to optimize internal management through the application of project management methods, the constant growth and development of training.

Keywords: Italian archive, archive case, documents, archivists.

**ӨЛЖЕТАНУ ЖӘНЕ ТҰЛҒАТАНУ –
КРАЕВЕДЕНИЕ И ПОЗНАНИЕ ЛИЧНОСТИ –
LOCAL HISTORY AND COGNITION OF PERSONALITY**

ӘОЖ: 327

Турекулова Ж.Е., Тауасарова А.Т.

PhD доктор, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**ГЕОСАЯСИ ФАКТОРЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ САЯСАТЫНА ЫҚПАЛЫ**

Түйін. Геосаясат - бұл мемлекеттің аумақтық-географиялық жағдайларына негізделген, материалдық және рухани құндылықтарын, халықтың санын, әлеуетін, тұрмысын қамтыған, ұлттық қауіпсіздігімен бірге елдің мақсатына, мүдделері мен стратегияларына қол жеткізуге мүмкіндік беретін сыртқы және ішкі саясатын негіздеуге арналған тұжырымдамалар жиынтығы. ХХІ ғасырда геосаяси факторларға, мемлекеттердің геостратегиясына, ұлттық мүдделерінің жүзеге асырылуына, мемлекетаралық, аймақтық және ғаламдық деңгейлердегі геосаяси күштердің ара-қатынасы, геосаяси тұжырымдарының ерекшелігіне айрықша назар аударылуда. Осы орайда, мақалада Қазақстан Республикасының геосаяси дамуының бағыттары қарастырылады және қазіргі таңдағы негізгі сыртқы саяси басымдықтарына мен оларды жүзеге асыру механизмдеріне талдау жасалынады. РФ, АҚШ, ҚХР сияқты ірі геосаяси күштердің Орталық Азия аймағындағы геосаяси мүдделері айқындалады. Геосаяси мәдениеттің қазақстандық қоғамның құндылықтарына, рухани жаңғырудағы ықпалы зерделенеді.

Кілт сөздер: геосаясат, геостратегия, сыртқы саясат, геосаяси ықпал, географиялық жағдай, геомәдениет және қоғам құндылықтары

Кіріспе. Геосаяси тұжырымдамалар, мемлекеттердің ұлттық мүдделерін жүзеге асырудағы геосаяси факторлар, халықаралық, аймақтық деңгейлердегі геосаяси қатынастар қазіргі таңдағы әлемдік саясаттағы өзекті мәселелердің қатарына енеді. Геосаясаттағы маңызды ұғымдар: аумақ, географиялық кеңістік, халықтың саны, жер асты байлығы болып табылады. Барлық мемлекеттердің саясаты геосаяси (саяси-аумақтық) факторлардың негізінде құрылады және мемлекеттің тұтастығы және аумақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шекараны қорғау, коммуникацияларға қол жетімділік түріндегі міндеттерді шешуге бағытталған. Халықаралық қатынастар жүйесінде орын алған қақтығыстардың басым бөлігінің түп негізі геосаяси, саяси-аумақтық мәселелерден туындайды. Әлемдік саясаттағы ірі державалардың басты мақсаты экономикалық және әскери – саяси түрде жер шарының барлық аймақтарында өзінің геосаяси ықпалын арттыру. ХХ ғ екінші жартысында мемлекеттер арасындағы қатынастар күш тепе-теңдегі негізінде өрбіп, Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің мәні: екі алып ел КСРО мен АҚШ теке-тірестерімен айқындалды. Екі полярлық жүйе ХХІ ғ басында ыдырағаннан кейін, идеологиялық және саяси түрінде көрініс берген социализм және капитализм жүйелері арасындағы қайшылықтардың орнына ұлттық мүдделердің жүзеге асырылуы және геосаяси мақсаттарды іске асыру түріндегі тұжырымдамалар орнады.

Теориялық талдау. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, Қазақстан Республикасы әлемдегі маңызды геосаяси орталықтардың біріне айналды. Қазақстан Республикасы Еуразия кеңістігінің кіндігінде орналасқан мемлекет ретінде геосаяси тұрғыдан маңызды аумақта орналасқан. Қазіргі кездегі Еуразия кеңістігінде қалыптасқан геосаяси жағдай, ХХ ғ басында Оксфорд университетінің профессоры Х. Маккиндер тұжырымдамасының өзектілігін артып отыр. Х. Маккиндердің «Кім Хартленді билесе, сол «Әлемдік Аралға» билік құрады, ал «Әлемдік билікті ықпалында ұстаған күш дүниежүзін билейді» [1], атты тұжырымдамасының астарында барлық Еуразия материгін және Солтүстік Африканы

қамтитын «Әлемдік Арал» ауқымындағы тарихи-геосаяси өзгерістердің өзегін – Хартленд құрайды деген көзқарас бар.

Классикалық еуразиялық зерттеулерде Еуразия кеңістігін геосаяси тұрғыдан екі мағынада ажыратады: біріншісі, «Кіші Еуразия» – посткеңестік постимпериялық кеңістік [2, б. 78]. Оның шегі бұрынғы Ресей империясының және Кеңес Одағының аумағымен анықталады. «Кіші Еуразия» термині (лат. “Eurasia in sensu strictu”) ғылыми айналымға 1933 жылы Петр Савицкимен енгізілген. «Үлкен Еуразия» – бұл Атлант мұхитынан Тынық Мұхитына, Солтүстік Мұзды мұхиттан Үнді мұхитына дейінгі кеңістікті қамтиды. Петр Савицкий, неміс этнографы Александр фон Гумбольдттың негізінде барлық Еуразия құрлығына қатысты “Eurasia in sensu latiore” терминін ұсынған.

Зерттеушілер Зб Бжезинскийдің «Орталық Азияға бақылау орнату арқылы тұтастай Еуразияға ықпал жасауға болады» деген [3, б.168], ойын өрбіте отыра, Орталық Азияда ықпал орнатуға бағытталған геосаяси теке-тірес көлік дәліздері мәселелеріне келіп тіреледі, ал Батыстың мүдделері Ресей және Иранды оқшаулай арқылы өз мүдделері арқылы көлік дәліздерін жүргізу деп тұжырымдайды [4, б. 77].

Батыс елінің және посткеңестік кеңістік елдерінің зерттеушілері үшін Орталық Азия аймағы, өзінің геосаяси, геоэкономика және геостратегиялық маңызына, аймақтағы шетел мемлекеттерінің мүдделері және өзара бақталастығы, табиғи ресурстарды тасымалдау және көлік дәліздерін құру мәселелеріне байланысты Еуразия кеңістігіндегі басты геосаяси аймақ.

Орталық Азияның геосаяси жағдайы туралы Батыстық зерттеушілер, М. Маккиндердің «Хартленд» геосаяси теориясының негізінде «Үлкен Орталық Азия» (Greater Central Asia Partnership (GCAP) терминін ұсынады. Термин авторы С.Ф. Старр (S. Frederick Starr) 2005 жылы «Foreign Affairs» журналында «Үлкен Орталық Азия Жобасы Ауғаныстан және оның көршілері үшін» («A Greater Central Asia Partnership for Afghanistan and Its Neighbors») атты мақаласын жариялайды [5]. Мақалада Орталық Азияның географиялық аумағына 5 дәстүрлі мемлекеттермен қатар, Қытайдың батыс бөлігін (Шыңжаң), Монғолияны, Иран және Ауғаныстанның солтүстік аудандарын қосып қарастыруды ұсынады. Орталық Азия терминін саяси айналымға 1992 жылы Орта Азия елдерінің Саммитінде Н. А. Назарбаев енгізген. Ресейлік зерттеушілер, Орталық Азияны геосаяси тұрғыдан Елбасы ұсынған термин шеңберінде қарастыруды ұстанады. Посткеңестік кеңістіктің зерттеушілерінің көзқарасында Орталық Азия аймақ ретінде қалыптаспағанын, аймақтық институттардың тапшылығын және барлық мәселелер екі жақты қатынастар шеңберінде ғана шешіліп жүргенін алға тартады [6, б. 21].

Тәжірибелік бөлім. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатына, экономикасына, географиялық жағдайына ықпал ететін факторлардың негізгісі, Орталық Азия аймағындағы ірі державалардың бәсекелестігі, өз ықпалын арттыруға бағытталған саяси-экономикалық мүдделері. Ірі «геосаяси ойыншылар» Америка, Ресей, Қытай Орталық Азия елдері үшін үш саяси Жобаны алға ұсынады:

– Ауғаныстанмен тығыз интеграцияны қамтитын американдық «Үлкен Орталық Азия» жобасы;

– Ресейлік Еуразиялық Одақ жобасы;

– Қытайлық «Бір белдеу бір жол» жобасы.

Америка Құрама Штаттарының негізгі геосаяси мүдделері: Ресей және Қытайдың ықпалын әлсірету; Дж Най ұсынған «Жұмсақ күш» саясатын енгізу арқылы жастардың бойында батысшылдық өмір сүру модельдерін қалыптастыру; Ауғанстан мәселесін шешу; энергоқорларды тасымалдау.

1999 жылы қабылданған АҚШ «Жібек Жолы Стратегиясында» АҚШ маңызды мүдделері төмендегіше берілген: суверенитетті қолдау, аймақта демократиялық мемлекеттердің дамуына қолдау таныту, аймақ мемлекеттері арасында тығыз қарым-

қатынасты орнату, аймақтың табиғи ресурстарына қатысты экономикалық дамуды және нарықтық принциптерді алға тарту [7].

2020 жылы АҚШ Мемлекеттік хатшысы Майк Помпеоның Қазақстан және Өзбекстан Республикаларына жасалған ресми сапарлары, АҚШ Орталық Азия үшін 2019-2025 жылдарға арналған Стратегиясымен тұспа-тұс келді. Стратегияға сәйкес, Орталық Азия аймағы Америка Құрамма Штаттары үшін өмірлік маңызы бар аймақ болып табылады және бұл фактор Американың Ауғанстандағы қатысу деңгейіне байланысты туындамайды [8] деп тұжырымдалуы арқылы, АҚШ өзінің геосаяси ықпалын арттыруға мүдделі екендігін айқындайды.

Орталық Азиядағы Ресейдің және Қытайдың ықпалын әлсірету үшін, халықаралық дамуға қолдау көрсету, тікелей инвестициялар жасау, ТАРІ (Түркменстаннан Ауғанстан, Пәкістан, Үндістанға қарай жүргізілген газ құбыры), CASA-1000 (электроэнергияны Қырғызстан және Тәжікстаннан Пәкістан мен Ауғанстанға тарту), C5 + 1 (Орталық Азия және АҚШ мемлекеттерін қамтитын келіссөз алаңын дамыту), Жаңа жібек жолы (Орталық Азия және Оңтүстік Шығысты бірыңғай интеграциялық макро аймаққа шоғырландыру), Транскаспий құбырын (Түркменстан және Қазақстаннан Кавказ және Еуропа әлдеріне газ тасымалдайтын құбыр) түріндегі жобаларға қолдау көрсету міндеттерін қойды.

Ресей Федерациясының Орталық Азиядағы геосаяси мүдделері: Ресейдің үкіметаралық саяси экономикалық қатынастар жүйесіндегі рөлін арттыру; аймақта Ресейдің экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету; аймақтық энерго ресурстарға бақылау орнату; діни экстремизм және терроризмге қарсы бірлесіп күресу; аймақта тұратын орыстардың құқығын қорғау; Еуразиялық Одақтың шеңберін кеңейту және ынтымақтастықты тереңдету.

Ресей Федерациясы үшін ОА өмірлік маңызы бар аймақ қатарына кіреді. Қазіргі таңда Ресей аймақта «Жұмсақ күш» саясатын белсенді түрде жүргізіп отыр. Жұмсақ күшінің бағыты РФ СІМ форматында, ТМД және Еуразиялық Одақ институционалдық құрылымдар шеңберінде (Орыс әлемі қоры, А.М. Горчаков атындағы қор, халықаралық істер бойына Ресей Кеңесі, Ресей Федерациясының қоғамдық палатасы), жаһандық БАҚ («RT», «Россия-РТР»), правословиелік шіркеу арқылы жүзеге асырылады.

Ресей аумағы арқылы Қазақстан Республикасының мұнайы тасымалданады. 2003 жылы Каспий құбыры консорциумының Тенгиз-Новороссийск мұнай құбыры іске қосылды. Қазақстандық мұнай сонымен қатар, Атырау-Самара мұнай құбыры арқылы және Махачкала-Тихорецк-Новороссийск құбыры арқылы тасымалданады.

Ресейдің ірі геосаяси жобасының бірі, 2018 жылдың 7 қыркүйегінде Ресей Федерациясының премьер-министрі Д. Медведев және Өзбекстан Республикасының премьер-министрі Абдулла Арипов келісімге қол қойған Өзбекстан Республикасындағы атом электро станциясының құрылысы. Жобаны іске асыру бойынша жұмыстар қазіргі таңда белсенді түрде жүргізілуде.

Қытай Халық Республикасының Орталық Азиядағы геосаяси мүдделері: Орталық Азияда Қытайдың әлеуетті геосаяси қарсыластарының ықпалының артпауы; энерго ресурстардың үздіксіз тасымалын ұйымдастыру; Орталық Азия аумағы арқылы Шыңжаңға діни экстремизмнің, исламдық фундаментализмнің, пантюркизмнің, терроризмнің тарауына тосқауыл қою; «Бір жол, бір белдеу» геосаяси жобаны жүзеге асыру. Қазіргі таңда ОА Қытаймен («Достық» станциясы (ҚР) және «Алашанькоу» (ҚХР) және «Алтынкөл» (ҚР) – «Хоргос» (ҚХР) арқылы темір жол желілерімен жалғастырылған. Қытай мен Өзбекстан бірлесіп Ташкент пен Ферғана алқабы арасында өте маңызды теміржол байланысын жасады. Бұл Ангрэн-Пап теміржолын 2016 жылдың 22 маусымында Си Цзиньпин мен Ислам Каримов ашқан. Ангрэн-Пап теміржолы алдағы жылдары Өзбекстан өнеркәсібін дамытуда маңызды рөл ойнауға арналған. Бұл Ангрэн арнайы индустриалды аймағында (SIZ) 224,8 млн. доллардан асатын 16 инвестициялық

жобаны қамтитын өте маңызды жоба. Қытай Халық Республикасы өз геосаяси ықпалын арттыру мақсатында «Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан» темір жол желісін, Шыңжаңнан Қырғызстан арқылы Өзбекстан мен Түрікменстанға теміржол салуды жоспарлап отыр, егер ол жүзеге асса, аймақтағы геосаяси жағдайды өзгертеді. Бұл теміржол дәлізі аймақ елдері үшін сыртқы нарық іздеу үшін Ресейді айналып өту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Егер бұл теміржол құрылысы аяқталса, Қытайдың посткеңестік Орталық Азиядағы басым күш ретінде Ресейдің біртіндеп ығыстырылуын тудырады, теміржол Қытайдың Ресей арқылы өтетін бағдарларға тәуелділігін төмендетеді, бұл Пекиннің геосаясатын арттырады. Сондай-ақ, бұл Қазақстанның еуразиялық транзиттік сауданың негізгі орталығы ретіндегі рөлін төмендетуге әкеліп соқтырады.

Швед ғалымы Н. Сванстремнің «Қытай және Орталық Азия: жаңа шекаралар?» атты еңбегінде ғалым, Қытайдың аймақтағы өсіп келе жатқан ықпалын айрықшалайды және Қытай үшін Орталық Азия экономикалық жағынан да геосаяси жағынан да маңызды деп санайды [9]. Бұл жердегі маңызды мәселе Қытайдың геосаяси ықпалының артуы Ресей Федерациясымен қатар Америка Құрама Штаттарының геостратегиялық мүдделеріне қайшы екендігі. Американдық геосаясатшы Роберт Капланның тұжырымына сәйкес, «Ресей мен Қытай аралығында соңғы онжылдықтарда орнаған стратегиялық әріптестіктің сипаты тактикалық түрде ғана. Орталық Азиядағы географиялық фактор екі ел арасында болашақта қайшылықтар тудырады және осы бағытта Қытайдың ықпалын тежеу үшін Америка Құрама Штаттары мен Ресей Федерациясы арасында Қытайға қарсы одақ құрылуы мүмкін», деп болжам жасайды [10].

Ресей және Қытай сияқты ірі державалардың ортасында орналасқан Қазақстан Республикасы үшін бұл қандай геосаяси салдар туғызуы мүмкін деген сұраққа жауапты, 2020 жылы қауіпсіздік жөніндегі Мюнхен конференциясында мемлекет басшысы К. Тоқаев төмендегідей тұжырымдайды: «Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орында тұрған Қазақстанның Қытай мен Ресейдің арасында орналасқанының артықшылығы көп дер едім. Екі елмен де тығыз байланыс орнатқаннан біздің ұтарымыз көп» [11]. Яғни, Қазақстан Республикасы, ірі геосаяси акторлардың Қазақстанның тәуелсіз сыртқы саясатымен және ұлттық мүдделерімен санасуы үшін, еліміздің геосаяси болашағын айқындау үшін, ел аумағын экономикалық өзара тиімділік және саяси ынтымақтастықтың алаңына айналдыруды мақсат тұтады. Геосаяси шынайылық жағынан қауіп-қатер төндіретін факторларды ел басшылығы дамудың басымдықтарына айналдырып отыр. Геосаяси жағдайдың ішіндегі маңыздысы – мемлекеттердің геосаяси қуаты. Олардың ішінде Қазақстан Республикасы үшін маңызды бірқатар факторларды атап өтуге болады:

Біріншісі, ұлттық аумақтың ұзақтығы, тарихи қалыптасқан мемлекеттік шекарасының жағдайы. Қазақ елі өзінің көпғасырлық тарихы барысында көптеген «қиын кезеңдерді» басынан өткерді, тарих сахнасынан жойылып кету қаупі бар сын кезеңдерді жеңіп, жаңғырып, дамудың жаңа серпіндеріне ие болды. Кез-келген тарихи толқулар мен уақыт сынынан өтіп, тәуелсіз елге айналған халықтың қайсарлығы өзгеріссіз қалды. Еліміздің геосаяси жағдайы, ерекше ұлттық менталитеті, рухани байлығы ғасырлар бойы мирас түрінде жалғасын тауып отыр. Қазақстанның маңызды жетістігінің бірі – елдің суверенді мемлекеттілігінің қалыптасуы. «Тарих толқынында» атты еңбегінде Елбасы, «Қазақстан осы ғасырдың бас кезіне дейін тарих көшінің табиғи даму жолында қалыптасқан құндылықтары мен біте қайнасқан тұтастығын сақтай білген ел», деп атап өткеніндей [12,б. 35], қазақ хандығынан бастау алған қазақ мемлекеттілігі қазіргі таңда өз даму белесінің айқын жолында келеді.

Қазақстан Республикасы әлемді аумағы бойынша 9 орынды иеленіп, Еуропа және Азияның тоғысқан жерінде, көліктік және коммуникациялық тораптардың қиылысында Батыс пен Шығысты жалғастырушы ел ретінде орналасқан. Қазақстанның экономикалық-географиялық және геосаяси артықшылықтары – еліміздің Еуразияның орталығында орналасуы, Республика арқылы ірі трансұрлықтық көліктік-коммуникациялық

жолдардың өтуі, ірі трансұлттық корпорациялардың экономикасына деген қызығушылығы болып табылады.

Екінші фактор, еліміздің географиялық жағдайына сәйкес, халықаралық аренада көпвекторлы саясат ұстануы. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «Біздің еліміз тәуелсіздік жылдары халықаралық аренада ұстанымын нығайтып, бейбітшіл және ашық мемлекет, жаһандық және өңірлік істерде сенімді әріптес ретінде орнықты. Қазақстан көпвекторлы, сындарлы және белсенді сыртқы саясатты жүзеге асыруда, қауіпсіздік, ынтымақтастық және даму салаларында жаһандық және өңірлік күн тәртібін қалыптастыру мен іске асыруда елеулі үлес қосуда. Бұл ретте ұлттық мүдделерді барынша және мызғымастықпен қорғауға, сыртқы саяси және сыртқы экономикалық басымдықтарды сындарлы түрде ілгерілетуге басты назар аударылады», деп айқындалған [13].

Елбасының 2019 жылы «Бір белдеу, бір жол» атты екінші халықаралық ынтымақтастық форумының сессиясында сөйлеген сөзінде: «Біз геосаясат пен геоэкономикада кейінге қалдыруға болмайтын міндеттерді шешуге септігін тигізетін жаһандық архитектураны қалыптастыру ісіне алдағы уақытта да атсалыса береміз. Менің ойымша, мұны «Үш Д» жаңа ахуалын қалыптастыру арқылы жүзеге асыруға болады. Мұны «Үш диалог» жүргізу қажеттігі деп түсінген жөн», деп айрықшалады [14]:

– ең алдымен, ғаламдық деңгейдегі Америка Құрама Штаттарымен, Ресей Федерациясымен, Қытай Халық Республикасымен, Еуропалық Одақ елдерімен, қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің ірі акторларымен диалог орнату;

– диалогтың екінші бағыты Еуразиялық кеңістік;

– үшінші, Еуразия экономикалық одағы, Еуропа одағы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Оңтүстік Шығыс Азия елдері қауымдастығы арасындағы жүйелі экономикалық диалог.

Үшінші фактор, Қазақстан Республикасы аумағы арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздері. Зертеушілердің пікірінше, ХХІ ғ. тауарлар мен жүктердің негізгі ағымы Батыс Еуропа және Азия Тынық мұхит аймағы аралығында өтеді. Қазіргі таңда екі аймақ арасындағы сауда айналымы негізінен Үнді мұхита арқылы жүргізіледі, бұл мұхиттың үлесіне әлемдік жүк айналымының 30 % тиесілі. Дегенмен, Үнді мұхитының жүктерді өткізу мүмкіндігі Малакка бұғазы мен Суэц каналына байланысты. Суэц каналы орналасқан Мысыр Араб Республикасындағы саяси дағдарыс, Сомалидегі пираттар мәселесі, Таяу Шығыстағы және Оңтүстік Шығыстағы саяси тұрақсыздық пен терроризмнің орын алуы жағдайында, құрлықтық жол арқылы жүк тасымалдануы да кеңінен орын алатындығы болжанады. Осы орайда, Қазақстан Республикасы үшін кең геосаяси мүмкіндіктер ашылады.

Қазіргі таңда мемлекетіміздің аумағы арқылы 5 халықаралық көлік дәліздері өтеді:

– Трансазиялық темір жол магистралінің Солтүстік және Оңтүстік дәліздері. Солтүстік: Батыс Еуропа – Қытай, Корея, Жапония (Достық-Нұр – сұлтан, Петропавловск);

– Оңтүстік: Оңтүстік-Шығыс Еуропа-Қытай-Оңтүстік-Шығыс Азия (Достық-Сарыағаш);

– Солтүстік-Оңтүстік дәлізі. Солтүстік Еуропа – Парсы Шығанағы елдері (Ақтау-Орал-Атырау);

– ТРАСЕКА. Шығыс Еуропа-Оңтүстік Кавказ-Каспий теңізі-Орталық Азия.

Қазіргі таңда Республика тарапынан әлемдік мұхиттарға шығу мүмкіндігі қарастырылып жатыр. 2018 жылы Сочиде өткен Еуразиялық экономикалық кеңес отырысында Н. Назарбаев, Каспий мен Қара теңіздің арасында кеме жүргізуге арналған «Еуразия» атты каналдың құрылысы жобасы туралы сөз қозғаған. 700 километрге созылатын, 75 млн тонна жүктерді өткізу қарқыны жоспарланған Жоба Қазақстан үшін тиімді геосаяси жоба болатындығы сөзсіз.

Каспий маңында өндірілетін энергетикалық қорларды тасымалдау үшін әлемдік мұхиттарға шығуға және Канал құрылысы арқылы Орталық Азия және Қытай Халық Республикасынан жүктердің тасымалдануына кең мүмкіндіктер ашылады. Қазіргі таңда Қазақстан мұнайды тасымалдау үшін Ресейлік «Баку-Тбилиси-Жейхан» құбырын пайдалануға мұқтаж. Ақтау портынан бастау алатын мұнайды теңіз жолы арқылы тасымалдау қазақстандық компанияларға еуропалық нарыққа тікелей шығуға мүмкіндік береді.

Еуразия каналы өтетін елді мекендерде жаңа қалалар пайда болып, қосымша жұмыс күшімен тұрғындар қамтылады. Бұл елдің әлеуетін арттырады. Жаңа порттар, завод, әуежайлар, еркін экономикалық аймақтар Каспий жағалауында пайда болады. Жерорта теңізі және Қара теңізге шығатын канал, Каспий жағалауындағы елдердің геосаяси жағдайын өзгертіп, олардың теңіз державаларына айналуына мүмкіндік туғызады. Сарапшылардың пікірінше, канал құрылысы аяқталып, жоба іске қосылған жағдайда Қазақстанның халықаралық жағдайы өзгереді. Әлемдік саудада маңызды және өмірлік қажетті көлік тораптарына айнала отыра, канал маңызды геостратегиялық алаңға айналады. Жобаға Иран және Әзірбайжан қосылған жағдайда, аймақта ОПЕК сияқты жаңа мұнай өндіруші елдердің интеграциялық тобы пайда болады. Сонымен қатар, Иран Ислам Республикасы жоспарлап отырған Каспий теңізі мен Парсы шығанағын жалғастырушы канал іске қосылса, Қазақстан және Орталық Азия еркін түрде Парсы Шығанағына да жол ашады. Бұл Өзбекстан Республикасының «Өзбекстан-Түркменстан-Иран-Парсы Шығанағы» арқылы газ тасымалдайтын құбырына қарағанда артықшылыққа ие жоба.

Төртінші фактор, Қазақстан Республикасы үшін ұлттық қауіпсіздіктің, ұлттық мүдделердің басымдығы және қамтамасыз етілуі.

Орталық Азия аймағы сауда жолдарының өзегі ретінде, халықтардың сауда мен мәдени алмасуда маңызды рөл атқарады. Алайда, Орталық Азияның бұл географиялық артықшылығы бүгінде қауіп-қатерлердің легін тудырушы фактор. Географиялық жақындығының арқасында Ауғанстаннан сыртқы әлемге тасымалданатын есірткі контрабандасының негізгі арнасына айналды. Орталық Азиядағы халықаралық есірткі саудасы халықтың денсаулығына, қоғамдық тәртіпке және аймақтағы тиісті елдердің қаржылық кірістеріне елеулі қатер төндіріп қана қоймайды, аймақтағы есірткі саудасы террористік және экстремистік ұйымдардың қызметімен тығыз байланысты. Есірткі саудасынан түсетін кірістер, Талибан, Әл-Каида және Өзбекстан Ислам Қозғалысы, Шыңжаңдағы Шығыс Түркістан Ислам Қозғалысы түріндегі Орталық Азия мен Ауғанстандағы, Қытайдағы террористік және экстремистік ұйымдардың маңызды қаржылық көзі болып табылады.

Бесінші фактор, ұлттың рухани дамуы, ұлттық бірегейлігі, әлеуметтік тұрғыда біріге білуі. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы Заңының 6 бабында Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қауіп қатерлеріне демографиялық ахуалдың нашарлауы, заңсыз көші-қон, терроризм, экстремизм, ұлтаралық қақтығыстар, экологиялық, экономикалық қауіпсіздіктермен қатар, «Қазақстан Республикасы халқының мәдени және рухани мұрасынан айырылуы» қауіп-қатерлердің негізгі түріне жатқызылған [15]. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» [16], деп айқындағанындай ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты бағыты – ұлттың ділін, тілін, мәдениетін, ерекшелігін сақтап, жаһандану кезеңіндегі ғылым мен технологияның озық идеяларымен ұштастыру болып табылады. Мемлекеттік «Рухани жағыру» бағдарламасы - бұл тек қазақ қоғамының руханилығын нығайту ғана емес, сонымен бірге елдің жалпы ұлттық қауіпсіздігінің ішкі өзегі. Мәдени және діни қауіпсіздікпен қатар, «Рухани жаңғыру» білім беру жүйесінің және ақпараттық қауіпсіздіктің қамтамасыз

етілуіне де қатысты.

углеродной связи в их молекуле по сравнению с эфирными и гликозидными связями карбоксиметилцеллюлозы (КМЦ) и крахмала [3]. Из химических реагентов акрилового ряда наиболее известен гидролизованный полиакрилонитрил, впервые примененный в 1949г. для снижения водоотдачи глинистых растворов[4].

Теоретическая часть. В данной статье показана высокая эффективность гидролизованного полиакрилонитрила при обработке глинистых растворов, содержащих соли и предназначенных для высокотемпературных скважин. Здесь же рассматривается и способ устранения вредного влияния растворимый в воде соли кальция на буровые растворы, обработанные полиакрилонитрилом с добавлением незначительных количеств HCl и NaOH.

Акриловые полимеры [5,6], используемые в качестве реагентов, снижающих водоотдачу буровых растворов, не подвергаются бактериальному разложению и устойчивы к действию высоких температур. Недостаток их в том, что они высокочувствительны к загрязнениям и способны вызывать во многих системах значительное повышение вязкости и прочности геля.



Полиакрилаты используются [7] при бурении сверхглубоких (6 тыс.м) высокотемпературных скважин (200°C и выше), а биополимеры позволяют создавать необходимую вязкость промывочных жидкостей в различных условиях.


Экспериментальная часть Полиэлектролиты акрилового ряда получают омылением продуктов полимеризации акрилонитрила, акриламида, акриловой кислоты водным раствором щелочи и сополимеризации акриловой кислоты и акриламида. При этом образуются полимеры, содержащие амидные и карбоксильные группы вдоль винильной полимерной цепи, а из продуктов сополимеризации – чистый Na-полиакрилат. Частицы акриловых полимеров в растворе не имеют определенной формы и размера. Если исходить из числа углерод-углеродных связей в цепи и расстояния между углеродными атомами, то для акрилового полимера с молекулярным весом 200 000 рассчитанный размер частиц будет равен 150Å°, а в щелочном растворе частицы акриловых полимеров значительно растягиваются за счет электростатического отталкивания одноименных карбоксильных ионов. Поэтому для акрилового полимера с молекулярным весом 200 000 при pH 9,5, содержащего 68% кислотных и 32% амидных групп, размер частицы составит 2000Å°.

Адсорбция полимерных добавок на частицах глины способствует диспергированию частиц в растворе, повышению вязкости жидкой фазы, снижению водоотдачи и фильтруемости вследствие блокирующего действия полимерных частиц.

К.С. Скенлей [8] изучал влияние акриловых полимеров на свойства глинистых растворов. Изменив молекулярный вес, соотношения между карбоксильными и амидными активными группами и строение цепей акриловых полимеров, можно получить продукты, по-разному действующие на глинистые растворы. К.С. Скенлей показал зависимость свойств обработанных растворов от молекулярного веса и карбоксильно-амидного соотношения полимера.

В качестве добавок для обработки буровых растворов предлагаются полимеры и сополимеры, имеющие карбоксильные группы вдоль полимерной цепи, как например, сополимер изобутилена и малеинового ангидрида, который используется в виде натриевой соли. В этих сополимерах амидная и аммонийная группы присоединены к остаткам малеинового ангидрида. Элементарное звено таких сополимеров может быть представлено в виде:






где X – остаток моноолефинов, содержащий от 1 до 8 атомов углерода, n – степень полимеризации.

Сополимеризация моноолефинов и малеинового ангидрида производится в среде органических растворителей в присутствии инициаторов полимеризации (обычно перекиси бензоила). Амидно-аммониевые соли получают обработкой сополимеров аммиаком при комнатной или повышенной температуре. Добавка 2,85 кг/м³ амидно-аммониевой соли сополимера изобутилена и малеинового ангидрида (АИМА) к буровым растворам, содержащим 35% твердой фазы, снижает водоотдачу от 27 до 8x10⁻² м³. Используя Na-ПМА, такой же результат получаем уже при концентрации 11,4 кг/м³; при этом резко повышается вязкость. Испытывались известковые буровые растворы, содержащие различные формы сополимеров пропилена и малеинового ангидрида: амидно-аммониевая соль (Na-ПМА) и свободная кислотная форма (ПМА).

Изучалось действие сополимеров этилена и малеинового ангидрида в виде амидно-аммониевых солей (АЭМА) и Na-солей (Na-ЭМА) при добавке их к буровым растворам, обработанным известью, содой и приготовленным на морской воде. Во всех случаях амидно-аммониевая соль сополимеров моноолефинов и малеинового ангидрида оказалась эффективнее Na-соды, т.е. обеспечивает улучшение показателей текучести и предельного напряжения сдвига обработанной глинистой суспензии.

Для снижения водоотдачи глинистого раствора в процессе бурения предлагаются стабилизирующие добавки в виде водорастворимого эфира (0,25-3,0%) и полиакриловой кислоты [9] (0,25-1,5%). Новые эфирные реагенты, полученные на основе низкомолекулярных сополимеров моноолефинов (этилен, пропилен, изобутилен, диизобутилен, бутан-1, пентен-1) и малеинового ангидрида рекомендованы для понижения вязкости глинистых растворов. Сополимеры вводятся в виде щелочных и щелочноземельных металлов, амидно-аммониевых солей, эфиров, аминов и имидов, полученных из кислотных форм сополимеров.



ОН ОН

где X – олефиновый остаток, содержащий 1-8 атомов углерода, n-степень полимеризации.

В работе [10] предлагается реагент-стабилизатор для обработки водных и эмульсионных глинистых растворов при бурении глубоких скважин и регулирования водоотдачи и реологических характеристик глинистых растворов. Реагент представляет собой сополимер винилзамещенного гетероциклического азотистого соединения и мономера, имеющего до карбоксильной группы. Для приготовления полимера необходимо взять примерно от 3 до 50 вес.ч. гетероциклического азотистого вещества на каждые 100 частей общего веса мономера.

Результаты. Результаты исследования полимеров на основе щелочных солей акриловой и метакриловой кислот и их сополимеров с акриламидом, метакриламидом в различных соотношениях определили их перспективность в качестве защитных коллоидов и средств повышения термостойкости глинистых растворов [11].

Сополимер стирола и бутадиена, сополимер бутадиена и акрилонитрила и полимер винилацетата предложены как понизители водоотдачи для буровых растворов, приготовленных на чистой воде с низким содержанием твердой фазы. Показано, что они не теряют активности в присутствии различных флокулирующих и коагулирующих реагентов – ионов кальция, натрия и т.д.

В малоглинистых растворах для снижения водоотдачи добавляют винилмалеиновый сополимер в количестве 0,02-0,08%, который содержит 1-1,5 виниловых радикалы на 1 малеиновый; соотношение карбоксильных групп с амидными равно 12-70:88-30 и вязкость 1%-ного водного раствора составляет 2000-20000 *спз*. Промышленные испытания предлагаемого раствора прошли успешно.

Для снижения вязкости и статического предельного напряжения сдвига глинистого раствора, приготовленного из бентонитных глин, предлагается реагент, представляющий собой сополимер малеинового ангидрида и азотвинилциклического соединения, хорошо регулирующий свойства эмульсионных глинистых растворов при содержании в них нефтепродуктов от 10 до 15%.

Промывочная жидкость на одной основе для бурения глубоких скважин обрабатывается реагентом, понижающим водоотдачу – натриевой солью сополимера дивинилного эфира и малеинового ангидрида, взятых в молярном соотношении 1:2, а также некоторыми другими солями этого сополимера [12]. Для увеличения выхода глинистого раствора из натриевого бентонита предлагается вводить комбинированную добавку, представляющую собой смесь водного раствора соединений типа сополимеров малеинового ангидрида или полиакриловой кислоты (мол. вес 25 000-150 000) с сернокислыми солями щелочных и щелочноземельных металлов. Добавка вводится в глину в количестве 0,045-0,9% и выход глинистого раствора увеличивается до 40-60%.

Ламмас и Андерсон [13] предлагают раствор, состоящий из 1-3%-ного натриевого бентонита и 0,00143-0,0429%-ного химического реагента. Последний представляет собой смесь акрилата с акриловым сополимером в соотношении 12-80:70-30; вязкость 1%-ного раствора равна примерно 2000 *спз*.

В нашей промышленности гидролизированный полиакрилонитрил под названием «ГИПАН» начал производиться с 1961г [14]. Этот реагент получают посредством омыления полиакрилонитрила эквимолекулярным количеством каустика при 96-100°C до образования водорастворимого продукта. Оптимальные весовые соотношения полинака, щелочи и воды – 5,64:4,26:90 – 120. При этом образуется вязкая пастообразная масса серо-желтого цвета со степенью гидролиза 70-75% и содержанием примерно 10% сухого вещества. В результате гидролиза полиакрилонитрила, по мнению авторов [1, 27], образуется линейный сополимер акрилата натрия, акриламида и акрилонитрила с соотношением этих компонентов 8:1:1.

Э.Г. Кистер и Д.Е.Злотник [15] получали ГИПАН на основе полиакрилонитрила. При этом сначала нитрилакриловую кислоту полимеризовали в водной среде в присутствии инициатора персульфата калия, а затем, не отделяя воду, продолжали процесс щелочного гидролиза. Увеличение степени омыления и количества едкого натра определило рост содержания акрилата (карбоксильных групп). Целесообразность снижения добавок щелочи до 0,6-0,7 молей и ниже объясняется более длительным, трудно осуществимым гидролизом и образованием густых и неоднородных масс. Отношение полиакрилонитрила к щелочи в выпускаемом ГИПАНе соответствует 1:0,7, при этом достигается до минимума. Оптимальный эффект стабилизации ГИПАНа проявляется в области pH 8-11.

ГИПАН не подвергается ферментативному разложению, добавки его к неминерализованному глинистому раствору обеспечивают термостойкость примерно до 473 К. Известковые глинистые растворы, также эффективно стабилизируются ГИПАНОм в широком диапазоне температур.

Серьезным недостатком реагента ГИПАН, как и всех защитных полимеров,

содержащих карбоксильные группы, является его нестойкость к действию хлористого кальция и других водорастворимых солей поливалентных металлов, что в значительной мере ограничивает область применения ГИПАНа. Однако ГИПАН может быть использован для регулирования фильтрационных свойств минерализованных глинистых растворов в комбинации с другими реагентами (крахмалом, сунилом, хроматами, карбонитами и сульфитами натрия и т.д.).

Заключение. Исследования показали [16], что водоотдача горячих соленых растворов (10-15% соли), обработанных ГИПАНОм, увеличивается в 10-30 раз при температуре 473 К. Поскольку водоотдача остывшего и исходного растворов была мала и колебалась в пределах 6-10см³, полагаем, что ухудшение стабилизирующих свойств минерализованных растворов при высоких температурах вызвано не термическим распадом, а изменением конформации макромолекул реагента. При нагревании они глобулируются и защитное стабилизирующее действие их ослабевает, а при охлаждении вновь разворачиваются и стабилизирующий эффект восстанавливается. Кроме того, при более длительной динамической обработке (5 час. и более) возможна термическая деструкция полимера, что сказывается на увеличении водоотдачи остывшего раствора. Однако статическая термообработка даже в течение 80 час. после многих циклов нагреваний и охлаждений не вызывает деструкции и не повышает водоотдачу, остающуюся на уровне 8-10x10⁻²м³. Выяснено, что возможными причинами снижения активности ГИПАНа в минерализованных глинистых растворах после длительной динамической термообработки при 473К является его деструкция и гидролиз, сопровождающиеся уменьшением соотношения между амидными и карбоксильными группами и снижением защитной стабилизирующей способности.

В рамках предлагаемой статьи рассматривались методы стабилизации вязкости суспензий для повышения срока их работоспособности полиэлектролитов.

Список литературы:

- 1 Кистер Э.Г. Химическая обработка буровых растворов, М., «Недра», 1972. 387 с.
- 2 Паус К.Ф. Буровые растворы, М., «Недра», 1973. 71 с.
- 3 Роджерс В.Ф. Состав и свойства промывочных жидкостей для бурения нефтяных скважин, М., «Недра», 1967.215с.
- 4 Scenley C. S. «World oil»6 1959, 146 №1, p. 122, 124, 126.
- 5 Ахмедов К.С., Арипов Э.А. и др. Водорастворимые полимеры и их взаимодействие с дисперсными системами. Ташкент: Фан. 1969. 250 с.
- 6 Мискарли А.К., Байрамов А.М. Новые поверхностно-активные вещества для нефтяного бурения, Баку, Изд-во АН Азерб, ССР, 1964.164 с.
- 7 Мискарли А.К. Коллоидная химия промывочных глинистых суспензий, Баку, Азербгосиздат, 1963.182с.
- 8 Бенежной А.И., Булатов А.И., Кулагин П.Г. Пластмассы в нефтяной и газовой промышленности, М., Гостоптезиздат, 1967.170с.
- 9 Абрамзон А.А. Поверхностно-активные вещества: Свойства и применение. –Л.-Химия, 1981, 304с.
- 10 Скенлей К.С. Регулирование водоотдачи глинистого раствора добавками акриловых полимеров. Перевод 193Д, М., ГОСИНТИ, 1960.-16с.
- 11 Пеньков А.И., Мариампольский Н.А., Рябченко В.И. Всб. «Термосолеустойчивость дисперсных систем», Киев, «Наукова думка», 1971, с. 59.
- 12 Мамаджанов У.Д., Турапов М.К. «Берение», 1964, №9, с.12.
- 13 Hans W. D. «Canad. Petrol.», 1966, 7, №2, p. 17.
- 14 Hedrick Ross M., Mowry David N., Патент США № 2911366
- 15 Bonedeforage. Франц.патент № 1244623.
- 16 Feelds Iaseph E., Lohson Iohu H., Патент США, № 2979454

Түйін: Құрамында тұзы бар және жоғары температуралы ұңғымаларға арналған балшықтарды тазартудағы гидролизденген полиакрилонитрилдің тиімділігі жоғары. Сондай-ақ, суда еритін кальций тұздарының аз мөлшерде HCl және NaOH қосып полиакрилонитрилмен өңделген бұрғылау сұйықтықтарына зиянды әсерін жою әдісі қарастырылған. Сұйықтықтың жоғалуын төмендететін агенттер ретінде қолданылатын акрил полимерлері бактериялардың ыдырауына ұшырамайды және жоғары температураға төзімді. Олардың жетіспеушілігі - олар ластануға өте сезімтал және көптеген жүйелерде гельдің тұтқырлығы мен беріктігінің едәуір жоғарылауына әкелуі мүмкін. Полиакрилаттар ультра терең (6 мың м) жоғары температуралы ұңғымаларды бұрғылауда қолданылады (200 ° C және одан жоғары), ал биополимерлер әр түрлі жағдайда сұйықтықтардың қажетті тұтқырлығы мүмкіндік береді. Ұсынылған мақала шеңберінде суспензиялардың тұтқырлығын олардың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін тұрақтандыру әдістері қарастырылған.

Кілт сөздер: бұрғылау ерітіндісі, сазды ерітінді, полиэлектролит, полиакрилонитрил, суда еритін эфир, полимер.

Abstract High efficiency of hydrolyzed polyacrylonitrile in the treatment of muds containing salts and intended for high-temperature wells. It also considers a way to eliminate the harmful effect of water-soluble calcium salts on drilling muds treated with polyacrylonitrile with the addition of small amounts of HCl and NaOH. Acrylic polymers used as fluid loss reducing agents do not undergo bacterial degradation and are resistant to high temperatures. Polyacrylates are used in the drilling of ultra-deep (6 thousand meters) high-temperature wells (200 ° C and above), and biopolymers make it possible to create the required viscosity of drilling fluids under various conditions. In the framework of the proposed article, methods of stabilizing the viscosity of suspensions to increase their service life are considered.

Keywords: drilling mud, clay solution, polyelectrolyte, polyacrylonitrile, water-soluble ether, polymer.

ӨОЖ: 47.39

¹Изтлеуов Ғ.М., ¹Кеделбаев Б., ²Аюбова И.

¹Химия ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹техника ғ.д, профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²техника ғ.к., доцент, Ислам Каримов атындағы Ташкент техникалық университеті,
Ташкент, Узбекистан

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ПӘННІҢ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйін: Соңғы жылдары эколог-болжаушылардың арасында ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында қоршаған ортаға байланысты қолданылған мониторинг ұғымы кең таралған. Экологиялық мониторинг- антропогендік факторлар әсерінен қоршаған орта жағдайының, биосфера компоненттерінің өзгеруін бақылау, баға беру және болжау жүйесі. Мониторинг ұғымы кең ұғымда экономикада, өнеркәсіпте, және басқа да бақылаулар жүргізілетін салаларда қолданылады. Кейінгі жылдары алғашқылардың бірі болып біздің оқу ордамызда жаңа бағыттағы пәндер оқу ісі процесіне енгізілуде. Солардың қатарында- “Экологиялық мониторинг” атты пәні, М.Әуезов атындағы ОҚУ Экология кафедрасында “6B052-қоршаған орта” білім беру бағдарламасы бойынша 6B05210-экология мамандығында оқып жатқан студенттерге кеңінен оқытылуда. Қоршаған ортаның және халықтың экологиялық қауіпсіздігін нығайтып, қазіргі кездегі өзекті мәселелерді шешу үшін біліктілігі жоғары маман дайындау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Экологиялық химия экологиялық процестерді және биосфераның қазіргі заманғы даму тенденциясын әлемдік деңгейде қарастырады. Бүгінгі таңда осы пәннен кафедрада бірқатар лабораториялық сабақтар жасалып студенттерге дәріс ретінде жүргізілуде. Экологиялық химияның кейбір бағыттарын студенттер ғылыми зерттеу жұмыстары ретінде аймақтық, республикалық, халқаралық жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болуда.

Кілт сөздер: Экологиялық мониторинг, қоршаған ортаның ластануы, химиялық ластану, 6B052-қоршаған орта, білім беру бағдарламасы, 6B05210-экология

Кіріспе: Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы аумағында 20 млрд. тоннадан астам - қатты, сұйық және газ тәрізді қалдықтары бар. Сонымен қатар, әр жыл сайын республикамыздың өндірістерінде бірнеше миллион тонна қалдықтар түзіліп жатыр. Осы қалдықтардың ішінде өте уытты болып саналатын, қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізетін зиянды қосылыстар- суперэтоксиканттар көп мөлшерде түзілуде.

Соңғы жылдары эколог-болжаушылардың арасында ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында қоршаған ортаға байланысты қолданылған мониторинг ұғымы кең таралған. Экологиялық мониторинг - антропогендік факторлар әсерінен қоршаған орта жағдайының, биосфера компоненттерінің өзгеруін бақылау, баға беру және болжау жүйесі. Мониторинг ұғымы кең ұғымда экономикада, өнеркәсіпте, және басқа да бақылаулар жүргізілетін салаларда қолданылады. Ғылыми оқулықтарға бұл ұғым Стокгольмдегі БҰҰ-ның ұйымдастыруымен (маусым, 1972 ж.) өткен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі конференциядан кейін енді [1-2].

Соңғы жылдары, Қазақстан Республикасында экологиялық білім және экологиялық тәрбие беру кеңінен қолға алынуда. Бұл бағытта жұмыстар тек қана арнайы экология факультеттерінде емес, басқа да мамандықтарды дайындау кезінде жүргізілуде. Республиканың барлық жоғарғы оқу орнында “экология” пәні өткізіледі, демек барлық жоғары білімді маман экологиялық білім және экологиялық тәрбие алуда. Сонымен қатар, кейінгі жылдары алғашқылардың бірі болып біздің оқу ордамызда жаңа бағыттағы пәндер оқу ісі процесіне енгізілуде. Солардың қатарында- «Экологиялық мониторинг» атты пәні, М.Әуезов атындағы ОҚУ Экология кафедрасында «6В052-қоршаған орта» білім беру бағдарламасы бойынша 6В05210-экология мамандығында оқып жатқан студенттерге кеңінен оқытылуда. Солардың қатарында- «Суперэтоксиканттардың эколого-аналитикалық мониторингі» атты пәні, «экология» және «химиялық, экологиялық, және криминалистикалық экспертиза» мамандықтарын алып жатқан студенттерге кеңінен оқытылуда. Экологиялық мәселелерді шешудегі маңызды мәселелердің бірі - аса уытты қосылыстарға эколого-аналитикалық мониторингті дұрыс жолға қойып, жүргізуді үйрету болып табылады. Эколог маманы - қоршаған ортаның қаншалықты ластанғанын анықтау үшін, ең алдымен мониторинг жүргізу сатыларын дұрыс білуі қажет.

Суперэтоксиканттар - тірі ағзаларға зиянды әсерін тигізетін өзінің бастапқы шығу көзінен өте алыс қашықтыққа таралатын, биологиялық активтілігі өте жоғары бөгде микрокоспа заттар. Суперэтоксиканттарға- токсикалық қасиетке ие, уыттылығы жоғары заттар-хлор - және фосфорорганикалық қосылыстар, полиароматты көмірсутектер, нитрозо - және нафтиламиндер, ауыр металдар және радиактивті қосылыстар жатады[1]. Мысалы: ауасы автомобиль транспортының қалдықтарымен өте қатты ластанған қалалар - Алматыда, Өскеменде, Шымкентте, полиароматты көмірсутектер әсіресе- бенз(а)пирен көп мөлшерде кездеседі. Сонымен қатар, ауыр металдар ішінде қорғасының да көп мөлшерде кездесуі байқалады. Тұрмыс қалдықтарын жағу кезінде ауаға өте улы суперэтоксиканттардың бірі- диоксиндер түседі. Мысалы:1 кг тұрмыс қалдықтарын жаққанда ауаға 40 мкг диоксиндер қалдық түрінде енеді.

Суперэтоксиканттар - қоршаған ортаға түскенде тірі организмдерге аз мөлшерде еніп - мутагендік, тетратогендік және канцерогендік әсер ететін қосылыстар, ал көп мөлшерде ағзаның өлуіне себепші болатын уытты заттар. Сол себептен бұл қосылыстарға эколого-аналитикалық мониторинг жүргізудің маңызы өте зор. Қазіргі кезде, қоршаған ортадағы суперэтоксиканттардың таралуын анықтау үшін ең алдымен оларға мониторингті жүргізуді дұрыс жолға қою керек. Эколого-аналитикалық мониторинг жасау кезіндегі мәліметтердің шынайлығы, аналитикалық бақылаудың эффективтілігіне байланысты [1-3].


Суперэтоксиканттарға эколого-аналитикалық мониторинг жүргізуді негізгі үш сатыға бөлуге болады (1-сурет):

I- сынаманы алу және анализге дайындау

II- сынаманы анализдеу

III- анализ нәтижелерін өңдеу

Сынамадағы ластаушы заттардың құрамы және қасиеттері жөнінде нақты және шынайы мәліметтер алу үшін, алынатын сынама қасиеттері- табиғаттағы объектілердің қасиеттерімен құрамына жақын болу керек. Анализдейтін компоненттің матрицасындағы қатынас бастапқы кезде алынған сынамаға жақын болу керек. Уақыт өткен сайын, объектілердегі матрицаның құрамының және қасиетінің өзгеруі, табиғи объектілердің қасиетіне немесе өндірістік ұйымдардан қалдық ретінде шығатын газдардың құрамының өзгеруіне байланысты. Кейде сынамадағы бір заттың концентрациясының өзгеруі басқа да ластаушы заттардың концентрациясының өзгеруіне әкеледі, яғни анализ нәтижелерінің мәндерінің дұрыс емес болуына әсер етеді. Суперэкоксиканттардың табиғатағы концентрациясы өте аз болғандықтан, сынамаларды алу кезінде анықталатын затты матрицадан бөліп алып, оның концентрациясын жоғарлатуға тура келеді. Мысалы: ауадан немесе судан сынама алу кезінде. Бұл кезде сынамаларды алу кезінде матрицамен анықталатын заттың ара қатынасы тұрақты болу керек деген талаптар сақталу қажет. Комбинирлеген әдістерді қолданған кезде әр әдісте арнайы зерттеулерді қажет етеді. Кейде, ерекше жағдайларда сынамаларды көп мөлшерде алып, оларды келесі анализдеу жұмыстарына дейін резервуарларда сақтауға тура келеді немесе бір лабораториядан екінші лабораторияға тасымалдау үшін қолданылады. Сондықтан, табиғаттағы сынамаларды алу кезіндегі негізгі маңызды параметр ол сынамалардың репрезентілігі - яғни олардың бастапқы материалға сәйкестігі болып табылады. Көптеген әдебиеттердегі деректер, суперэкоксиканттарға эколого-аналитикалық мониторинг жүргізу, ең алдымен сынаманың дұрыс алыну жолдарын қалыптастырумен тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Егер сынама алу дұрыс жолға қойылмаса, онда кейінгі алынатын анализдеу нәтижелері қаншалықты дәл және дұрыс жүргізілгенімен бүкіл мониторинг жұмыстарының қате болуына әкеледі.



Сурет-1. Суперэкоксиканттарға эколого-аналитикалық мониторинг жүргізудің сатылары.

Сынамаларды алғанан кейін олардың құрамындағы заттардың концентрациясын анықтау - жан-жақты жетілдірілген, өте аз концентрациядағы заттарды анықтауға мүмкіндік беретін, дәлділігі жоғары әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Мысалы: ауыр металдардың сынамадағы концентрациясын анықтау үшін полярография әдісін кеңінен

қолдануға болады. Соңғы жылдары аз мөлшердегі заттардың концентрациясын анықтау кезінде физика-химиялық әдістерді пайдалану өте тиімді екендігін көрсетті [4-8].

«Экологиялық мониторинг» пәнін оқығудың негізгі міндеттері:

1. Антропогендік ластағыш заттардың қоршаған ортада шығуы және физика-химиялық өзгерістерге ұшырауын оқыту;

2. әртүрлі биотикалық, абиотикалық факторлардың және антропогендік әсерлердің нәтижесінде химиялық ластағыштардың қоршаған ортаға әсер ету бақылау, қадағалау болжау;

3. экожүйелерге әсер ететін суперэкоотоксиканттармен қоршаған орта нысаналарының химиялық ластану деңгейін азайту жолдары;

4. қоршаған орта ластағыштарын суда, ауада, топырақта сараптау әдістерін меңгерту;

5. табиғи ортаның жағдайын бақылау, басқару және болжау әдістерін пайдалану;

«Экологиялық мониторинг» пәнін оқығу нәтижесінде студент келесі дағдыларға ие болады:

- Ластаушы заттарды шығаратын бақылау объектісін белгілеу

- Ластаушы заттарды шығаратын, бақылауға белгіленген объектіні тексеру

- Ластаушы заттарды шығаратын бақылау объектісіне информациялық модель құрастыру

- Ластаушы заттарды шығаратын бақылаудағы объектінің жағдайының өзгеруіне болжам жасау

- мәліметтерді қолдануға ыңғайлы түрде дайындап қолданушыларға тапсыру.

«Экологиялық мониторинг» пәнін оқығу нәтижесінде студент:

қоршаған орта компоненттерінен: флорадан және фаунадан алынған сынамалардағы әсері, химиялық заттардың концентрацияларын анықтауды;

- топырақтан сынама алу әдістерін меңгеру;

- судан сынама алу әдістерін меңгеру;

- ауадан сынама алу әдістерін меңгеру

тиімді әдістерін тандай білуді;

табиғи ортада әртүрлі ластағыштардың болу күйін болжай білуді және олардың таралуын бағалауды меңгеруі тиіс.

Экологиялық мониторинг пәні бойынша ұсынылатын зертханалық жұмыстардың тізімі

- Судың физикалық-химиялық қасиеттерін анықтау.

- Судың карбонатты және карбонатты емес кермектілігін анықтау.

- Суды сынама алу әдістері.

- Судың сапасын органолептикалық әдіспен анықтау

- Судың қышқылдылығын анықтау

- Судың сілтілігін анықтау

- Атмосфера ауасының сапасын бағалау.

- Ауадағы хлордың концентрациясын анықтау.

- Ауадағы оттегін анықтау.

- Өсімдіктерге зиянды заттардың әсерін бағалау

- Топырақтың жалпы сілтілігін, қышқылдылығын анықтау.

- Мұнай өнімдерімен ластанған топырақтағы қоршаған ортаға әсері.

- Биоиндикаторлар

- Топырақтан сынама алу әдістері

- Ауадан сынама алу әдістері

Сонымен, қорыта келгенде экологиялық мониторинг пәнін оқыту және жүргізу жолдарын қалыптастыру және оларды жетілдіру қоршаған ортаның уытты заттармен

ластауының дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін маңызды мәселелердің бірі. Экологиялық мониторинг пәнінің кейбір бағыттары атап айтқанда қалдықсыз технологиялар және қалдықтарды өңдеу мәселесі ғылыми зерттеу жұмыстары ретінде студенттермен орындалып, аймақтық, республикалық, халқаралық жарыстарға қатысып жүзделі орындарға ие болуда. «Экологиялық мониторинг» атты пәні, “6B052-қоршаған орта” білім беру бағдарламасы бойынша 6B05210-экология мамандығында оқып жатқан студенттерге кеңінен оқыту, теориялық маңызды мәселелердің бірі.

Әдебиеттер тізімі:

1 Майстренко В.Н., Хамитов В.З., Будников П.К. Эколого аналитический мониторинг суперэкоотоксикантов, Москва, 1996, 319 с.

2 Байерман К. Определение следовых количеств органических веществ, Москва, мир, 1987, 429 с.

3 Ровинский Ф.Я. Фоновый мониторинг загрязнения экосистем суши хлорорганических углеводородов, Ленинград, 1998, 223с.

4 Алексеев В.Н. Курс качественного химического полумикроанализа, Москва, 1983

Abstract: in recent years, the concept of monitoring, which was used in relation to the environment in the 20s of the XX century, has become widespread among environmental forecasters. Environmental monitoring-a system for monitoring, evaluating and predicting changes in the state of the environment, components of the biosphere under the influence of anthropogenic factors. The concept of monitoring is widely used in the economy, industry, and other areas where observations are carried out. In the following years, our university was one of the first to introduce new disciplines in the educational process. Among them-the discipline " Environmental monitoring", at the Department of Ecology named after M. Auezov, students studying under the educational program " 6b052-environment " in the specialty 6b05210-ecology are widely taught. One of the most pressing issues is the training of highly qualified specialists to strengthen the environmental safety of the environment and the population and solve current problems. Ecological chemistry considers ecological processes and current trends in the development of the biosphere at the world level.

Key words: environmental monitoring, environmental pollution, chemical pollution, 6b052-environment, educational program, 6B05210-ecology.

Аннотация: В последние годы среди экологов-прогнозистов широко распространено понятие мониторинга, применявшееся в 20-х годах XX века в связи с окружающей средой. Экологический мониторинг-система мониторинга, оценки и прогнозирования изменений состояния окружающей среды, компонентов биосферы под влиянием антропогенных факторов. Понятие мониторинга широко используется в экономике, промышленности и других отраслях, где проводятся наблюдения. В последующие годы одними из первых в нашем учебном заведении внедряются в учебный процесс дисциплины нового направления. В их числе - дисциплина "экологический мониторинг", которая широко изучается на кафедре учебной экологии им.М. Ауэзова по образовательной программе " 6b052-окружающая среда " для студентов специальности 6b05210-экология. Одной из актуальных проблем является подготовка высококвалифицированных специалистов для укрепления экологической безопасности окружающей среды и населения и решения актуальных проблем современности. Экологическая химия рассматривает экологические процессы и современные тенденции развития биосферы на мировом уровне. На сегодняшний день на кафедре ведется ряд лабораторных занятий по данной дисциплине.

Ключевые слова: экологический мониторинг, загрязнение окружающей среды, химическое загрязнение, 6b052-окружающая среда, образовательная программа, 6b05210--экология,

ӘОЖ: 636.0863

¹Батыр Э.Е., ¹Сапарханова А.Б., ²Досмуратова С.И.

¹аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²а\ш.ғ.д., профессор Ташкент Аграрлық Университеті, Ташкент, Өзбекістан

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕМІС БАҒЫНДА АЛМА АҒАШЫН ӨСІРУ ЖӘНЕ КӨБЕЙТУ ӘДІСТЕРІ

Түйін: Жеміс шаруашылығы өндірісінің басты міндеті- халықты жемістің әр- түрлерімен толықтай қамтамасыз ету.

Қазақстан ертеден аграрлы мемлекет ретінде ғаламға танымал. Тұрақты климаттық белдеуде өсірілетін жеміс дақылдарының ішінде өнімділік, сорттардың сапасы, жыл бойы тұтыну мүмкіншілігі жағынан және басқа да бірқатар артықшылықтары бойынша алдыңғы қатарда алма ағашына тиесілі. Алма ағашының жемістері диеталық өнім болып табылады, әрі оның құрамында адам денесінде иммунитетін жақсартуға икемді және ең маңызды биологиялық белсенді заттардың, оның ішінде фенолиялық табиғаты бар теңдесіз жиынтық бар.

Мақалада түрліше жағдайда жасарту шырпуы алма жемістеріне әсері және олардың өсу күші мен өнімділігін өзгертуге әсерін анықтауды, сондай-ақ олардың практикалық пайдалану мүмкіндіктерін анықтауды әртүрлі деңгейде өткізуден тұрады.

Кілт сөздер: жеміс шаруашылығы, алма, дақыл, сорт, егін, аграрлық, жеміс, ағаш, дәрумен.

Кіріспе: Ауыл шаруашылығы өндірісінің бір саласы жеміс шаруашылығы. Бұл салабойынша зерттеу объектісі- көп жылдық ағаш және бұтақ сияқты өсімдіктердің жемістерін, жидектерін және жаңғақтарын алу үшін өсірілетін дақылдар жатады. Жеміс шаруашылығы бөлек ғылым түрінде жеміс-жидек дақылдарының өсу, даму, көбею, өнім салу және агротехниканың күту әдістерін анықтап, мол әрі сапалы өнім алу заңдылықтарын зерттейді. Жеміс –жидек көкөніс және жүзім шаруашылығы ежелден келе жатқан салалардың бірі.

Жеміс-жидектің маңызы оның пайдалығы әсіресе азықтық, емдік, диеталық қасиеттері адам баласына ежелден белгілі болған. Жасаң немесе қайта өңделген жеміс-жидек азық-түлік және халық елшілігінде сан ғасырлар бойы қолданылып келді. Олардың аса маңызды емдік қасиеттері бар, азық-түлік қана емес, сонымен қатар тамақ өнеркәсібінде таптырмайтын шикізат, Қоршаған ортаны қорғауда санитарлық-гигиеналық шаралардың бірі болып саналады. Оны өсірумен тек шаруашылықтар ғана емес жекелеген азаматтар да шұғылданады.

Жеміс-жидектер және жаңғақтар алу мақсатында жеміс дақылдарын жекеленген жерлерде және үй маңындағы учаскелерде өсіру. Жеміс шаруашылығына жататындар: жеміс шаруашылығының өзі (шекілдеуіктілерді, сүйектілерді, жаңғақтыларды өсіру), жидек шаруашылығы, көшет шаруашылығы, субтропикалық жеміс шаруашылығы және цитрус шаруашылығы.

Жеміс бақтары елді мекендерге сән беріп, адамдардың эстетикалық сезіміне әсер етеді. Жеміс және жидек құрамында қоректік заттардан басқа витаминдердің (А, В₂, В₆, С, РР т.б) жеке биологиялық белсенділігі жоғары заттардың болуы, пектирдермен үйлесуі адам организміне зиянды бөлшектерінің енуінен сақтап немесе бөлінуін жылдамдатады. Жемістің құрамындағы темір организмнің қан айналымын біркелкіге келтіреді. Жеміс және жидек дақылдары адам ағзасына керекті дәрумендер, минералды және органикалық заттардың көзі. Жемістердің құрам бөлігінде 0,4-0,5 % минералды заттар, 60 астам элементтерден тұрады, соның ішінде калий, натрий, кальций, магний, темір, алюминий, марганец, фосфор, кремний, хлор, бор, йод т.б. Жемістер негізді қоспалардың көзі, олар қышқылдарды бейтараптандырып, ақуыздардың адамағзасына жеңіл сіңуіне әсер етеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда бақ көлемі 30 мың га жерді қамтиды, жылына 98мың тонна жеміс пен жидек өндіріледі. Мемлекеттің агроөндірістік бағдарламасы бойынша 100 мың тоннадан артық өндіру жоспарланған. Шекілдеуікті тұқымдарының өнімділігі 30,0-98,4 ц/га, сүйектілердікі – 25,0-85,4 ц/га. Жемістер мен жидектілердің өндірісі республиканың жалпы түсімінің 7%-ын алады.

Қарқынды жеміс шаруашылығы – жеміс өнімін алуды өндірістік негізде ұйымдастыру. Жеміс және жидек дақылдарын өндіру үшін үлкен мамандандырылған құрылымдар құру, оларды қазіргі заманға сай машиналар мен құрылғылармен қамтамасыз ету, атқарылатын жұмыстарды толығымен механикаландыру, еңбек шығынын азайтып сапасы жоғары мол өнім алу. Жеміс ағаштарын тығыз отырғызу, аласа және орташа өсетін вегетативті телітушілерді пайдалану, жоғары сапалы, тез өнім беретін, өнімділігі жоғары және үздіксіз жеміс беретін сорттарды өсіру арқылы өнімділікті арттыру.

Соңғы жылдары Қазақстанда жеміс шаруашылығына көп көңіл бөлінуде, сүсидия, бюджеттен арнайы қаржы қарастырылып, арнайы бағдарламалар атқарылуда. Бақтар, жүзімдіктер, көшеттіктер құру үшін, жеміс дақылдарын өсіру үшін алдын-ала әр дақылдың биологиялық ерекшеліктерін білу керек. Жеміс дақылдары өсірілетін аймақтардың сол дақылдарға қолайлылығын анықтау қажет. Қарқынды мол өнімді бақтар құру үшін сорттарды іріктеу керек және де сол сорттармен сәйкестілігі жақсы келетін вегетативті телітушілердің ішінен өсірілетін аймақтарға жақсы бейімделген, келешекте ұластырылған сорттар ерте мол жеміс салатын, ағаш бөрікбастары аласа келетін ергежейлі телітушілерді таңдаған дұрыс.

Зерттеу әдісі. Тәжірибе сұлбасы. Зерттеу жұмысы М.Әуезов атындағы Қайнарбұлақ тәжірбиелік аумағында арнайы отырғызылған тәжірибелік жеміс бағында жүргізілді. Алманың М9 телітушісіне телінген Голден Делишес сорты тікпе көшеттері үш түрлі тәсілмен өсіріліп жеміс бағына 1,5х1м сұлбасында отырғызылған.

Үлгі ретінде дәстүрлі көзсабақтау тәсілімен, көшеттікте өсірілген тікпе көшеттер алынған. Тәжірибеге қыста жылыжайда телінген телімелерді тікелей баққа отырғызу және контейнерде топырақ пен қара шірік қоспаларында өсірілген тікпе көшеттері пайдаланылған.

Тәжірибе сұлбасы

Сорт	Телітуші	Тікпе көшеттерді өсіру	
		тәсілі	орны
Голден Делишес	М9	көзсабақ	көшеттік
		қысқы телу	тікелей бақ
			контейнер

Тәжірибе екі факторлы, үш нұсқалы, үш қайталанымнан тұрады. Әр қайталаным 5 жеміс ағашынан, ал нұсқа 15 өсімдіктен құралады.

Тәжірибенің зерттеу міндеттеріне сәйкес алманың тікпе көшеттерін өсіру тәсілдеріне байланысты жеміс бағындағы ағаштарының өсуі мен өнімділігіне әсерін анықтау үшін олардың биометриялық көрсеткіштерін (ағаш биіктігі, бөрікбасы диаметрі, сидам шеңбері ұзындығы), өркендердің өсуі мен жапырақтарының қалыптасуын, ағаштардың жапырақтануын, жеміс бұтақшаларының (сақиналы, найзатүр, жемісті шыбық, жеміс қап) қалыптасуын, жемістерінің орташа салмағын, өнімділік, жеміс салу индекстерін және нұсқалардың экономикалық көрсеткіштеріне талдау жасадық.

Биометриялық көрсеткіштер И.В.Мичурин атындағы Бүкіл одақтық ғылыми-зерттеу институтының әдістемелері және Уманның ауыл шаруашылық институтының әдістемелік нұсқауы бойынша өлшедік [33].

Жапырақ ауданы. Профессор А.П. Драгавцев ұсынған палеткалық әдіспен анықтадық.

Палетканы екі целлулойдты тақтаны (10x15см) ашпалы етіп біріктіріп жасайды. Оның бір бетіне, қабырғалары 1см, шаршы тор салынады. Тақталарды ашып, ортасына жапырақты орналастырып жабады да, толық және жартысынан артық жабылған торларды есепке алады.

Ағаштардың жапырақтылығы (жалпы жапырақ ауданы). Осу тоқталған кезде, әр нұсқадан үш ағаштан есепке алынады. Әр ағаштағы сақиналы бұтақшалардағы және жылдық өркендердегі жапырақтардың орташа аудандары (30 жапырақтан) және саны жеке есептелінеді. Олардың көбейтінділерінің қосындысы ағаштың жалпы жапырақ ауданын береді.

Ағаш бөркі көлемі. Оны келесі (1) формуламен есептедік.

$$V=0,523 \cdot D^2 \cdot H(1)$$

Мұндағы: V – ағаш бөркі көлемі, m^3

H – ағаш бөркі биіктігі, m

0,523 – коэффициент;

D – ағаш бөркінің орташа диаметрі, қатар бойындағы және оған көлденең бағыттардағы екі өлшемнің орташа көрсеткіші, m ;

Ағаш бөркі проекциясының ауданы. Ол төменгі (2) формуламен анықталады:

$$S_6= 0,196(D_1+D_2)^2,(2)$$

Мұндағы:

S_6 – ағаш бөркібасы проекциясының ауданы, m^2 ;

D_1+D_2 – ағаш бөркібасының қатар бойындағы және оған көлденең бағыттағы диаметрі, m ;

0,196 – коэффициент;

Өнімділік. Есептегі ағаштардан жемістері жиналып өлшенді. Мұнда терілгендері мен төгілгендері де, түгел есепке алынды.

Жемістердің орташа массасы. Әрбір тәжірибедегі мөлдектерде (ағашта) анықталады. Ол үшін жиналған өнімнен 200 жемісті (таңдамай) алып өлшейді, шыққан салмақты 200-ге бөледі.

Тәжірибенің әр нұсқаның орташа математикалық өлшемін табудан қатар олардың айырмашылықтарының дәлдігін анықтау өте маңызды. Сондықтан тәжірибе мәліметтерін статистикалық өңдеуден өткізеді.

Алғашында әр қайталанымның орташа көрсеткішін (x), содан кейін (m) нұсқа бойынша табады. Әр нұсқада орташа арифметикалық қатені (m) анықтайды. Есеп қарапайым формуламен жүргізіледі, бұл нақты есепке өте жақын нәтиже береді. Арифметикалық қатені мына (3) формуламен есептедік:

$$m = \frac{X_{\max} - X_{\min}}{n}; (3)$$

Мұнда: X_{\max} – берілген нұсқадағы қайталанымдардың ең үлкен орташа өлшем;

X_{\min} – кіші орташа өлшем;

n – тәжірибедегі қайталаным саны;

Сонан кейін салыстырылатын нұсқалар арасындағы айырмашылықты мына (4) формуламен табамыз (d):

$$d=M_1- M_2;(4)$$

Осы айырмашылықтың қатесін (md) келесі (5) формуламен шығарады:

$$md = \sqrt{m_1^2 + m_2^2}; \quad (5)$$

Нұсқа аралық айырмашылықтың дәлдігін t критеріі арқылы бағалайды. Оны мына (6) формуламен есептейміз:

$$t = \frac{d}{md} \geq 3; (6)$$

Дәлдік критеріі 3-ке тең немесе одан артық болса, онда нұсқалар арасындағы ерекшелік айтарлықтай және дәлелденген деп саналады. Одан кем болған жағдайда, табылған айырмашылық кездейсоқ себептерден туындаған және ғылыми тұжырымдарға себеп бола алмайды.

Зерттеу нысаны:

Тәжірибе Қазақстан Республикасының оңтүстік және оңтүстік-шығыс жеміс аймақтарында өсіруге ұсынылған алманың Голден Делишес сорты мен аласа өсетін М9 біртектес телітушісі алынған.

Нысандардың қысқаша сипаты

Голден Делишес – Американдық кеш өнім беретін сорт. Алматы, Талдықорған өңірі, Оңтүстік Қазақстан облыстарында пайдалануға рұқсат етілген.

Құрғақшылықпен суыққа төзімділігі орташа. Сорттың кең тараған жерлері: ТМД елдерінің оңтүстігіндегі барлық мемлекеттерде, Россияның оңтүстігінде аудандастырылған. Европа мемлекеттерінің бақтарында 25 жылдан астам уақыт негізгі сорт болып табылған.

Ағаш орта бойлы. Жас алма ағашының бөрікбасы конус тәрізді, жеміс беретін ағаштарда – кеңшеңберлі, тығыз бұтақты және жақсы жапырақтанған. Жеміс беру типі аралас, 2 жылдық және біржылдық өскіндерде жеміс тармағы пайда болады, себебі, әр сақинада 3-4 жемістен сақталады. Бұтақтары орташа қалыңдықта, иілген, нашар сақиналанған, ашық қоңыр жасыл түсті реңді, ақырын салбыраған, ірі сопақ пішінді тығыз таралған жасымықшалармен ерекшеленеді. Жапырағы кең сопақ пішінді, дөңгеленген негізде, кішкене шығыңқы ұшымен, жапырақтың орташа құрылымы нашар толқынды, жапырақ шеті екі көбіне үштісті болып келеді. Түктенуі нашар, жасыл реңді, беткі қабаты тегіс және жылтыр. Жапырақ тақтасы сабақпен сүйір бұрыш құрайды.

Қазақстанда ол Іле Алатауының теңіз деңгейінен 1100-1400 м биіктіктегі аймақта жақсы өнім береді. Сопақша шағын бөрікбасты орташа өсетін, тар қатарлап егуге мүмкіндік беретін ағаш. Ақұнтақ ауруына төзімді.

Питомникте біржылдық бұтақтардың түрі ашық-қоңыр сары теңбілдерімен және ірі анық домалақ жасымықшалары немесе штрихы болады. Жапырағы қатты қыржымдалған, ірі сағақты, кең ланцетті гүлтабанымен, жапырақ шеті тісті және кедір бұдырлы. Біржылдықтардың ұшар басы қысқа, сабақ аралығы қысқа және жапырақтың кең қатарға тығыз орналасқандығымен, жапырақтың шеті толқынды болуымен өзгешеленеді. Гүлі үлкендігі жөнінен орташа, тостағанша тәрізді, ақ қызғылтым реңді, аналығы ұзын салбыраңқы колонкалы, аналық аузы аталықпен қатарлас орналасқан.

М9 - ергежейлі телітуші. Аласа өсетін алманың *Malus pumila* Mill. клондарынан іріктеліп алынған. Аналықта М9 телітушісі әдетте көлденең сұлама бұтақтары арқылы көбейтіледі. М9 – телітушісіне ұластырылған ағаштардың биіктігі 2,5-3,5 метрге жетеді, 2-3 жылдары ерте жеміс салады, жемісі ірі, сапасы жақсы болады.

Голден Делишес сорты М9 аласа телітушісіндегі тікпе көшеттерді көбейту тәсілдері

алғашқы 9 жылда алма ағаштарының биометриялық өлшемдеріне байланысты айтарлықтай әсерін тигізбегенін байқатады.

Алма ағашы бөрікбасының қалыптасуына жылдық өскіндердің өсу күші үлкен әсер етсе, жапырақ ағаш бойындағы фотосинтез өнімінің көзі болып табылады.

Жылдық өркендердің саны жағынан жоғары нәтиже көшеттік пен контейнер нұсқаларында орын алды (138-137)(кесте 4). Өркендердің орташа ұзындығы 21,6 см-ден (Тікелей бақ, Контейнер) 22,0 см-ге (Көшеттік) дейін ауытқыды.

Өркендердің ағаштағы жалпы ұзындықтары жағынан да нұсқалар арасындағы ерекшелігі бойынша 1-шікөшеттік, 2-ші контейнер, 3-ші тікелей бақ орналасты. Тәжірибелік ағаштардағы жапырақ тақталарының қалыптасуы қарайлас өтті. Сақиналы бұтақшаларда жапырақ ауданын есептегенде тікелей бақ (19,10 см²) пен контейнер (19,43 см²) нұсқаларында ұқсас болды. Ал өркендердегі жапырақ ауданы бойынша жоғары нәтиже көшеттік пен тікелей бақ нұсқаларында орын алды (21,36-21,26 см²). Дегенмен тікелей бақ нұсқасындағы алма ағаштарындағы жапырақтары ірілеу болды, орташасы 20,13 см², ал қалған екі нұсқада (Көшеттік, Контейнерде) жапырақ тақталарының орташа ауданы 19,63-19,66 см² мөлшерінде болды. Ағаштың жалпы жапырақ бойынша көшеттік (4,8 м²) пен контейнер (4,2 м²) алға шықты.

Қорытындылай келе, жылдық өркендер саны бойынша айтарлықтай ерекшеліктеркөрінбеді. Дәстүрлі тәсілмен отырғызылған көшеттік нұсқасыжоғары нәтиже көрсетті.

Жапырақ тақтасының ауданы бойынша ең жоғарғы көрсеткішті көшеттік нұсқасы көрсетті (кесте 2).

Кесте -2. Тікпе көшеттерді көбейту әдісіне байланысты ағаштарының жеміс бағындағы өсунәтижесі

Көбейту (нұсқа)		Жылдық өркен			Жапырақ ауданы			
тәсілі	орны	саны, дана	Ұзындығы		сақиналы бұтақшаларда см ²	өркенде, см ²	орташа, см ²	ағашта, м ²
			орташа, см	жалпы, м				
Көз сабақ	көшеттік (бақылау) м	138	22,0	31,3	18,20	21,36	19,63	4,8
қысқы телу	тікелей бақ м	113	21,6	24,0	19,10	21,26	20,13	3,6
	t		0,47	1,61			0,66	2,03
	контейнер м	137	21,6	30,0	19,43	19,93	19,66	4,2
	t		0,28	0,56			0,05	1,2

Қорытынды: 1. Алманың Голден Делишес сортының тікпе көшеттерін өсіру әдістері жеміс бағындағы ағаштарының өсу нәтижесіне(ағаш биіктігі, бөрік басы диаметрі, өркендер саны, ұзындығы) мен өсу көрсеткіштеріне (өркен ұзындығы, жапырақ ауданы)әсері аса көрінбейді. Тек ағаштарының жапырақтылығы бойынша «тікелей бақта» және «контейнерде» өсіріліп баққа отырғызылған нұсқаларда біршама жоғары болды.

2.Жеміс салу типі барлық нұсқаларда бірдей болды, тек жеміс қап саны «контейнер» нұсқасында ең жоғары көрсеткіш көрсетті.

3.«Тікелей бакта» және «Контейнерде» өсірілген қысқы телімелер ағаштары жоғары өнімділікпен экономикалық тиімділік дәрежесін (97,37%-99,99%) көрсетті.

Әдебиеттер тізімі:

1 Олейченко С.Н. Состояние и перспективы реформирования садоводческой отрасли Казахстана // Стратегия научного обеспечения АПК РК в отраслях земледелия, растениеводства и плодоводства: реальность и перспективы. Алматы, Агроуниверситет. 2004. С.16-20.

2 Карычев Р.К., Куцуков А.С., Якушкина В.М., Баимбетов А.К., Сертешев Ж., Жылкайдаров Ж.Ч. Интенсивные технологии производства плодов на юго-востоке Казахстана // Стратегия научного обеспечения АПК РК в отраслях земледелия, растениеводства и садоводства: реальность и перспективы. Алматы, Агроуниверситет. 2004. С. 63-65.

3 Самусь В.А., Гаджиев С.Г. Саженьцы яблони для интенсивных садов // Плодоводство: науч. тр. ин-та полд-ва НАН Беларуси. Самохваловичи, 2000. С.13-15.

4 Аяпов К.Ж., Үкібасов О.А., Мажитова Р.С., Жеміс шаруашылығының әдістемелік нұсқауы, -Алматы, 2005ж. 245 б.

5 Кончакивская, Т.М. Мезостемиялық фунгицид - жеміс дақылдарын таз қотырдан қорғаудың жаңа стандарты / Т.М. Кончакивская // Өсімдіктерді қорғау және карантин. 2000. № 3. Б.62 - 63.

6 Седов, Е.Х. Жасанды инфекциялық фонда зиянды бактерияға төзімді алма сорттары мен көшеттерді таңдау әдістері / Э.Х. Седов, В.В. Жданов. Мәскеу: ВАСХНИЛ, 2003. 48 б.

7 Новожилов, К.В. Өсімдікті қорғау: оңтайландыру жолдары / К.В. Новожилов // Өсімдік қорғау. 2005. № 3. Б. 2-6.

8 Доспехов, Б.А. Дала тәжірибесінің әдістері / Б.А. Доспехов. Мәскеу, Агропромиздат, 2000. 351 б.

9 Аяпов К.Ж., Жеміс және жидек шаруашылығы. Алматы: Қайнар, 1993. 47б.

10 Каширская, Н.Я. Қоршаған ортаның өзгеруіне және қорғаныс шараларының тиімділігіне байланысты таз қотыр ауруынан сақтану / Н.Я. Каширская, М.И. Болдырев // Қазіргі жағдайда көгалдандырудың тиімділігін арттыру: Материалдар всерос. ғылыми-практикалық Конф., 22-24 желтоқсан, 2003, Мичуринск, 2003. Т. 1. Р. 250-254.

Аннотация: Казахстан с давних времен известен во всем мире как аграрная страна. Основная задача плодоводческого производства - полное обеспечение населения различными видами плодов. Среди плодовых культур, возделываемых в умеренном климатическом поясе, лидирующие позиции по урожайности, качеству сортов, возможности круглогодичного потребления и ряду других преимуществ принадлежит яблоне. Плоды яблони являются диетическим продуктом, и в них содержится непревзойденный набор важнейших биологически активных веществ, в том числе фенольной природы, способных повышать иммунитет организма человека. В статье определено создание региональной системы защиты яблони от вредных бактерий, оказывающих негативное влияние на выращивание яблони, с учетом биологических особенностей возбудителя в Туркестанской области, сортовой устойчивости и условий посадки яблони, основанной на прогнозировании кратковременного заболевания, и изучение устойчивости к этим заболеваниям.

Ключевые слова: плодоводство, яблоко, культура, сорт, урожай, аграрный, плод, дерево, витамин.

Abstract: Kazakhstan has long been known throughout the world as an agricultural country. The main task of fruit production is to fully provide the population with various types of fruits. Among the fruit crops cultivated in the temperate climate zone, the leading position in terms of yield, quality of varieties, the possibility of year-round consumption and a number of other advantages belongs to the apple tree. Apple fruits are a dietary product, and they contain an unsurpassed set of the most important

biologically active substances, including phenolic nature, which can increase the immunity of the human body. The article defines the creation of a regional system of protection of apple trees from harmful bacteria that have a negative impact on the cultivation of apple trees, taking into account the biological characteristics of the pathogen in the Turkestan region, varietal resistance and planting conditions of apple trees, based on the prediction of short-term disease, and the study of resistance to these diseases.

Keywords: fruit farming, apple, crop, variety, crop, agricultural, fruit, tree, vitamin.

ӘОЖ 636.0863

¹Абишева Г.С., ¹Файзуллаева Л.А., ²Борис А.Б.

¹аға оқытушы, М.О. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹а.ш.ғ.к., М.О. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²биология ғ.к., К.Тимирязев атындағы Ресей Мемлекеттік Аграрлы Университет

ЖЕМІС АҒАШТАРЫНЫҢ ӨСУІ МЕН ЖЕМІС САЛУЫНА ШЫРПУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘСЕРІ

Түйін: Жеміс шаруашылығы өндірісінің негізгі міндеті- халықты жемістің әр- түрлерімен толықтай қамтамасыз ету.

Қазақстан ертеден аграрлы ел ретінде әлемге танымал. Қалыпты климаттық белдеуде өсірілетін жеміс дақылдарының ішінде өнімділік, сорттардың сапасы, жыл бойы тұтыну мүмкіншілігі жағынан және басқа да бірқатар артықшылықтары бойынша жетекші орын алма ағашына тиесілі. Алма ағашының жемістері диеталық өнім болып табылады, әрі оның құрамында адам ағзасының иммунитетін арттыруға қабілетті және ең маңызды биологиялық белсенді заттардың, оның ішінде фенолиялық табиғаты бар теңдесіз жиынтық бар.

Мақалада әр түрлі жағдайда жасарту шырпуы алма жемістеріне әсері және олардың өсу күші мен өнімділігін өзгертуге әсерін анықтауды, сондай-ақ олардың практикалық қолданылу мүмкіндіктерін анықтауды әртүрлі дәрежеде өткізуден тұрады.

Кілт сөздер: жеміс шаруашылығы, алма, дақыл, сорт, егін, аграрлық, жеміс, ағаш, дәрумен.

Кіріспе: Қазақстанның Оңтүстік аймағы бақ шаруашылығының дамуына табиғи-климаттық жағдай қолайлы болғандықтан ол осы аймақта ауыл шаруашылығының негізгі саласы болып саналады. Жеміс шаруашылығында жерді және өндіріс құралдарын тиімді пайдалана отырып, аз еңбек шығынын жұмсап, жоғары сапалы тауарлы өнім алу өте маңызды.

Бақтардағы жерді тиімді пайдалану мәселелерін әрбір аудан бірлігіне жеміс ағаштарын отырғызуды көбейту арқылы шешуге болады. Ағаштар тығыз отырғызылған бақтарда тауарлы өнім беру кезеңі ерте басталады және бүкіл бақты пайдалану мерзімінде өнімділігі едәуір жоғары болады.

Қазақстанда өсірілген жеміс-жидек дақылдарының құрамында алма ағаштары дәмі мен биохимиялық құрамы жағынан жоғары құнды жеміс-жидектерді өндіруде жетекші орын алады.

Кіріспе. Бәсекеге қабілетті атом энергиясын өндірудің негізгі шикізаты уран болып табылады. Уран аналитикалық химияда, сурет түсіруде, әйнек өнеркәсібінде кеңінен қолданысқа ие. Уран шоғырлы энергия көзі - бұл оның басқа отын көздерінен ең негізгі басты айырмашылығы болып табылады. Мысалы, 1 кг көмірге қарағанда 1 кг уран 20 мың еседен астам электр қуатын бөледі. Егер техникo-экономикалық тұрғыдан қарастырғанда оның өзіндік құны тиімді болады. Мәселен, 1 кВт сағат өндіруге кететін газ құны 1,3-2,3 евроцент тұрса, көмір бойынша ол 4 евроцент шамасында. Ал уран бойынша бұл 0,4 евроцентпен бағаланады [1].

Уранның жалпы жер бетіндегі орташа мөлшері $2,5 \cdot 10^{-4}$ % құрайды. Уранның шоғырлану коэффициенті, оның орташа мөлшері өндірілген кенде 0,1% болғанда, 400 шамасында. Негізінен құрамында уран бар 100-ге жуық минералы кездеседі [2]. Олардың ішінде өнеркәсіптік мәнге ие және оның аморфты түрлері - уран кіреукесі. Уран минералдарының барлығы радиобелсенді, сондықтан оның бұл қасиеті геологиялық жұмыстар жүргізгенде, кенді өндіру мен өңдеуде пайдаланылады. Уран минералдары шоғыры төмен қышқылдарда және сілтілерде оңай ериді. Уранды өңдеудің жер асты шаймалау және гидрометаллургиялық өңдеу жолдары оның қышқыл мен сілтіде оңай еритіндігіне негізделген.

Зерттеу бөлімі. Негізінен уранның тотықты кендері өнеркәсіптік мәнге ие, оның ішінде - уран ванадаттары, фосфаттары мен арсенаттарын айтуға болады.

Уран ванадаттарына - карнотит, туюмунит, фосфаттарына торбернит, отенит және арсенаттарына цейнерит жатады [3]. Төмендегі бірінші суретте уран минералдары көрсетілген.



$K_2(UO_2)_2(VO_4)_2 \cdot 3H_2O$
 карнотит минералы



$Ca[UO_2]_2[VO_4]_2 \cdot x(4 - 10)H_2O$
 тьюмунит минералы



$Cu[UO_2]_2(PO_4)_2 \cdot 10(12-18)H_2O$
 торбернит минералы



$Ca(UO_2)_2(PO_4)_2 \cdot 10-12H_2O$
 отенит минералы

Сурет - 1 .Уран минералдары

Шағын кенорындардағы уранның (U_3O_8) ең аз мөлшері 0,1%, ал қоры бойынша ірі кенорындарда - 0,05% -ға дейін болады. Оңтүстік Қазақстанда уран кеніштерінің орналасқан картасы 2-ші суретте бейнеленген.



Сурет - 2. Оңтүстік Қазақстандағы уран кеніштерінің кенорындарының орналасу картасы

Қазақстандағы уранның минералдық-шикізат базасы әлемдік қордың 25% шамасын құрайды. Уранның Қазақстандағы бағаланған жалпы ресурсы 1,5 млн. тонна. Олардың

ішінде барланған қор мөлшері 470 мың тонна, бұл әлем бойынша алғашқы орындардың бірінде екенін көруге болады[1,3].

Қазіргі таңда уран кенорындарының негізгі көздері Оңтүстік Қазақстандағы Шу-Сарысу және Сырдария уранды провинциялар болып табылады. Оның ішіндегі ең ірісі Шу-Сарысу провинциясы. Бұл маңда 20-аса уран кенорындары шоғырланған, олардың ішінде ең ірілері - Инкай, Буденнов, Мыңқұдық, Уанас, Төртқұдық, Мойынкүм, Қанжуған, Ақдала, Жалпақ. Соның ішінде Инкай, Буденнов, Мыңқұдық кенорындары бірегей кен қатарына жатады. Ал Сырдария провинциясындағы кенорындардың аса ірісі - Харасан, Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын, Иіркөл, Заречное болып табылады. Сонымен қатар органигендік-фосфат уранды ірі кенорындар Меловое, Томаң, Тайбағар, Тасмұрын. Эндогендік уран кенорындарына Солтүстік Қазақстандағы уран кенді провинциясын жатқызуға болады: аса ірі Қосаша, ірі Грачев, Заозерное, Маныбай, т.б.; Шу-Іле-Бетпақдала провинциясында - Бота Бұрым, Қызылсай, Жиделі, т.б.

Инкай кенорны-Түркістан облысы, Созақ ауданы батыс Шу провинциясында орналасқан. Кенорын 1976 жылы ашылған. Кенорынды толық геологиялық барлау жұмысы 1979-1983 жылдар аралығында жүргізілген. Кеніштің жалпы аумағы 1100км созылып жатыр. Оның меридиандық созылым бағытында 55км, ал қалыңдығы 7-17км дейін жетеді. Бұл жерде негізінен 8 кенорын анықталған. Бұл кенорны неоген дәуірінде пайда болған. Инкай кенорны 350-400м жинақталған жазық пен шөлейт дала аймағында жатыр. Сондай-ақ кен орын Қаратаудың оңтүстік батыс бөлігімен шектескен. Инкай кенорныны қышқылданған қабатты аймаққа байланысты гидрогенді кенорнына жатады[1,3].

Ақдала кенорны-Түркістан облысы, Созақ ауданы Шу-Сарысу аумағында орналасқан. Сондай-ақ кен орын артезиандық ойысы аумағындағы құрылымдық-гидрогеологиялық сұлбасы бойынша бірінші ретті Шу-Сарысу артезиандық шұңқырына енетін, екінші ретті Сарысу артезиандық әуітінің үшінші ретті тасты артезиандық алабы маңында орналасқаны геологиялық зерттеулер нәтижесі бойынша анықталған. Ақдала кенорнының аумағы 1:200000 картаның ортаңғы бөлігінде орналасқан және ол гидрогенді типті нысандардың топтарына жатады. Бұл кенорын Шымкент қаласынан 470км жерде. Кенорынның оңтүстік батысында 45км жерде Қыземшек елді мекені және солтүстік-батысында 15км жерде ПВ-19 уран кеніші бар. Ақдала кенорнының ашылуы Мыңқұдық кенорнының тарихымен тығыз байланысты[1,3].

Қанжуған кенорны-Түркістан облысы, Созақ ауданы Шу –Сарысу өңірінің оңтүстік бөлігінде ораласқан. Кенорнының тереңдігі 300м.

Уанас кенорны- Түркістан облысы, Созақ ауданының жазық даласында орналасқан. 1962 жылдан бастап Уанас кенорнына барлау жұмысы жүргізілген. 1964 жылы геологиялық зерттеу жұмысы басталып уран қоры бар екені анықталады. Кенорынды тау кен жұмыстары сияқты жүргізу мүмкін болмаған, қазіргі таңдағыдай технология толық жетілмеген еді. Сондықтан кенорынды игеру 5 жылға кейін қалдырылады. 60-70 жылдардың Уанас кенорнына қайта геологиялық экспедиция жұмыс жасайды. Нәтижесінде ұзақ еңбектің арқасында уранды жерасты сілтімен шаймалау арқылы алудың сынақ нәтижесін сәтті аяқтайды. Содан соң кенорнына толық зерттеу басталады. Уанас кенорнының өндірісі 1977 жылы 16 қарашада ашылған. Бұл күн уран үшін тарихи күн болып саналады. Уанас кенорында 600000т уран бар екені анықталды.

2009 жылдан бастап Қазақстан уран өндіру бойынша әлемде көшбасшы болып келеді. Әлемде уран үлесінің 44% Қазақстанға тиесілі. 2018 жылдан бері уран өндіру бойынша әлемде көшбасшылық поэзиясын сақтап өнім өндіру бойынша 23% ие[1,3,6].



Сурет - 3. Уанас кенорны

Қарамұрын кенорны-1983 жылы ашылып, онда құрамыұсақ геологиялық құрылымды мәнге ие екені анықталады. Кен араласқан жыныстардан тұрады. Оныңқұрамында бор шөгінділерінің жоғары мөлшерлері кездеседі. Жер асты зерттеулер бойынша оның құрамыекі бөліктен тұратынынбайқауға болады.Солардың бірі ірі кесектелген материалдармен басталып, алевролитті және сазды құмдақты бумалармен аяқталады.

Кен орнындағы негізгі қажетті минералдардың ұзындығы 750 бастап 5 500 м дейін, ені 25-50м ден 300-450м дейінсозылады. Олар ауыспалы енді ұзын илекті жолақтар түрінде көрсетілген. Қажетті кен денелерінің тереңдігі 300 ден 700 м дейін, ол кен ауданы солтүстіктен оңтүстікке қарай көтеріледі. Кен денелеріндегі уран құрамы біршама аралықта өзгеріп отырады, әдетте жоғары қуаттылық кезінде 0,08-0,07% құрайды. Уранды минералдану настурин және коффинит түрінде көрсетілген[4].

Кен орнындағы қажетті минералдар құрамы бойынша кешенді болып келеді, себебі уранмен бірге өнеркәсіптік мәнге сирек металдар оның ішінде селен кездеседі. Негізгі қорлар өткізгіш құмдақ және гравийлі-құмды шөгінділермен шоғырланған. Селен - Қарамұрын кен ауданындағы орналасқан негізгі кенге ілеспелі құрамдас бөлік болып табылады. Олар кеннен көмірқышқыл натрий хлорланған ерітінділерімен, хлорланған күкірт-қышқылды ерітінділермен және ең тиімдісі натрий сульфиді ерітінділерімен бөлініп алынады. Жалпы айтқанда, Қарамұрын кен ауданындағы барлық кен орындары минералды мәнге ие, өнеркәсіптік игеруге дейін жатқан тереңдігі 600-700 м жерасты күкірт-қышқылды сілтілеу арқылы уранды шығаруға тиімді болып келеді[5].

Харасан кенорны-Қарамұрын кен аймағынан оңтүстікке қарай 40-45 км жерде орналасқан. Ол гидрогенді кен орындар қатарына жатады. Кен орындағы кен араласқан жыныстар жоғары бор сұр түсті құмдары болып табылады. Мұнда 10 кен шөгінділері анықталған. Олардың жалпы көлемі ені бойынша 100 ден 500м дейін, ұзындығы бойынша 3 ден 10 км дейін созылып жатыр. Кеннің қуаттылығы 0,6-12,0м. Кен орындарындағы минералдардың орналасу тереңдігі 600-750м. Уранмен бірге ілеспелі элементтерінен нақты бір қызығушылық тудыратындары: селен - 0,053-0,075%, рений - 0,09-0,15 г/т, скандий - 2,5-3 г/т, сирек жерлер сумасы - 56-76 г/т,иттрий 13-15 г/т, ванадий бес тотығы 150-174 г/т[5,6,7].

Қарамұрын кен орнына қарағанда Харасан кен орны үшін кен денелерінің тереңде жатуы және кеннің күрделі кешенді құрамы сипатты болып келеді.

Ашылған кен орындарынан басқа, облыста Сырдария провинциясында жоғары жоспарлы алаңдар анықталған. Оларғабарлау-бағалау жұмыстарын жүргізу қажет. Мұндай кенорындарға ұзақтығы 90 км болатын Солтүстік Қарамұрын кен орындарының оңтүстігіне және оңтүстік-шығысына қарай орналасқан аймақ жатады. Екінші жоспарлы

алаңға, палеозойлық негіздер шығысында параллель орналасқан Аққұм кенорын жатқызуға болады. Бұл алаңда, масштабы бойынша, палеогенді және мүмкін борлы шөгінділерден тұратын орташа және ірі қор болуы мүмкін.

Уран ілеспе элемент ретінде Баласауқандық және Құрұмсақ кен орындарындағы ванадийлі тақтатаспен бірге кездеседі. Бірақ оның құрамы 0,01-0,02% мөлшерден аспайды. Қорлар мемлекеттік баланысқа қабылданбаған. Баласауқандық кен орнындағы уран қоры 350т құрайды. Жалпы Оңтүстік Қазақстанда кездесетін уран қорлары төмендегі 1-ші кестеде келтірілген[1,5].

1-кесте-Оңтүстік Қазақстанда кездесетін уран қорлары

№ р/с	Кен орны	Уран құрамы, %	Баланстық қорлар		Жобалау ресурстары P1+P2
			A+B+C1	C2	
1	Солүстік Қарамұрын	0,088	19001	1612	
2	Оңтүстік Қарамұрын	0,086	9000	7774	
3	Еркөл	0,042	21789	8359	
4	Харасан	0,108	22690	39755	
Жоспарлы аудан					
5	Аққұм	0,1			3000
6	Еркөл-Харасан	0,1			150000
барлығы		72480	57500		180000

Қолданғы уран қорлары, қажет болған уақытта аймақты оның өндірісін бірнеше есеге көбейтуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Әлемдегі электр энергиясының 15-17 пайызы атом энергетикасы есебінен өндіріліп жатқаны бәрімізге белгілі. Негізі бұл дамыған мемлекеттерде жолға қойылған. Олар қолданыстағы атом энергиясынан бас тарта алмайды. Себебі, олардың басты экономикасы осы сала бойынша жолға қойылған, егер оның 5 пайызынан бас тартса ел экономикасын құрдымға жібереді. Сондықтан дамыған мемлекеттер сияқты біздің елімізде уранды тек өндіріп экспортқа шығарып қоймай, оны өңдеу жолын алға қою қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қадірбаева А.А. Қазақстанның минералды шикізаттары.- «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандықтарының студенттері мен магистранттары үшін: Оқу құралы. Шымкент: М. Әуезоватындағы ОҚМУ, 2017. 112 бет.
2. Байбатша А.Б. Инженерная геология месторождений полезных ископаемых с основами геоинформатики. Алматы: Ғылым, 2003.
3. Ермолов В.А. и др. Месторождения полезных ископаемых. М: МГГУ, 2001.
4. Ершов В.В. и др. Геология и разведка месторождений полезных ископаемых. М: Недра, 1989.
5. Алшапов Р.А. Казахстан на мировом минерально-сырьевом рынке. Проблемы и их решение. Алматы: 2004. 220 с.
6. Қазыналы мекен. Уран қалай өндіріледі. 2018
7. Қадірбаева А.А., Смайлов Б.М., Қошқарбаева Ш.Т. Уран ерітінділерін өндіретін ұңғымаларды күкірт және фтор қышқылдарының қоспасымен тазалау// ПМУ Хабаршысы, Павлодар. № 1, 2016, 169-176б.

Аннотация: В статье представлена информация об урановых месторождениях, расположенных на юге Казахстана. Уран-элемент, широко распространенный в природе. Уран также является дешевым и легко транспортируемым сырьем. Его основные минералы - настуран, камелия, отенит, карнотит. Добыча урана является приоритетным направлением Республики Казахстан. Разведка урана в Казахстане началась в середине 1940-х годов и завершилась в 1951 году. Уран является одним из основных конкурентоспособных видов сырья. Казахстан обладает 25% мировых запасов урана. Разведанные запасы урана в Казахстане составляют 1 600 000. В этой связи наша страна занимает 2 место в мире по добыче урана. На сегодняшний день крупнейшие урановые месторождения расположены на территории Южного Казахстана. Урановое месторождение на юге Казахстана делится на две части, это Шу-Сарысуская провинция и провинция Сырдария. Доля урана в Шу-Сарысуской провинции составляет 57,8%, а доля Сырдарьинского месторождения - 18,8%. Самый крупный урановый рудник в Казахстане расположен в провинции Шу-Сарысу. В нем расположено 20 месторождений.

Ключевые слова: Уран, Шу-Сарысуская и Сырдарьинская провинция, настуран, урановые минералы.

Abstract: The article provides information about uranium deposits located in the south of Kazakhstan. Uranium is an element that is widely distributed in nature. In addition, uranium is a cheap and easily transported raw materials. Its main minerals are nasturan, camellia, otenite, carnotite. Uranium mining is a priority direction of the Republic of Kazakhstan. Uranium exploration in Kazakhstan began in mid-1940 and ended in 1951. Uranium is one of the main competitive raw materials. Kazakhstan has 25% of the world's uranium reserves. Explored uranium reserves in Kazakhstan are 1 600 000. In this regard, our country ranks 2nd in the world in uranium mining. Currently, the largest uranium deposits are located in the South Kazakhstan region. The uranium deposit in the south of Kazakhstan is divided into two parts. It is the province of Shu-Sarysu and the province of Syrdarya. The share of uranium in the Shu-Sarysu province is 57.8%, and the share of the Syrdarya deposit field is 18.8%. The largest uranium mine in Kazakhstan is located in Shu-Sarysu province. There are 20 deposits located there.

Keywords: Uranium, Shu-Sarysu and Syrdarya provinces, nasturan, uranium minerals.

ӘОЖ: 669.15.112.227.34.

¹Спабекова Р.С., ¹Әбекова Р.С., ²Винтайкин Б.Е.

¹химия ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹физ-матем.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²физ-матем.докторы, профессор, Н.Э.Бауман МГТУ, Москва, Ресей

ПІШІНДІ ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІ БАР НИКЕЛЬ-ТИТАН НЕГІЗІНДЕГІ ҚОРЫТПАЛАРДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ҚОЛДАНЫЛУЛАРЫ

Түйін: Қолдану және зерттеу тұрғысынан пішінді есте сақтау қасиеті болатын материалдар арасында нитинол көшбасшы болып табылады. Пішінді есте сақтау қасиеті бар қорытпалар негізіндегі көпфункционалды материалдар қазіргі таңда энергетика саласында, ғарышта, машина жасауда, робототехникада және медицинада көп қолданылуда.

Нитинолдағы пішінді есте сақтау эффектісі - бұл физикалық құбылыс, онда пластикалық деформацияланған металл өзінің формасын қыздырғанда қалпына келтіреді. Нитинолдың пішінді есте сақтау эффектісі аустенит фазасынан мартенсит фазасына полиморфты өзгеру кезінде кристалдық тордың өзгеруіне байланысты мүмкін болады.

Мақалада пішінді есте сақтаудың жақсы сипаттамаларын алу үшін оңтайлы деформация мәні, термиялық өңдеу режимі, құрылымдық элементтің жұмыс циклының саны, жүктемесі, пішіні және өлшемдері сияқты көптеген жағдайлар келтірілген.

Кілттік сөздер: қорытпа, пішінді есте сақтау эффектісі, нитинол, титан никелиді пластикалық деформация, термиялық өңдеу режимі, серіппелі қалпына келтіру, фазалық түрлендіру, аустенит фазасы, мартенсит фазасы.

Кіріспе. Титан мен никельдің тең пропорциядағы қорытпасы (45% және 55%) нитинол немесе титан никелиді деп аталады. Бұл қорытпа бастапқы пішінді есте сақтау және асқын серпімділік сияқты қасиеттерге ие. Қорытпалардың асқын серпімділік қасиеті қыздыру кезінде бір құрылымдық ішкі күйден екіншісіне ауысу кезінде көрінеді. Фазалық ауысу мәніне жеткенде қорытпа серіппе сияқты өзінің бастапқы түріне қайта алады.

Нитинол өз атауын 1959 жылы Ni - никель және Ti – титан материалдарына алғаш рет алынған зертхананың атауларын қосу арқылы алды (nol - Naval Ordnance лабораториясы). Пішінді есте сақтау эффектісі - бұл нитинолдың бір температурада деформацияға ұшырап, сонан кейін «фазалық түрлендіру температурасынан» жоғары температураға дейін қыздырылған кезде бастапқы, бұрмаланбаған пішінін қалпына келтіру қабілеті. [1].



Нитинолдағы пішінді есте сақтау эффектісі - бұл физикалық құбылыс, онда пластикалық деформацияланған металл өзінің формасын қыздырғанда қалпына келтіреді. Кейде екі түрлі температурада металл екі түрлі пішінді «есте алады». Егер сіз кәдімгі металл сымды алып, оны пластикалық түрде бүкसेңіз, онда сіз оны кері бағытта деформациялау арқылы ғана сымды бастапқы қалпына келтіре аласыз. 1-сурет. Нитинолдың пішінді есте сақтау эффектісі.

Теориялық талдау. Асқын серпімділік қасиеті фазалық ауысу температурасының дәл үстінде орналасқан тар температура шеңберінде көрінеді: бұл жағдайда өнімнің бастапқы пішінін қалпына келтіру үшін қыздыру қажет емес, ал оның материалы өте жоғары икемділікке ие, 10-дан 30 есеге дейін әдеттегі металдан жоғары. [2-3].

Бастапқы пішін сымға немесе бұйымға жоғары температурада дайындау кезінде беріледі. Сонан кейін металл салқындатылады, ал оның ішкі құрылымы (кристалдық тор)

өзгереді. Салқындатылған күйде сым немесе бұйым жаңа формаға ие бола отырып, пластикалық деформацияға оңай ұшырайды. Алайда, егер олар қыздырылса, онда олардың ішкі құрылымы өзгереді және олар өздерінің бастапқы формаларын «еске түсіреді». Бұл жағдайда барлық пластикалық деформациялар жоғалады, ал үлгі механикалық жұмыстарды жеткілікті түрде орындай алады, мысалы, жүкті көтеру үшін. Алайда, бұл дегеніміз деформацияланған қорытпалар өз формаларын температураның жоғарылауымен ерікті түрде толығымен қалпына келтіреді дегенді білдірмейді. Кейбір деформациялау әдістері кезінде қалдық деформация қалады.

Қорытпаның деформациясы кезінде серпімді деформациядан кейін металдың ағуы өтеді. Кернеу шамасы тұрақты болады. Көлденең қимадағы деформация сырғанау деформациясы емес, белгілі бір типтегі екіге бөліну әсерінен болады, бірақ сыртқы түрі бойынша ол қарапайым пластикалық деформациядан ерекшеленбейді.

Тәжірибелік бөлім. Пішінді еске сақтаудың жақсы сипаттамаларын алу үшін деформация белгілі бір мөлшерден аспауы керек. Оңтайлы деформация мәні термиялық өңдеу режимі, құрылымдық элементтің жұмыс циклдарының саны, жүктемесі, пішіні және өлшемдері сияқты көптеген жағдайларға байланысты, бірақ тұтастай алғанда жұмыс циклдарының аздығымен оңтайлы деформация $T_i - N_i$ қорытпасы - 6%, Cu - Ag - Al қорытпасы үшін - $\sim 2\%$. Көптеген жұмыс циклдары кезінде бұл мәндер сәйкесінше < 2 және $0,5\%$ дейін төмендейді.

Шамадан тыс деформация және ұқсас себептер бойынша шектеулі күйде шамадан тыс қыздыру, яғни жоғары температураға дейін қыздыру ($T_i - N_i$ қорытпалары үшін $> 60^\circ\text{C}$, Cu - Ag - Al қорытпалары үшін $> 30^\circ\text{C}$) қажет емес. Егер жүктің ауырлық күші қорытпа ағыны басталатын күшпен салыстырғанда үлкен болса, онда спираль қалай қыздырылса да, жүк көтерілмейді.

Қызып кету басқа себептер бойынша да қажет емес. Егер қорытпа ұзақ уақыт бойы жоғары температурада ұсталса, онда бұл реттелмеген температура кезінде қорытпа өзінің формасын толық еске түсірмейді, яғни. пішінді нақты қалпына келтіру жоқ, «есте сақтау дәлдігі» жоқ. Егер $T_i - N_i$ қорытпалары ұзақ уақыт бойы $T > 250^\circ\text{C}$, ал Cu - Ag - Al қорытпалары $T > 90^\circ\text{C}$ температурасында ұсталса, онда қорытпалардың беріктігіне қарамастан, мұндай ұстаудың теріс әсері анықталды [4-5].

Нитинол өзінің қасиеттеріне байланысты суық кезінде нашар өңделеді. Серпімділіктің мәнінің үлкен болуы үйкеліс күшін жоғарылатады және қорытпа илемдеу біліктерімен контактіге түскен кезде тозудың жоғарылауын тудырады. Кесіп өңдеу кезінде қаттылығы жоғары материалдар қажет. Жылу өткізгіштігінің төмендігі дайындамадан жылудың кетуіне жол бермейді.

Нитинол қорытпасы абразивті материалдармен өңдеуге - ұнтақтауға, сондай-ақ электроэрозивтік және термиялық өңдеуге жақсы беріледі. Материалды кесу абразивті немесе лазерлік әдістермен жүзеге асырылады. Ішкі фазалық өзгерістердің температуралық диапазонын реттейтіндігіне байланысты термиялық өңдеуге ерекше талаптар қойылады. Температура мен ұстау уақыты никельмен байытылған фазалардың пайда болуына жауап береді. Матрицадағы никель молекулалары санының азаюымен фазалық өзгерулердің температуралық шегі артады. Нитинолға сәйкес қасиеттерді беру әдістері суық және термиялық өңдеулерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Нитинолдың негізгі қасиеттерін реттеу дәл осылай жүргізіледі.

Нитинолдың негізгі мақсатының сипаттамасы (бастапқы формасын қалпына келтіру) келесі түрлерге бөлінеді:

-еркін қалпына келтіру. Төмен температурадағы өзгерген форма қыздыру арқылы қалпына келеді.


-еріксіз қалпына келтіру. Қорытпа ішінде жүретін процестер бірінші типке ұқсас, бірақ қалпына келтіру оны әдейі басқан кезде пайда болады. Бұл жағдайда айтарлықтай ішкі кернеулер пайда болады.

-серіппелі қалпына келтіру. Өнімді нитинолдан қалпына келтіру кезінде, ол басқа затты динамикалық түрде ауыстырады.

Нәтижелер мен талқылау.

Материалдардың қажетті пропорциясын ұстап тұру нитинолдың өндірісін қиындатады, ал еріген кезде титан оттегімен, көміртегімен және азотпен оңай әрекеттеседі. Өзара әрекеттесу кезінде титан молекулалары кристалдық тордан шығады, ал фаза өзгерісінің температуралық шегі төмендейді.

Нитинолдың пішінді есте сақтау эффектісі аустенит фазасынан мартенсит фазасына полиморфты өзгеру кезінде кристалдық тордың өзгеруіне байланысты мүмкін болады. 2-сурет. Нитинолдың фазалық өзгеру сызбасы.



Қыздырылған қорытпа бастапқы аустенит фазасына ие болады. Қорытпа температурасының төмендеуімен бастапқы фаза өздігінен туынды фазаға - мартенситке өтеді. Процесс қайтымды, сондықтан суық нитинолды қыздырғанда фазалық ауысу кері тәртіпте жүреді. Сонымен қатар, түрлену жылдамдығы секундтың бір бөлігінде өтеді.



Фазалық өзгерістердің басталуы мен аяқталуы арасындағы температура интервалдары аустенит үшін A_n , A_k және мартенсит үшін M_n , M_k нүктелерімен өрнектеледі. Температура диапазоны шамамен 30°C құрайды. 3-сурет. Температураның қайтымды мартенситтік ауысулары бар қорытпалардың фазалық құрамына әсері.

Нитинолға негізделген басқа қорытпалар да пішінді есте сақтау эффектісіне ие. Нитинолдан басқа, шамамен 20 пішінді есте сақтау қорытпалары белгілі, ең алдымен $\text{Cu} - \text{Zn} - \text{Al}$, $\text{Fe} - \text{Mn} - \text{Si}$ туралы айту керек. Оған Fe , Mn , Cr , V , Co сияқты химиялық элементтер енгізілгенде мартенситтік өзгерудің температуралық диапазоны -190°C -қа дейін төмендейді. Керісінше, Zn , Nb , Ta бұл шаманы 100°C -қа дейін арттырады[6-7].

Қорытынды. Қолдану және зерттеу тұрғысынан пішінді есте сақтау материалдар арасында нитинол көшбасшы болып табылады. Пішінді есте сақтау қорытпалары, ең алдымен, құбыр байланыстырғыштары үшін бір бағытты есте сақтау элементтері ретінде пайдаланылды. Қазіргі таңда энергетика саласында, ғарышта, машина жасауда, робототехникада және медицинада қажетті қасиеттері бар көпфункционалды материалдар - сыртқы факторлармен жұмыс жағдайларының (температура, механикалық жүктеме және т.б.) әсерінен пішінді есте сақтау қорытпаларынан жасалған материалдар көбірек қолданылуда.

Машина жасауда, робототехникада: дайындаманы ұстауға арналған ұстағыштар; температура компенсаторлары; діріл сөндіргіштер, демпферлер; роботтарға арналған жасанды бұлшықеттер; квази-нөлдік қаттылық коэффициенті бар серіппелер; ұзақ қызмет ету мерзімі бар мембраналар қолданылады[8-10].

Тұрмыстық техникада, жеңіл өнеркәсіпте: погребтерге, гараждарға, қоймаларға арналған температура реттегіштері; тоңазытқыштарға арналған фреонсыз реттегіштер; аралас құлыптар; есік жапқыштары; автоматты қақпаларға, есіктерге, терезелерге арналған жетектер; әжімдерсіз зергерлік бұйымдар; өздігінен жүретін ойыншықтарға арналған дискілер; электр құрылғыларына арналған термостаттар (үтік, шайнек, кофе

қайнатқыш және т.б.); кесу құралдары (пышақтар); су көтеретін сорғылар.

Салқындатуға және жылытуға арналған кондиционер. Функциялары жылу құбырларына ұқсас болатын ауаны салқындатуға және жылытуға арналған әмбебап кондиционерлер ауа температурасын жыл бойына тиімді реттейді.

Медицинада: нитинол қысқыштарының көмегімен сынған сүйектер жалғанады және түзетіледі. Нитинол спиралы адам ағзасындағы зақымдалған тамырлардың көлденең қимасын қалпына келтіруге қабілетті. Стоматологияда да бұл қорытпа қолданылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Ооцука К., Симидзу К., Судзуки Ю. М.: Металлургия. Перевод с японского И.И.Дружинина. под редакцией А.М.Глезера. 1990г.С.4 5-52., 121-132.

2 Пятова Т. Сплавы с памятью формы. Никелид титана и его свойства. Ozon.ru.2013г.

3 Физические основы пластической деформации. Термомеханическая обработка и применение сплавов с памятью формы на основе никелида титана | Коллектив авторов.Уч. пособие. Изд-во НИТУ МИСиС.2020г.

4 Курдюмов Г.В., Хандрос Л.Г. Открытие № 239. Явление термоупругого равновесия фаз при фазовых превращениях мартенситного типа (эффект Курдюмова). Металлофизика, 1981, т.3, №2, С.115.

5 Хандрос Л.Г., Арбузова И.А, Мартенситное превращение, эффект памяти формы и сверхупругость. В кн.: Металлы, электроны, решетка. Киев: Наукова думка, 1975. 108.

6 Винтайкин Б.Е.Мартенситные превращения. В кн.: Итоги науки и техники. Металловедение и термическая обработка. М.: ВИНТИ, 1983, т. 17, С. 44-51.

7 Хачин В.Н. Память формы. М.: Знание, 1984. С.82.

8 Гюнтер В.Э. и др. Применение сплавов с памятью формы в медицине. Известия вузов. Физика, 1985, № 5. С. 115-125.

9 Журавлев В.Н., Пушин В.Г. Сплавы с термомеханической памятью и их применение в медицине.Екатеринбург: УрО РАН, 2000. 150 с.

10 Маслов С.А., Ярема И.В., Данилевская О.В. нитинол-медицинский материал нового поколения // современные наукоемкие технологии. 2007., № 11. С.45-52.

Аннотация. Благодаря своим уникальным качествам нитинол получил практическое применение во многих сферах нашей жизни.

В нитиноле проявляется эффект памяти формы – физическое явление, при котором пластически деформированный металл восстанавливает свою первоначальную форму. Эффект памяти формы нитинола стал возможен благодаря изменению кристаллической решетки во время полиморфного превращения из фазы аустенита в фазу мартенсита. Память формы – это способность нитинола подвергаться деформации при одной температуре, а затем восстанавливать свою исходную, неискаженную форму при нагреве до температуры, превышающей так называемую «температуру фазового превращения».

Оптимальная величина деформации зависит от многих условий, таких как режим термообработки, число циклов работы, нагрузка, форма, и размеры конструкционного элемента.

Ключевые слова: сплав, эффект запоминания формы, нитинол, пластическая деформация никеля титана, режим термической обработки, восстановление пружины,

Abstract.Due to its unique qualities, nitinol has found practical application in many areas of our life.In nitinol, the shape memory effect is manifested - a physical phenomenon in which a plastically deformed metal restores its original shape. The shape memory effect of nitinol became possible due to the change in the crystal lattice during the polymorphic transformation from the austenite phase to the martensite phase. Shape memory is the ability of nitinol to undergo deformation at one temperature, and then restore its original, undistorted shape when heated to a temperature exceeding the so-called "phase transformation temperature". The optimal amount of deformation depends on many conditions, such as the heat treatment mode, the number of operating cycles, load, shape, and dimensions of the structural element. Practical use of nickel and titanium-based alloys in mechanical engineering, medicine, engineering and robotics. In recent years, alloys of multifunctional materials with special properties have been widely used in various branches of mechanical engineering, technology and medicine.

Keywords: alloy, shape memory effect, nitinol, titanium nickel plastic deformation,

ӘОЖ 636.086.3.

Кушербаева С.Ш., Алжанов Е.А.

а/ш.ғ.к., аға оқытушы, М.О. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.О. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ӨңІРІНДЕ ЖЕРСІНДІРІЛГЕН ҚАРАМАТАУ ҮЛГІЛЕРІНІҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН АЗЫҚТЫҚ ӨНІМДІЛІГІ

Түйін: Екпе жайылымдар құрамына басты орын алатын малазығындық өсімдіктер қатарына қараматау түрлері жатады. Қараматау түрлері көптеген шаруашылық және агротехникалық көрсеткіштері бойынша жайылым шөптерінің арасында өзіндік орны бар дақыл. Оның өсімдіктері топырақ түрін талғай бермейді. Бір егілген егістігі көп жылдар бойы малға жұғымды азық береді. Сол себепті ылғалмен қамтамасыз етілмеген тәлімі аймақта қуаңшылыққа төзімді малазығындық өсімдіктердің бірі қараматаудың кең таралған түрлерінің биологиялық ерекшелігі мен шаруашылық құндылығын анықтау болып отыр.

Лессинг қараматауы қуаңшылыққа төзімді малазығындық өсімдіктер қатарына жатады. Суыққа, тұзға төзімді, бірақ құрғақшылыққа бейімділігі төмендеу. Құмды топырақты қаламайды. Оңтүстік Қазақстанның тау бөктері жазығында саздақты топырақта жақсы өседі. Бүгінде екпе жайылым үшін Отрар сорты аудандастырылған. Өсімдіктері тік, биіктігі 80-90 см жетеді. Гүлшоғы масақ. Жемістері түкті, майда келеді. Дәні қарақоңыр, мың данасының салмағы 0,7-0,8 г.

Кілт сөздер: Лессинг қараматауы, қуаңшылық аймақ, жайылым, экология, экономика, вегетациялық, тау бөктері, тұқымның өнуі

Кіріспе. Түркістан облысының аса кең жайылымдық жері бар және мал шаруашылығының жемшөп жөніндегі қажетінің басым бөлігін сол жерлер қамтамасыз етуде. Облыстың барлық жайылымдарын: биік таудағы, тау етегі мен бөктеріндегі және жазықтағы жайылымдар деп төрт табиғи-шаруашылыққа бөлінеді. 9,1 млн гектарға жуық жайылымның 90% жуығы мал басы мол шоғырланған тау етегі мен бөктеріндегі және жазық шөлде жатыр. Олардың өнімі гектарына 1,5-3,0 центнерден аспайды. Қуаңшылық жылдары бұл аймақтағы өсімдіктер мүлде қурап, өнімділігі түсіп кетеді. Оның үстіне су көздерінің тапшылығына байланысты көп алқаптар пайдаланбайды десек те болады. Ал, суарылған жайылым алқаптарында мал тым көп шоғырландырылып, жайылымдары сарқа пайдаланылуда. Әсіресе, кейінгі жылдары бұл мәселе тым күрделеніп кетті. Өйткені малдың басым бөлігі жұртшылық шаруашылығында. Ол малдар ауыл маңайынан алыс өріске бара алмауда. Мұның өзі жайылымдары демалыссыз пайдалануға әкеліп соғуда. Нәтижесінде пайдалы малазығындық өсімдіктер түрлері сиреп, жайылымдық жерлер тоза бастады. Осыған орай «Агробизнес-2020» бағдарламасында жайылымдық жерлерді суландыру, екпе жайылымдар жасау мәселері қаралған.

Екпе жайылымдар құрамына басты орын алатын малазығындық өсімдіктер қатарына қараматау түрлері жатады. Қараматау түрлері көптеген шаруашылық және агротехникалық көрсеткіштері бойынша жайылым шөптерінің арасында өзіндік орны бар дақыл. Оның өсімдіктері топырақ түрін талғай бермейді. Бір егілген егістігі көп жылдар бойы малға жұғымды азық береді. Сол себепті ылғалмен қамтамасыз етілмеген тәлімі аймақта қуаңшылыққа төзімді малазығындық өсімдіктердің бірі қараматаудың кең таралған түрлерінің шаруашылық құндылығын анықтау болып отыр.

Теориялық талдау. Лессинг қараматауы қуаңшылыққа төзімді малазығындық өсімдіктер қатарына жатады.

Лессинг қараматауы – *Camphorosma lessingii* Litw алабұта тұқымдасына(*Chenopodiaceae* Less.) жататын жартылай бұта.

Лессинг қараматауы Ресейдің еуропалық бөлігінің, Кавказ, Қазақстан, Орталық Азия, Иран, Моңғолия, Батыс Қытайдың далалы шөл-шөлейт аймақтары мен тау, тау бөктері аудандарында кездеседі. Сор және сортаң жердің айналасында, құмның

тақырланған жерлерінде және тұзды топырақта өседі.

Суыққа, тұзға төзімді, бірақ құрғақшылыққа бейімділігі төмендеу. Құмды топырақты қаламайды. Оңтүстік Қазақстанның тау бөктері жазығында саздақты топырақта жақсы өседі. Бүгінде екпе жайылым үшін Отрар сорты аудандастырылған. Өсімдіктері тік, биіктігі 80-90 см жетеді. Гүлшоғы масақ. Жемістері түкті, майда келеді. Дәні қарақоңыр, мың данасының салмағы 0,7-0,8 г. Өнгіштік қабілеті изен дәні сияқты тез төмендейді. Көктемде наурыз айының ортасында өскін береді, шілде - тамыз айларында гүлдейді, қазанда піседі. Өсіп-даму кезеңінің ұзақтығы 195-205 күн. Өсімдіктерінің биіктігі 80-90 см жетеді.

Тәжірибелік бөлім. Қараматау үлгілерін тау бөктерінде және жазық шөлде салыстырмалы сынау нәтижесі олардың өсіп-дамуының біркелкі емес екендігін көрсетті(1-кесте).

«Бақтыөлең» тәжірибе жайында Сырдариямаңы жазығының БТ-14 үлгісінің өсімдіктері шілде айында бойлары 54,8 см жетсе, Атырау аймағынан алынған БТ-823 үлгісінің бойы 37,6 см болған. Тамыз айында тиісінше 58,8 және 45,6 см құраған.

Кесте-1. Қараматау үлгілерінің өсіп-дамуы

Тәжірибе жайы	Каталог нөмірі	Өсімдік бойлары, см	
		шілде	тамыз
Бақты өлең	БТ-14	54,8	58,8
	БТ-823	37,6	45,6
Физиологиялық кешен	БТ-14	67,0	80,6
	БТ-823	80,4	89,4

Нәтижелер мен талқылаулар. Тау бөктерінде БТ-14 үлгісінің бойы айларға сәйкес 67,0 және 80,6 см, ал БТ-823 үлгісінікі – 80,4 және 89,4 см болған. Демек, Атырауда өсетін үлгі оңтүстіктің тау бөктері жағдайына жақсы бейімделгенін көрсетіп отыр. Жазық шөлдің аптап ыстығына бұл үлгі төзімсіздеу келетінін байқатты.

Үлгілердің сабақтану және өсімділігін анықтау нәтижесі жоғарыдаалынған көрсеткіштерді нақтылай түсті(2-кесте).

Кесте-2. Қараматау үлгілерінің сабақтануы және азықтық өнімділігі

Тәжірибе жайы	Каталог нөмірі	Бір сабақ дана	түптегі саны,	Азықтық өнімділігі, ц/га	
				Көк балауса	құрғағы
Бақты өлең	БТ-14	13		18,0	58,8
	БТ-823	9		13,5	45,6
Физиологиялық кешен	БТ-14	17		230	11,3
	БТ-823	22		290	14,8

Тау бөктері жағдайында екі үлгінің де сабақтануы және азықтық өнімділігі жоғарылауда. Атыраудан алынған үлгінің бір түптегі сабақ саны 22 дана болса,

Сырдариямаңы жазығының 17 дана, ал азықтық өнімділігі тиісінше 11,3 14,8 ц/га құрады.

Осылайша, алынған мәліметтер Оңтүстіктің жазық шөлдің сортаңдау жерлерінде жергілікті БТ-14 үлгісін, ал тау бөктерінде Атырау үлгісін өсірген тиімді екені анықталды.

Жайылымдар мен шабындықтардың сипатына және жағдайына, шаруашылықты интенсификациялау дәрежесіне қарай жайылымдарды жақсартудың әр түрлі тиімді әдістері бар. Біз бұрынғы қазақтың Қаракөл шаруашылығы институтының ғылыми деректері бойынша, құмды және топырақты жайылымдарды жақсартуға сегіз жылда жұмсалған іс жүзіндегі тікелей шығындарды тұжырымдағанда, жайылымдарды түбегейлі жақсарту мақсатында көп жылдық шөптер –қараматауды– гектарына есепкенде 10 – 12 центнер, изенді- гектарына 12-14 және теріскенді – гектарына сепкенде орта есеппен 8 – 10 центнерден пішендер алынып, соларды еккен дұрыс екендігін анықталынды. Мұндай жайылымдарды пайдаланудың мерзімі ұзартылса, мал азығы тіпті арзандайды. Мұның өзі алдыңғы қатарлы шаруашылықтарға, түлікке жұмсалатын барлық шығынның 20 проценттен 30 процентке дейін пайдалана отырып жоғары өнімді мал өсіруге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Бір жерде он жылдан он бес жылға дейін өсетін әрі қуаншылыққа аса төзімді изенді, теріскенді, қараматауды қолдан егу тәжірибесі егер бұл өсімдіктердің өнуіне қолайлы жағдай жасалса, әр гектарда 40 мыңнан 80 мыңға дейін өсімдік өсіруге болатындығын көрсетіп берді. Бұл табиғи жайылымдардағыдан үш-төрт есе көп. Сонымен бірге, аталған шөптерді белгілі маусымдарда, мысалы көктем мен күзде пайдаланылатын жайылымдарға ексе, саулықтар мен төлді жайып – бағуға пайдалы азығы мол жайылым болады. Мұндай жағдай табиғи жайылымдарды белгілі мерзімдерде пайдаланылатын жайылымдарға және шабындықтарға айналдыру мүмкіндігін туғызады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Сейткәрімов А. Қазақстанның оңтүстік шөл аймағында мал азықтық өсімдіктерді жерсіндірудің ғылыми негіздері және практикалық нәтижелері // Ауыл шаруаш. Ғылымд. докторы ғылыми дәреже алу үшін дайынд. Дисс. Автореферат.- Қазақстан Республикасы, Алматы, 2006. 48 б.

2 Сейткәрімов Ә., Төреханов А.Ә., Исмаилов Б.Ә. Шөл аймақта малазығындық өсімдіктерді жерсіндіру. Алматы, 2008. 280 б.

3 Шамсутдинов З.Ш. Достижения и современная стратегия развития селекции кормовых культур в России // Актуальные вопросы животноводства и растениеводства.- Алматы; 2011. С.146-457.

Аннотация: Пастбища аридной зоны юга Казахстана являются основным источником корма для пустынного животноводства. Однако в связи с бессистемным использованием продуктивность и кормовая ценность их постоянно снижается. Поэтому улучшение сбитых угодий посевом новых кормовых культур имеет особую актуальность. В этом деле еще мало внимания уделяется видам, среди которых большее значение имеет комфоросма.

В различных экологических условиях аридной зоны Южного Казахстана получены новые достоверные данные, характеризующие биолого-экологические особенности комфоросмы и разработаны основные приемы его выращивания.

Результаты работы изучения биологических особенностей и хозяйственной ценности комфоросмы на равнинной пустыне и полуобеспеченной богаре предгорий позволило научно обосновать возможности обогащения, имеющегося набора культур новыми его видами, определить параметры роста и развития и выявить потенциальную продуктивность видов комфоросмы разработать дифференцированные технологии их выращивания применительно к экологическим условиям Юга Казахстана.

Ключевые слова: Лессинг, засушливая зона, пастбища, экология, экономика, вегетация, предгорья, өнуі семян

Abstract: Actuality is the pastures of aridzone of South - Kazakhstan appeared the main source of

stern/sodder for uninhabited of stock breeding.

However in connection with unsystematic using productivity and their sternal value descend constantly.

Therefore improvement knocked down or bad of land with sowing/crops newer. Sternal culture has particular actuality. In this work has devoted a little attention to Indian types, among which Comphorosma Lessingii litw has a big meaning.

Is in different ecological conditions aridzone of the South – Kazakhstan had got new reliable facts, have been characterized biology ecological especially of Comphorosma Lessingii litw and had cultivated the main him reception. Thesis for a master degree of agricultural sciences.

Results of work study of biological peculiarities and household values of Salsola species in flat desert and half-provide fields of foothills allow to determinate parameters of grow and development and reveal the potential productiveness of Comphorosma Lessingii worked – out individual technologies of their growing in reference to environmental conditions of South-Kazakhstan region.

Keywords: Lessing karamatau, drought zone, pasture, ecology, economy, vegetation, foothills. seed germination

ӘОЖ 37.01:001.8

¹Сарипбекова А.Т., ²Севил Пириева-Караман

¹аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан,

²тарих ғ.к. (д.м.а.), Анкара университеті Шеттілдер Институты, Анкара, Түркия

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ –

АҚЫЛ-ОЙ КЕМЕЛІНДЕГІ БІЛІМ МЕН ІЗГІЛІКТІҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ

Түйін: Мақалада ұлы ғалым, ағартушы, өз заманының философы әл-Фарабидің философиялық көзқарастары сипатталған. Олар ойшылдың дүниетанымдық көзқарастарын, оның әлемді жақсарту және жас ұрпақты дамыту идеяларын көрсетеді. Ойшылдың педагогикалық көзқарастарында бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпайтын жастарды тәрбиелеу мәселелері қозғалды. Ғалымның трактаттарында Шығыс пен Батыстың философиялық идеяларының синтезі байқалады және дәл осы факт ұлы ойшылдың бүкіл философиясының ұтымды түйіні және орталығы болып табылады. Ойшылдың тіл мәселесіне деген көзқарасының мәні ашылады, ғылымдарды жіктеудегі тәрбиенің орны мен рөлі туралы мәселе қозғалады, жүйеленген ғалым зерттеулерінің қазіргі педагогика мен психология үшін маңыздылығы атап өтіледі.

Кілттік сөздер: әл-Фараби мұрасы, ағартушылық, зияткерлік мәдениет, педагогикалық мәселелер, педагогикалық көзқарастар, мәдени орталық, гуманизм, философиялық көзқарас, тұлғаның дамуы, адамгершілік пен парасаттылық, тәрбие мәселесі.

Кіріспе. Шығыс ойшылдарының педагогикалық көзқарастары жүйесіне тән ерекшелік жеке тұлғаның үйлесімді дамуына ерекше назар аудару болды. Тұлғаны дамыту процесіндегі жан мен тән үндестігіне байланысты мәселелердің кең ауқымын зерттеуге нағыз энциклопедиялық білімі бар ойшылдар өз еңбектерін арнады. Олардың қатарына Кинди, Фараби, Бируни, Авиценна, Аверроес, Туси, Ибн Халдун және басқа да ғалымдар жатады. Олар педагогикалық мәселелерді абстракті теория тұрғысынан емес, адамзат дамуының тіршілік процесінің бөлігі ретінде қарастырды. Бұл тәсіл шығыс ойшылдарының кейінгі дәуірлердегі еуропалық ағартушыларға айтарлықтай әсерін көп жағынан түсіндіреді. Ортағасырлық Шығыстың мәдени орталықтары рухани білім беру мекемелері - медреселер болды. Ондағы оқыту жоғары ғылыми деңгейімен ерекшеленді; философ-энциклопедистер тек сабақ беріп қана қоймай, оқытуды жетілдіруге ықпал ететін оқу құралдарын құрастырды.

Өз тұстастары тамаша ғалым және философ Әбу Насыр ибн Мұхаммед әл-Фарабиді (870-950) шығыс философтары «ал муаллии ас-саны» - екінші ұстаз деп атады. Бірінші

ұстаз – «ал муаллим ал ауул» деп Аристотельді атаған. Ол Аристотельдің шығармалары туралы тамаша пікірлер айтты. Өзінің философиялық көзқарастарымен тығыз байланысқан жастардың ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесі мәселелерін, педагогикалық еңбек мәселелерін егжей-тегжейлі зерттеген. Әл-Фараби көбінше ғылымды өз бетінше оқумен меңгеріп, аса зор табандылық көрсеткен, орасан табыстарға жеткен ғұлама. Ол әсіресе, грек ғылымы мен философиясын игеруді қолға алған. Мұнда үлкен шыдамдылық пен ыждаһаттылық көрсетеді, бір аңыз бойынша ол Аристотелдің «Жан туралы» дейтін еңбегін жүз рет, «Табиғи гармониясын» қырық рет, «Риторикасын» екі жүз рет оқыған көрінеді [1].

Теориялық талдау. Әлемдік ғылымға өлшеусіз үлес қосқан даңқты ғұлама, тұңғыш әдебиетші теоретик, данышпан ойшыл, кемеңгер философ әл-Фараби ислам идеологиясы фанатизмінің дәйекті қарсыласы болды. Ол Аристотельдің «Этикасына» пікір айта отырып, ең жоғарғы жақсылықтардың бәрі осы әлемде, тек ессіздер ғана оны басқа дүниеде деп ойлайды деп жазды. Тәрбие мәселесі Фараби үшін оның философиялық жүйесінің маңызды және күрделі бөліктерінің бірі болды. Тәрбиенің басты мақсаты, оның тұжырымдамасына сәйкес, игілікті істерді орындаудан тұратын ізгілікті игеру арқылы адамды бақытты ету. Бірақ шынайы игі істерді орындау үшін адамгершіліктің қалыптасуына көмектесетін білім қажет.

Әл-Фараби трактаттарында таным құралдарымен ізгілікке тәрбиелеудің нақты әдістері ұсынылады. Фараби оны «жұмсақ» және «қатал» деп бөлді. Егер тәрбиеленушілердің өздері ғылымды игеруге, еңбекке және жақсы істерге деген ұмтылысын көрсетсе, онда бұл талпынысты нығайтуға көмектесетін жұмсақ тәрбие беру әдістері орынды. Егер тәрбиеленушілер ызақор, бағынбайтын, жалқау болса, оларға «қатал әдістерді», яғни мәжбүрлеуді қолдануға болады. Сонымен бірге мұндай әдістерді қолдану тәрбиеленушінің өзінің адамгершілік деңгейімен анықталуы керек. Демек, тәрбиелік қызмет, тәрбиеленушінің бақылауы мен тәжірибесімен үйлескен тәрбиешінің кең білімі мен жоғары адамгершілік қасиеттерін қажет етеді.

Шығыс философтары тәрбиелеудің мақсаты мен құралдары мәселелерін қарастыра отырып, көбінесе Аристотельдің «адамгершілік адамның психологиялық және биологиялық қасиеттері сияқты мұраға қалдырылмайды, ол жоспарлы жаттығулар мен әдеттердің нәтижесі болып табылады» деген идеясына сүйенді.

Тәжірибелік бөлім. Шығыс ғалымдарының ежелгі грек ойшылдарының идеяларына деген терең құрметіне қарамастан, олардың көпшілігі күмән тудырып та отырды. Мысалы, Фараби Аристотельдің адамгершілік ережелері мен олардың кодекстерінің трактовкасы тек әмбебап және абсолютті сипатта деп санады. Шындығында кез-келген бейімділік қиын жағдайда да өзгере алады. Әлі нақты моральдық көзқарастары, тіпті рухани қасиеттері қалыптаспаған, жаны потенция ретінде ұсынылған бала үшін оған тиімді әсер ететін жағдайлар жасалуы керек. Адамның адамгершілік бейнесін қалыптастыруда, Фарабидің айтуы бойынша, шешуші фактор - бұл белгілі бір қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасы және адам еркі болып табылады.

Ғылыми білімдердің мазмұны мен әдісі туралы өзінің көзқарастарын ұсына отырып, Фараби кез-келген ғылымды зерттеу кезінде үш міндетті шартты сақтауды талап етті: нақты қағидаларды басшылыққа алу, осы ғылымға қатысты алынған эмпирикалық мәліметтерден қорытынды шығару және басқалардың пікірлеріне сыни көзбен қарау. Шығыста орта ғасырларда білімнің беделі өте жоғары болды және оны басқаларға беру қабілеті көптеген себептермен, оның ішінде энциклопедист - ғалымдардың іс-әрекеті арқасында өте жоғары бағаланды. Өздері өте білімді және адамгершілікті болғандықтан, олар адамдардың екі түріне - білімді қаскөйлер мен тақуа надандарға қарсы тұрды. Білімдері бар, бірақ адамгершілігі жоқ азғындар өз іс-әрекеттерімен ғылымның өзін жаман көрсетсе, ал тақуа надандар ақымақтықтың таралуына ықпал етеді деп есептеді. Бірақ бұл

әлемде де адам «әмбебап ақылмен» қосылу арқылы бақытқа қол жеткізе алады, яғни белгілі бір интеллект деңгейін жинақтап, өзін адамгершілік жетілдіруге ықпал етеді.

Әл-Фараби жазғандай, мұғалім қызметінің мақсаты - бақытқа жету жолдарын табуға көмектесу. Мұғалім бәрін көре, ести білуі керек, көрегенді ақыл-ойға ие, принципті болуы керек, өз ойын жеткізе білуі керек, ғылымды меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар өз білімін және білімге деген сүйіспеншілігін оқушыларына бере білуі керек. Мұсылмандық орта ғасырлардағы энциклопедист - ғалымдар Гегельдің айтуы бойынша, зияткерлік мәдениеті бойынша Батыс әлемінен озып, өз тұжырымдамаларын дамыта отырып, ежелгі дәуірлердің әр түрлі қайнар көздеріне - еуропалық антикалық, үнді философиясына, ежелгі Қытайдың қайнар көздеріне және басқаларға жүгініп отырды.

Әл-Фарабидің пікірінше, бақыт дегеніміз адамның адамгершілігіне негізделеді. Ақыл-ойды адамгершілік этикасымен тығыз қарастырады. Жақсы мінез-құлықты ақылдылықтың көрініс ретінде бағлайды. «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылдық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз. Егер осы екеуі (жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші) бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен жетілгендікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз. Біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлықымыз мақтаулы болады» [2].

Әл-Фараби өзінің арқа сүйер ұстазы Аристотельдің философиясын меңгеру үшін тоғыз шартты негізге алғаны туралы «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактатында» көрсеткен. Мұндағы мақсат - тұтастықты, ақиқатты, ізгілікті, жаңа игілік көздерін іздестіру, соған қол жеткізу. Әл-Фараби ортағасырлардағы ғылым мен мәдениеттің дамуына көптеген еңбектер жазды. Ол ғылым мен қоғамның дамуында көптеген утопиялық ой-тұжырымдарын өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» деген еңбегінде көрсетті. Бұл еңбекте Әбу Насыр қоғам басшыларын сынға ала отырып, олардың ғылым мен мәдениет саласындағы еңбектеріне тоқталады. Ол өзінің қоғамдық ойларын дамыта келе, қоғамның дамуына үлес қосатын ғылымның әдістемелік мәселелеріне де ерекше мән берді.

Шығыстың ортағасырлық ойшылдарының педагогикалық идеялары, олардың білім, адамгершілік, баланың қалыптасуындағы отбасы мен мұғалімнің рөлі, тәрбие түрлері туралы ортақ ойлары олардың философиялық дүниетанымынан туындайды. Олардың адам тұжырымдамасын жасауға және оның Жердегі орнын түсінуге қосқан үлесі баға жетпес. Адам табиғатына деген гуманистік көзқарастарымен бөлісе отырып, шығыстың энциклопедист - ғалымдары жалпыадамзаттық бақытқа жетуге тырысты. Олардың идеяларының едәуір бөлігі еуропалық Қайта өрлеу, Ағартушылық және одан кейінгі барлық дәуірлердің педагогикалық теориялары үшін іргетас болды.

Нәтижелер мен талдау. Ортағасырлық ойшылдардың ұлы еңбегі олардың гуманизм, ағартушылық және өзара сыйластық идеяларына негізделген жалпы адами, қоғамдық және мемлекеттік даму туралы ойларын білдіруінен тұрады. Бұл ғалымдар жоғары академиялық ұтқырлықпен ерекшеленді және Шығыстың әртүрлі елдерінде ғылыми білімдердің қалыптасуында, аймақтар мен континенттер арасындағы өзара алмасудың кеңеюінде және жалпы әлемдік өркениеттің дамуында маңызды рөл атқарды. Әл-Фараби философиясы - Шығыс пен Батыс идеяларының синтезі. Оның идеяларын терең зерттеу және өзектендіру Шығыс пен Батыс арасындағы диалогты толық және тұтастай түсінуге ықпал етеді. Қазақстан шығыс пен батыс мәдениеттерінің қиылысында, ұзақ жылдар бойы өзара әрекеттесіп, ынтымақтастықта, өзара байытылған тарихи кеңістікте орналасқан. Ұлы ойшылдың жеке өмірбаянының түркілік тегі, философиялық ойдың ислам мәдениеті топырағында дамуына мүмкіндік беруі оның абыройын нығайтты, өйткені әл-Фараби мұрасы философиялық ақыл-ойдың полисемантикалық ой кеңістігінде жұмыс жасау қабілетінің белгісі болды [3].

Біз философтың «ақыл ізгілігіне» үлкен мән беретіндігін түсінуіміз керек. Атап айтқанда, философ ең жетілдірілген ақыл-ой қасиеті ұзақ уақытқа есептелген халыққа, адамдарға және қалаларға қамқорлық жасау деп санайды. Одан кейін әр өнер түріне, әрбір үйге, жеке адамға күнделікті өмірде қолданылатын ақыл-ой қасиеттері жалғасады. Бақыт, адамның адамгершілік тұрғыдан кемелденуі, оған жетудің жолдары мен тәсілдері туралы мәселе ұлы ғалым әл-Фараби дәуіріндегі проблемалық мәселелердің бірі болды. Бүгінгі күні бұл мәселе өзектілігін жоғалтқан жоқ. Муаллимус Соңяның айтуы бойынша бақыт-адам инстинкті түрде ұмтылатын жетілудің бір түрі. Атап айтқанда, ол игіліктер арасында «бұл адам ең алдымен ұмтылатын ең ірі бақуат және ең мінсіз мақсат» деп жазады. Фарабидің пікірінше, адамның кемелденуі, оның ізгіліктерінің қалыптасуы бүкіл өмір бойы жалғасатын және өліммен тоқтайтын үдеріс. Философ адамгершілік қасиеттер санатына темперамент, батылдық, жомарттық және әділеттілікті жатқызады. Бірақ Фараби толық кемелденуге ақылға қонымды ізгілік болған кезде ғана қол жеткізуге болады деп санайды.

Қорытынды. Әбу Насыр әл-Фараби өзінен кейінгілерге бай шығармашылық мұра қалдырды. Талай-талай тарихшылар мен философтар оның жазған трактаттарының санын анықтамақ болып талпынып келеді, бәрі бір тоқтамға келе алған жоқ. Әбу Насыр әл-Фарабидің кітаптары, ондағы көптеген туынды еңбектерін дүние жүзінің ең ірі кітапханаларынан табуға болады. Атап айтқанда Мәскеудің, Санкт-Петербургтің, Ташкенттің, Бейруттың, Душанбенің, Бакудың, Қазанның, Дамаскінің, Стамбулдың, Берлиннің, Лондонның, Париждің, Мадридтің, Нью-Йорктың мемлекеттік кітапхана қорларында сақталып келе жатыр. Оларды іздестіріп жарыққа шығару, халықтың игілігіне айналдыру – келешекке міндет, ел алдында парыз.

Сонымен, ойшыл әдептілік пен ойшылдық, адамгершілік пен парасаттылықтың байланысын атап көрсетеді, оны мойындамайтындарды сынайды. Осы ұғымдардың бірлігі мен олардың өзара байланыстылығынан шыға отырып, ол кемел адам мен ізгілікті қоғамның гуманистік мұраттарын түсіндіреді. Бақытқа жетелейтін шынайы адамгершілік кемелдік пен білімнің көрінісі - Фараби философиясының негізгі идеясы.

Әдебиеттер тізімі:

1. З.С.Сатбаев. Әл-Фарабидің тәрбие саласындағы ой пікірлері. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: ҚАЗАқпарат. 12-қазан, 2001ж. Б. 191
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. А., 1975. ББ. 11-12
3. Усманова У.С. Вклад среднеазиатского ученого Абу Насра аль-Фараби в развитие мирвой философской мысли. // Молодой ученый. № 3, 2018.

Аннотация: В статье описаны философские взгляды великого ученого, просветителя, философа своего времени аль-Фараби. В них отражены мировоззренческие взгляды мыслителя, его идеи по улучшению мира и развитию подрастающего поколения. В педагогических воззрениях мыслителя были затронуты проблемы воспитания молодежи, которые не теряют актуальности и по сей день. В трактатах ученого прослеживается синтез философских идей Востока и Запада и именно этот факт является рациональным зерном и центром всей философии великого мыслителя. Раскрывается суть подхода мыслителя к проблеме языка, затрагивается вопрос о месте и роли воспитания в классификации наук, систематизированной подчеркивается важность исследований ученого для современной педагогики и психологии. Философия аль-Фараби- яркое воплощение основных позиций учения того времени. Ученый стремился познавать мироустройство. Основные позиции своей теории познания он изложил во многих своих трактатах. Аль-Фараби предложил эту систему как основу высшего образования. На вершине наук, по его мнению, находится языкознание, далее идут логика, математика, физика, метафизика, политика. Статья раскрывает философские идеи просветителя как синтез идей Востока и запада.

Ключевые слова: наследие Аль-Фараби, просвещение, интеллектуальная культура, педагогические проблемы, педагогические взгляды, культурный центр, гуманизм, философский подход, развитие личности, нравственность и добропорядочность, проблема воспитания.

Abstract: The article describes the philosophical views of the great scientist, enlightener, philosopher of his time al-Farabi. They reflect the worldview of the thinker, his ideas for improving the world and developing the younger generation. In the pedagogical views of the thinker al-Farabi, the problems of raising the younger generation, which do not lose their relevance to this day, were touched upon. In the treatises of the scientist, a synthesis of the philosophical ideas of the East and West is traced and it is this fact that is the rational grain and center of the entire philosophy of the great thinker. The thinker's approach to the problem of language is revealed, the question of the place and role of education in the classification of sciences is raised, the systematized emphasis is placed on the importance of the scientist's research for modern pedagogy and psychology. At the top of the sciences, in his opinion, is linguistics (writing, reading and poetics), followed by logic, mathematics, physics, metaphysics, politics. The article reveals the philosophical ideas of the enlightener as a synthesis of the ideas of the East and West.

Keywords. Al-Farabi's heritage, enlightenment, intellectual culture, pedagogical problems, pedagogical views, Cultural Center, humanism, philosophical view, personal development, morality and reasonableness, the problem of Education.

Жанысбекова Г.А., Торғаутова Ш.А.

тарих ғ.к., доцент «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы.

М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

тарих магистрі, «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының

бас менеджері, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ –

ҚОҒАМ САНАСЫН РУХТАНДЫРУШЫ ЖАЛЫНДЫ ТҰЛҒА

(Ұлы Отан соғысындағы майдан газеттері материалдары ізімен)

Түйін: Мақалада Жамбыл Жабаев – қоғам санасын рухтандырушы жалынды тұлға (Ұлы Отан соғысындағы майдан газеттері материалдары ізімен) зерртеулер жасалынды. Кеңестік кезеңде «Ұлы Отан соғысы», ал әлем халқы үшін Екінші дүниежүзілік соғыстың жалғасы болып табылған, ал, неміс-фашист басқыншылары үшін қарапайым ғана «Шығыс майданы» деп аталған осынау отты жылдар кезеңі елімізге үлкен сын болғаны анық. Ол сынды кезінде «советтік ұлт» деп аталған КСРО азаматтары біртұтас ел ретінде біріге еңсерді. Тілі мен түрі саналуан болса да ел шетіне келген жауға ортақ рухани сеніммен қарсы тұра білген біртұтас мемлекеттің халқы есерсоқ фашистік жауды өз шекарасына дейін қуып шығып, Ұлы Жеңіске қол жеткізгені тарихи айқын аксиома болып, академиялық басылымдардан бастап, білім берудің барлық кезеңдері үшін жазылған оқулықтарына дейін енгізілді.

Кілт сөздер: Жамбыл Жабаев, қоғам санасы, тұлға, Ұлы Отан, ұлттық рух


Кіріспе. Кеңестік кезеңде «Ұлы Отан соғысы», ал әлем халқы үшін Екінші дүниежүзілік соғыстың жалғасы болып табылған, ал, неміс-фашист басқыншылары үшін қарапайым ғана «Шығыс майданы» деп аталған осынау отты жылдар кезеңі елімізге үлкен сын болғаны анық. Ол сынды кезінде «советтік ұлт» деп аталған КСРО азаматтары біртұтас ел ретінде біріге еңсерді. Тілі мен түрі саналуан болса да ел шетіне келген жауға ортақ рухани сеніммен қарсы тұра білген біртұтас мемлекеттің халқы есерсоқ фашистік жауды өз шекарасына дейін қуып шығып, Ұлы Жеңіске қол жеткізгені тарихи айқын аксиома болып, академиялық басылымдардан бастап, білім берудің барлық кезеңдері үшін жазылған оқулықтарына дейін енгізілді.

Десе де, рухи бірлік бір күннің ғана жұмысы емес, немесе оны бір ғана бұйрықпен орнатуға болмайды. Жас боздақтарды майданның от себелеген алдыңғы шебіне аттандыру үшін олармен рухани байланысты орнату бағытында үлкен жұмыстар жүргізілген. Осы бір отты жылдарда фашистік басқыншыларға қарсы талай-талай әндер, жырлар жазылып, кинолар түсірілді, суреттер, карикатуралар мен плакаттар салынған болатын.



Сурет №1 – 1939-1945 жж. неміс-фашист басқыншыларына қарсы суретшілер салған туындылардың 2020 ж. өткізілген 1 айлық көрмесінің хабарландыру плакаты

Отты жылдардағы оқиғалардан еліміздің еңселі ақынының бірі, қария Жамбыл да тысқары қала алмады. Жамбыл поэзиясы фашистік басқыншылыққа қарсы соғыстағы майдангерлерді де, тыл еңбеккерлерін де, қоршаудағы қалалар тұрғындарын да бір кісідей жеңіске жұмылдыра білді. Оның атақты «Ленинградтық өренім» атты блокадалық ленинградтықтарға арналған поэтикалық арнауы қаһарлы 1941 жылдың қыркүйегінде жазылған болатын. Жамбыл өлеңі жазылған плакаттар қоршаудағы қаланың көрнекі жерлерінің барлығына ілінді және қала қорғаушыларының патриоттық сезімдерін оятты. Жамбыл жыры жазылған газеттерді сатып алу үшін қала тұрғындары жау ұшақтарының бомбалауларына да қарамастан, кезекте тұрған, осы «Жеңіз поэзиясы» деп баға берген өлеңге бүгінгі заманымызда да тарихи жадының төрінен орын берген. Олай дейтініміз – Жамбыл өлеңінің қазіргі кезеңде жасалып отырылған жаңа сайттардың алғашқы беттерінде орналастырылғандығы болып табылады.



Сурет №2 – Ж.Жабаевтың «Ленинградтық өренім!» атты жырының орыс тіліндегі аудармасының Ресей Федерациясының «Блокада.Отрок» атты сайтында орналастырылуы [1].

Ақын өзінің отты жырларын жазумен бірге, қартайған жасына қарамай соғыс майданының алғы шебіндегі жауынгерлермен кездесулер де ұйымдастырған. Бұл турасында «Социалистік Қазақстан» газетінен Солтүстік-Батыс майданының «Отан үшін» атты қызыләскер газетіне 1942 жылғы 26 қыркүйектегі №23 нөмеріне көшіріліп «Қазақстан хабарлары» айдарында жарияланған «Жамбыл жауынгерлер арасында» мақала мазмұны тарихи куәлік береді. Сарғайған газеттің бетінен алынған оқиға сипатын бөлмей тұтас беріп, өткен оқиғаның барысын толық жандандыру да қажет сияқты. Газет материалынан ақынның қандай майданда болғаны белгісіз, әдеттегідей құпия түрде «Н. атты бөлім» деп көрсетілген бөлім жауынгерлерімен болған сұхбаты туралы «Социалистік Қазақстан» газетінің баянын толық берер болсақ, кездесудегі оқиға былайша өрбіген: «Жамбыл қарияның келгеніне Н. әскер бөліміндегілер қатты қуанды. – Япыр-ай, тіпті жақсы болды-ау, – деседі біреулері.

Бөлімнің командирі мен комиссары Жәкеңе жауынгерлерінің дайындықтарын айтып, ұзақ әңгімелесті. Жәкең сөз арасында екеуіне әкелік ақылын да айтып қояды:

– Жақсы болады, оларың. Бұл жігіттердің көбі бұрын кең байтақ елде жүріп, мұндай өнерді көрмегендер ғой. Қалт қалдырмай әбден пысықтап үйретіндер. Өнері асқан кісі жауды алады ғой, тегінде, шырақтарым!

Майдан жайлы әңгіме айтқанда, «жауға қияр жарты сүйем жер барма? – деген сөзі – қарт атаның қаһарлы жарлығындай естіледі. Аянбаған жауды, алар, деген ғой. Аянатын не

бар! – деп байлайды сөзін қария,

Ағаш көлеңкесіндегі көк орайға жасалған ұзын столдың айналасына командирлер, саяси қызметкерлер, бірсыпыра жауынгерлер Жәкеңмен бірге асқа отырды... Исі мұрнынды жарған, жайлаудың сары қымызын кұйдырып, Жәкең бәрін сыйлады.

Жәкең жауынгерлермен суретке түскенде, тіпті жігіттей жазылып, жұртты мәз етті:

Мен де әскермін сендердей

Күш, қуатым бойымда,

Жау жарағым қолымда,

Жауды таптап жеңгендей, - деп жырлап кетті», – деп, келтірген жолдар майдандағы қазақ әскерлеріне Жамбыл Жабаеттың рухани әке ретінде күш беруші тұлға балғандығын жазбай тануымызға болады.

Ол сондай-ақ, өзінің «Алынбас қамал» деген жырында:

«Қатерлі күнде тебіренсем,

Сөзімде менің қаһар бар.

Түндерде тыныш жата алман,

Құлағым түріп хабарға», - деп, ортақ іс, ортақ жеңіс жолындағы кәрі қырандай қанатын қомдаған жай-күйінен хабар береді [2].

Ақынның осы сөзінен қуаты мен қайраты сай, майданның алғы шебіне ұмтылуға даяр екендігін, алайда, жасы келіп, күші кемігендігіндігі ғана қарт ақынға тоқтау салып тұрғандығын аңғарғандаймыз. Оның қолынан келері тек жыр төгу болды – одан Жамбыл Жабает аянып қалған жоқ, сөзінің барлық асыл зерін жеңіс жолына арнады. Оған 1943 жылы ақындардың республикалық айтысы кезінде «Аузымда – жыр, қолымда – оқ, жырым – досқа, жауға – оқ!» деп қысқа-қысқа нақты сөздермен өзінің өмірлік ұстанымын дәл айқындап бергендігі де дәлел. Ал, өзінің соңынан ерген ақындарға сара жол көрсету үшін «Ақындарға арнау» атты 105 жолдан тұратын бағдарламалық сипаттағы өлең жолдарын арнайды. Арнауға Жамбыл ақын өткен кезеңнің айтулы ақындары - Сүйімбай, Қатаған, Кеншімбай, Орымбай, Құл, Құлмамбет, Құлыншақ, Майкөт, Сарбас, Қуандық, Шөже, Кемпірбай шығармашылықтарына әдеби-сыни жоғары баға беріп өтеді де, сол дәстүр мен сара жолды осыдан әрі қарай жалғастыру керек екендігіне де ден қояды, өзінің замандас ақындары Орымбай, Шашубай, Нартай, Кенен, Нұрлыбек, Маясар, Қуат, Жақсыбай ақындарға:

«... Хыйуаны шалыңдар,

Қыйқу салып талайдан

Келе жатқан сарын бар.

...Көк дауылдай боратып

Сөз бастаңдар келелі.

Жырға лайық елің бар,

Елге лайық ерің бар,

...

Неменеден кемің бар?

Осыларды толғайтын

Ақындарым, жөнің бар!

Қыруар завод, қалаң бар.

Жауды қуған жөңкілтіп

Батырларға қараңдар.

Жас арыстан пішінді

Жауға ойран салған бар.

Батыр сынды, мүсінді

Мәліктей көп балаң бар.

Қаһарман қып жасаған

Халқымызды заман бар.

Не болғанын бүгінде
Бөбектердің білуге
Бәйіт қылып тараңдар,
Замананың жыршысы
Сендерде не арман бар?
Сол заманның тұлғасы
Өлең-жырды дүрілдет –
Жарқылдатып жасылдай.
Сөздеріңнің күшінен
Жау жүрегі түршіксің,
Жырларыңды естіген
Дос құмардан бір шықсын! – дейді [3].

Осы арнауға өзі тілге тиек етіп отырған «Мәліктей көп балаң бар», – деген өлең жолын жазуға Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллинмен кездесуі негіз болғанын газет материалдарынан кездестірдік. «Волхов майданындағы» қызыләскер газеті «Майдан правдасының» 1943 жылғы 20 тамызында жарыққа шыққан 63 (72) нөмірінде М. Кедрова атты тілшінің «Батыр – халық көркі» тақырыбымен жариялаған мақаласынан көре аламыз. Өз баласы – Алғадайдың қазасынан кейін басын көтере алмай, қалың қайғыға батқан қария Жамбылға соғыс батыры М. Ғабдуллиннің келіп сәлем беруі үлкен серпіліс берді. Қайғыдан күйреген ақын, өзіне арнайы ат басын майданнан бұрып келген М. Ғабдуллиннің келуін тағатсыздана: «Мәлік қайда, Мәлік? – деді қарт мотордың дауысын естіп, сен осындай ма едің, Мәлігім! Батырлар туралы жырлағанымда оларды нақ осы сендей көруші едім... Мен қартпын, сен-жаспын. Менде де орден бар, сенде де орден бар. Екеуімізде бұл ардақты абыройға ие болдық. Бірақ сенің өмірің алда, сен әлі көпті көресің, ал енді ұлының айырылған қарт Жамбылға өлімнен басқа не қалды?...» - деген ақын, қайтадан қайраттана қайғысын серпіп: «Жамбылдың басқа да ұлдары бар екенін, егер қажет болса оларды да әкесі майданға жіберетінін Сталин білсін. Жамбыл кеудіреген шал болса да әлі де елі үшін қызмет істеуге даяр, көңілі көтеріңкі екенін данышпан ұстазымыз Сталин жолдас білсін», – деп шырқағанын жазады газет тілшісі [4].

Ақынның батырмен кездесуі талай қазақ жауынгерлеріне қажымас қайрат, мықты рух берді. Өйткені, қазақ жауынгерлерін алда үлкен-үлкен шайқастар күтіп тұрғаны, соғыстың 2-ші жартысында талай қалалардың азат етілгендігі соғыс тарихы жазылған оқулықтар мен зерттеулерден белгілі. Ендеше, осы үлкенді-кішілі майдан эпизодтарынан құралған Ұлы Жеңісті жақындатуда Жамбыл Жабаевтың ересен қуатты жыр жолдары да маңызды қызмет атқарғаны анық. М.Ғабдуллин де осы тұжырымды жандандырғандай: «Жамбыл қарттың өлеңдері жауға зеңбіректің оғындай тиеді», - деп, соғыстағы қазақтың Б.Момышұлы, Т.Тохтаров сынды батырлары туралы айтып, қарт ақынның жанын жадыратты.

Осындай көңіл-күйді ақындар Асқар Тоқмағанбетов пен Сағынғали Сеитовтер қазақ тіліне аударып «Отан үшін» атты «Солтүстік-батыс майданның» қазақ тілінде жарық көретін қызыләскер газетінің 1942 жылы 3 қазанында шығарылған 25-ші нөмірінде жарияланған Ленин және комсомол сыйлықтарының лауреаты, отты жылдар ақыны Михаил Светловтың «Жамбылға хат» деген 108 жолдан тұратын өлең жолдарынан аңғаруымызға болады [5].

«Өзіндей қадірлейтін қарттық шағын, Ант еттік! Аттанамыз лек-лек алға, – дей келе, қазақ жауынгерлердің ерлік істерін сипаттайды да, осылардың барлығын болашақ жырларыңа арқау етерсің деп, соғыс сұрапылына суреткерлік сипаттама береді. Осы аталмыш өлеңге арқау болған ұрыс барысында жарасын қолымен басып алып екі күн соғысқан лейтант Балғабаев, Бекберген Сағынтаев, Сырым Амансулов, жас мерген Қойшыбаевтардың ерлік істерін суреттей келе «Тар өткел, талай тайғақ жолдан таймай, Соғыстың соқпағынан өттік талмай, Айтамыз ерліктерін қазақтардың, Таусылмас саған

толғар, жыр болғандай», – дейді. Орыс ақыны М. Светлов Жамбыл ақынның соғыс қимылын өзі көргендей аңғарғанын қалайды:

«Қыйырдан көз жіберіп, байқаш Жамбыл, Болмақшы кескілескен айқас, Жамбыл», – деген жолдардан әрбір жауынгердің өзінің осы жылдардың ауыр салмағын Ұлы Жамбылдың өзі сезініп, өз түйсігі арқылы өткізіп, өзінің дауылды жырларымен жеткізгендігін қалайтынын аңғаруымызға болады. М. Светлов «Шалқыған от теңіздің ортасынан, Жасқанған жан көрмейсің шайқастан бір. Қазақтың ән-жыры ұқсап бал бұлаққа, жорыққа сусын болды шыққан шақта меруерттей сенің таза жырларыңды, есіттік талай-талай алға сапта, мызғымай тұрса берік халық қатары, жарық етіп атар жеңіс таң шапағы Әрі дос әрі туыс бізге қазақ. Аңыз боп тарап кеткен ер атағы! Ұрыстан үрейленіп шықпас тайып, Жамбыл, бұл сен өсірген батыр тұлға», - деп қазақ халқына, оның батыр ұлдарына және от ауызды дауылпаз жыршы Жамбыл Жабаевтың шығармашылығына тәнті болады.

Жамбылға жыр арнап өз ой-арманымен бөліскен, ақынның рухтандырушы қанатты сөзін қажет еткен хаттар майданнан үнемі келіп отырған. Мысалы, жинақтың соңғы беттерінде берілген «Майдан хаттары. 1941-1945» деген бөлімде 1943 жылдың 14 қыркүйегінде Шопашев Тілеген атты майдангердің «Жәкеңе» атты хатты алып қарасақ, ол да жыр жолдарымен жазылған хат [6].

Хат авторы Жамбылға «Қазақ поэзиясының алыбы», «Үш орденді Жамбыл», «Әке» есімдер беріп, солдаттық сәлемін жолдайды, Жамбылдың патриоттық өсиетін ғана пір тұтып қоймай, оның шығармашылығына еліктегенін «Арнау» түрінде жазған жыр-хат жолдарынан да көре аламыз. Осындай рухани байланыс жас майдангерді болашақта қаламгерлікке жетелегенін аңдауымызға болады. Еркін интернет көзінен алынған дерек бойынша Тілеген Шопашевтің қазақ-совет ақыны екендігін, ол 1922 жылдың 7-ші шілдесінде Шиелі ауданында өмірге келгендігін, 1942-1945 жылдарда Ұлы Отан соғысына қатысқандығын, бірнеше өлеңдер жинағын шығарғандығын, «Жазушы» баспасының 1958-1964 жылдардағы аға редакторы қызметін атқарғандығы анықталды [7].

Қорытынды. Яғни, қан майданда жүрген 21 жасар жас жауынгер Тілеген Шопашев Жамбыл ақынның шығармашылығына еліктеу арқылы, өзінің болашақ жолын таба білді – бұл нағыз тарихи-рухани сабақтастық деп айта алуымызға болады. «Қызыл жұлдыз» ордені бар ақын Тілеген Шопашевтың соғыстан кейінгі жылдарда шығарған «Жаңбыр» (1957), «Өмірге сапар» (1959), «Туған жер» (1966), «Бәйтерек» (1971), «Көңіл көктемі» (1973) т.б. өлеңдер жинақтары қазақ оқырмандарына жол тартты.

Сурет №2 – Тілеген Шопашевтың «Жәкеңе» атты өлеңі

Жамбыл мен майдан байланысы соғыс жылдарындағы қиыншылықтарға қарамастан

жалғаса берді. Өйткені, Ата ақын сөзі, отты жырлары қазақтар үшін де, көп ұлтты кеңсетік армияның әрбір солдаты үшін де рухани күш берер қуат көзі болатын. 1943 жылы майданға келген ақын Ғали Орманов та «Әкелдім сәлем Жамбылдан» өлең жолдарын жазып, осы рухани байланысты нығайтатын тарихи сәттің сырын ақтарады.

Аттанарда ауылдан,
Амандастым Жамбылға: –
Шай шапаның жамылған
Тұрпаты тұр алдында
Ақсақалы төгілген,
Ақ қақпағы басында,
Алатаудай көрінген,
Дос-жараны қасында:
Үйден шығып тұр еді,
Аттандырып салғалы,
Көңілденді жүрегі –
«Қош» – деп қолымды алғаны,
Көне көзін тоқтатып
Көп қарады бетіме:
– Кәрілік шіркін тұр тартып,
Әттең, бірге кетуге!
Қыюада жатсам да,
Соларға үн қосамын
Сенер күндей тартсам да,
Соларды мән тосамын!

Әдебиеттер тізімі:

- 1 <http://blokada.otrok.ru/poetry/dzhambul1.htm>
- 2 Жабаев Ж. Алынбас қамал. // Отан үшін. 28.10.1942. №31 / Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтар достығы: майдан газеттері бетінде (материалдар жинағы) Алматы: 2015. Б.53.
- 3 Жабаев Ж. Ақындарға арнау. // Майдан правдасы. 07.01.1944. №3 (113) / Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтар достығы: майдан газеттері бетінде (материалдар жинағы) Алматы: 2015. Б.243.
- 4 Кедрова М. Батыр – халық көркі. // Майдан правдасы. 20.08.1943 / Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтар достығы: майдан газеттері бетінде (материалдар жинағы) Алматы: 2015. Б.99.
- 5 Светлов М. Жамбылға хат. // Отан үшін. 03.10.1942. №25 / Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтар достығы: майдан газеттері бетінде (материалдар жинағы) – Алматы: 2015. Б.40.
- 6 Шопашев Т. Жәкеңе. / Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтар достығы: майдан газеттері бетінде (материалдар жинағы) – Алматы: 2015. – Б.306.
- 7 https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D1%96%D0%BB%D0%B5%D0%B3%D0%B5%D0%BD_%D0%A8%D0%BE%D0%BF%D0%B0%D1%88%D0%B5%D0%B2
- 8 Орманов Ғ. Әкелдім сәлем Жамбылдан. // Отан үшін. 09.06.1943. №49 (98) / Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтар достығы: майдан газеттері бетінде (материалдар жинағы) Алматы: 2015. Б.175.

Аннотация: В статье Джамбул Жабаев-пламенная личность, вдохновляющая общественное сознание (По следам материалов фронтовых газет в Великой Отечественной войне). Большой критикой для нашей страны стал период этих огненных лет, который в советский период являлся продолжением «Великой Отечественной войны», а для народа мира-продолжением Второй

мировой войны, а для немецко-фашистских захватчиков-просто «Восточным фронтом». В свое время граждане СССР, получившие название «советская нация», объединились как единая страна. Исторически очевидной аксиомой стало то, что народ единого государства, несмотря на многообразие языков и видов, сумел противостоять врагу, пришедшему на окраину страны, с общей духовной верой, изгнал фашистского врага к своим границам и одержал Великую Победу, начиная с академических изданий и заканчивая учебниками, написанными для всех ступеней образования.

Ключевые слова: Жамбыл Жабаев, общественное сознание, личность, великая Родина, национальный дух

Abstract: In the article, Dzhabbul Zhabaev is a fiery personality who inspires the public consciousness (Following the materials of front-line newspapers in the Great Patriotic War). A great criticism for our country was the period of these fiery years, which in the Soviet period was a continuation of the "Great Patriotic War", and for the people of the world-a continuation of the Second World War, and for the German-fascist invaders-just the "Eastern Front". At one time, the citizens of the USSR, who received the name "Soviet nation", united as a single country. Historically, it has become an obvious axiom that the people of a single state, despite the diversity of languages and species, managed to resist the enemy who came to the outskirts of the country with a common spiritual faith, drove the fascist enemy to their borders and won a Great Victory, starting with academic publications and ending with textbooks written for all levels of education.

Keywords: Zhambyl Zhabayev, public consciousness, personality, great Motherland, national spirit

**ФИЛОСОФИЯ
ФИЛОСОФИЯ
PHILOSOPHY**

ӘОЖ: 131.9

¹Шалдарбекова А.Б., ²Хужаев М.И.

¹философия ғ.к., аға оқытушы Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²философия ғ.д., РнД, доцент, Өзбекстан Халқаралық Ислам академиясы,
Ташкент, Өзбекстан.

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДА
МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Түйін: Мақала қазақ халқының көрнекті ақыны, ойшыл философы Мағжан Жұмабаевтың терең ойлы, мазмұнды шығармашылығында көрініс берген бірқатар мәселелері қарастырылған. Мағжанды ақындық тұғырға көтерген ұлы ойшылдығы, заманынан, замандастарынан оздырған кемеңгерлігі оның бірнеше шығармалары мысалында ашылған. Ақынның өршіл рухты, Алаш ақыны ретінде өз шығармаларында көтерген ұлт-азаттық идеясы жаһандану жағдайындағы Қазақстанның ұлттың өзіндік болмысын сақталып қалу жолындағы күресінде маңызды роль атқарғаны ашылып көрсетілген. Мағжандай ойшылдарымыздың дүниетанымын тарихи-философиялық талдаудан өткізу халқымыздың рухани болмысын тануға ерекше үлес қосатындығы, ұлттық философияның аясын кеңейтетіндігі және мұндай сараптау тарихи және рухани сабақтастықты нығайтатындығы дәйектелген.

Сан қырлы, алуан ойдың иесі болған Мағжанның азаттық идеясы үшін қызмет еткен асқақ рухы қазіргі жастарға үлгі ретінде көрсетілген. Сонымен қатар ақынның білімге шақырған үндеулері Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында көрсеткен «білімді болу - табысты болудың жолы» идеясымен сабақтастықта сарапталған.

Кілт сөздер: қоғамдық сананы жаңғырту, білім, Алаш, ұлт, қоғам.

Кіріспе: Адамдарды қоғамға бірігіп атқаратын өмірлік іс-әрекеттер жетелейді. Біршама адамдардың жиынтығы өз іс-әрекеттерінің нәтижесінде бірігіп тіршілік етуге қажетті жағдайлар жасаған уақытта әлеуметтік топқа айналады. Қоғамның тірегі, түпнегізі, күретамырын құрайтын қоғамдық қатынастар ұдайы өндіріледі және тұрақты болады. Заман ағымы дамып өзгерген сайын ұрпақтар бірін-бірі ауыстыруы немесе бір ұрпақ екінші ұрпақты алмастыруы мүмкін. Бірақ қоғамға болмыс сыйлап, оның тұрақтылығын қамтамасыз етіп тұратын қоғамдық қатынастар әруақытта болады және бола береді де. Сондықтан қоғам – адамдардың өмірлік іс-әрекеті барысында нақты тарихи-мәдени жағдайда заңды қалыптасқан қатынастарының жүйесі (1, 6 б). Міне осы қоғамның болмысы сан қилы пікірлер, идеялардың жиынтығын құрайтын қоғамдық сана арқылы бейнеленеді.

Қоғамдық сананың күнделікті өмірден келіп шығатын қарапайым және білімге негізделген теориялық деңгейлерімен қоса, зерттеушілер мораль, дін және өнер, ғылым және философияны да қоғамдық сана құрылымында қарастырады. Адамның бойындағы қоршаған ортаны бейнелеуге бағытталған қарапайым сана мен теориялық сана бірін бірі толықтырып отырады. Қоғамдық сананың басқа формаларының ішінде моральдің алатын орны өте маңызды.

Моральдің ұлтын сүйетін, өз халқының болашағына алаңдайтын сезімнен келіп шығатын ұлттық сипаты, таптық және әрбір азаматтың бойында өзгеге деген қайырымдылықты, махаббатты, адамгершілікті, таулықты құндылық деңгейіне көтеретін жалпы адамзаттық сипаты бар. Кеңестік жүйе жағдайында таптық моральды сынау қоғамға қоғамда етек жайғаны белгілі. Ал жаһандану жағдайында ұлттық моральдық

құндылықтарды жаңғырту – әлемдік мәдениет көшінде қазақ ұлтының тілі, ділін, өзіндік болмысын сақтап қалу факторы ретінде қарастырылып отыр деген қорытынды жасайды Ғ.Нұрышева (2, 193 б.).

Қазіргі таңда мемлекетіміз әлем халықтарының мәдениеті бір-бірімен сұхбат құрған жаһандану жағдайында өмір сүріп жатыр. Әлемдік өркениетке ұмтылыс жасауға ниеттенген тұста сырттан келген саясат ұлттың рухын әлсірететіндігі жасырын емес. Ұлттық сананың рухы ол тарихта. Тарихты білген ұрпақтың тәрбиесі күшті болады. Тарихты білу ұлттық сананы дамытады. Ұлттық сана тарихи түсініктен шығады. Тарихын, ата-баба дәстүрін білу жасұрпақтың сырттан келген жат мәдениеттің алдында ұлттық болмысын сақтап қалу жолындағы иммунитетін күшейтеді.

Осы тұста Алашым деп жүрегі соққан Мағжанның дүниетанымын философиялық тұрғыдан зерделеп, жас ұрпаққа ұсыну - өзекті мәселелердің бірі. Оның шығармашылығында Батыс пен Шығыс өркениеті ерекше тоғысқан. Мағжан көрсеткен адамгершілік ұстанымдар, ұлт алдындағы жауапкершілік пен парызды өтеу сияқты мәселелер қазіргі біздің қоғамдық болмысымызда ерекше сұранысқа ие болып отыр. Тарихтан тәлім алып, оны философиялық тұжырымнан өткізе білген жағдайда ғана елдігімізді бағалап, тәуелсіздігімізді сақтап, баянды ете аламыз. Халықтың өзіне тән рухани тәжірибесін өз бойына сіңірген ұлттық философияны сараптау оның өзін-өзі тануына жол ашады.

Негізгі бөлім. М.Жұмабаев сынды ойшыл ақынның дүниетанымын ашып көрсетудің өзектілігін айқындауда мынадай тұжырымдарға мән беру қажет деп есептеймін. Біріншіден, халқымыздың тарихында өзіндік ізденістерімен, іс-әрекеттерімен із қалдырған ойшылдарымыздың дүниетанымын тарихи-философиялық талдаудан өткізу халқымыздың рухани болмысын тануға ерекше үлес қосады; екіншіден, әрбір ойшылды осындай сараптамадан өткізу ұлттық философияның аясын кеңейтіп, ұғымдарын толықтырады; үшіншіден, мұндай сараптау тарихи және рухани сабақтастықты нығайтып отырады. Ал ол өз тұрғысынан ұлттық ойлаудың үздіксіз дамып, ұдайы жаңарып, жаңғырып отыруын қамтамасыз етеді. Төртіншіден, өткенді тану, оның қисынына бойлау қоғамымыздың берік болашағын қалыптастыруға негіз болады (3, 234 б.).

Осындай аса маңызды қоғамдық жұмыстарды атқаруда Мағжан тәжірибесі, ақыл-ойы, ұстанымдары үлкен септігін тигізері анық. Өйткені Мағжан - өз болмысында халықтың кешегі тарихын, өз заманындағы әлеуметтік хал-ахуалдың жағдайын табысты ұштастырып, болашаққа қол созып, оған жол сілтей алған аса сирек дарын иесі. Мағжан өлеңдерін оқыған сайын онымен күнде тілдескендей, қауышқандай әсер аласың. Жалпы, Мағжан сөз құдыретін жан-жақты игерген ақын. Өз заманынан, өз ортасынан әлде қайда озып, бүкіл адамзаттық мәдениет пен ғылымның деңгейіне көтеріліп, жалпы адам болмысының заңдылықтарын жете білген және меңгерген ойшыл-ақынның шығармашылығы бүгінгі рухани мәдениетімізде өзіне лайықты орнын тауып, тәуелсіздігімізді одан әрі нығайтуға үлес қосуда.

Мағжан шығармашылығын айтқан кезде оның елдің болашағы ұрпақ тәрбиесінен басталатындығына үлкен мән бергендігінен бастаған жөн. Ұлт боламын десең ұрпағыңды түзе деп есептеген қазақ халқы баласын барлық қарым-қатынаста әділетті болу мен үлкенге ізет, кішіге құрмет, қамқорлық, гуманды ойларға тәрбиеледі. Өзін ғана емес, өзгені де сүйе білуге үндеді. Ұл баланың өз тәжірибесі, қыз баланың өзіне тән тәрбиесі болған. Көшпелі өмір жағдайында тұрақты мектебі болмағанымен, баланың ақыл-ойының, адамгершілік қасиеттерінің, сұлулықпен тану мүмкіндіктерінің дұрыс дамуына ықпал жасайтын халықтық психологияның құндылықтары өмір сүрді. Адамдар арасындағы ант, серт (уәде) ұғымдарының маңызы аса зор болды. Бұлар адамаралық қатынастарды реттеп отыратын мықты тетіктер болды. Серттесе қалған жағдайда оны бұзу өліммен тең деп саналып, бұзған адам адами тұрғыдан ең төмен бағаланды.

Қазақ қоғамының осы тұрғыдағы ерекшеліктеріне шетел адамдары көңіл аударған,

яғни басқа мәдени ортаның өкілі халыққа тән кейбір ерекше факторларды атап көрсеткен. Мәселен, орыс ғалымы Н.Я.Зеланд: «Қазақтар сергек, кеңпейіл. Жүзі жарқын, мейірімді. Тез қабылдағыш. Өйткені оның барлық ойы ізгілікке, бақытқа негізделген. Адалдық, уәдеге тұрақтылық, қонақжайлылық, сана саулығы, қиындық бөгеттерге төзімділік ерекше көрінеді. қаталдық пен кекшілдік қазақ психологиясына тән емес, бұл халық өте бейбітсүйгіш, оған ұзаққа созылған қырғиқабақтық жат» (4, 115 б.) - деп тебірене жазды.

Қазақ халқының ғылымға икемділігі, олардағы аналитикалық ойдың жоғары деңгейі туралы Л.Мейер атап көрсеткен. Өмір сүрудің қиын жағдайы мен оның алдынан шығып отыратын күтпегендік пен тосын оқиғалардың мол болуы халықты ерекше төзімділікке үйретіп, табиғи ортамен түк болмағандай біте қайнасып кетуіне мәжбүр еткен.

Сондықтан болар, халық үш жасарұлын атқа мінгізіп, 8 жасар баласын ат бәйгесіне қатыстырып, оған аса жауапты міндеттерді жүктеген. Әке ролі аса зор болды, балалар әкелеріне ұқсауға тырысып, оның барлық ісіне құрметпен, ізетпен назар аударды. Ал әке өзіне жүктелген міндетке аса үлкен жауапкершілікпен қарады. Ол отбасының қарапайым қажеттілігін қамтамасыз етумен қатар, бүкіл адамзаттық маңызы бар мәселелерге де көңіл бөліп, дәстүрді ұстау, сақтау, жалғастыру, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу сияқты әлеуметтік маңызы жоғары міндеттерді де орындап отырды.

Бала тәрбиелеуде тек отбасы ғана емес, бүкіл ауыл, қауым, әулет атсалысты. «Қызың өссе қызы қылықтымен, ұлың өссе ұлы ұлықтымен ауылдас бол» дейтін мәтел осыдан туындаған.

Сәби дүние есігін ашқанда тойланатын шілдехананы қоғам болып атқарып, бала тілеуін тілеп, оған ізгілік ұсынудан бастап, одан әрі жарасымды жалғаса беретін бесікке бөлеу, қырқынан шығару, тұсау кесу, үйлендіру ақтық сапарға шығарып салу сияқты рәсімдерде рет-ретімен орындала беретін өмір жолында адам болмысы туындайды, нығаяды, дамиды. Өйткені осы рәсімдердің әрқайсының тағылымдық, өнегелік мәні болған.

Қазақ тілінің сөздік қорындағы шырағым, қарағым, құлыным, ботақаным сияқты мейірім мен жылылыққа толы сөздерінен халықтың өте балажан болғандығын көруге болады. Әрі әрбір айтылатын сөздің орны мен балаға әсер ететін мәніне аса зор көңіл бөлінген. Баланың әрбір даму, өсу жолы ән-күймен өрнектеліп, жанының сұлу да көркем болып өсуіне зер салған Мағжан да тәрбиенің осы ұлттық негізін аса зор бағалап «Педагогика» еңбегінде арнайы қарастырған.

Мағжан бала судың сылдырын, жібектің судырын, шөптің сыбдырын, темірдің қаңғырын, жылқының кісінеуін, қойдың маңырауын, мысықтың мияуын, құстың шырылын ести берсін дейді. Осы мүмкіндікті одан әрі тереңдету, дамыту үшін балаға түрлі музыка құралдарының үнін де естірту қажеттігін ұсынады. Баланың есту сезіміне аса көп әсер беретін бесік жыры деп, «Педагогика» еңбегінде «Бесік жырының» мәтінін ұсынады.

Ананың балаға деген кіршіксіз махаббаты «күнім, айым, еркетайым, жұлдызым, көз нұрым, сая жаным, балапаным, сәулем, еркем, сырттаным, арыстаным, қозым, құлыным» деген сөздер арқылы айшықталады.

Мағжан ұсынған «Бесік жырында» баланың бүкіл өмір жолы, алар биігі, шығар тауы, ана үміті, арманы, тілегі айтылған. Сонымен қатар, ол жас бөрі, арыстан, жас жолбарыс түрінде бейнеленген. Бұл теңеулер халыққа тән көзқарастың ерекшеліктерін айқындайды және баланың бойында ұлтты сүю сезімдерін тәрбиелейді (5. 45 б.).

Ежелгі түркілердің ерен ерліктерін мирас еткен жау жүрек батыр, кең жазира даланы еркін билеген дала халқының қайсар жауынгері – Күлтегіннің ескерткішіндегі жазулардың өршіл сананы бейжай қалдырмайтыны бәрімізге аян. «Мысалы: өлімнен ұят күшті, жоғарыда – көк аспан, төменде боз жер, басы барлар басын исін, тізесі барлар тізе бүксін, көрер көзім көрместей болды, білер білегім білместей болды, түн ұйқы көрмедім, күндіз тыным таппадым, түн қаттық, азды көп еттім, жоқты бар еттім, аш-арықтарды

тойындырдым, арық өгізді семірттім, жіңішкені жуан еттім, жаяуды аттылы еттім» [6, 44 б.]. Осы сөздер әркімнің ақ жүрегін толқытып, ойландырады, таң қалдырады, ерлікке жетелейді. Мағжан өлеңдерінде де осындай рух, қуат бар, ол аз сөздің көмегімен-ақ көп нәрсенің байыбына бара алады, мәнін жарқыратады. Осылайша Мағжан Педагогика еңбегінде баланың өсіп-жетілуі, жан мен тәннің өсуінің тіршілік қажетінен туындау себептерін ашады. Мағжанның ана құрсағынан басталатын түрлі түйсік қабілетінің белгілері мен оқу-үйрену барысындағы жетілу жолдарындағы, адамның өзіндік әрекетінің белсенділігін басты орынға қоюы аса маңызды.

Өзгелермен терезесі тең болу үшін білімді болу Мағжан қойған шарттардың өзегі. Ол өзінің «Сорлы қазақ» өлеңіндегі:

«Кітап әпер, оқысын балаң, қолына,

Малды аяма оқу-білім жолына.

Өнер алып, басқалармен қатар бол,

Жер жүзі бір адамзаттың ұлына!

Байғұс қазақ бас көтеріп, тұрар ма?

Көңілі түсіп, білім мойнын бұрар ма?

Күні туып оң жағынан, солдан - Ай,

Оқуменен жайнатып дүкен құрар ма?»,- деген өлең жолдарын оқи

отырып, ақынның өз халқының бойындағы рухқа сене отырып, армандаған азаттыққа қол жеткізу, әлемдік өркениет көшіне ілесу жолын елінің артта қалушылығы мен ескілікті, жалпылама сауатсыздықты жоюдан іздегендігіне куә боламыз. Елбасы Н.Ә. Назарбаев та өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «қазақстандық азаматтың нарықтық заманда табысты болудың негізгі шарты білімді болу, дамыған өркениеттердің озық мәдениетін меңгеру керек екендігін әркім терең түсініп, ұмтылыс жасағаны абзал. Негізгі басымдық беретін құндылық - білім. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді»,- деп көрсетті (7. 1 б.).

Мағжан Жұмабаевтың «Жатыр» өлеңіндегі өзі өмір сүрген кезеңдегі қазақ даласының дамымай артта қалғанына өкініші де айқын сезіледі

«Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,

Кілтін өнер-білім ашып жатыр.

Бірі - ай, бірі - жұлдыз, бірі күн боп,

Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр.

Таласып өнер-білім алып жатыр,

Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.

От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,

Тәңірінің рахметіне қанып жатыр.

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,

Бір іске жанаса алмай, шетте жатыр.

Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,

Қазекен таң қаларлық кепте жатыр»,- өлең жолдарынан өзі өмір сүрген

кезеңдегі қазақ даласының дамымай артта қалғанына өкініші де айқын сезіледі. «От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп» деген Мағжан сөздері қазіргі уақыттағыалдыңғы қатарлы мемлекеттердің энергия көздерін игеруде, кеме жасауда, самолет құрастыруда таң қаларлық табыстарға қол жеткізгендігін меңзеп тұрғандай. Қазіргі таңда Қазақстанның экономикалық даму жағдайында кеңестік Ресейдің құрамында болған кездегі шикізаттық сипатының әлде де болса сақталып келе жатқандығы біздің де бойымызда өкініш ұялатады.

Ақын XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың бас кезіндегі ұлттық болмысты айқындап, оның жағымды, жағымсыз қабаттарын ашып, алдына ұлтты рухани нығайту, биікке шығару мақсатын қояды. Қазақтың әрбір азаматына біздің мына бір кемшілігіміз

бізді артқа сүйреп жатыр, одан арылайық, оңалайық, заман ағымынан қалмайық деп ақыл айтады, алдағы асуларды алуға қажетті тетіктерді атап көрсетеді, жалқаулықтан, кереналулықтан, кертартпалықтан, арылудың уақыты келгендігін есіне салады. Бой күйез салғырттықпен ұзаққа бара алмайтынымызды нақтылап, одан босану қажеттігі туындағанын айтады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіндегі «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық», - деп жазды (8.1 б.). Мағжан ұлтын сүйген азамат, ақынретінде ұлт үшін, қалың елі қазағы үшін, оның азаттығы мен болашағы үшін күресуге бел буа отырып, қиындыққа мойымай, өлімге басын тігуге дайын тұрғаны қазіргі оның ұрпағы үшін үлгі боларлық қасиет.

«Не көрсем де Алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, Алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін!»,- деген өлең жолдары осының куәсі болса керек.

Мағжан - ең алдымен, туған халқының алдындағы терең жауапкершілікті түсінген, сезінген ақын. Сондықтан, ол әсем сөздердің, ұтымды символдардың көмегімен көшпелілер дүниетанымының күре тамыры болып табылатын жоғары моральдық талапты, яғни еңбек сүйгіштік пен төзімділікті, ата тегін ардақтауды, сөз асылын қастерлеуді, тапқырлық пен алғырлықты, ел намысын қорғаудағы жау жүректілікті, Отанын, Атамекенін ардақтауды сананың түпкі қабаттарына жететіндей етіп жазып, халық алдындағы әр азаматтың жауапкершілігін оятуға тырысты.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Ақын жарқын болашақты тудыратын жастардың потенциалына ерекше мән берді. Ол қырандай күшті, отты көзді, жалынды сөзді, иманды, аппақ көңілді жастарға сенді, оларға үлкен үміт артты. Халықтың өскелеңдігі мен жарқын болашағы оның жастарында деп есептеді. Сондықтан сол сенімді ақтайтын ұрпақты өсіруде Мағжан айтқан көзқарастар әрдайым назарда болуы керек.

Қорытынды. Мағжанның білім туралы көзқарасының түпкі мақсаты мынада: білім – адамды адам ететін өзекті фактор. Соның арқасында ол жануарлар әлемінен жоғары көтеріліп, өзі шыққан табиғи ортадан биіктеп, оның қыры мен сырына үңілетін, сол тұрғыдан оны жан-жақты байыптайтын тұлға дәрежесіне көтерілді. Жақсы киім, жақсы тамақ, ойын-сауық та қажет. Олар оның мерейін көтереді, өзін асқақ сезінуге жағдай жасайды. Бірақ бұл қажеттіліктер – тіршілік етуді тепе-теңдікте ұстап тұру үшін ғана керекті мұқтаждықтар. Олар адамның мән-мағынасын, оның өмірінің түпкілікті мақсатын, міндетін ашып бере алмайды.

Әрине, көп білген адамның дүниеге көзқарасының аясы кең, мүмкіндігі жоғары. Әр нәрсенің байыбына барып, тереңіне бойлай алады, оның көрінбейтін тысқары астарына да үңіле алады. Сондықтан ол не болса соған ашуланып, тоңмойындық көрсетпейді. Егер жағдай өзі күткендей болмаса, одан бірден қорытынды жасап, айқай-шу шығармайды, әр оқиғаның, іс-әрекеттің артын бағады. Өйткені, әр адамның әр түрлі мүмкіндігі, көзқарасы

болатындығын әрқашанда түсінеді. Сондықтан оған адамдармен араласу оңай, тез арада тіл табысып кете алады. Қайда барса ол сыйымды. Мағжан сөзімен айтсақ «білімі мол - бұйымды» (3, 234 б).

Сонымен қатар, жаһанданумен қатар еніп жатқан басқа мәдени үрдістерге де сын көзімен қарап жақсы үлгілерді қабылдап, жаманынан бас тарту шараларын ұдайы іске асыру қажеттігі қоғамдық өмір үрдісі (9. 112 б.). Яғни ұлттық құндылықтар мен дәстүрлердің батыс және шығыс елдерінің үлгілерімен ұшырасуы нәтижесінде жан-жақты ойластырылған, сұрыпталған жаңа рухани құндылықтар бағдарламасының қажеттігі зор. Дәл осы сұранысты қанағаттандыратын бағдарлама «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы деп есептеуге болады. Ал оны жүзеге асыру баршамаыздың міндетіміз деп есептеймін.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Шалдарбекова А.Б. Қазіргі қоғам және ондағы діннің орны. / Оқу құралы. Шымкент, 2016. 95 б.
- 2 Нұрышева Г.Ж. Философия. Оқулық. Алматы, 2016. 280 б
- 3 Шалдарбекова А.Б., Шалдарбекова М. Б.,Танкиш Н.П. Білім беруді жетілдірудегі М. Жұмабаев тәжірибесі. Әуезов оқулары-16: «төртінші өнеркәсіптік революция: Қазақстанның ғылым, білім және мәдениет саласындағы жаңғырудың жаңа мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының еңбектері. Шымкент, 2018.
- 4 Сабирова Ж.Н. Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық көзқарасары: психология ғыл. канд.дис.:19.00.01. Алматы, 2005. 128 б
- 5 Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Ана тілі, 1992. 156 б.
- 6 Жарықбаев Қ. Қазақтың тәрбиелік ой-пікір антологиясы: VI ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезең. Алматы: Рауан, 1994. Т.1. 320 б.
- 7 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. 12 сәуір 2017 ж.
- 8 Тоқаев Қасым-Жомарт. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат»// Егемен Қазақстан. 5 қаңтар 2021 ж.
- 9 Шалдарбекова А.Б. М.Жұмабаев шығармашылығындағы тарихи таным мәселелері: философия ғыл. канд.дис.:09.00.03. Шымкент, 2008. 123 б

Аннотация: В статье рассмотрен ряд вопросов, отраженных в глубоком, содержательном творчестве выдающегося казахского поэта, философа-мыслителя Магжана Жумабаева. Глубокие мысли, возвышавшие Магжана на поэтическом пьедестале, гениальность которого опередила его современников, раскрывается на примере нескольких его произведений. Подчеркивается, что идея национально-освободительного движения, выдвинутая поэтом, поэтом Алаша, сыграла важную роль в борьбе Казахстана за сохранение самобытности нации в условиях глобализации.

Историко-философский анализ мировоззрения наших мыслителей как Магжан Жумабанв, вносит особый вклад в познание духовной действительности нашего народа, расширяет сферу национальной философии и такой анализ укрепляет историческую и духовную преемственность. Благородный дух Магжана, ставшего носителем многогранной, разнообразной мысли, послужил примером для современной молодежи. Кроме того, призывы поэта к знаниям анализируются в преемственности с идеей «быть образованным - путь к успеху», изложенной Елбасы Н.Назарбаевым в программной статье "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания"

Ключевые слова: модернизация общественного сознания, образование, Алаш, нация, общество.

Abstract: The article examines a number of issues reflected in the deep and meaningful work of the outstanding poet, thinker and philosopher of the Kazakh people Magzhan Zhumabev. Magzhan's great thinking, his genius surpassing the genius of his time and his contemporaries, is revealed in the works of some of his works.

It is noted that the historical and philosophical analysis of the worldview of our great thinkers contributes to the awareness of the spiritual nature of our people, expands the framework of national philosophy and strengthens the historical and spiritual continuity of such an analysis.

Magzhan, who had a wide range of ideas and served the idea of liberation, set an example for today's youth. In addition, President NursultanNazarbayev addressed the poet's appeal to education. This is analyzed in connection with the idea of "knowledge is the path to success" expressed by Nazarbayev in the program article "In the Focus of the Future: Spiritual Renewal".

Key words: modernisation of public consciousness, education, Alash, nation, society.

ӘОЖ: 13

¹Дүйсен Н.Б., ²Буранов А.К.

¹философия магистрі, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²философ, аға оқытушы, А.Навои атындағы Ташкент МУ. Ташкент, Өзбекстан

ПРАГМАТИЗМ - САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Түйін: Бүгінгі таңда прагматизм жайлы көп айтылып та жатыр, жазылып та жүр. Тіпті сәнге айналды деуге де негіз бар. Ең алдымен прагматизм ұғымына назар аудару міндет. Прагматизм асылында – іс-әрекет деген мағынаны береді екен. Прагматизм ХІХ ғасырдың соңғы онжылдығында философиялық бағыт ретінде пайда болды. Прагматизмнің философиялық тұжырымдамасының негіздері Чарльз Пирспен қаланды. Прагматизм Пирстің ізбасары Уильям Джеймс 1906 жылдан бастап танымал болды, осы атаумен жарияланған көпшілік дәрістер курсы оқыды. Прагматизмнің ең көрнекті өкілі Джон Дьюи болды. Прагматизм қазаққа да таңсық ұғым емес. Керісінше қанына сіңген жанына жақын ұғым. Елбасының: «Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады» - деген сөзінде үлкен мән жатыр.

Кілттік сөздер: прагматизм, еңбек, дәулет, харекет, ұлттық бірегейлік, ұлттық сана, ұлттық идея, ұлттық код, Мәңгілік ел.

Кіріспе. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын мақаласы Қазақстан елінің үшінші жаңғыруына күш нәсіп ететін жаңашыл идеяға қанық. Тіпті, қоғамдық әрі гуманитарлық бағыттағы ғылымдар саласының негізгі өкілдеріне артылатын басты міндет тапсырылған басымдыққа ие сала ғалымдарын бір көтеріп қойғаны белгілі.

Ұлт Көшбасшысының ХХІ ғасырда ұлттық сананы жаңғыртудың біршама бағыт – бағдарларын алдыға қойды. Атап айтар болсақ: бәсекеге қабілеттілік, ұлттық бірегейлікті сақтау, прагматизм, білімнің салтанат құруы секілді және елдің революциялық емес эволюциялық жолмен дамуы, сана ашықтығына шақыратын ойлар да жоғарыда айтқан рухани жаңғырудың басты принципіне айналды.

Соңғы өткен жиырма жыл ішінде әлем қауымдастығында туындаған ұлттық бәсеке ұғымы жіті талдау мен саяи негізге ие құрылғыға айналып үлгерді. Сол себепті экономикалық өсім қазіргі жаһандану жағдайындағы ұлттық бәсеке деген түсініктің ерекше теориялық әрі практикалық маңыздылығы жоғары. Ұлттық бәсекелестіктің бітіі болмысы мен өлшемдері жайлы мәселенің теориялық қорытындысы бойынша біршама елдер ең негізгі сұрақтардың жауабын шешуге тырысып бақты. Экономикалық даму шарттары және мемлекетті қалыпқа келтіру мүмкіндігін айшықтайды. Осы аталған бағытта «Цифрлы Қазақстан», «Мәдени әрі конфессияаралық келісім», «Үш тілде білім беру» деп аталатын бағдарламалар тізбегі өзінің құндылығын жоймақ емес.

Прагматизмде ең негізгі ұғым негізінде танымның мәні мен мазмұнын ұғыну есептеледі. Грек тілінен аударғанда «іс, әрекет» деген мағына беретін прагматизм жағдайға ұарай іс – әрекеттер құрылғыларымен санасқан түрде, практикалық әдістерге жүгінеді. Шындық ұғымын анықтауда прагматизмнің негізгі өкілдері аксиология бағытына ерік берген түрде құндылықтарға сипаттама береді. Табыс көзі болып табылатын, іс – әрекеттерге бағынышты қорытындылар шындық ретінде өз бағасын алып, ұлы бақытқа кенеледі. Сондай – ақ мақалада ұлт көсемі өткен ғасырдың орта шенінде туындаған оғаш көңілсіздіктерге аса ден қойып, реализм мен прагматизм екеуі жақын онжы лдыңтың ұраны болуы керектігін алға тартты.

Адамзат баласының бүгінгі даму тарихын назарда ұстау арқылы түрлі халықтар, қаншама мемлекеттер мен мәдениеттердің жақындасуы жарқын көрініске ие. Алғашқы уақытта әлем елдері және халықтары бір – бірлерінен оқшау жатқан болатын. Қазіргі тағда олар бір – бірімен терең байланыс орнатып, барлығы да жақын байланыстар орнатып жатыр. Ғаламдық біріккен мемлекеттер және халықтардың саяси – мәдени, экономикалық немесе басқа да қарым – қатынастарын жүйелейтін халықаралық пен аймақ аралық ұйымдар да баршылық. Осы жинақталған шарттар жүйесінде ұлттың тұтастығын сақтау үшін қазақ елінің қай кезде де болмасын айнымас екі ережесі айтылады: «Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай да жаңғыру амалға аспайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек».

Еліміздің қуатты экономикалық әрі әлеуметтік даму қарқынын қолға алу үшін ең басты мәселесі білім беру бағытына қатысты екені әмбеге аян. Қазіргі тағда ХХІ ғасырдың ең алдыңғы қатарлы мемлекет дәрежесіне жету білім берудің нақты белгіленген жаңа форматтағы жүйесін құраумен шектеледі. Бүгінгі уақытта білім деген әлемдегі бүкіл мемлекет пен халықтардың ең басты басымдықтарының бірі екендігі даусыз. Сол себепті бүгінгі бәсекеге қабілеттілік шарттарында көрсетілген қоғамдық әрі гуманитарлық білім беру жүйесінің міндеттілігі аса жоғары деп айтуға толықтай негіз бар.

Президент қазіргі жастарға табысқа кенеліп биік шыңды бағындырудың ең негізгі жолы білім екендігін басты назарды ұстайды: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім де жете терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жете алады».

Сол үшін қазіргі жақсы дамыған технологиялық қоғамның алға қарай дамуына терең білімге қанық әділдіксүйгіш азаматтар мен қоғам өмірінің тың ережелерін құрай алатын жеке тұлғалар керек - ақ. Қоғамда орын алып жатқан өмірді қалыпқа келтіру барысында қоғамдық әрі гуманитарлық білімдердің аса жоғары маңызға ие екендігі мынадай ережелермен қатысты деп ойлаймыз: ең алдымен, білімді қоғам ол жай ақпараттық қоғам ғана болмай, өте маңызғы ие құбылыстар қорын құрайтын тұлғалық қабілеттерін қоғамдық әрі адамдық даму принциптеріне жүгінетін қоғам болып табылады. Екінші жағынан қарағанда экологиялық әрі әлеуметтік шиеленістер шарттарындағы адамның қызметіне сай қоғам қауіпсіздігі және даму жүйесін құрайтын қоғам.

Теориялық талдау. Әлем жұртшылығы Елбасының эволюциялық даму шарттарын қолдайтын көшбасшы екеніне еш күмән келтірмейді. Президент өзінің саяси мақсаттары арқылы - тарих пен логика, батыс пен шығыс, дәстүр мен жаңашылдықтың байланысын өте керемет ұштастыра білді. Осындай конвенционистік саями жүйе сыңаржақтылыққа кезікпеуге, дүниенің дамуында жаңа, қолайлы, тиімді модельдер топтамасын практикаға алуға мүмкіндік толығымен бар. ХХ ғасырдың соңғы жылдарындағы басталған осындай әдіс, көп кешікпей өз қорытындысын берді сонымен бірге қазіргі уақытта осы ұстанымды негізге алу өз пайдасын дәлелдеді. Сол себепті эволюциялық даму ережесі кез келген қазақста азаматының еркін бағытына айналатынына Мемлекет басшысы сенімді.

Сонымен қатар аталған мақалада сананың ашықтығын көрсететін зерденің үш түрлі

өзгешелігі байқалды. Осы өзгешеліктерді дәлелдеу үшін тұлға құндылықтарының төмендегідей өлшемдеріне ден қою керек секілді: Жақсы және жаман жайында әрдайым ойлану; жалпы өмірдің түпкілікті мәнін ұғыну; бұрыннан қалыптасқан жеке дара құндылықтарға күмәнмен қарау; сана дамуының жаңа қиындықтарға ашық болуы; басқа бір адамдардың көзқарасы және ұстанған қағидаларын ой елегінен өткізуге талпыныс жасау; өзінің көзқарастарын ашық білдіре алу мен пікірталастарға дайын болу; мінездің бірсарындылығы мен сөз бен істің ұқсас келуі; ұлттық құндылықтарға жіті көзқарас; жаппай кезігер мәселеге сабырлық пен шыдамдылық таныта білу; жауапкершілік және көшбасшылық.

Мақалада сөз етілген ұлттық сананы дамытудың негізгі бағдарлары жүйеленген әрі өз уақытында амалға асыру рухани жаңғырудың бастапқы қаланар кірпіші болып табылады. Сол себепті ел үшін аса жоғары маңызға ие көзқарастар Тәуелсіз Қазақстанның биік жетістіктері және табыстарын дамытудағы қолайлы өркендеудің нақты әрі бұлжымас нұсқаушысы болады. Отандас бауырларымыз бүгінгі уақыттағы қиыншылықтарға қарамай, Президент талап етіп отырған түрлі тапсырмаларды жүзеге асыра алатындығына үміт артамыз. Ақырында өркендеп өсіп өнген, шарықтаған, алға қарыштап дамыған әрі егеменді елді өскелең жас ұрпаққа аманат етеміз.

Прагматизм жалпы айрықша белгілі бір философиялық бағыт бойынша қазіргі қоғамда өзіндік алар орны ерекше. Бүгінгі таңда ақпараттық деректерде прагматизмнің біршама идеялары практикалық мақсаттарға негізделген түрде мінез әдебі, өмірлік діниетаным және практикалық мүддені есепке алатын парасатты жасалған есеп, қызметтік жүйеге ынтық болу бойынша түсіндіріледі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдардаламалық мақаласында қазақтың қанында бар біршама әдеттер тен таптаурын болған көне қағидалар өзгеріске түспейінше, біздің рухани жаңғыруымыз амалға аспайтындағын ерекше атап көрсетті. Президент ата – баба қанымен жеткен қасиетті атамекенге немқұрайлы көз салудың ауыр зардаптарын айқын көрсетті. Оның ойынша жаппай қазақстандықтар өзіндік жаңғыру жолында бабалар аманат еткен, бойдағы қанға тараған, қазіргі таңда тамырда ағып жатқан ең ұлы қасиеттерді жаңадан жандандыруымыз керек. Елбасының пайымдауынша, прагматизм – бұл белгілі бір мақсатқа қол жеткізу, салауатты өмір салтын, кәсіптік жағынан дамуға жол аша отырып, осы бағытта қолдағы барды дұрыс мақсатта пайдалану.

Осы бөлімде прагматизм ғылымның нысанасы ретінде айшықталатын болады. Прагматизмнің негізгі қағидаларын жүйелендіру мақсаты бойынша сол прагматизмнің даму бағытына зерттеу жүргізіледі. Аталған бағыттың негізгі өкілдерінің көзқарастары және ұтымды ойлары мен ғылыми түсініктері қарастырылатын болады.

Бүгінгі таңдағы философияның маңызды бөлігі ретінде прагматизмнің пайда болған уақытынан бастау алып, қазіргі күнге дейінгі теориялық түрде өзгерістері есепке алынады. Ең басында пайда болған тұжырым мен қазіргі ғылыми көзқарастардың арасында көптеген өзгерістер болғандығын аңғару қиынға соқпайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2050» Стратегиясына бағытталған Қазақстан халқына Жодауында: «Жаңа бағыт экономикалық саясатының мәні – түгел қамтитын экономикалық прагматизм, шын мәнінде бұл біздің бүгінгі көзқарастарымыз бен ұстанымдарымызды түбегейлі өзгерту», - деген болатын. Осы аталған стратегия жарқын болашаққа аяқ басатын Қазақстан елінің даму жүйесінің жаңа форматтағы сапасы жоғары бағыты боп есептеледі[1].

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында көрсетілген сана жаңғыруының екінші бағыты бойынша осы сөз етіп отырған прагматизмге айрықша ден қояды: «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз.

Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі - орынсыз сән – салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді» [2].

Прагматизм (грек тілінен - «іс», «әрекет») – іс жүзінде ақиқат пен мағыналық белгілердің өлшемдеріне жүгінетін философиялық түсінік болып табылады. Кеңес Одағы саяси жүйесінде прагматизм ережелеріне мән берілмеген және идеалистік буржуазиялық философияның бағыты ретінде көрсетілген. Бұл ойымызды С.И. Ожеговтың «Орыс тілінің сөздігінен» анық аңғаруға болады: «1.Шындықтың объективті білім танымын теріске шығаратын және буржуазия үшін тәжірибелік пайда нәтижесін ұсынатын идеалистік буржуазиялық философиядағы кертартпа бағыт. 2.Тарихи ахуалдарды олардың ішкі байланысы және реттілігімен сипаттау» [3].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» анықтамасы: «Ақиқатты практикалық пайдалылық тұрғысынан түсінетін философияда кең тараған субъективті – идеалистік бағыт» [4].

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі» жинағының он бес томдығының 12 томы тиісінше мынадай анықтама беріп отыр: «... Прагматизмнің негізінде ақиқаттың мәнділігі оның практикалық тиімділігімен анықталады деген «прагматизм принципі» жатыр» [5].

Сонымен қатар В. Даль сөздігі бойынша да «прагматика» ұғымына мынадай анықтама берілген: «Прагматикалық тұрғыдан анықталған, іске негізделген және тікелей істе қолданылатын» [6].

Ал философиялық сөздікте: «... қазіргі шетелдік философияда кеңінен таралған субъективтік – идеалистік адым. Прагматизм философиясының өзегі «прагматизм принципі» дейтін болып табылады, ол білімнің маңызын оның практикалық нәтижелері арқылы белгілейді (Пирс)» [7].

Қазіргі қоғамдағы философияның өзекті дерлік жалпы көрінісі XIX – XX ғасырлар тоғысында біршама өзгеріске түскен теориялық қозғалыс болатын прагматизм түсінігімен байланысты болып келеді. Қазірде ғылымдағы философтар прагматизм түсінігін ең алғаш қалыптасқан уақыттағы анықтамалармен салыстырғанда өзіндік радикалды көзқарас деп қарайды. XX ғасыр шенінде америкалық философ әрі түрлі идеялардың тарихын танушы А. Лавджой « Он үш прагматизм» деп аталатын өз зерттеу еңбегінде көрсетілген ағымның теориялық бөлігін түсіндіру ауырпалықтарына орай өз қарсылығын танытты. Сондай – ақ американдық философияның белгілі ғалымы П. Решер прагматизмнің бүгінгі жағдайын ауқымды дүрбелеңде деп атап көрсетті [8].

Сол себепті прагматизм ұғымының ғылыми анықтамаларына аса көңіл бөліп, оның эволюциялық даму жолын айқындауды дұрыс деп таптық.

Теориялық талдау. Бір жағынан алғанда прагматизм ұғымының шығуы XX ғасырдың американдық философ өкілі Ч. Пирс есімімен тікелей байланысты болып келеді [9,10]. Ч. Пирс өзінің философиялық зерттеуінде негізгі өзек ретінде мына шынайы өмірмен жанаспайтын идея атаулыдан құтылуды меңзейді. Адам тағдырымен байланысты философиялық түрлі мәселелер аса жоғары маңызға ие. Солай екен, аталған мәселелер адамның іс – әрекеті мен сол адамның табысты болу ұғымдарында көрсетілуі керек.

Америкалық философ Ч. Пирс негізінен классикалық прагматизм деп атаған ұғым объективтік тұрғыдан қарастырылуға көзделген сондай – ақ біздің сеніміміздің пайдалы тұсын мұқият тексеруді талап етеді. Ғалымның ойын бекемдеу үшін нақты әрі қолайлы тәсілдерді негіздеуге тырысып бақты. Философтың ойы бойынша, жалпы күмәнді жоюға ғылымдағы әдіс – тәсілдердің берер әсері зор. Ол әдістер зерттеу жұмысының дұрыс немесе бұрыс жақтарын жіті айырып бере алады; ол «ішкі тұрақты фактор ретінде қызмет атқарады», «қолданушылар арасында жалпыға бірдей шешім қабылдауға әкеледі» [11].

Сонымен қатар Ч. Пирстің ойынша біздегі сенім амалға асыра алатын бүкіл әсерлі сыннан сүрінбей өтулері керек. Сол себепті адамзат қауымы практикалық іс – әрекеттер қорытындысына баса көңіл бөлулері қажет. Сол үшін де біз өз сеніміміздің жүзеге

асырылуын қамтамасыз етуде шынайы өмірдің негізгі бағыттары мен шарттарын есепке ала отырып және ғылыми тексеру мен тәжірибе арқылы сол сәтті болжай отырып, ыңғайлы тексеру амалдарын іске асыра аламыз. Сенімдерді жүйеленген қатынас әдісімен жобалау арқылы ғылыми ұйым оның талассыз мүмкіндіктерін аңғарады.

Осы аталған негізгі ұстанымдарға сай Ч. Пирс прагматизмді мына шынайы өмірден тиянақты теориялар бойынша анықталатын когнитивтік құралдар мерейіне баға беру үлгісін танытты. Тиісінше прагматизм өзіндік даму кезеңінде ең бірінші эмпирикалық білімді рационалды түрде негізге алу жөнінде түрлі тәсілдер ілімі бойынша берілді. Прагматизмнің басты идеясы сол терминнің мәні мен мазмұнын құрау арқылы сол ұғымды күнделікті практикада қолданыста болуын таныту болып отыр.

Философтың ойына сүйенсек прагматизм негізінен ережелерге қарсылық танытпайды; тіпті оның міндеті сол, дәлелдеуге негізделген сенімге ие жолды қамтамасыз ету және ережелерді практикалық қолданыстар бағытымен қолайлылығын дамытуды көздеп отыр. Ережелердің қолдану үлгісіндегі айрықша қорытындыларының көрсеткіші прагматизмнің идеясын көрсетеді. Теория негізінен практикалық табыс көлемін толықтырған мүмкіндіктеріне орай, дәлелдеу боп есепке алынады [12, 16-17 бб.].

Прагматизмнің басты құрылымын Ч. Пирстің «Күмән – сенім» тұжырымдамасы құрайды. Осы аталған тұжырымдама бойынша адам баласына екі жағдайдың қатысы бар: күмәндану жағдайы сонымен қоса сенімділік жағдайы. Осы тұста философтың сенім түсінігін көзі жеткендік түсінігімен байланыстырғанын айта кету жөн.

Бастапқы жағдайда, адам елеңдеу, ыңғайсыздық, мазасыздау күй кешеді. Ол жағдайда адам баласы өз-өзіне, айналада болып жатқан жағдайға көңілі толмаған күйге еніп, сол проблемадан ертерек құтылу әрекетімен әуре болады. Ондай жағдай оның басына келер сыннан, жолы болмай қалушылықтан, табиғи қажеттіліктерге қанағаттанбау әсерінен пайда болуы әбден мүмкін. Осы аталған жағдайды еңсеру үшін адам баласы әрекет етуі қажет. Алайда әс – әрекет қылғанға дейінгі шешім талпынысы таным бола бастайды. Осылайша, адам баласының ойлау жүйесі қолайлы шешім қабылдау жолындағы керекті іс, қимыл. Сол себепті де Пирстің басты мақсаты адамзатқа ортақ мәселелер жиынтығын шешу болып отыр.

Ч. Пирс білім ол объективті ақиқатқа жеткізеді дитін кереғар пікірді жоққа шығарады. Керісінше танымдық қызмет барысын таным субъектісіне зияткерлік бағыттағы қайсыбір жайлылық әсерге бөлейтін әрекет ретінде қарастырады. Сондықтан, философ ақиқаттың адам сезімінің өзі екендігін дәлелдейді.

Негізінен адам баласы бас пайдасына қажетті үкім шығарғанда күдік жойлып, сенімділік мінездері қалыпқа енеді. Келелі шешім пайда болғанда адамның өзіне деген сенімі берік боп, әрқашан әрекетте болуға құлшынысы жоғары болады және керекті тұжырымдар жүзеге аса бастайды. Жеке бір адамның өзін – өзі сенімді ұстауы басқалардың қолдауы арқылы мығым бола бастайды. Адам баласының мұндай сенімділігін бекіте түсу әдісін Пирс бедел әдісі деген болатын.

Ойшыл адам баласы білімін қарастыру кезінде таңба түріндегі белгі жайында ғылым семиотиканың негізгі жүйесін қалайды. Сонымен қатар семантиканы дамыту барысында мән және мағына жайлы білімді қалыпқа енгізуді негізгі өзекті мәселе ретінде алып отыр. Пирс белгіні оның қызмет ету жүйесімен байланыстырады. Осы жағдайда үш түрлі құрылымның аса қажеттілігін ескерген жөн. Ойшылдың тұжырымдамасына жүгінсек, белгі бұл жеке индивидтің қабылдау жүйесіндегі бастапқы іргетас, белгілі бір нысан және ойлау жүйесі. Оның ойынша: «Белгі немесе репрезентамен, біреу үшін қатынастар немесе сапаны ауыстыратын (stands for) әлдене. Ол біреуге бағытталады, осы адамның ойында баламалы немесе тым дамыған белгі қалыптасады. Ол қалыптастыратын белгіні мен бірінші белгінің интерпретанты деп атаймын. Белгі өз нысанының орнын басады. Ол осы нысанды барлық қатынастар бойынша орнын баспай, тек кейбір идеяларға жөнелтеді (in reference). Мен оны кейде репрезентаменнің негізі (ground) деп атаймын».

Демек, Ч. Пирс зерттеуіне сүйенсек субъектке арналған және өз ойында пайда болатын белгі ешқандай тең болмаған соң мағынасының көп түрлілігін есепке алмауға болады. Сондай – ақ интерпретант және байланыс жасау жүйесінде пайда болатын жеке дара белгі емес. Негізінен интерпретант «аффективті, узуальды сондай-ақ жеке» белгі мағынасының бүкіл құрамын байланыстыратын жалпы бірлік жүйесі.

Ойшылдың пікірі бойынша белгіні қалыптастырушының бірі болып нысан есептеледі. Пирс оны белгінің өзгермелері деп біледі. Және де, нысанға ойға сия алатын, физикалық түрдегі ақиқат кіреді. Пирстің ойынша, белгі мен нысан біршама көп немесе әрқилы болуы мүмкін.

Жалпы алғанда нысандардың екі тобы бар: жанама немесе тікелей нысан. Жанама нысан ол белгіден біраз алшақ орынға ие. Бұл дегеніміз, «белгіні өзінің репрезентациясы арқылы анықтауғы тырысатын өз бетінше қызмет ететін нысан болып табылады». «Ал тікелей нысан – бұл «белгінің өзі таныстыратын нысан, сол себепті ондай нысанның бітім болмысы оның белгідегі репрезентациясымен тікелей байланысқа ие». Демек, тікелей нысан жанама нысанда айшықталатын түрлі пікірлер жүйесін толығымен қамтымай, іс – әрекет заң жүйесін басты тақырып етіп қояды. Философтың осы тұжырымдамасына У. Эко төмендегідей анықтама ұсынады: «Динамикалық Нысан белгіні дәлелдейді, бірақ белгі әлдене «ішкі» («internal»), қандай да бір «идея», әлдебір «ментальды репрезентация» болатын негіз (ground) арқылы Тікелей Нысанды орнатады». Сондықтан белгінің тікелей нысанын сипаттау тек оның интерпретанттары арқылы мүмкін [13].

Нәтижелер мен талқылаулар. Бұдан бөлек кейіннен прагматизм туралы анықтамалар мен түсініктер У. Джеймс [14, 15, 16], Дж. Дьюи [17, 18], Дж. Сантаяна [19] еңбектерінде дамыды.

Сондай – ақ Пирстің біршама идеялары мен тұжырымдамаларын У. Джеймс әрі қарай дамытты. Ол прагматизмді философиялық түрлі проблемаға негізделген пікірталастарды құрастыру негізінде қарай білді. Джеймстің тұжырымдамасына орай, прагматизм эмпиризмнің аса ерекше түрі. Пирс қарастырған идеяға жүгінген ол прагматизмге жана идеялар әкелуге талпынды. Сәйкесінше түсініктердің прагматикалық теорияларын әдіс – тәсілдер арқылы әртүрлі теориялық негіздегі тартыстарды практикалық қорытындылар, оны салыстыру әрі бағалау жүйесі арқылы ретке келтіруге мұрындық болды. Сонымен қатар психологиялық және табиғи қанағаттану шартына орай субъективті әдістерді қолдануды жөн деп тапты.

Ол «Прагматизм дегеніміз не?» деп аталатын өзінің мақаласында мынадай анықтама береді: «біздің сеніміміз әрекет үшін қалыптасқан нақты ережелер мәні. Кез келген пікірдің мәнін айқындау үшін біз әрекеттер жолдарын анықтауымыз қажет. Сондықтан кез келген бұйымның өз ойымызда толық жүйелілігін анықтау үшін, біз осы бұйымда орын алатын тәжірибелік алғышарттарын қарастырамыз. Осы нәтижелер бойынша көзқарастарымыз қай жағдайда болмасын осы бұйымның көрінісін береді».

У.Джеймс ақиқат туралы ілімнің прагматикалық жақтарын өзгерте білді. Ойшылдың пікіріне жүгінсек, бүкіл теория сұрақтардың тек жауабы емес, керісінше оның басты жүгінер құралы. Сол себепті осы құрал белгіленген мұратқа жету жолындағы тиімділікті көбейту бағыты негізінде ескерілуі керек. Джеймстің ойынша, мақсатқа апарған теория ақиқат болып есептеледі. Ақиқат болса практикалық тұрғыдан пайдаланылған жағдайда өз табысын арттырады. У. Джеймс шынайылық негізінде өзімізді дұрыс бағытпен игере алатын, өмірдің кез – келген саласына әдеттенген және практика құрамымен бірігетін құбылысты атап көрсетеді. Ақиқат жаңа практикаларды көне сенімдер жиынтығымен үйретуді нысанға алады. Прагматизмді зерттеушілер ойлап тапқан біршама идеялар ХХ ғасырда пайда болған ғылымдар жүйесінің әрекет ету әдісін пайдалануда өз жәрдемін тигізді деп есептейміз.

У. Джеймстің пікіріне сай болжамға сенім артып, әрқашан тәуекелділікке бет бұру

қажет. Философ туындатқан ғылыми зерттеудің ең негізгі ережесі сенім атаулыға ерікті болу: сенім ол бізді қоршаған орта жөніндегі ойларды қалыпқа келтіреді және пікірталас туындаған қоғам ортасында күн кешуге үндейді. Сенімге бостандық беру адам баласының теория мен практикада жеңіске жету жолындағы жол сілтеушісі болып келеді. Практика сезім мен елендеушіліктің құрамасы негізінде сипатқа ие болады. Джеймстің ойынша, практиканың жүргізілуі барысында біз шынайылықпен жолығу мүмкіндігіміз аз. Сол себепті практика барысында туындайтын идеялар мен теориялар шынайы мағынасынан айрылып, прагматикалық тұрғыдан алғанда бөлінуі қажет. Себебі, теориялар мен идеяның шынайылығы оның пайдалы жағында болып отыр.

У. Джеймс негізінен табиғат мәселелерінен гөрі адам психологиясының басты өзгешеліктеріне баса көңіл аударды. Ол сондай – ақ мына жаратылыс заңдылықтарындағы жағдайға емес, қолайлы әрі діни мәселелер бойынша сұрақтарға назар аударады. Джеймс прагматикалық ережелерін өмірдегі негізгі жеңіс ұғымына көңіл бөліп, жеке дара бақыт және қанағатты бейнелейтін сәтке толы өмірді амалға асыратын ережені өмірге әкелді. Философ осы идеяға субъективтік жағынан толықтырулар енгізді: сені бақытты ететін жағдай, мені бақытты ететін ахуалдан өзгеше болуы мүмкін. Осы негізде прагматизм барлық теориялардың қиындығын азайтып, олардың икемділігін арттырады және пайдакүнемдік өлшеммен қарауды қалыптастырады [20, 176.].

Джеймстің өзіндік радикалды эмпиризмді сынақ жұмысы кезіндегі кез келген қатынасты теңдей құқық бөліктері негізінде қарастырған. Және сынақ жұмысына қатысты бөлшектер бөгде бір сырт жақтан емес, практикалық қатынас аралығынан алыну қажет. Тәжірибе жұмысына зор үлесін тигізетін қатынастардың белгілі екі түрі анықталған: практиканың шексіздігі немесе практиканың шектілігі қамтылған орын алмасу қатынас жүйесі; танымдық процесті айқындайтын сонымен қатар соның қорытындысын жинақтау және сақтап қалу әдістерін қолданысқа енгізетін ауыстыру қатынасы болып табылады. Жалпы алғанда, ауыстыру қатынасы деген ұғымдық ойлауда белгіленген. Негізінен ауыстыру ұғынықты сөзбен я болмаса бірнеше заттармен алмастырылуын айтып отыр. Джеймстің ойына сүйенсек, практиканың үздіксіз болуы былай алғанда метафизикадан аман алып қалады.

Сондай – ақ радикалды эмпиризмнің тағы бір ерекше ұғымына плюрализм енеді. Практика әлі толық зерттеле қоймаған тармақтардың біріккен жүйесіне көз салғанда, ол хаос негізіндегі сипатқа ие: теориялар хаосы – негізінен тікелей бағытталған практиканы алмасырады; ал эмоциялар хаосы – практикалық өзгерісті туындатады. Осы тұрғыда «мінсіз тәжірибе» және тәжірибені түсіну арасындағы өзгешеліктерді айыра білу маңызды. Қандай жүйе болмасын, ұғынуды іске асырудың қорытындысы. Бұдан әлемнің шынайылыққа негізделген бет пердесінің екіжақты жөніндегі пікір пайда болады.

Дж.Дьюи Ч. Пирс пен У. Джеймстың прагматизм туралы идеяларын дамыта отырып, өзінің негізгі ілімі, инструментализмді қалыптастырды. Дьюи негізінен ғылымдар жүйесін құралдар жиынтығына арналған қорапқа балайды. Адамзатты проблемалық жағдайлар қаптаған күмән ахуалынан құтылу үшін жәрдем қолын созатын түрлі амалдар қарастырады. Қорытындылау барысында белгіленген теорияны пайдалана отырып, ол түйіннің жұмбағы табылса, теория міндетті түрде өз жемісін көрсетеді. Алайда, аталмыш теория басқа адам я болмаса басқа жағдаймен сәйкес келмеуі ықтимал. Өйткені, бірсыдырғы жағдайлар жүзеге аспайтыны сияқты, универсал теориялардың да болуы негізсіз. Күнделікті қолданыстағы балғамен ағашты қырқу мен араменен шегені қағу ол ақылға қонымсыз нәрсе. Бұдан айтқымыз келгені балғаның жарамсыздығын аңғартпайды. Тиісінше ғылымда да жағдай осылай: ақиқаттың анықтау үшін оның дәрежеге негізделген белгісін бір тізбек бойына қоюдың еш мәні жоқ. Теорияны оның шынайылығы көзқарасы бойынша баға беруден гөрі, оның мәселенің шешімін табудағы мүмкіншілігіне ден қою қажет.

Инструментализм – бұл ұғым, рухани және көркемдік идеялары, ғылыми теориялар

мен божамдар секілді адамзат санасы арқылы пайда болатын түрлі өнімдер айналаға үйрету құралы болып есептелетін, оның анықтылығы және тәртіптік жүйесін реттеп отыратын, өмір сүруге қолайлы жағдай тудыратын философиялық анықтамалық нұсқау. Жалпылама қызмет, тәрбие мен білім беру үрдісінде адамдар игере алатын құралдар түзіледі, ол күрделі мәселелерді шешу үшін қарастырылады. Басты бағыт прагматизмнің ажырамас бөлігіне айналып, бүгінгі қоғам философиясында ғылымның тілі, құрылымы мен қызметі сондай – ақ теориялардың даму шарттарын ұғындыруда еркіндікке қол жеткізді.

Инструментализмге сай, әлем жайында болмыс идеялары адам баласының практикалық және танымдық қызметінен бөлек ерекше маңызды мағынаға ие болмайды. Сондай – ақ, адамның практикасының орталық жүйесі негізінде анықталған мезгілдік кеңістікке бағыныңқы болып отыр. Осы тұрғыда ойлау адам әрекетін тудыратын, күрделі мәселенің шешімін табатын, түсініксіз жағдайларға қарсылық тудыратын адамзаттың басты құралы болып табылады. Сол себепті түрлі идеялар, теориялардың өлшемі тиісінше құралдардың қолайлылығымен анықталады сондай – ақ оның практикадағы қолданысқа ие болуы сәтті істің куәсі.

Дьюи негізінен әлеуметтік мәселелерге айрықша көңіл бөлді. Дьюидің философиясының басты ерекшелігі, прагматикалық әдісті әлеуметтану саласында қолдана алу мәселесі болып отыр. Философтың пікірінше, ізгілікке негізделген қоғам құру және сол утопияны іске асыру жолында адам қуатын пайдалану болашағы бұлыңғыр әрекет болмақ. Ол әлеуметтік өмірді рационалдық жүйеден айрылған хаос ретінде қарайды. Ешбір заңдылық болмайды: қазіргі қоғамның тіршілігіне саясат араласа бастаса, келешекте – табиғи апатты жағдай, тіпті кейіннен соғыс болуы да әбден мүмкін [21, 584 – 586 бб.].

Дж. Дьюи У.Джеймстің радикалды эмпиризмі бойынша танымды басқа бір жағынан түсіндіруге тырысты: таным биологиялық және мәдени ерекшеліктерге ие, яғни рулық және әлеуметтік – мәдени түрлерге байланысты; ол толассыз жүреді, оның бөлшектері әрдайым өзара байланыстар жағдайында; оның әрбір қимылы нақты ахуалда анықталған мәселелерді шешу әрекеті; табиғат және оның құрамдастары бірыңғай тәжірибенің бөлшегі болып табылады [22].

Ойшыл өзінің философиялық идеяға қаныққан зерттеу еңбектерімен қоса, педагогика саласында да көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізді. Философтың инструменталдық педагогика жайында жүргізген зерттеулері әлі де болса АҚШ – тың білім беру үрдісінде оқытылуда. Осы бастама этика, педагогика, әлеуметтану, тарихпен тікелей байланысты универсал білім болып, дами бастады. Дж педагогикалық теорияның басты ережелері деп көрсетті: практика бұл жүйесі жақсы білімнен де өктем; практикалық қорытынды әкелуші жүйе аса құнды болып келеді; жас баланың ынта – жігері - оқу – білім барысының негізгі бөлігі; ұстазды қоғамға сай келешекке аса қажетті кәсіби жоғары педагогикалық бағыт бойынша жол көрсету; оқу – тәрбие жұмысының дұрыстығы; білім беру жұмыстарының үздіксіз болуы; ойынға сай ұйымдастырылған қызмет жүйесі; ұстаздық ету қызметі; Дьюи педагогикасының негізгі берер идеясы балаларды мектеп жасына бастап білім нәрімен сусындатумен қатар, өзін қоршаған ортасында еркін, дербес өмір сүруге баулу, толыққанды алынған білімдерді кейін әлеуметтік қызметтерде қолдануға жол ашып беру болып табылады. Аталған идея көбіне мына мың құбылған уақытта сапасын жоймақ емес.

Бертін келе Дж. Сантаянаның «Ақыл – ой өмірі» деп аталатын философиялық зерттеу жұмысы қоғамда кеңінен талқыға түсті. Осы зерттеу еңбегінде әлеуметтік, мәдени, саяси мәселелер қарастырылды. Ойшылдың философиясы негізінен алғанда метафизикадан тым алыс ұстанымға ие сондай – ақ логикалық тұрғыдан талдауға арналған жүйелермен теңдей ойлау болған жоқ. Оның ойындағы философия ол ғалам деңгейіндегі көптеген заттардың бір реттілігі жеке дара пікірін құрау болған.

Онымен қоса, философ өзінің «Скептицизм және жануарлар сенімі» деп аталатын зерттеу жұмысында объективті идеализм менрадикалды эмпиризм түсініктерін байланыстыра білді.

Өмірге деген көзқарас негіздерін радикалдық тұрғыдан күмән бойынша түзеді. Ол бойынша, ес, ақыл – ой, ыждағаттылықпен күту сияқты сондай – ақ өздік сана материалдық құндылықтан ада. Практика ақпараттарына көзқарас яки іштегі түйсік көмек көрсетуі керек. Дж. Сантаянаның пікірі бойынша, сана деген әрқашан жалғыз зат жайындағы ұғыммен бірге. Жалпы іштегі түйсік бұл жорамал әрекеті мен ақпараттарды игеру құрылысы. Сол себептен Сантаянаның ішкі түйсігі – әрбір бейненің ішкі және сыртқы мүсіні қалыптасатын басты назарды бөлетін әрекет ретінде есептеледі. Ол үшін дұрыс ақпараттар өздік сана үшін де анық болуы басымырақ. Және жануарлардың сенім жүйесі мағыналы идеялар сондай – ақ, мол әсерге бөлейді, тіршілік ережелерін құрайды [23, 98 б.].

Қазіргі таңда прагмаизмнің ең басты бағыттары үшін У. Джеймстің радикалды эмпиризмі мен Дж. Дьюи сүйенген инструментализм сондай – ақ антиреализм, фаллибилизм, верификационизм деп есептеледі. Фаллибилизм (латынның fallibilis – қауіп – қатерге арналған, кінәлі деп есептелген) – ғылымға негізделген білім ережеге сай ең соңғы емес, шындықтың арасындағы талдауынан соң ең жоғары түсініктемеге алмастыруға болатынын ұғындыратын бағыт болып табылады. Ол бағыттың ережелері К. Поппердің толеранттылық ережелеріне сай болуы тиіс. Жалпы алғанда Фаллибилизм ілімі жайында жоғарыда айтып өткен К. Поппер бізге тұщымды анықтама берген: «... екі дерекке негізделген көзқарас деп түсінемін: біріншіден, біз кателесуден сақтандырылмағанбыз; екіншіден, дұрыстыққа ұмылыс (немесе жоғары ықтималдық) жаңсақтыққа әкеледі» [24].

Антиреализм бұл жалпы ғылыми теорияларда бақылауды қажетсінбейтін онтологиялық бағыттың реалистік анықтамаларын жоққа шығаруды көздейтін тұжырымдама болып есептеледі. Қисынға сай пікір білдіруші ғалымдардың ғылыми білімдеріне ыңғайлы жанама болжамдар беруге өз әсерін тигізіп отыр.

Бұл бағыт реализмді метафизиканы қиратушы түсініктеме негізінде бағалай алады. Ол үшін ғылым саласының теориялық дамуы негізінен алғанда әлем бейнесін ашуда емес, жаңашыл үлгіге керекті ерекше болжамдар және құбылыстарды ойлап табу. Осы болжамдарың ешбір үлестіру қызметі болмайтындықтан, тиісінше эмпирикалық зерттеулерін қорын қалыптастыру мен оның қорытындыларын ұғындыруда ыңғайлы құрылғылар құрастырылады. Негізінен антиреализмнің басты атап көрсетері Э. Мах инструментализмі мен П. Дюгем дескриптивизмі, А. Пуанкаре конвенционализмі және П. Бриджмен операционализмі т.б көптеген ғылыми идеялар кіреді. Посмодерн идеялары өкілдерінің көпшілігі антиреализм қорытындыларының негізгілеріне баса назар аударады.

Верификационизм деген ғылыми немесе ғылымнан бөлек білім саласы аралығындағы шекті көрсетуге қолайлы ғылыми тұрғыдан рационалдылықтың басты өлшемдерін болжау ережелеріне орай пайдаланылатын философиялық бағыт болып табылады. Осы аталған бағыт ғылым жүйесін эмпирикалық түрде негіздеудің неопозитивтік жобасына қатысты практика ұғымын ғылыми талдау түрі боп келеді. Верификационизмнің әдістемелік аспектілеріне практика құрылымының бөлінбейтін жинақтары жайлы идеялар, пікірлер сыңыржақты бейнелеу үшін жол сілтейтін қарабайыр ақпараттар яки басқа да оқиғалар кіреді.

Верификация ережелеріне орай, кез келген ғылыми негізден дұрыс жинақталған ұсыныс болсын сезім практикасы ақпарат ағынымен салыстырылуға түсуі мүмкін. Аталған осындай салыстырулар мүлдем кездеспеген болжамдар ғылыми мазмұны жоқ негізінде бағаланған түрде ғылыми рационалдылық қоршауынан шығарылуы әбден мүмкін. Практика мәліметтерімен расталған пікірлер ақиқатқа жақын, ал мүлдем теріске шығарылғандар жалған деп көрсетіледі. Демек, бағыт өз ұстанымын дамыту үстінде:

верификацияның ең бастапқы нұсқасына сай, кез келген ақпарат анық ұсыныстарда көрінсе, тиімді нұсқасы тікелей сезім негізіндегі баламаға қатысы болмаған ғылыми пікірдің қатарына жатады [25].

Қорытынды. Дәлелденгендей, прагматизм философиясы метафизиканың мазмұнын жоққа айналдырады және шындықты адамдар ішіндегі уақытша бір келісу негізінде көрсетеді. XX ғасырдың екінші жартысында бізсөз етіп отырған прагматизмге қатысты айрықша көзқарас болған уақытта оның жеке дара нұсқасына негізделген және логикалық позитивизмге өз қарсылығын білдірген жаңа форматтағы философиялық бағыттағы мектептер қалыптаса бастады. Ең негізгі дамытушы өкілдер У. Селлерс пен У. Куайн болды. Кейіннен олардың ізін Р. Рорти жалғады. Содан соң қазіргі философиялық прагматизм негізінде аналитикалық сонымен қатар релятивистік деген бағыттар бойынша дамыды.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез – құлықтың прагматизмі деген осы», - деген болатын.

Сондай – ақ Елбасының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын жолдауында Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында білім беру жүйесін бақылауда ұстауды сонымен қатар оқу талаптарын қолға алуды бұйырған болатын [26]. Сол себепті жаппай жоғары оқу орындары келелі жұмыс істеулері үшін білім беру бағыттарын дамытуды үнемі бақылауда ұстауды міндеттеме ретінде алу керек. Дұрыс әрі сапалы білімнің мақсаты мен міндетін қоса алғанда, университеттен түлеп ұшар студент жастардың қабілет қарымын өсіруге бейімдеу және олардың келешектегі ғылыми қызметке деген қызығушылығын ояту керек. Осы мақсатқа ұмтылыс жасауға Қазақстанның мүмкіншілігі кемерінен асып тұр.

Сонымен қатар Жолдауда ұлт Көсбасшысы ғылыми және инновациялық мүмкіндіктерді беделді деген жоғары оқу орындары, Назарбаев Университеті мен «Алатау» инновациялық технологиялар базасында жетілдіруге қолқа салды. Өйткені ғылыми мүмкіндік жоғары әрі қолданбалы көптеген ғылыми зерттеулерді іске асыру ресурстары және түрлі шарттардың бүкіл жинағы негізінде анықталады. Тиісінше бұл инновациялық мүмкіндіктер жаңадан өндірілетін өнім мен технологияның тиімді тұстарын жоғарылататын түрлі ғылыми зерттеулер әрі әдістемелер қорытындыларын қолданыста үйренуге жағдай жасайтын ресурстар мен шарттардың құрамы есепке алынады.

Күні бүгінге шейін елемізде «Салауатты өмір салты» атты бағдарламасы және 2008 – 2016 жылға қарай ұйымдастырылған «Салауатты өмір салты» бағдарламасы құрылғанды. Осы аталған бағдарламалар төңірегінде саламатты өмір салтын ұстанудың көптеген жұмыстары іске асқандығын атап өтсек айып емес.

Осыған орай салауатты өмір салтын қалыптастырудың жаңа форматтағы түрі және әдіс – тәсілдерін дайындау негізінде көптеген шаруа қолға алынуы тиіс. Қазіргі адамның денінің бірден сырқаттанып қалуы қоғам мойындаған ащы шындық. Күн санап қоршаған ортаның ластанып жатуы, алаңдатып отырған экологиялық жағдай сынды біршама факторлар денсаулыққа кереғар әсер беруде. Осы жағдайларға байланысты медицина өз тарапынан ешқандай бір әрекетке қауқарсыз екендігін мойындайтын уақыт жетті. Сол себепті спортпен шұғылданумен салауатты өмір салтын дұрыс ұстау бойынша жүргізілген іс – әрекеттері маңыздылығын жойған жоқ.

Жалпы прагматизм адам баласының өмірге деген құлшынысының жоғары деңгейі негізінде өзінің ұстамдылық қағидаларының басым болғандығын айғақтады. Сондай – ақ прагматизмде философиялық жағынан қазіргі ойлау жүйесін құрау ең негізгі әдістердің бірі болып отыр. Атап айтқанда күллі жаратылыс ережелерінің өзектілігі, жаңашаландыруға талпыныс пен тиімділік, ғылыми білім жүйесін жоғары мәдени

құндылық бойынша білу, мінез – құлықтың адамгершілікке сай аса жоғары деп бағаланар құндылығын бағалау және т.б. Қазіргі таңдағы білім беру жүйесі әлеуметтік практика негізінде біршама өзгерістер бойынша толықтай жаңартылған күйінде өтеді. Және білім саласындағы өзгерістерде түрлі пікірталастар туып, қоғам ішінде өте көп дау-дамайға жалғасуда. Жаңа форматтағы білім беру ұйымының, инновациялық білім беретін оқулықтардың өмірге келуі педагогикалық идеялар өзгерістеріне әкеп соғады. Қазіргі уақытта білім беру жүйесін қажетті мамандар дайындаудың жүйесі негізінде қарау дитін дәстүрге бағытталған кереғар түсініктен құтылу керек. Білім беру мен Білім беру және еңбек әдебін құраудағы кәсіби түрдегі дайындықта қазіргі заман құндылығын тиімді пайдалануға жіті назар аудару маңызды. Әйткенмен бұл проблеманың кері жағының да бар болатынын есте ұстаған жөн. Прагматизм және құндылық, былай алғанда байлықты көксеу мен оған деген ынтық ғылыми танымдық және білім жүйесінің басты ұйытқысы болмайды. Негізінен білім берудегі ең негізгі мақсат бұлжымас құндылықтарды ескере отырып, іште пайда болатын ынтаға баулуды ұйымдастыру болып отыр. Сол себепті тек қана прагматикалық тұрғыдан ойлана алатын, шындыққа тура қарай алатын мамандар мен сол мамандықтың рухани құндылықты қарастырған тұлға ретінде тәрбиелеуге баса көңіл бөлу қажет.

Прагматизмді философиялық жүйе деп оны зерттеуші әрі қолдаушы жанды біз прагматик дейміз. Прагматик деген өмірге қытысты әс – әрекеттері және өзіндік жеке көзқарасын табыс келтіруші қорытындылар бойынша түлете алады. Сол себепті ел үшін прагматизм насихаттайтын нұсқаларды берік ұстану қазіргі әлем өркениетінде табысы таудай ұлт болып қалыптасуымыздың тетігі болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1 «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

2 Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2017. 12 сәуір.

3 Ожегов С.И. Словарь русского языка. / Под общей редакцией академика С.П. Обнорского. М.: Государственное издательство иностранных и национальных словаре, 1952. С. 525.

4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. А.: Дайк Пресс, 2008. 679 б.

5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 12. / Құрст. А. Үдербаев, О. Науысбеков, Ж. Қоңыратбаева және т.б. А.: Қазақ энциклопедиясы, 2010. 300 б.

6 Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. В 4 томах. Т. 3. М.: Русский язык, 1990. С. 380.

7 Философиялық сөздік / Р. Н. Нұрғалиев, Ф.Ф. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин ж.б. Алматы. Қазақ энциклопедиясы, 1996. 346 б.

8 Медведев Н. Метаморфоза // Вестник ТГУ. 2008. №3 (59). С.16.

9 Пирс Ч.С. Начало прагматизма / Пер. с англ. В.В. Крющенко, М.В. Колопотина. СПб.: Лаборатория метафизических исследований философского факультета СПбГУ; Алетейя, 2000. Т.1. 318 с.; Т.2.352 с.

10 Пирс Ч.С. Принципы философии / Пер. с англ. В.В. Крющенко и М.В. Колопотина. СПб.: С.-Петербург. Филос. о-во, 2001. Т.1.224 с.; Т. 2. 320 с.

11 Пирс Ч.С. Закрепление верования // Вопросы философии. 1996. №12. С. 113-114.

12 Аглиуллина К.С., Семенова Э.Р. Прагматизм как философия науки // Молодой ученый. 2016. №23.С. 584-585

13 Федотова Г.М. Понятие «означивание» в семиотических теориях Ф. Де Соссюра и Ч. С. Пирса // Известия Пензенского государственного университета имени В.Г.

Белинского, гуманитарные науки. 2012. №27. С. 418-419.

14 Джеймс У. Прагматизм: новое название для некоторых старых методов мышление. М.: Ленанд, 2015. 240 с.

15 Джеймс У. Психология в беседах с учителями. СПб.: Питер, 2001. 150 с.

16 Джеймс У. Многообразии религиозного опыта. / Пер. с англ. В.Г. Малахиховой – Минович, М.В. Шика, под ред. и с предисл. С.В. Лурье. М.: URSS Комкнига, 2012. 418 с.

17 Дьюи Д. Реконструкция в философии. Проблемы человека. / Пер. с англ, послесл. и примеч. к. филос. н. Л.Е. Павловой. М.: Республика, 2003. 493 с.

18 Дьюи Д. Общество и его проблемы. / Пер. с англ. И.И. Мюрберг и др. – М.: Идея-Пресс, 2002. 159 с.

19 Сантаяна Д. Характер и мировоззрение амеианцев / Пер. с англ. И. Мюрберг. М.: Идея-пресс, 2003. 175 с.

20 Джеймс У. Что такое прагматизм? [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.marsexh.ru/pragmatik.html>

21 Красиков В. Американская философия классического периода: реализм и прагматизм // Вестник КемГУКИ. 2014. №4 (29-1). С. 99.

22 Сантаяна Д. Скептицизм и животная вера. / Пер. с англ. А.С. Фомина. СПб.: Владимир Даль, 2001. – 387 с.

23 Поппер К.р. Факты, нормы и истина: дальнейшая критика релятивизма // Поппер К.Р. Логика и рост научного знания: сост., общ.ред. и вступ. ст. В.Н. Садовского. М.: Прогресс, 1983. С. 387.

24 Верификационизм // Электронный ресурс. Режим доступа: <http://iphlib.ru/greenstone3/library/collection/newphilenc/document/HASH6e4b288e60a1b52aebfcbe>

25 Қазақстанның Үшінші Жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2017. 31 қаңтар.

Аннотация: О прагматизме сегодня много говорят и пишут. Есть даже основания полагать, что это стало модным. В первую очередь необходимо обратить внимание на понятие прагматизма. Прагматизм, по сути, означает действие. Прагматизм возник как философское направление в последнее десятилетие XIX века. Основы философской концепции прагматизма были заложены Чарльзом Пирсом. Преемник прагматизма Уильям Джеймс прославился в 1906 году, прочитав серию лекций, опубликованных под этим именем. Наиболее ярким представителем прагматизма был Джон Дьюи. Прагматизм - тоже не новое понятие для казахов. Напротив, это близкое душе понятие. Как говорил президент Н.Ә. Назарбаев: «Если мы взглянем на нашу собственную историю, на образ жизни наших предков, мы сможем найти много ярких примеров истинного прагматизма».

Ключевые слова: прагматизм, труд, благо, харекет, национальная идентичность, нация, национальное сознание, национальная идея, национальный код, Мәңгілік ел.

Abstract: There is a lot of talk and writing about pragmatism today. There is even reason to believe that it has become fashionable. First of all, it is necessary to pay attention to the concept of pragmatism. Pragmatism essentially means action. Pragmatism emerged as a philosophical trend in the last decade of the 19th century. The foundations of the philosophical concept of pragmatism were laid by Charles Pierce. The successor to pragmatism, William James, became famous in 1906 with a series of lectures published under that name. The most prominent representative of pragmatism was John Dewey. Pragmatism is also not a new concept for Kazakhs. On the contrary, this is a concept close to the soul. As President N.Ә. Nazarbayev: «If we look at our own history, at the way of life of our ancestors, we can find many vivid examples of true pragmatism».

Key words: pragmatism, labor, hareket, national identity, nation, national consciousness, national idea, national code.

ӘОЖ: 32.019.5

Сарсенбеков Ж.А., Утеева К.К.

магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**«РУХАНИ ЖАҒҢЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІН
ШЕШУГЕ ЫҚПАЛЫ**

Түйін: Бұл мақалада Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары туралы және аталған бағдарламалар аясында елімізде қолға алынып отырған іс-шаралар жөнінде баяндалады. Сонымен қатар, бұл бағдарламалардың жастар арасында кең насихатталуы, олардың өмірлік ұстанымдары мен болашаққа деген көзқарастарына жаңа серпін бере отырып, ХХІ ғасырдың бәсекеге қабілетті, көзі қарақты әрі көкірегі ояу, елдің ертеңіне немқұрайлы қарамайтын, нағыз ұлтының жанашыры болатын ұлтжанды азамат болып қалыптасуына өлшеусіз үлес қосары анық. Себебі, болашақта өндіруші, шикізатқа негізделген экономика емес, өңдеуші, яғни дайын өнім жасап шығаратын, жаңа технологияларға иек артатын елдердің қолында болатындықтан, білім экономикасын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған бірінші міндет болатындығы айтылған.

Кілт сөздер: Елбасы, Рухани жаңғыру, жастар, экономика, білім, бәсекеге қабілеттілік, бағдарлама, капитал, сауаттылық.

Кіріспе. Елбасының бастамасымен нақты қолға алынып жатқан «Мәңгілік Ел» [1], «100 нақты қадам» [2], «Рухани жаңғыру» [3] бағдарламалары елдегі қоғамдық сананы жаңғырту бастамалары арқылы жетістіктерге жетелейді деп санаймыз. Аталған бағытта еліміздің ұлық дана тұлғалары болып табылатын сонау қазақ хандығының басқару кезінде өмір сүрген хандар, билер, жырау, батыр, ақын, ғұламалар, сондай-ақ алашорда зиялыларын дәріптеу, үлгі алу арқылы бүгінгі жаһандану аясында жас ұрпақты саналы, иманды, білімді, қайратты, епті, жан-жақты сапалы адам деңгейіне жеткізудің объективті қажеттілігі бар. Ал осы орайда, азаматтық қоғаммен және қоғамдық институттармен өзара әрекеттесу қағидасы бойынша белсенді қарым-қатынасты орнатып, үнемі байланыста болуы тиіс деп білеміз. Бұл тұста, айта кетер жайт, осы жақында құрылған Қазақстан Республикасының қоғамдық даму министрлігін құру мақсаты осы пікірімізді дәлелдейді. Демек, азаматтық қоғамның белсенділігін жастар көтеруі тиіс деп есептейміз. Себебі жаһандық бәсекеге мемлекет, мемлекеттік органдар және оларда мемлекеттік қызметші болған жастар, қоғамдық институттар да қабілетті болуы қажет.

Нобель сыйлығын алған американдық макроэкономистер Теодор Шульц пен Гарри Беккердің тұжырымына сүйенгенді жөн көрдік. Олар «Экономиканы дамытуға ықпал ететін негізгі үш фактор бар. Оның 16% физикалық капитал (адам күші), 20% материалдық ресурс (табиғи ресурстар) және 64% адами капитал құрайды» [4] деген. Бұл жерде, біздің елді және Жапония елін өзара салыстыра кетейік. Біздің еліміздің физикалық капиталы жалпы 18 миллион адам болса, ал енді Жапонияның шамамен 132 миллион тұрғыны бар. Материалды ресурс бойынша біздің елдің артықшылығы бар. Ал енді адами капитал бойынша (денсаулық, білім, мәдениет және т.б.) Жапония елі біздің елге қарағанда өте көш ілгері деуге болады. Сол білімнің арқасында аталған елдің экономикалық жағдайы, халықтың орташа жасы өте жақсарды. Сонымен қатар айтар жайт, ел қаншама табиғи апаттар көріп келе жатса да, сол елдің халқы өзіндік сабырлылығын және мәдени ұстанымын аңғартты. Әлбетте, әрбір халықтың өзіндік қасиеттері, ерекшеліктері, сондай-ақ өзіне тән болмыстық мінез-құлқы да болады. Бұл ретте, қазақ халқының, жалпы қазақстан халқының өзіндік қарым қабілеті және өзіндік болмыстық мінез-құлқы бар. Ол

бейбітсүйгіштік, қонақжайлылық және т.б. Әрине, кем тұстарымыз да бар. Дегенмен де, осы ретте халқымыздың ұлық данышпаны Абай Құнанбайұлы айтқандай бес дұшпан мен бес асыл істі тек білумен ғана шектелмей, бес дұшпаннан сақтанудың, бес асыл істі дұрыс, тиімді қолдану жолдарын үйрену керек.

Теориялық талдау. Қазіргі уақыт реалийінде ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру талабы жаңа формат – «білім экономикасына» ауысуға назарын күшейтеді. «Білім экономикасын» қалыптастыру мен дамытудың басты факторы креативтік және инновациялық адами капитал болып табылады. Адами капиталды таңдау еңбек өнімділігін, өмір сүру деңгейін, білім беру сапасын, денсаулық сақтауды, демалу саласы мен мәдениетті арттыруға негізделген ұлттық саясаттың жаңа принциптерін құру қажеттілігін айқындайды[5]. Бұл тұжырымдармен келісуге құптарлық түйін болып табылады. Өйткені, білімді ешкім тартып ала алмайды.

Сонымен, шартты түрде айтар болсақ, жалпы мамандарды үшке бөлуге болады. Жай маман, бәсекеге қабілетті маман және сұранысқа ие маман. Бүгінде жеке тұлғаның өзінің мамандығынан бөлек, оның саяси, құқықтық, кәсіпкерлік, қаржылық және рухани-діни сауаттылығы, әлемдік деңгейдегі мәдениетінің болуы қажет деп санаймыз[6]. Демек, қоғамдық дамудың негізгі қозғаушы күші білім деп білеміз. Сондықтан жастар білім экономикасын қалыптастыруға белсенді ынта-жігер мен іс-әрекеттерін жандандыру керек деп санаймыз. Тағы да бір қорыта айтар кетер жайт, бейбітсүйгіштік – жастардың өмірлік шырағы, білім, ілім, ғылым – болашаққа ұшыратын пырағы, мәдениет – ұлттық, саяси, құқықтық, діни, кәсіпкерлік, қаржылық мәдениет, қазақстандық патриотизм, рухани жаңғыруға мүмкіндік беретін көпқырлы қайнарбұлағы, Қазақстан – Мәңгілік елдің мәңгілік тұрағы.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты ғылыми-көпшілік танымдық және ғылыми бағдарламалық мақаласы жарияланды. Мақаланың жалпы мазмұнын мұқият қарап оқып шыққан жеке тұлға, ондағы ой-пікірлер мен тұжырымдар жалпы ғылымның атасы философияның жеті саласын (онтология – мән туралы ілім, гносеология – таным туралы ілім, аксиология – құндылықтар туралы ілім, антропология – адам туралы ілім, философиялық және тарихи антропология (антропоморфология, антропогенез, этникалық антропология) ілімдері бар, логика – ойлау заңдылықтары туралы ілім, этика – мораль, мінез-құлық туралы ілім, эстетика – адамның дүниені эстетикалық тұрғыдан түсіну заңдылықтары, әсемдік заңдарын арқау еткен шығармашылықтың мәнісі мен формалары туралы ілім) жинақы негізде қамтып кеткен деген ойға келеді[7].

Рухани жаңғыру-тарихпен біте қайнасып жатқан, қазақтың өткен өмірі мен келешек өмірін сабақтастыруға бағытталған жаңа серпінді бағдарлама. Рухани жаңғыру тек халық тарихынан көрініс беріп қана қоймай, сананың жаңғыруына зор ықпалын тигізеді. Дүние жүзі жаңару кезеңін бастан кешіп, жаңа тарихи кезеңге аяқ басуда. ХХІ ғасырдағы ғылыми-технологияның эволюциясы кезінде сананың қайта жаңғырып, жаңаруы маңызды орын алуы тиіс. Санамыздың рухани жаңғыруы өзге дамыған елдермен тереземіз тең түсіп, иық теңестіруімізге зор әсерін тигізбек. Рухани жаңғырудың басты мақсаты-ұлттық кодымызды сақтай отырып, болашаққа нақты қадам жасау. Елбасымыз: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту -еліміздің табысты болуының басты кепілі»[7], - деп атаған болатын.

Төл тарихымызды тереңінен ұғынуымызға Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының маңызды роль атқаратыны анық. Мақалада көрсетілген жеті бөлім де қазақ халқының тарихы мен салт-дәстүрін баяндайды. Ата-бабаларымыздың атты қолға үйретуінің арқасында көшпенділер тарихта тұңғыш рет атқа міну мәдениетін қалыптастырды. Сонымен қатар еліміздің металл кеніне бай болуы металлургияның пайда болуына жол ашты. «Аң стилі» мен «Алтын адам» Қазақстандағы ежелгі тұрғындардың

озық мәдениеті болғанының басты дәлелі болып табылады. Сонымен қатар елімізде ежелден қалалардың болуы Қазақстанның мәдениет пен өркениеттің орталығы болғанын көрсетеді. Ал елімізден әлемге әйгілі Ұлы Жібек жолының өтуі қазақ елінің ежелден-ақ дамыған халық екендігін дәлелдей түседі.

Тәжірибелік бөлім. Ұлттық сана мен тамыры терең тарихтың қайта жаңарып, жаңғыруы ұлттық негізімізді мықтылай түседі. Сондықтан да Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мен «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы бір-бірімен біте қайнасып жатқан аса құнды бағдарламалар. Ғасырлар тоғысынан көрініс беретін халқымыздың ұлттық тарихы мен дәстүрін қайта жаңғыртып, оны келешек ұрпаққа жеткізу-ата-бабаларымыздан бізге берілген маңызды мұра.

Қорытынды. Сонымен, қорыта келгенде, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақала ғылыми танымдық және ғылыми бағдарламалық мәні болуымен қатар, оның ғылыми бастамалық сипаты бар деп түйіндейміз. Мақаланың негізгі идеясын айтар болсақ, оның алдында жазылған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» делінген мақаланың тек жалғасы ғана емес, оны әрі қарай іскер асырудың жүйелі тетігі болуымен ерекшеленеді. «Рухани жаңғыру» бастапқы жағымды бастама болса, өз кезегінде «тарихи сананы жаңғырту» идеясы үйлестіруші жағымды бастама деуге болады. Сол бастама нәтижесінде қолға алынатын іс-шаралар арқылы Қазақстан халқының, сондай-ақ түркі тілдес халықтарының ынтымақтастығын қалыптастырушы жалпы және ерекше идеологиялық база қалыптасады деуге болады. Демек, жаһандық бәсекелестікке қабілетті болуы үшін тұрақты әрі прагматикалық экономикалық даму, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты, сондай-ақ көпвекторлы халықаралық ынтымақтастықты көздейтін саяси ұстаным және қазіргі өркениеттер альянсының татулығын нығайтатын, олардың заңды мүдделерін қанағаттандыратын жалпықамтушы идеологиялық платформа қажет деп білеміз. Осы пікірге келуіміздің себебі, Арнольд Джозеф Тойнбидің өзі жазған «Тарихтың жетістігі» атты кітабында «Заманауи әлемдік саясат: бұл өркениеттердің экономикалық, саяси және идеологиялық жарысы» деп түйіндеген болатын. Сондықтан мұндай жүйелі іс-шаралардың нәтижесінде жалпы қоғамның, оның ішінде жастардың адами капиталын, ұлттық мәдениетін, әмбебап білімі мен сауаттылығын, қалыпты бәсекелестік қабілетін қалыптастырады деп түйіндейміз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. ҚР Президентінің халыққа жолдауы, 18.01.2014 ж.
3. Егемен Қазақстан газеті. № 70 (29051) 12 Сәуір, 2017 ж.
4. Беккер Г. Человеческий капитал (главы из книги) //США: экономика, политика, идеология, 1993. №11-12.
5. Шөптібаева Г. “Адам капиталы” мәселесінің интерпретациясы //Саясат журналы, 2004. №4.
6. Нарисбаев К.Н. Инвестиции в человеческий капитал. Алматы, 1998.
7. Егемен Қазақстан газеті. № 223 (29454) 21 Қараша, 2018 ж.

Аннотация: В данной статье рассматривается программы начатое по инициативе Елбасы Н.Назарбаева «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Семь грани Великой степи» и мероприятия, которые планируются и проводятся в рамках данных программ. Наряду с этим, широкая агитационная работа данных программ среди молодежи, благоприятно повлияло на их жизненные установки и взгляды на будущее. В том числе, агитационные работы формируют у молодежи такие качества, как патриотизм, объективный взгляд и критическое мышление, служение нации и конкурентноспособность в XXI веке. Потому что, будущеесть у тех стран, у которых экономика базируется на обрабатывающую промышленность, которые производят и экспортируют готовую продукцию, а не страны живущие только продажей сырья. Поэтому, формирование экономики образования, а не продажа сырья, является приоритетной целью номер один для нашего народа и

государства в целом.

Ключевые слова: Елбасы, Рухани жаңғыру, молодежь, экономика, образование, конкурентоспособность, программа, капитал, грамотность.

Abstract: In this article is considered programs begun at the initiative of Elbasy N. Nazarbayev «Mangilik El», «Ryhani zhangiry», «Seven a side of the Great steppe» and an action which are planned and carried out within these programs. At the same time, the extensive campaigning of these programmes among young people has had a favourable impact on their attitudes and views on the future. Among other things, campaign works shape such qualities as patriotism, objective view and critical thinking, service of the nation and competitiveness in the twenty-first century. Because the future is for those countries that have an economy based on manufacturing, not producers and exports finished products, not countries living only in the sale of raw materials. Therefore, the formation of an education economy, rather than the sale of raw materials, is the number one priority goal for our people and the state as a whole.

Keywords: Elbasy, Ruhani zhangyru, youth, Economy, Education, Competitiveness, Program, capital, literacy.

ӘӨЖ 364-1:364.65

¹Дарибаева Р.Д., ¹Сейдан Ж.Т., ²Ремизов В.А.

¹педагогика ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²философия ғ.д., профессор. Мәскеу мемлекеттік мәдениет институты, Мәскеу, Ресей

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК КЕДЕЙЛІК ФЕНОМЕНИ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Түйін: Мақаланың негізгі мақсаты - қоғамның аз қамтылған әлеуметтік дәрежесін сипаттайтын «кедейлік» ұғымын феномен ретінде зерттеп, проблеманың әлеуметтік мәнін ашу болып табылады. Себебі «кедейлік» феномені шетел зерттеушілері арқылы әлемдік деңгейде зерттелген аса күрделі ұғым. Алайда, біздің еліміздегі кедейшілік мәселесінің сипаты мен ерекшеліктері әлі де толық зерттеуді қажет етіп отыр. Мақаланың негізгі міндеті - «кедейлік» ұғымына жан-жақты түсінік беру. Сонымен қатар, мақалада еліміздегі және әлемдік масштабтағы кедейлік мәселесінің өзектілігі қаралады. Әлеуметтік бақылау және анализ талдау әдістерін қолдау арқылы алынған ақпараттар негізінде мәселенің әлеуметтік өзектілігі айқындалды. Кедейлікті әлеуметтік тұрғыдан проблема ретінде зерттеп, мәселені алдын алу және күресу жолдарын қарастыруға бастама ретінде ғылыми зерттеу жұмысы жасалды. Мақала мазмұнында кедейліктің бүгінгі қоғамдағы өзектілігін ашумен қатар, тақырыпты зерттеудің негізгі міндеттері де көрініс табады. Мақала «әлеуметтік кедейлік» мәселесін зерттеуге кіріспе ретінде ұсынылады.

In the world economic system, Transport Logistics has reached the following level, that is, it is defined as market-oriented methods of planning, forming and growing cargo flows with minimal losses in all logistics chains. Today, the growth of the economy is facilitated by the formation of an integrated transport logistics system, which includes both private entrepreneurship and regions and countries as a whole[2].

In economically developed countries, Transport Logistics is an integral part of commodity distribution and distribution systems in the context of an acute competitive struggle for the liquidity market of products. Currently, in Russia, Ukraine, Kazakhstan, the Baltic states and many countries, elements of Transport Logistics are actively introduced into various sectors of the economy. Today, Kazakhstan is growing interest in managing the logistics chain and transport logistics system in the field of production and movement of goods. "Procter and Gamble", "Unilever Central Asia", "Unicommerce", etc. companies have long used transport

and logistics links and strategies in their activities. Transport transports goods at the request of its customers, thus using transport tools and new technologies, and consumes a huge amount of resources. In this area, private enterprises independently determine tariffs for Transportation Logistics Management[3]. The tariff scheme is a set sequence for determining the condition of the invoice for cargo transportation. Tariff setting – the amount of payment set by a private transport company for the service performed (Image 1)




Image 1 - Types of tariff schemes for cargo transportation

The importance of transport in the delivery of goods from the manufacturer to the buyer is described, it should also be noted that the transport logistics system classifies the following functional areas: production logistics, distribution logistics, inventory management, information logistics, warehouse logistics, liquid logistics, buyer logistics. Let's note the description of each of them separately[4].

The concept of logistics is a system of appropriate approaches to improving economic activities by optimizing material flows. The main, constructive principle on which material flow management is built is the regularity principle. It represents the conduct, organization, storage, production, sale and transportation of purchases as a single process Process[5]. Material flows in the economy arise as a result of the activities of many participants, each of which has its own goals. If the participants jointly coordinate their actions in order to rationalize the object of management-internal material flows-then all of them will receive a significant economic gain. Rationalization of material flows is possible only within the framework of one enterprise or its division. But the maximum effect can only be obtained on the way from the first source of raw materials to the final consumer, optimizing the flow of aggregate material or optimizing its individual significant sections. But all the links of the material-conducting circuits, that is, all the elements of the macrologistic and micrologistic systems, must work as a single built mechanism. To solve this problem, it is necessary to take a systematic approach to the choice of equipment, the design of coordinated technological processes at different sites where the material moves, the issues of combining conflicting economic interests and other issues related to the organization of material flows[6].

The issues of systematic approach to material flow management will be discussed in detail below. The issues of proper placement of production units in countries where raw materials and labor are low, optimization of the location and structure of the warehouse economy, reduction of logistics costs of corporations due to the correct methods of transportation of raw materials, parts and finished products, the organization of spare parts and logistics service were considered[7].

In recent years, due to the development of market Relations, a new scientific and practical trend called Logistics has emerged and is actively developing. All this is due to the fact that the logistics route develops in the economies of capitalist countries and gives significant results. Logistics has become a business tool for many corporations, such as IBM, Proctor&Gamble, General Motors, Ford Motors, Johnson&Johnson.

Western experts and scientists have developed many logistics concepts that are effective, give an advantage over competitors, and are widely used in many enterprises. The following concepts allow domestic enterprises to work more productively and efficiently.

The most common micrologistic concept in the world is the concept of "just-eye-time" – JIT ("exact time"). This concept appeared in the late 1950s, when the Japanese company Toyota Motors and other Japanese automotive companies began actively implementing the Kanban micrologic system. The name "Just-eye-time" was later given to this concept by the Americans, who also used this method in the production of automobiles. The first goal of the JIT concept is not to hold stocks of material, parts and semi — finished products in the production process of car assembly. The initial order was as follows: if the production schedule is given, then it is necessary to organize the movement of material flows in such a way that all materials, parts, semi-finished products are delivered in the right volume, in the right place and at the exact time of production of the finished product. In this case, the insurance funds became unnecessary.

Taking into account the wide development of JIT in various areas of modern business, the following definition can be given to it: "JIT is a modern concept of building logistics systems in production, supply and distribution based on the synchronization of the supply process of material resources, semi - finished products, finished products at the right time, in the required amount, with the aim of minimizing the costs associated with the fund" the concept of JIT is closely related to the logistics cycle and its components, which we discussed in the previous section. The logistics concept of JIT is characterized by the following main properties: minimal reserves of material resources, semi-finished products, reproduction; short production cycles; small-volume production of finished products and replenishment of inventory; interaction with reliable suppliers, carriers for the purchase of material resources; effective information support; reliable technologies, telecommunications systems are required for the effective implementation of JIT[8] (Table 1).

Table 1 - Comparison of the concept of JIT and traditional inventory management

Factors	JIT method	Traditional method
Funds	Liabilities. All efforts should be directed to its destruction. There are no insurance funds.	Assets. Protects production from forecasting errors and distrust of the supplier. "Insurance" of most of the funds.
Inventory size, number of purchases of materials and resources	The amount reflects only the current need. The minimum number of material resources applies to both the manufacturer and the supplier.	The number of stocks is determined by the cost-effective amount. Changes in inventory are not taken into account when selling costs change, when moving to a small number of finished products or material resources.
Conducting	High privilege. Control of demand changes by quickly reorganizing the tool. The desire to produce small batches of finished products.	Lower priority. The usual goal is to maximize the volume of finished products.
Stocks of semi-finished products	Elimination of stocks of semi-finished products. If there are stocks between production units, then it is necessary to mark them and eliminate them as soon as possible.	Necessary element. Semi-finished products are used in structural divisions, being the basis of production technological cycles.
Suppliers	They are considered as production partners. Communicate only with trusted suppliers. There are not many suppliers.	A long professional relationship is established with suppliers. There are a large number of suppliers, and artificial competition is established between them.
Quality	The goal is to eliminate the defect. If the quality is not 100%, then production and	Less defects are allowed. Quality control of finished products is carried out

	distribution are not efficient enough.	voluntarily.
Staff	Requires coordination of actions of employees, as well as management personnel. You can't make changes without consent.	Management is carried out by General Management. The changes are not related to lower-level personnel.

The production of finished products in small batches in a relatively short production cycle stimulates the cycle of supply of material resources associated with them. In theory, the ideal order size for the basic JIT system is one unit, but this is not implemented due to the problem of sales costs and orders.

Logistics systems that use the JIT ideology are traction systems. In this case, orders for replenishment are made only when the reserves reach their peak at a certain link. Stocks are “stretched” in a system of separation of material resources from suppliers or logistics intermediaries through individual distribution channels. In the concept of JIT, demand is obtained, which determines the subsequent movement of important raw materials, materials, parts, semi-finished products and finished products[9].

Quality occupies an important place in the practical implementation of the concept of JIT. Japanese automotive companies have changed the methods of quality management and control at all stages of the production process and the quality of subsequent service by introducing the concept of JIT and the Kanban micrologistic system. In the final result, it has become a TQM - general quality management - philosophy that puts quality at the forefront of all strategic and tactical goals of the firm. The concept of JIT affects the maintenance and control of the quality level within all components of logistics.

Conclusions. As foreign experience shows, logistics occupies a strategically important place in modern business. It is no coincidence that many professionals who have achieved success in this field move to higher positions in the management of the company. Currently, the traditional functional areas of logistics in advanced firms are united on the basis of a common information and computer platform, creating a strategic innovation (innovation) system. Activities in the field of logistics are multifaceted. It includes the management of Transport, Warehouse Management, inventory, personnel, Organization of Information Systems, commercial activities, etc.

The novelty of the logistics approach is the main interconnection. The purpose of the logistics method is continuous management of material flows.

Material flow management has always been an important aspect of economic activity. At the same time, the most important elements of the concept of the market of Kazakhstan are: proper organization of production; general control over the quality at all stages of the production process and the quality of source material resources in suppliers; cooperation only with reliable suppliers and carriers; high professional responsibility of all personnel and high labor morale.

References list:

- 1 Nazarbayev N. And. "Kazakhstan-2050" Strategy-a new political course of the established state. Address of the president of the country to the people of Kazakhstan. - Astana, December 14, 2012
- 2 Smekhov A. A. logistics. - M: Knowledge. 2005, 5-7C.
- 3 Fedorov M. logistics as a form of optimization of market linkages - M., Institute of world economy and international relations Russian Academy of Sciences,2007.
- 4 Drain John.R., DM Lambert, Strategic logistics management, translated from the 4th eng. ed. M.: INFRA, 2005, p. 797
- 5 Gordon M. P. Market and logistics-M: "Economy", 2003. 143 p. -(Association of logistics. Institute for research of commodity movement and wholesale market conditions)
- 6 Prokofieva TA., Belozersky A. Yu. Logistic distribution systems. / Under the General

and scientific editorship of doctor of Economics Prokofiev THAT. Smolensk: Smolenskiy TSNTI publishing house, 2008. 228 p.

7 Semenenko A. I. Entrepreneurial logistics. Politechnika. SPb. 2007.

8 Stepanov V. I. Logistika: Uchebnik. M.: velbi, publishing house Prospect 2006, 488s.

9 Mirotin L. B. transport logistics: ucheb.M.: publishing House "Exam", 2005.512 p.

Түйін: Қазіргі таңда Қазақстандағы логистиканың дамуы нарық заңдары мен қағидаларынан туындағандай логистиканы игеру және оны кәсіпорындағы басқару жүйесімен бірігуі нарықтық экономиканың даму деңгейін көрсетеді. Логистикалық әдістерді қолдана отырып төмендегі артықшылықтарға жете аламыз: сұранысты болжамдау және соның негізінде қорларды жоспарлау, өндіріс пен көліктің қажетті қуаттылығын анықтау, материалды ағымдарды оңтайлы басқару негізінде дайын өнімді бөлудің ғылыми қағидаларын жасау, өндіріс пунктінде және тұтынушылардағы тиеу үрдістерін және тасымалдау - қоймалау операцияларын басқарудың ғылыми негіздерін жасау, логистикалық жүйелердің қызмет етулерінің түрлі математикалық модельдерінің варианттарын құру; дайын өнімдерді бірлесіп жоспарлаудың, жабдықтаудың, өндірістің, қоймалаудың, өткізудің және тасымалдаудың әдістерін жасау. Өндірістің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін камтамасыз ететін жалпы экономикалық құбылыс пен тетік ретіндегі логистиканың рөлі өте зор. Мақалада шетел кәсіпорындарында логистикалық тұжырымдамалардың маңызды элементтері мен әдістерді қолдану тәжірибесі қарастырылған.

Кілт сөздер: кәсіпорын, логистика, шетелдік тәжірибе, тұжырымдама

Аннотация: В настоящее время развитие логистики в Казахстане основывается на законах и принципах рынка, развитие логистики и ее интеграция с системой управления предприятием отражает уровень развития рыночной экономики.

Используя логистические методы, мы можем достичь следующих преимуществ: прогнозирование спроса и планирование на его основе запасов, определение необходимой мощности производства и транспорта, разработка научных принципов распределения готовой продукции на основе оптимального управления материальными потоками, разработка научных основ управления погрузочными процессами и транспортно-складскими операциями на производственном пункте и у потребителей, разработка вариантов различных математических моделей функционирования логистических систем; разработка методов совместного планирования, снабжения, производства, складирования, реализации и транспортировки готовой продукции. Велика роль логистики как общеэкономического механизма и механизма, обеспечивающего социально-экономическую эффективность производства. В статье рассматривается опыт использования важных элементов и методов логистических концепций в зарубежных предприятиях.

Ключевые слова: предприятие, логистика, зарубежный опыт, концепция

ӘОЖ: 33.330 811.1

¹Нурымбетов Т.Я., ¹Абишова А.У., ²Шеърлов Ж.

¹экономика ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹экономика ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²экономика ғ.к., Қаракөл өсіру және шөлдерді Өзбекістан ҒЗИ,
«Экономика» бөлімінің меңгерушісі, Самарқанд, Өзбекістан

ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРДЫҢ ДАМУЫ ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Түйін. Мақалада Қазақстанда ежелгі дәуірден бастап экономикалық көзқарастардың бағыттары зерттелген. Әл-Фараби, Ж.Баласағуни, М.Қашқари, А.Ясауи, Асан Қайғы, Тауке-хан, қазақ Билері, тиісті белестерді зерттеуді көш бастаған ғұламалар пікірлері қарастырылған. Осы үрдістерді дамытушы ретінде Ш.Уалихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтің ғылыми еңбектеріне шолу жасалған. Сондай-ақ тәуелсіз мемлекетіміздің экономикалық қалыптасуына және дамуына үлкен үлес қосқан А.Бокейхановтың, Т.Рысқұловтың, Н.Торекуловтың, Ж.Ташеновтың, Б.Қонаевтің, Н.Назарбаевтің еңбектері атап өтілген.

Қазіргі жағдайда отандық экономиканың әлемдік деңгейде танылуына қазақ елінің бірінші академигі Қ.Сатпаевтің, дәстүрлі экономиканың теориялық негізін салушы академик Ғ.Калиевтің, отанымыздың болашақ мемлекеттік бағдарламасының түлектеріне жоғары баға берілген.

Кілт сөздер: экономика, тәуелсіздік, еңбек, нарық, бәсеке, болжам, жаһандану, окшаулану.

Кіріспе. Елімізде экономикалық көзқарастардың пайда болуы ежелгі дәуірден басталып қазіргі кезеңде әлемдік деңгейде жалғасуда. Халқымыз ежелден бақуатты ұлттың дәстүрін сақтауға, оны байытуға мән берген. Ел бостандық үшін күресетін халық ретінде, көшпенді халық ретінде, өте фольклорға бай, суырып-салма ақын ретінде бүкіл әлемге танылған. Әл-фарабидің, Ж.Баласағунидің, М.Қашқари, А.Ясауи, Асан Қайғы, Тауке-хан, қазақ Билерінен бастап Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев сияқты зиялыларымыз өз пікірлерімен, ғылыми еңбектері мен әлемге танылған.

Еліміздің саяси қайраткерлері А.Бокейханов, Т.Рысқұлов, Н.Торекулов, Ж.Ташенов, Б.Қонаев, Н.Назарбаев тәуелсіз мемлекет болуымызға, экономикамыздың дамуына өз өмірінің құнды тәжірибелерін қосқан.

Тәуелсіздікке жеткен елімізде белгілі экономистері, қоғам қайраткерлері, болашақ мемлекеттік бағдарламасын бітірген және еліміздің экономикалық дамуына үлкен үлес қосқан зиялылар еңбегі атап көрсетілген. Ғылыми еңбектің мақсаты біздің экономикалық көзқарастардың тарихи кезеңдерге сәйкес даму ерекшеліктерін зерттеу, оның қазіргі жағдайда даму бағыттарын атап көрсету.

Осы мақсатта бірінші міндет тарихи әдебиеттерде ежелгі дәуірден бастап 9-21 ғасырларда жазылған еңбектерді зерттеу. Екіншіден, осы дәуірдегі экономикалық көзқарастарды талдау және оларды бағалау. Үшіншіден, еліміздің келешектегі экономикасының құндылықтарын, олардың даму бағыттарын бағдарлау.

Теориялық талдау. Ұлы ғұламаларымыздың Ж.Баласағунидің, М.Қашқаридің, А.Ясауидің, Асан Қайғы, Тауке-ханның, қазақ Билерінің, Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтың еңбектерінде социал-утопистік теорияларда мемлекеттің, менеджменттің даму бағыттарын халқымызда дәстүрлі экономикасының даму ерекшеліктерін теориялық негіз деп есептейміз. Көшпенді халқымыздың экономикасының табиғи ресурсқа тәуелді екендігі, бірақ бұл еліміздің еңбек дәстүрлеріне терең сүйеніп дамытуына сәйкес екенін білеміз. Сондай-ақ, әлемдік деңгейде ағылшын, француз, неміс, орыс ғалымдарының еңбектерін терең зерттеп, олардың біздің дамуымыздағы белгілері бар тұстарын анықтау, зерделеу. Сондай-ақ қазіргі жағдайда, экономиканың жаһандану тұстарын, нарықтық экономикада даму бағыттарын, тәуелсіз еліміздің даму ерекшеліктерін ескере отырып және отандық ғалымдарымыздың еңбектерінен теориялық негізде пайдалану.

Ғылыми зерттеулерді орындауда математикалық статистикалық, әлеуметтік-экономикалық, монографиялық, есепті-кострукты, тарихи-болжау әдістер қолданылған.

Тәжірибелік бөлім. Біздің еліміздің өмір сүру салты, халқымыздың даму дәстүрі, тағы басқа ұлттық құндылықтарымыз өмір бойы сақталып келешек ұрпаққа өтуі тиіс. Қазақ елінің әрбір азаматы, өз халқының экономикасының қалыптасуын, оның нарықтық жағдайда даму бағыттарын білуі және тәжірибеде қолдана білуі өте маңызды. Қазақ елінің ұйымшыл болуы, еңбек кооперациясына бейімді болуы, жаңашыл болуы тағы басқа да құндылықтары одан әрі қарай дамуы қажет. Өз еңбегіне сүйенген тәуелсіз мемлекетіміздің азаматтары, халқымыздың өте бай тарихына сүйеніп, әлем халықтарының экономикасына интеграция арқылы дамытуға, қазіргі жағдайда бейімделгенің зерттеу тәжірибелік тұрғыдан маңызды болып табылады.

Қазақ елі негізгі дәні дамытып, инновациялық экономиканы, нарықтық экономиканы, әлемдегі көшбасшы елдермен дамыту бағыттарын белгілеуге болады.

Негізгі бөлім. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Менің тарихқа деп қоюмның сыр себебі, бүгінгі күннің оқиғаларынан тарихтың табын сезінгенімде» деп, яғни қазіргі әлеуметтік-экономикалық тіршілігімізде тарихтың белгілері, нәтижелері, таңбалары барлығын сезінуге бастайды. Егер, осы күнгі өркениетті өлшеммен қарасақ, оның ішінде экономикалық тіршілігінде «Далалықтардың еңбек пен зейнетін, жеңісі мен жеңілісіне толы өмірлері-бәрі-бәрі уақыт пен кеңістік тұрғысынан анық көрінеді».

Қазақ елінің ғұлама ойшылы әл-Фараби Әбу Насыр (870-950жж.) мемлекет қоғам туралы пікір білдірген бірінші социал-утопистер қатарында белгілі орын алған бабамыз. әл-Фарабидің атақты шығармасы «Ғылымдар энциклопедиясында» (трактат) экономикаға жақын логика, математика, статистика туралы ой пікірлерін жазған. Еңбектің құндылығына мән берген, оның өнімін арттыруға, заңды қолдануына, тиімді ұйымдастыру туралы өз пікірлерін жазған. Сондай-ақ ғалымның «Қайрымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері, саяси әлеуметтік көзқарастар баяндалған. Ғалым «Қайрымды қаланың» архитектурасынан бастап, оның халқын салыққа тарту мәселелерін ұсынған. Бұл шығарма социал-утопистік теорияларына тура келеді.

Жүсіп Баласағұнның (1015(16)-белгісіз жж.) «Құтадғу білік» («Құтты білік») 1069 жылы жазылған дастаны арқылы 11 ғасырда бүкіл Азия жіне Шығыс мемлекеттерінде және айрықша қазақ еліндегі экономикалық көзқарастардың қалыптасуына және одан әрі қарай дамуына үлес қосқан ғалым, ойшыл утопист, мемлекет қайраткері [1].

Осы еңбекте мемлекеттік басқарудың негіздері баяндалған. Бұл еңбекте Елбасының, оның көмекшілерінің, елшілерінің еселі еңбек ету тұстары ғалым, ақын, саудагер, дәрігер тағы басқа зиялылардың еңбектерінің құнды жақтары зерттелген. Сондай-ақ ғалым егін өсірудің, мал шаруашылығын дамытудың өте маңызды екенің, шопанның еңбегі бізге азық-түлік, басқада өнімдерді жеткізіп берумен, өте қадірлі өнімділік екенің білдірген. Бақытты болу үшін білімді, таза болуды насихаттайды. Біздің пікірімізше ғалымның бұл негізгі еңбегі мемлекеттік менеджменттің теориялық-практикалық тұстарын бірінші болып дамытуға әсерін тигізді. Бұл еңбекты Қытай, Иран, тағы басқа да шығыс мемлекеттің елбасшылары өз мемлекетін басқаруды қолданбалы құрал ретінде пайдаланды. Кеменгер ойшыл жерлесіміздің осы жоғарыдағы пікірлері қазіргі біздің тәуелсіз мемлекетіміздің экономикасын дамытуға қолдану тиіс деп есептейміз.

Махмұд Қашғари (1029-1101жж.) түрік халықтарының саяси-тарихи- этнографиялық ерекшеліктерін зерттеген әйгілі ғалым. Оның «Дивани луғат ат-түрік» деген шығармасында түрік халықтарының жер байлықтары, ондағы адамдардың мамандықтарын, халықты басқарудың ерекшеліктерін жазған. Ғұлама түрік халықтарының әлемде орналасу картасын түзген бірінші зиялы. Мүлік туралы ғалымның пікірі қазірде өте қымбат. Ғалымның пікірінше, егер мүлік тек өз мүддесіне қолданылса,

ол оның дұшпаны. мүлікке ие болған алам, оның байлық үшін емес, көпшіліктің игілігі үшін жарату керек деген философиясы өзірде өте маңызды. «Ыңсапсызға ерік берік, елді талайды» деген нақыл сөзі біздің дәуірге тиісті болады.

Х.А.Ясауидің (1103(05)-1167) «Дивани Хикмет» қатысты өлеңдер жинағында өмірге байланысты ойшыл пікірлер жазылған. Бұл еңбекте 4 нәрсе мадақталады: «шариғат», «тариқат», «марифат», «ақиқат». Ғұламаның ойынша шариғатсыз тариқат, марифатсыз ақиқат болуы мүмкін емес. Бұл ұстанымдар зиялыларға, кәсіпкерлерге, қазіргі жағдайда ең керек болатын қасиеттер. Ақын әлеуметтік қайшылықтар мен теңсіздіктерді сынап (бұл экономикаға тиісті біздің пікіріміз) халық мүддесін ескеріп келмеген тәккәппәр жандарды әшкерілеп отырғаны, қазіргі экономикадағы қарым-қатынастарға тиісті деп санаймыз. Осы еңбекте ғұлама түрік халықтарының тәуелсіздікке жетуіне үгіттеген [2].

Асан Қайғы 15 ғасырда өмір сүрген қазақтың социал-утописті деп есептейміз. Себебі, өз заманының ойшылы, ақыны, ғалымы болған. Егер ағылшын ғалымы Мор Томас (1478-1535жж.) қоғамдық өндірісті, теңдікті, утопия мемлекетінің моделін үгітесе, француз ғалымы Сен Симон де Ревруа Анри Клод (1760-1825жж.) еңбектің теңдігінде негізделген социалистік қоғам құруға ұсынған болса, оның жерлесі Пуреш Франсуа Мара Шару (1772-1837жж.) ғылыми социализмді дамытуды жақтап шықса, Оун Роберт (1771-1858жж.) атақты ғалым социал-утописі деген атаққа ие болып, теориядан практикаға көшіп Америкада 1824 жылы «Жаңа гармония» колониясын түзген болса, Асан Қайғы желмаяға мініп «Жер ұйықты» іздеген, халқымыздың бақытты, экономикалық қуатты мемлекетте өмір сүруін аңсаған көрнекті ғалым, ақын.

Тауке-ханның «Жеті жарғы» шын мәнінде қазақ халқының экономикалық саяси, құқықтық тарихындағы маңызды ғылыми уақиға, құнды шығарма. Тәуке ханның (1860-1718жж.) тұсындағы «Жеті жарғы» - хан билеген кезінде экономикалық көзқарастардың, ой-пікірдің нақты көрінісі. Қазақ топырағында дүниеге келген «Жеті жарғы» сол уақыттағы халық құқылығын қорғау мен оны бұзғандарды экономикалық жағынан жазалау шараларын құнын төлеу арқылы жүргізілген. Отандық ғылымның міндеті – қазақтың көшпелі шаруашылығында экономикалық теориялар белгілерінің көрінуін дәлелдеу.

Мемлекетті, халқымызды басқарудағы үлкен үлес қосқан қазақтың ардақты, әділ бабаларымыз Төле-Би, Қазыбек Би, Айтеке-би. Көптеген экономикалық құқықтық мәселелердің шешімін тапқан. Олар негізінде еңбекші, қарапайым халықты жақтаған, себебі олар еліміздің негізгі еңбекшілері. Олардың еңбегіне ақы төлеу, мүлкіне иелік ету туралы әділ шешімдер қабылдаған.

Шоқан Уалиханов (1835-1865) Европаның білімін алып, дүниедегі прогрессив көзқарастары туралы жазған. Ш. Уалиханов халқымыздың, дәстүрін, әдеп ғұрыпын, еліміздің экономикалық дамуын балаған ғалым ретінде танылған жас ғалымы. Ш.Уалиханов Ресей үкіметінің тапсырмасымен Шығыс Түркістанға Әлімбай деген есіммен саудагер болып барып, ол жердегі халықтың тұрмыс жайлары мен сауда-саттық ерекшелігін қағазға түсіреді. Ол халық тұрмысының қала мен көшпелі түрлеріне зейін аударып сипаттайды. «Түрлі тайпалар мен әр түрлі елдердің көпестерімен таныс болуым, көрші елдер жөнінде маршрут, этнографиялық, статистикалық және сауда мәліметтерін алуыма көмектеседі» деп жазады Шоқан [3].

Осындай прогрессивтік отандық ғалымдарымыздың бірі, ғалым, ағартушы, педагог Ы. Алтынсарин (1841-1889жж.). Ғалымның шағын көлемді шығармаларында еңбек, байлық, кәсіпкерлікті үйрену, баюдің жолдары нақты мысалдармен түсінікті жазылған. Кәсіппен айналысудың іс-әрекеттері, табыстылығы Ы.Алтынсариннің «Дүние қалай етсең табылады», «Қыпшақ Сейтқұл»- деп аталатын шығармаларында қыр-сырымен көрсетіліп, осы кездегі нарықтық қатынастардың заңдылықтары нық көрініс алады [4].

Абай Құнанбаев (1845-1904жж.) ұлы ақын, ойшыл, реформатор деп санаймыз. Абайдың бастапқы 1855-1880 жылдары жазған өлеңдерінде нарықтың жағдайы

сипатталған. [5]

Абайдың «Сегіз аяқ» шығармасында басқа құндылықтармен бір қатарда еңбекті ардақтайды [6].

Ұлы кемеңгер қара сөздерінде қазақ азаматының портретіне, оны әділ болуға, білімді болуға терең ой білдірген. Оның 31 сөзінде білім, ғылым үйренбекке талап қойған. Абай қазақ елінде менеджмент пәнін қалаушы ретінде әлемге танымал болу қажет деп есептейміз. Себебі, ұлы Абай би, Төле би қызметтерін атқарған, яғни бір тұтас өңірдің әкімі болған. Сондықтан, елімізде «Қазақ елінің менеджменті» деген ұғым кіріп, одан ары қарай дамытылу керек. Америкада менеджмент пәнінің негізін қалаушы Генри Форд болса, Жапон менеджменттің негізгі маманы Федика Иоси Харс есептеледі. Осы менеджменттің негізі отбасылық басқару болып табылады.

Америка және Европа мемлекеттерінің менеджменттерінен айырмашылығы Жапон менеджменті корпорацияларда керекулердің әрекетіне негізделеді. Сондай-ақ Қытай менеджменті мүлікті басқаруға негізделген, Корея менеджменті саудаға арналған, Жапон менеджменті 16 ғасырда Мицуи Симутимолардың отбасылық бизнесінде қолданылған. Және одан ары қарай Керецуде ұйымдастыру арқылы жедел дамыған. Керецу кәсіпкерлік топ. Оның құрамына көптеген фирмалар кіреді. Олардың негізгі белгілері корпоративті басқару, топта бас банктің үстемдігін, сауда компаниялардың топтағы ықпалдылығы. Біздің пікірімізше, Абайдың қара сөздерінде де менеджменттің дамыту белгілері берілген. Оны ары қарай дамыту отандық ғылымның еншісінде. Абайдың қырық бес қара сөздерінен экономикалық көз қарастары қазіргі кездегі нарық қатынастармен үлесуі, осы уақыттағы қазақ халқының нарық жүйесіне өтуіне жарамды ой-пікірлері байқалуда.

Қазақстан тәуелсіздігіне ұлттық құндылықтарын дамытуына, тәуелсіз мемлекет ретінде еліміздің дамуына, жедел бағытта дамуына үлес қосқан А.Бокейханов, Т.Рысқұлов, Н.Торекулов, Ж.Ташенов, Б.Қонаев, Н.Назарбаев және тағы басқа қайраткерлер. Қазақстан экономикасының ғылыми бағытта дамуына үлес қосқан бірінші болып Қ.Сатпаев, қазақ халқының бірінші академигі, қазақ ғылым академиясын негізін салушы. Қ.Сатпаев еліміздің табиғи байлықтарын зерттеп, оны іске қосуына үлес қосқан ғұлама. Орталық Қазақстанда Қарағанды, Жезқазған және тағы басқа жерлерде «Қазақмыс», «Теміртау металлургия комбинаты» т.б. жұмысқа қосып, сол өңірдің халқын жұмыспен қамтыған, табыс көзін ашқан академик. Қазіргі жағдайда еліміздің негізгі өнеркәсіп аймағы, экономикасының жүрегі болып есептеледі.

Еліміздің дәстүрлі экономикасына ғылыми үлес қосқан, яғни қой, жылқы түйе шаруашылықтарын дамытуға, осы салалардың экономикалық даму болжамын негіздеген академик, бірінші ауыл шаруашылық академиясын э.ғ.д., профессор Ғ.А.Қалиев.

Қазақстанда экономикалық пәніне теориялық-практикалық үлес қосқан ғалымдар Я.Аубакиров, Т.Әшимбаев, Б.Мамыров, К.Сатыбалдин, А.Қошанов, О.Сабден және т.б. олардың қатарына Н.Оспанов та кіреді, нарықтық экономиканың қалыптасуына еңбек еткен, Қазақстан экономикасының салық кодексін дайындауға үлкен үлес қосқан тұлға.

Қазақстан Республикасының ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, академик э.ғ.д., профессор Ұ.Баймұратов нарықтық экономиканы дамыту бойынша ғылыми жұмыстарды орындады, Еліміздің тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің даму стратегиясының авторы ретінде танылды.

Алшанов Р. э.ғ.д. профессор, Қазақстан вуздар ассоциациясының президенті, бірнеше экономикалық қоғамдық журналдардың редколлегия мүшесі, әлемдік білім беру кеңістігіндегі ғылыми интеграциялық жұмыстарына, бәсекелесті арттыруға белсенділікті танытып үлкен үлесті қосты [7].

Мағжан Ауезов Қазақстан қаржыгерлер ассоциациясының басқарма төрағасы ретінде 2016 ж. Америка, Европа университеттерінің түлегі ретінде өз білімін тәуелсіз Қазақстанның қаржылық жағдайын дамытуға үлес қосты.

Қазақстанда бірінші президенттің бастамасымен болашақ бағдарламасы

қабылданған. Оның түлектері 25 жыл ішінде 12 мыңнан астам. Әлемнің ең дамыған мемлекеттерінде (АҚШ, Германия, Жапония, Ұлыбритания) университеттерінде білім алып, отандық экономиканы дамытуға үлкен үлес қосуда. Оның 25 пайызы (1/4) ірі компанияларда және мемлекеттік мекемелерде топ менеджер қызметін атқаруда. Ұлттық экономика, қаржы министрліктерінде жетекші маман ретінде қызмет атқаруда.

Ұлттық экономика министрі қызметінде болған уақытында Қ.Бишимбаев еліміздің экономикасын дамуына үлкен үлес қосты. Оның теориялық негізінен макроэкономикалық дамыту бойынша жазылған еңбектері тәуелсіз еліміздің дамуына септігін тигізуде.

ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Д.П.Кожамжарова отанымыздың рухани жаңғыруына үлкен үлес қосқан ғалым, педагог, қоғам қайраткері негізгі ғылыми еңбектері «Қазақ ауылының тарихи даму кезеңдері (1929-1930 жж.)», «1925-1929 жылдарындағы қазақ ауылындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер», «Патшалық Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды жаулауы: әсери-отарлық әкімшілік пен жергілікті халық арасындағы қатынас (XIX ғ. II ж – XX ғ. бас кезі)» тақырыптар шеңберінде көптеген еңбектері жарық көрген. Ресейдің отаршылық саясаты туралы маңызды пікірлер жазған.

Академик Д.П.Кожамжарова М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры «Жалантоз Бахадур» туралы және тағы басқа қазақ елінің батырлары, қолбасшылары туралы күрделі еңбектер жариялаған, отанымыздың жас ұрпағын, барша қазақ халқын патриотизмге, тәуелсіздікке үндеген.

Біздің М. Әуезов атындағы ОҚУ университетімізде э.ғ.д., профессорлар Р.К.Назарбекова, Ж.Б.Рахметулина, С.Д.Джакипбеков, А.М.Жуманов, Т.Я.Нурымбетов, М.У.Бейсенова, К.К.Нурашева, А.М.Есіркепова және тағы басқалар шағын және орта бизнесті, өнеркәсіп экономикасын, ауылшаруашылық, инвестиция, қаржы, кәсіпкерлік, нарықтық экономика жөнінде ғылыми еңбектер шығарған, тәуелсіз мемлекетіміздің экономикасын дамыту туралы өте маңызды ұсыныстар берген. Олардың жетекшілігінде ғылым кандидаттары, доктор PhD, магистранттар, аспиранттар дайындалып, қазіргі кезде экономика туралы ғылыми еңбектер шығарған.

Қорытынды. Зерттеулердің қазіргі кезеңдегі нәтижесі бойынша біздің еліміз ұлттық экономикасы қалыптасқан тәуелсіз мемлекет. Бұл жағдайға біз ұлы ғұламаларымыз Ж.Баласағунидің, М.Қашқаридің, А.Ясауидің, Асан Қайғы, Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, тәуелсіз мемлекеттің негізін салушы ұлттық экономиканы қалыптастырушы А.Бокейханов, Т.Рысқұлов, Н.Торекулов, Ж.Ташенов, Б.Қонаев, Н.Назарбаев.

Біздің зерттеулеріміздің негізгі қорытындылары ұлттық экономиканың негізін дамыту үшін, бірінші нәубатты отандық өнеркәсіпті дамыту, экономиканы арттаратандыру шарт диверсификация. Табиғи ресурстардан тиімді пайдаланып ауыл халқының әлеуметтік жағдайын жоғары көтеру үшін дәстүрлі экономиканы дамыту қажет. Осы мақсаттарға жету үшін, бірінші, әлемдік дамыған мемлекеттер деңгейінде жұмыс атқаратын кадрларды дайындау қажет. Екінші инвестицияларды экономиканың шикізат емес секторларына жұмылдыру қажет, отандық өнеркәсіпті дәстүрлі экономиканы дамытуға бағыттау керек. Үшінші, қаржы, менеджмент саласында және басқа да инновациялық, әлеуметтік салаларда тиісті реформаларды қабылдау қажет.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 «Кұтадғу білік» (*Кұтты білік*) [Жүсіп Баласағұни](#) (Баласағұн) шығарған дидактикалық поэма.
- 2 «Дана уағыздар топтамасы», 1666ж.
- 3 Ә.Илмағанбетов «Ш.Уәлиханов» таңдамалы. Алматы, «Жазушы» 1980-416 бет
- 4 Бес ғасыр жырлайды. II том. 1889 ж. 8 бет.
- 5 Абай Құнанбаев Таңдамалы шығармалар. I бөлім. Олөңдер жинағы, 91 бет.
- 6 Абай шығармалары 138 бет.

7 <https://alashainasy.kz/omir/rahman-alshanulyi-alshanov-54016/>

Аннотация: В статье исследуются направления экономических подходов в Казахстане с древнейших времен. Аль-Фараби, Ж. Баласагуни, М. Кашкари, А. Ясави, Асан Кайгы, Тауке-хан, казахские танцы, мнения ученых, которые начали изучение соответствующих направлений. В качестве разработчика этих тенденций представлен обзор научных трудов Ш. Уалиханова, И. Алтынсарина, А. Кунанбаева. Также отмечены труды А. Бокейханова, Т. Рыскулова, Н.Торекулова, Ж. Ташенова, Б. Кунаева, Н.Назарбаева, внесших большой вклад в экономическое становление и развитие независимого государства. В современных условиях признание отечественной экономики на мировом уровне высоко оценено выпускниками первой Казахской академии наук К. Сатпаевым, теоретического основателя традиционной экономики академика Г. Калиева, будущей государственной программы нашей Родины.

Ключевые слова: экономика, независимость, труд, рынок, конкуренция, прогноз, глобализация, изоляция.

Abstract: The article examines the trends of economic views in Kazakhstan since ancient times. Al-Farabi, zh.Balasaguni, M. Kashgari, A. Yasawi, Asan Kaigy, Tauke-Khan, Kazakh biys, the opinions of scientists who led the study of the corresponding peaks are considered. A review of the scientific works of Sh.Ualikhanov, I. Altynsarin, and A. Kunanbayev was presented as a developer of these trends. Also noted are the works of A. Bokeikhanov, T. Ryskulov, N. Torekulov, zh.Tashenov, B. Kunayev, N. Nazarbayev, who made a great contribution to the economic formation and development of our independent state. In modern conditions, the recognition of the domestic economy at the world level is highly appreciated by the first academician of the Republic of Kazakhstan K. Satpayev, the theoretical founder of the traditional economy, academician G. Kaliyev, graduates of the state program of the future of our country.

Keywords: economy, independence, labor, market, competition, forecasting, globalization, isolation.

ОӘЖ: 657

¹Ахметова С.С., ²Жураев Т.Т.

¹ экономика магистрі, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан,

² экономика ғ.д., профессор, Ташкент қаржы институты, Ташкент, Өзбекстан

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Түйін: Ғылымды дамыту үшін, оның түпкі ойын түсіну үшін даму тарихын зерделеу маңызды. Оның көмегімен біз тарихи үрдістің динамиасын ашып көрсетіп, оның заңдылықтарын сипаттай аламыз, даму үрдісінің байланыстары мен алшақтықтарын анықтай аламыз, қолданылатын әдістердің эволюциясы мен категорияларды қалыптастыруды ашып көрсете аламыз, ортақ тұжырымдамалардың өзгерісін қадағалап, адамдардың тарихын ғана емес, проблемалар мен шешімдердің тарихын көрсетеміз, мамандарды тарих негізінде жаңалықты объективті бағалауға үйретеміз. Әлемнің әр түрлі халықтарының есеп нысандары мен әдістері жетілдірілген бухгалтерлік есептің даму тарихы бірнеше мыңжылдықты құрайды. Қазіргі есеп методологиясы, оның ғылыми теориялары мен халықаралық стандарттары теориялық сабақтастық арнасында бухгалтерлік есепті дамытудың заңды жалғасы болып табылады. Біз ғалымдар еңбектері мен зерттеулерге сүйене отырып, бухгалтерлік есептің дамуындағы 6 саты мен оның ерекшеліктерін ашып көрсеттік. Сондай ақ Бухгалтерлік есеп ғылыми санат кешені ретінде әлемнің қайсы бір елінде болмасын кез келген бухгалтерия қызметінің мәнін анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: ақпарат, тарих, есеп, даму кезеңдері, бухгалтерия, екі жақты жазу, түгендеу, бухгалтерлік шоттар, аналитикалық, синтетикалық

Кіріспе. Тарих өткен күндер деректерінің көзі. Бүгінгі күннің өзі, ертеңгі күн үшін тарих болып қалары даусыз. Тарих не үшін қажет? Ол өткен күнді білу үшін қажет. Өткенсіз қазіргінің де болуы еместігі ақиқат. Ал ғылымның даму тарихын саралау арқылы

біл өткенге баға беріп, болашақты бағдарлай аламыз. Бухгалтерлік есептің тарихын білу арқылы терең пайымдап, күнделікті жұмыста оңтайлы шешім тауып, ұйымды дамыту жолдарын алдын ала болжамдай алады. Өйткені тарихты білу арқылы біз тарихи үрдістің динамиасын ашып көрсетіп, оның заңдылықтарын сипаттай аламыз, даму үрдісінің байланыстары мен алшақтықтарын анықтай аламыз, қолданылатын әдістердің эволюциясы мен категорияларды қалыптастыруды ашып көрсете аламыз, ортақ тұжырымдамалардың өзгересін қадағалап, адамдардың тарихын ғана емес, проблемалар мен шешімдердің тарихын көрсетеміз, мамандарды тарих негізінде жаңалықты объективті бағалауға үйретеміз. Бұрынғы өткендер тәжірибесін білетін бухгалтер тиімді жұмыс істей алады, себебі бұрын белгілі болған нәрсеге бекер уақыт жұмсауға болмайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Осы жұмысты орындау кезінде жүйелік және салыстырмалы талдау, себеп-салдарлық байланысты талдау, бақылау, салыстыру және топтастыру әдістері қолданылады.

Нәтижелер және оларды талқылау. Әлемнің әр түрлі халықтарының есеп нысандары мен әдістері жетілдірілген бухгалтерлік есептің даму тарихы бірнеше мыңжылдықты құрайды. Қазіргі есеп методологиясы, оның ғылыми теориялары мен халықаралық стандарттары теориялық сабақтастық арнасында бухгалтерлік есепті дамытудың заңды жалғасы болып табылады. Бухгалтерлік есеп ғылыми санат кешені ретінде әлемнің қайсы бір елінде болмасын кез келген бухгалтерия қызметінің мәнін анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді. Экономикалық даму шамасына қарай бухгалтерлік санаттарда адамдар қызметінің ерекшеліктерімен байланысты трансформацияланып, түрлі нысандарды қабылдай отырып, өзгерді. Есеп халықтар мен мемлекеттердің білім деңгейі мен жинақталған тәжірибеге сәйкес шаруашылық қызметті жоспарлау, бақылау, басқару және ұйымдастыру жүйелерін әзірлеу мен қолдануында ерекше орын алды. Адам қоғамындағы есепке алудың неғұрлым ұйымдастырылған жүйесі Египет, Греция және Римнің ежелгі өркениеттері болды.

Ғылымның тарихы - адамзаттың көпғасырлық танымдық іс-әрекетінің дамуының көрінісі әспеттес. Ол мәселелердің қалыптасу процесін және олардың шешімдерін объективті түрде көрсетуге, жаңалықты бағалауға мүмкіндік береді. Тарихты зерттей отырып, бухгалтер оны өзгерте алмаса да, бірақ ол оны қайта пайымдай алады.

Бухгалтерия қашан пайда болды деген сұраққа ресейлік ғалым Я. В. Соколов өз еңбектерінде келесідей үш жауапты көрсетті :

- 6000 жыл бұрын есеп шаруашылық процесін оның мәнін түсіну құралы ретінде, есеп жүргізу ретінде практикалық қызмет ретінде пайда болды;
- 500 жыл-Әдеби талқылау пәні ретінде, әдеби тілдің бір бөлігі ретінде;
- 100 жыл ол дербес ғылым ретінде – есеп жүргізу, есеп жүргізу тілі ретінде есепке алуды түсіну құралы ретінде болған [1].

Осы соңғы сәттен бастап есеп жүргізу және есеп жүргізу параллель және дербес болады [1].

Лео Герберттің көзқарасы бойынша бүкіл есепті басқару есебі ретінде қарастыру керек және ол өз бастауын өнеркәсіптік революция кезінен алады [1, б. 16].

Ал француздық зерттеуші Р. Обер үш кезеңді атап өтті:

1. Алғашқы кезең ақпараттық (1673 жылға дейін),
2. Екінші кезең заң (1673-1973 жж.),
3. Үшінші кезең экономикалық (басқару) [1].

Р. Обердің барлық "таза" бухгалтериясы негізсіз, өйткені ол басқару бағытымен біріктірілді, бірақ ол өткен кезеңнің жер қойнауында бұрыннан пайда болып, қазір тек жалпы мойындауды толығымен алды деп есептеген.

Жапондық бухгалтер Йошиаки Джиннаи есеп эволюциясы туралы өз пікірін білдіру кезінде үш кезеңді көрсетті:

1. бірыңғай (мемлекеттік) меншік құқығын жеке меншік құқығына трансформациялау,

2. меншік иесінің құқығынан басқару функциясын бөлу,
3. бухгалтерлік функцияны басқару бөлімінен бөлу [1].

Зерттеуші Пьер Лассек болса, есептің дамытуындағы үш кезеңнің ерекше екенін атап өтіп, олардың әрбірінің ерекшелігін анықтап көрсеткен. Оларға төмендегі ерекшеліктер тән:

1) бірінші кезең қарапайым және қос бухгалтерияны қамтиды, олардың арасындағы айырмашылық қағидалық сипатқа ие болып табылмайды [1]. Практикада номинализм идеясы үстемдік етті, демек бухгалтер бастапқы құжаттарда жазылған және барлық құндылықтарды бағалау кезінде есепке алынатын құндылықтардың өзіндік құнына сәйкес тарихи, жақын болды, ал теорияда дәлдік концепциясы танылып, бухгалтерлік есептің деректері шаруашылық үдерістерді сәйкес көрініс тапты.

2) екінші кезең – ірі кәсіпорындарды құру, қағаз ақшаға көшуге сәйкес келеді. Бухгалтерлік есеп шаруашылық қызметті талдау, рентабельділікті, төлем қабілеттілігін, өтімділігін, несие қабілеттілігін анықтауға арналған ақпарат көзі ретінде маңызға ие болды. Есеп теориясында дәлдік концепциясының қажеттілігі негізделмей, Э. Шмаленбах идеясы дұрыс деп танылып, соған сәйкес есептің мақсаты – қаржылық нәтижені есептеу ғана болмай, кәсіпорын меншігінің эволюциясы ретінде мойындалды [2].

3) үшінші кезеңде - есептеуіш техниканың, информатиканың кең таралуы мен есепке алу процестерін алгоритмдеуден, есепке алу объектілерінің ауқымын ұлғайтумен, сондай ақ олардың қатарына материалдық емес активтерді кеңінен қосумен және де үлкен концерндердің, әсіресе, есептілікті шоғырландыруды, бухгалтерлік әдіснаманы үйлестіруді және бір әдістеме бойынша жасалған есептілікті жаппай трансформациялауды талап ететін трансұлттық корпорациялардың пайда болуынан туындаған есепке алуды ұйымдастырудағы түбегейлі өзгерістерге, оның ішінде ұлттық есеп жүргізуді, яғни, тек микро деңгейде ғана емес, макродеңгейде де есепке алуды қалыптастыруға байланысты болды.

Бухгалтерлер күрделі болып табылатын әдіснамалық мәселелерді шешуді талап ететін ұлттық, халықаралық стандарттарды әзірледі. Жаңашылдық – басқару есебі пайда болды. Бұл өз кезегінде бухгалтердің назар аудару орталығын шаруашылық жағдайларды зерттеу мен қаржы ағындарын талдау, дамудың баламалы жоспарларын дайындап, болашақ дамуды болжау және басқарушылық шешімдерді қабылдауға алмастырды десек қателеспейміз.

Басқару есебі бухгалтерлік баланстың фискалды мақсаттарын шеттеп қана қоймай, сонымен қатар, есеп ақпаратын пайдаланушылар саны артуына орай, бухгалтерлердің рөлін арттырып, олардың біліктілігін жоғарылатып, олардың кәсіби бірлестіктері бухгалтерлер жұмысының өте қолайлы моральдық және материалдық жағдайларына қол жеткізеді [2].

Теорияда көптеген конвенциялық балама теориялар таратылады және таратылатын (жойылатын) кәсіпорын тұжырымдамасының орнына жұмыс істейтін (яғни мәңгілік өмір сүретін) кәсіпорынның халықаралық стандарты ретінде мойындалады және ресімделеді.

Ғалым П. И. Атамась бюджеттік есепті дамытудың екі кезеңін, атап айтқанда:

– 1988-1999 ж.ж. - есепті орталықтандырумен және орталықсыздандырумен, есептік және экономикалық ақпаратты өңдеу үшін қазіргі заманғы есептеу машиналарын кеңінен пайдаланумен, бюджеттік мекемелерді қосарлы есепке алу жүйесіне көшірумен сипатталатын кезең. Бұдан басқа, осы кезең үшін мыналар тән: бюджеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті ұйымдастыру жөніндегі нормативтік актілерді түбегейлі жаңарту, бюджеттік мекемелердің коммерциялық қызметінің көрсеткіштерін және оларды қаржыландырудың бюджеттен тыс көздерін есепке алу, орталықтандырылған бухгалтериялардағы қаржылық және жоспарлы-экономикалық жұмыстың есебін интеграциялау, мемлекеттік қазынашылық мекемелерін қалпына келтіру;

- 2000 жылдан бастап – Бухгалтерлік есеп шоттарының жаңа жоспарын, жаңа есеп

тіркелімдерін және есептілік нысандарын енгізу, "нетто"қағидаты бойынша баланс құру кезеңі.

Сондай-ақ, жоғарыда келтірілген бухгалтерлік есеп тарихының кезеңділігінің негізіне объектінің эволюциясының толық көрсетілуінен кейін бірнеше оңайлатылған болып табылатын құжаттық принцип қойылғанын атап өткен жөн.

Отандық және шетелдік авторлардың ғылыми-тарихи әдеби көздерін зерттеу және талдау бухгалтерлік есептің дамуын кезеңділеу бойынша бірнеше жіктеу белгілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл ретте есеп, немесе экономикалық, өлшемдер ғана емес, сондай-ақ есеп, функциялар мен бухгалтерлік есеп объектілерінің шеңберін қалыптастыруда да маңызды рөл атқаратын саяси және әлеуметтік өлшемдер де есепке алынады.

Жалпы, ғалымдар бухгалтерлік есепті дамытудың келесі кезеңдерін бөліп көрсетеді.

Бірінші даму кезеңі-бұл натуралистік деп аталды (б.з. д. 4000 жылдан бастап – б. з. д. 500 жыл). Бұл кезеңде бухгалтердің ойы өте қарапайым, ол есепте не істеп жатқанын көргісі келеді. Алдымен көрсету, содан кейін бейнелеу дәлдігі идеалға айналады. Есепке алу негізінде шаруашылық өмір фактілері болған, болады және бола береді.

Жалпы алғанда, шаруашылық өмір фактісі – бұл бақылау бағдарламасына сәйкес бухгалтер тіркеуі тиіс. Ұйымда тұрған мүліктің кез келген бірлігі есепте тіркелуі тиіс. Осылайша түгендеу және онымен бірге материалдық (түгендеу) шоттары пайда болған.. Тараптардың міндеттемелерін тудыратын шаруашылық өмірдің әрбір фактісі де есепте көрсетілуі тиіс және бұл колляция (өзара есеп айырысуларды салыстыру) сияқты есепке алу әдісіне әкеледі, ал оны тіркеу үшін есепке алудың өзінде есеп айырысу шоттары пайда болады.

Жай – күйдің барлық фактілерін алғашқы есепке алу тәсілдері де анықтады: түгендеу – не бар екенін анықтау және колляция-кім, кімге және не керек екенін анықтау. Іс-әрекет фактілері (әдеттегі жұмыс) және оқиға фактілері (форс-мажорлық) дәйекті түрде көрініс тапты.

Шаруашылық өмір фактілерін тіркеу үшін алғашқы шоттар пайда болды: түгендеу (материалдық) және есеп айырысу шоттары (контокоррентті). Бұл кезеңде фактілер бастапқыда есепке алуды алдын ала анықтайтынын түсіну өте маңызды, бірақ уақыт өте келе есепке алу өзі шаруашылық өмір фактілерін жасайтын болады.

Екінші даму кезеңі – құндық деп аталды (б.з. д. 500 жыл уақыт аралығы-б. з. д. 1300). Ақшалардың алғашқы пайда болуы болды (б.з. б. 5 ғасырда пайда болды), бұл ақша құн шарасының функциясында болған барлық жағдайларда жүргізілген Жаңа қабылдау – бағалаудың пайда болуына әкелді. Осы сәттен бастап есепке алу объектісі – шаруашылық өмір фактісі – ажыратылған, өйткені алдымен ол табиғи өлшемде, содан кейін (немесе бір мезгілде) ақшалай өлшемде бейнеленген. Ақшалай бағалау есепке белгілі бір шартты енгізеді.

Бірақ ақшаның пайда болуының тағы бір салдары болды: есепке алуды патримониалдық және камералдық деп бөлу. Патримониалдық есеп жүргізу жүйесінде кәсіпорынға тиесілі мүлікті бағалауға, камералдық есепте сметаны орындауға баса назар аударылады. Біріншісі - шаруашылық өмірдің күтілетін фактілерін бақылауға мүмкіндік бермейді, екіншісі - барлық мүліктік кешен, ақшадан басқа, есепке алу жүйесінен түседі. Дамудың осы кезеңінде есепке алу заттай және құндық өлшемдерде жүргізілді.

Үшінші даму кезеңі – телеграфтық деп аталды (1300-1850 жж.). Бұл кезеңде патримониалды есепке алу одан әрі дамиды. Шоттар жоспарында революция болды, өйткені шартты шоттар (тәртіп пен әдіс шоттары), меншікті қаражат шоттары, капитал шоты және оған қосымша пайда мен шығындар шоты пайда болды.

Бұл кезең де өзіне тән ерекшеліктер болды:

- есептік тіркелімдерде (журналдарда, ведомостерде және т. б.) жүйелі және хронологиялық жазбалар түрінде шаруашылық қызмет фактілерін тіркеудің әртүрлі тәсілдерінің пайда болуы;

- мануфактуралық өндіріс;

- заттай алмасу мен тауарлық-ақшалай қарым-қатынастардың қатар өмір сүруі.

Осылайша, бұл кезең тарихи дамуда 6 ғасырға жуық болды және балансты, басты кітапты, бақылау әдістерін есепке алуда екі жазбаның, хронологиялық және жүйелі жазбалардың пайда болуы мен сипатталады және Ұлттық сауда жүйелерін құруға алып келді. Сондай-ақ, алғаш рет ғылым ретінде бухгалтерлік есеп туралы айтылды. Монах Лука Пачиолидің " арифметиканың, геометрияның жиынтығы, пропорциялар мен қатынастар туралы ілімдер" атты математикадан кітабы жарық көрді.

Төртінші даму кезеңі – теориялық-практикалық деп аталды (өз дамуында жарты ғасыр бойы алған, бірақ тарихқа елеулі үлесі бар 1850-1900 жж.).

Есепке алынатын процестердің мазмұнын тануға және бухгалтерлік рәсімді неғұрлым тиімді етуге тілек жаңа шартты санаттардың (баланс, пайда, өзіндік құн, өндіріс шығындары) туындауына әкелді және өтініштер) пайда болуына алып келді. Бұл шоттарды жаңа саралауда көрініс тапты. Енді «меншікті» шоттармен қатар мүлдем шартты «метафизикалық» шоттар (нәтижелі және контрарлы) пайда болды. Бұл жағдайда бухгалтерлік есеп фотосурет сияқты емес, рентгенограммаға ұқсас түрге ие бола бастады.

Бухгалтерлік істі дамытудың осы кезеңі уақытқа сәйкес келеді:

- өндіріс саласындағы революциялық өзгерістер-машиналық технологиялық базиске көшу;

- шаруашылық мәмілелердің әртүрлі нысандарын дамыту және сауда, сондай-ақ қаржы операцияларының көлемін ұлғайту.

Бұл кезең үшін бухгалтерлік жазбаларды жүйелеу негіздеріне біркелкі тәсілдер тән.

Бұл кезең өнімнің өзіндік құнын, үстеме шығыстарды бөлу әдістерін айқындайтын өнеркәсіптік бухгалтерияның пайда болуымен сипатталады. Осы кезеңнің шырқау түсі кәсіпорындардың шоттар жоспарын жасауы болды.

Кәсіпорындарды басқаруды жетілдіру қажеттілігі бухгалтерлік есепті дамытудың ұйымдастыру кезеңінің басында аналитикалық бухгалтерияны бөлуге малып келді. Осы кезеңде есепке алуды дамытуға негізгі үлесі бухгалтерияны екіге бөлу болды: қаржылық және аналитикалық. Өнеркәсіптік революция мамандардың біліктілігіне талаптарды күшейтіп, арнайы білімі бар, кәсіби мамандардың боуын талап етті.

Бұл кезең сондай-ақ елге белгісіз, өнеркәсіп пен сауданың таныс емес объектілерінің дамуымен тұспа-тұс келді. Бағалы қағаздардың қаржы нарықтарының пайда болуы салдарынан, кейбір мемлекеттерде бухгалтерлік есеп жүйесін мемлекеттік бақылау мен реттеу сияқты аудит институтын құру қажеттілігін тудырды. Бұл кезеңнің тағы бір ерекшелігі есеп жүргізудің әртүрлі теориялары қалыптасты. Атап айтсақ Францияда- заңдық, Италияда- экономикалық, Германияда – камералдық теориялар қалыптасты.

Бұл кезеңде бухгалтерияда кәсіпорын жұмысының жалпы нәтижелерін, сондай-ақ жауапкершілік орталықтарының қызметін сипаттайтын жоспарлы көрсеткіштер жүйесі пайдаланылады. Жоспарлы көрсеткіштерді жинақтайтын бухгалтерия бюджеттік бухгалтерияның атауын алды.

Бюджеттік бухгалтерия балансты, кіріс пен шығыс туралы, сатып алу-жабдықтау мен өндіру мен өткізу сияқты өндіріс кезеңдері жайлы ақпаратты қамтитын мәліметтер ұсынды. Аталған кезеңнің ерекшелігінің бірі «басқарушылық бақылау» деп аталатын жаңа мамандықтың пайда болуы болатын. Ол есеп пен жоспарлау қызметін қоса қамтумен ерекшеленді.

XIX ғасырдың соңында практикадан теория бөлініп, жаңа әдіснамалар, есептеуіш құралдар мен аппараттар пайда болды. XIX ғасырдың соңында XX ғасырдың басында

есепке алу ғылым болып танылды.

Дамудың төртінші кезеңі жарты ғасырға созылды десек қателеспейміз. Бұл кезеңді шартты санаттардың (баланстың, пайданың, өзіндік құнның, өндіріс пен айналымның шығасысының) пайда болуы сияқты көптеген өзгерістер орын алды. Тағы бір ерекшелікшартты "метафизикалық" шоттардың пайда болуы еді. Мұнан бөлек бухгалтерия екіге бөлінді: қаржылық бухгалтерия және аналитикалық бухгалтерия болып.

Бесінші даму кезеңі-ғылыми (1900-1950 жж.). Бухгалтерлік есеп көп ғасырлар бойы практикалық қызмет ретінде болды (есеп жүргізу). Ол сынамалар мен қателер әдісімен жасалған процедуралар жиынтығын қамтыды. XIX ғасырдың ортасында есептің заңдық түсіндірмесі басым болды, XX ғасырдың басынан бастап оның экономикалық түсінігін мойындады.

Екі ғылыми бағыт қатар өмір сүрді, бірінің әсер етуі күшейе түсті, екіншісінің – әсері әлсіреді, бірақ олардың бірде-біреуі үстемдік ете алған жоқ және олардың бірде-біреуі жоғалыпта кеткен жоқ. Осылай бола тұра шартты санаттардың пайда болуы апатты болды. Бірақ белгілі бір сәтте оларды ұғыну қажеттілігі пайда болды. Ол орталық санат – балансты түсіндіру арқылы басталды. Бұл кезеңде шығындардың есебі және өнімнің, жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құнының калькуляциясы елеулі мәнге ие болады.

Шығындарды есепке алу жөніндегі партмониалды есеп камералды есеппен байланысты. XX ғасырдың басында өзіндік құн теориясы пайда болып, тікелей және жанама шығындарды қосу арқылы толық өзіндік құнды есептеу қарастырылды. Ал 30 шы жылдардың ортасына таман директ костинг дәсінің негізгі қағидалары қалыптасып, өзіндік құнның құрамына тек тікелей шығындар ғаға енгізіліп, өзіндік құнды төмендетіп, кндіріс көлемін арттыруға ықпал жасады. Тіркеу орындары бойынша шығындарды есепке алу, шығындарды жауапкершілік орталықтары бойынша есепке алу 50 жылдардың басында ұсынылды. Дегенмен, XIX ғасырдың ортасынан бастап, салық салу заңнамасындағы өзгерістер, акционерлік қоғамдардың көптеп таралуы бірқатар Батыс Европа елдерінде есепке деген тапты күшейтіп, есепті қатаң түрде регламенттеуді тұлпат етті. Дамудың бесінші кезеңін қорытындылай келе, тек осы кезеңде ғана директ-костинг принципі қалыптастырылды, орталық санат – баланс өзектілендірілді деп айтуға болады. Бұл кезең бухгалтерия тактикалық міндеттерді шешумен қатар ЭЕМ есебінде пайдалану негізінде басқарудың стратегиялық міндеттерін және өзгермелі шығындардың өндірістің көлеміне пропорционалды бөлуді жүзеге асырумен ерекшеленді.

Алтыншы даму кезеңі – қазіргі заманғы деп аталып, (ол 1950 жылдан басталып, қазіргі уақытқа дейін созылады) баланстың динамикалық және статистикалық түсіндірмелерінің дамуы мен кейбір талдамалық жағдайларын туындатты. Ал калькуляциялау әдістеріндегі өзгерістер мен жаңашылдықтар басқару есебінің пайда болуына негіз болды. Кезеңнің ерекше тұсының бірі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (ХҚЕС) және ұлттық есеп жүргізудің пайда қажеттілігін туындатуында болатын. Аталғандар нәтижесінде салық есебі түсінігі қалыптасып үлгерді. Әлемдік тарихи ой тарих кезеңдерін бөлу, ақырында, сол немесе басқа кезеңділіктің негізі болатын критерийлерге байланысты болғандықтан, жалпы тарих кезеңдерін кезеңдеу проблемасына көзқарастар бірлігінің жоқтығын көрсетіп отыр. Осыған қарамастан, кезеңділіктің келтірілген нұсқаларын қарастыруды тарихи даму барысын ұғынуға әртүрлі тәсілдермен көрсетуге болады. Зерттеулерге сүйене отырып, бухгалтерлік есептің даму тарихын тану тәсілдерін 1 кестеде көрсеттік.

1 кесте – Есептің даму тарихын тану тәсілдерінің ерекшелігі

№	Есептің тарихын тану тәсілдері	Өкілдері	Ерекшелігі
1.	Бухгалтерлік есеп тарихына	Ф. В. Езерский және Я. М Гальперин,	авторлар тарихи даму барысын түсініп, осы дамуды қандай

	философиялық көзқарас	батысында-А. Хаар.	заңдардың басқаратынын анықтауға тырысады
2.	Бухгалтерлік есеп тарихына құжаттық көзқарас	Ф. Мелис, Э. Стевелинг, В. Стон, О. О. Бауэр.	авторлар бірінші бағытқа қарама-қарсы авторлар тұжырымдар мен теориялардың орнына эволюция схемаларының орнына фактілерді баяндайды
3.	Бухгалтерлік есеп тарихына синтетикалық көзқарас	Н. С. Помазков, А. И. Лозинский.	Бұл бағыт авторлары алғашқы екі-философиялық және құжатты біріктіреді
4.	Бухгалтерлік есеп тарихына аналитикалық көзқарас	А. Литтлтон, В. С. Ямей, Н. А. Вейцман	Бұл бағыттың ерекшелігі қос жазбаны түсіндірумен байланысты идеялардың дамуын бақылауы

Қорытынды. Сонымен бухгалтерлік есептегі төрт тәсіл – философиялық, құжаттық, аналитикалық және синтетикалық даму кезеңдері мен ғалымдар пікірлерін есепке алу үшін маңызды деп санаймыз. Оның көмегімен біз тарихи үрдістің динамикасын ашып көрсетіп, оның заңдылықтарын сипаттап, даму үрдісінің байланыстары мен алшақтықтарын ескеріп, қолданылатын әдістердің эволюциясы мен категорияларды қалыптастыруды ашып көрсетеміз, ортақ тұжырымдамалардың өзгерісін қадағалап, адамдардың тарихын ғана емес, проблемалар мен шешімдердің тарихын көрсетеміз, мамандарды тарих негізінде жаңалықты объективті бағалауға үйретеміз. Бұрынғы өткендер тәжірибесін білетін бухгалтер тиімді жұмыс істей алады, себебі бұрын белгілі болған нәрсеге бекер уақыт жұмсамай, кемел келешекті болжамдай алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Соколов Я.В. Бухгалтерский учет: от истоков до наших дней: Учебн. пособие для вузов. М.: Аудит, ЮНИТИ, 1996. 638 с.
2. Артхашастра или наука политики /Перевод с санскрита, Издательство Академии наук СССР Москва-Ленинград, 1959. 802 с.
3. Кутер М.И. Теория бухгалтерского учета: учебник/ М.И. Кутер. 3-е изд., перераб. и доп. М.: Финансы и статистика, 2004. 592 с.
4. Я.В. Соколов, Я.В. История бухгалтерского учета: учебник / Я.В. Соколов, В.Я. Соколов. М.: Финансы и статистика, 2004, 272 с.
5. Соколов Я.В. История развития бухгалтерского учета. М.: Финансы и статистика, 1985. 367 с.
6. Богатая И.Н., д.э.н., профессор кафедры аудита ФБГОУ ВПО «РГЭУ (РИНХ)» Ростовский государственный экономический университет. Статья «РАЗВИТИЕ УЧЕТА В ДРЕВНЕЙ ИНДИИ»
7. Аленичев А. Д., Павлычев А. И. История развития бухгалтерского учёта / А. Д. Аленичев, А. И. Павлычев. Великие Луки: ВГСХА, 1997. 200 с.
8. <https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/9483/637/124/268/> (7 ақпан 2021 ж.)
9. <https://scienceforum.ru/2016/article/2016022210/> (7 ақпан 2021 ж.).

Аннотация: Для развития науки важно изучить историю ее развития, чтобы понять ее конечную мысль. С его помощью мы можем раскрыть динамику исторического процесса, описать его закономерности, выявить связи и расхождения процесса развития, раскрыть эволюцию применяемых методов и формирование категорий, проследить за изменением общих понятий, показать не только историю людей, но и историю проблем и решений, научить специалистов

объективно оценивать новшества на основе истории. История развития бухгалтерского учета, в котором совершенствуются формы и методы учета разных народов мира, насчитывает несколько тысячелетий. Современная методология учета, его научные теории и международные стандарты являются закономерным продолжением развития бухгалтерского учета в русле теоретической преемственности. Мы, опираясь на труды ученых и исследования, раскрыли 6 этапов развития бухгалтерского учета и его особенности. Также Бухгалтерский учет как комплекс научных категорий позволяет определить и оценить сущность деятельности любой бухгалтерии в какой-либо стране мира. По мере экономического развития в бухгалтерских категориях трансформировались и изменялись, принимая различные формы, связанные с особенностями деятельности людей. Таким образом, четыре подхода в бухгалтерском учете – философский, документальный, аналитический и синтетический-являются важными для учета этапов развития и мнений ученых.

Ключевые слова: информация, история, учет, этапы развития, бухгалтерия, двусторонняя запись, инвентаризация, бухгалтерские счета, аналитические, синтетические

Abstract: For the development of science, it is important to study the history of its development in order to understand its final thought. With its help, we can reveal the dynamics of the historical process, describe its patterns, identify the connections and divergences of the development process, reveal the evolution of the methods used and the formation of categories, track the change in general concepts, show not only the history of people, but also the history of problems and solutions, teach specialists to objectively evaluate innovations based on history. The history of the development of accounting, which improves the forms and methods of accounting of different peoples of the world, has several millennia. Modern accounting methodology, its scientific theories and international standards are a natural continuation of the development of accounting in line with the theoretical continuity. We, relying on the works of scientists and research, revealed 6 stages of the development of accounting and its features. Also, Accounting as a complex of scientific categories allows you to determine.

Keywords: information, history, accounting, development stages, accounting, two-way writing, inventory, accounting accounts, analytical, synthetic

¹Кошкарбаева Ш.Т., ¹Аманбаева Қ.Б., ²Эркаев А.У.

¹техника ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²техника ғ.д., профессор, Ташкент химия технологиялық институты, Ташкент, Өзбекстан

ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚ – БАТАРЕЯЛАРДАН МЫРЫШ ҚҰРАМДАС ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ АЛУ

Түйін: Пайдаланылған бір реттік химиялық ток көздерін жою мәселесінің өзектілігі олардағы түсті металдардың көптігіне байланысты. Қоршаған ортаға бір рет химиялық ток көздері қысқа уақыт ішінде жойылып, топырақтағы ауыр металдардың құрамын күрт арттырады. Бұл мақалада марганец-мырыш батареяларының қалдықтарын қолдана отырып, құрамында мырыш бар минералды тыңайтқыш алу мүмкіндігі туралы ғылыми зерттеулердің нәтижелері келтірілген. Пайдаланылған марганец-мырыш батареяларының белсенді массасының құрамы зерттелді, қалдықтардан мырыш сульфатын алу технологиясы жасалды, мырыш сульфаты құрамының карбоаммофоска құрамына әсері зерттелді, марганец-мырыш батареяларының қалдықтарын қолдана отырып, құрамында мырыш бар минералды тыңайтқыш алу технологиясы жасалды. Жүргізілген зерттеулер негізінде құрамында мырыш бар минералды тыңайтқыштарды алу бойынша жаңа технологиялық шешімдер әзірленді және ұсынылды.

Кілт сөздер: Батарея, мырыш сульфаты, ток көздері, микротыңайтқыш, белсенді масса, карбоаммофоска.

Кіріспе.

Табиғи шикізат көздерін, отын - энергетикалық қорларды толығымен пайдаға асыру, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы пайдаға асыру мен залалсыздандыру және қоршаған ортаны қорғау – заманымыздың өзекті мәселелерінің бірі[1].

Күнделікті тұрмыста қолданылатын тұрақты ток көздерінің (батарея) қалдықтары қоршаған ортаға зиянды болатындығы белгілі. Тұтыну уақыты аяқталған тұрақты ток көздері қоршаған ортаға тасталғанда экологияға кері әсері болады. Мысалы, кадмий құрамдас бір ток көзінің өзі 600 мың литр суды ластайды екен. Бұл деген, жуықтап алғанда бір жылда он бір адамның тұтынатын суы. Тұтыну уақыты аяқталғаннан кейін батареяларды өртеп жою мүмкін емес. Егер батареяларды өртейтін болсақ одан пайда болатын газ ауаны ластап, адам денсаулығына зиян келтіреді. Сол себепті тұтыну мерзімі аяқталған батареялардың құрамындағы пайдаға асатын химиялық элементтерді қайтадан өңдеп қалдықсыз технология құру қажет.

Теориялық талдау. Мырыш - түрлі салаларда, соның ішінде химиялық ток көздерін өндіруде ең көп қолданылатын түсті металдардың бірі. Химиялық ток көздерінің жылдық тұтынуы жүз миллиард данадан асады. Бір рет пайдаланылатын ток көздерін қайта өңдеу проблемасының өзектілігі олардың құрамындағы түсті металдардың бар болуымен байланысты. Қазіргі таңда гальваникалық элементтердің қалдықтарын өңдеу елімізде толық қанды өз дәрежесінде зерттелмеген, көбінесе олар өңделмей ашық алаңдарға жіберіледі, сол себепті ол жерлерде бірнеше мыңдаған тоннаға дейін түсті металдар кездеседі. Бұл қалдық қоршаған ортаға түскен кезде химиялық ток көздері қысқа мерзімде жойылып, ауыр металдардың құрамын күрт арттырады (бір айға жетпейтін уақыт ішінде олардың топырақтағы мөлшері ШМК-дан 3-4 есе асып кетеді).

Микротыңайтқыштар – бұл тыңайтқыштардың ең ерекше тобына жатады, оның құрамына микроэлементтер бор, мыс, мырыш, кобальт және т.б. кіреді.

Микротыңайтқыштар аз мөлшерде өсімдіктерге олардың өнімділігін, қоршаған ортаға тұрақтылығын жоғарылату үшін, өсімдік ауруларынан қорғау мақсатында қолданылады [2].

Микротыңайтқыштардың ролі өсімдіктердің организмдеріндегі биохимиялық

үрдістерді жылдамдататын ферменттердің активтілігін жоғарылатуға негізделген, олар қанттардың, крахмалдардың, белоктардың, нуклейн қышқылдарының, дәрумендердің синтездерін активтендіруге ықпал етеді. Микротаңайтқыштар фотосинтезге оң әсер етеді, дәндердің жетілуін және пісуін жылдамдатады.

Мырыш тұздарының түрлеріне қарай қасиетін зерттегенде, мырыш тұздарын тыңайтқыш ретінде пайдалануға болатындығы байқалды. Оның ішінде мырыштың сульфаты, микротаңайтқыш ретінде пайдаланылады.

Тұқымды топыраққа енгізбей тұрып мырышты тыңайтқыштарды қолданады, сонымен қатар тұқымды өңдеу кезінде де, себу алдында енгізеді және өсімдіктерді бүркіді. Мырышты тыңайтқыштарды қатармен енгізудің тиімділігі жоғары болатындығы туралы нұсқаулар бар.

Мырыш тыңайтқыштары топыраққа тұқымдарды сеппей тұрып енгізіледі. Оның мөлшері 1 га жерге 3 - 5 кг мырышқа есептелініп алынады. Егер топыраққа мырыштың жетіспейтіндігі байқалса онда алдын-ала мырышты енгізу қарастырылып, мырыш сульфатының 0,05 - 0,1 %-ті ерітіндісімен бүрку әдісі қолданылады. Өсімдіктердің жапырақтары шықпай тұрған кездегі бүрудің концентрациясын 2 - 5 % -ға дейін жоғарылатуға болады.

Тұқымдарды себу алдында өңдеу әдісі ретінде тұқымдарды опалау әдісі немесе оларды мырыш сульфатының 0,1% ерітіндісімен бүркіп суландыру әдісі қолданады. Сол концентрациядағы ерітіндіні өсімдіктерді бүруге арналған мырыш тұзының ерітіндісімен инсектицидтермен және гербицидтермен бірлесіп пайдалануға болады.

Мырыш қосындыларымен тұқым опалау оларды улағыштармен біріктіру ұсынылады.

Суғару кезінде микротаңайтқыштарды сумен бірге қолданып суару кең таралуда. Ол себуге дейін және өсімдіктердің өсіп-өнуі кезінде қолданылуы мүмкін.

Қазіргі таңда өндірістер кешенді-аралас тыңайтқыштар алуға бағытталған. Оларға құрамында макро және микроэлементтермен байытылған суперфосфаттар, нитрофоскалар және нитроаммофоскалар жатады. Алдағы уақытта бұл тыңайтқыштар микротаңайтқыштар өндірісінің жалпы 70 - 80 % құрайтын болады. Мұндай тыңайтқыштардың тиімділігі жоғары және қолдану аймағы талассыз [3].

Көбінесе мырыш құрамдас тыңайтқыштардың түріне жататын полимикротаңайтқыштар кездеседі, олар апатит концентраты, Қаратау фосфориттері мен мырышты аммофос, суперфосфаттар, сонымен қатар мырыш сульфаты.

Жоғарыда аталған өндіріс қалдықтарының құрамында мырыштың мөлшері әр түрлі болады. Алыну жолы ұқсас, атап айтқанда құрамында мырышы бар қосылысты ерітеді немесе оларды макротаңайтқышпен араластырады, содан кейін түйіршіктейді және кептіріледі.


Бұл құрамында микроэлементтері бар тыңайтқыштарды көбінесе сұр, күлді топырақтарға және карбонатты қара топырақтарға көбірек пайдалану қажет.

Көкөністер, жеміс-жидектер, мақта және басқа да өсімдіктер құрамында микроэлементтері бар тыңайтқыштарды қажет етеді. Мырыш элементінің көмегімен мақтаның, бидайдың, жүгерінің өнімділігі артады [4-5].

Тәжірибелік бөлім. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - адам тіршілігіне және экологияға зиянын тигізетін тұтыну мерзімі біткен батареяларды пайдаға асыру. Қазақстан Республикасында тұтыну мерзімі біткен батареялар халық шаруашылығында қолданыс таппай үлкен көлемде қоқыстарға тасталып жатыр. Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты батарея қалдығын пайдаланып мырыш құрамдас минералды тыңайтқыш алу.

Жұмысқа жарамсыз қалдық батареялардан мырышты бөліп алу бойынша зерттеу жұмыстары. Батареялар құрамына қарай әр түрлі болады марганец – мырышты, литий ионды, сынапты. Батареялар мен аккумуляторларды бір – бірінен бөліп сұрыптап

алынады. Соның ішінде тұтыну мерзімі біткен марганец-мырышты батареяға зерттеу жүргізілді. Негізінде марганец мырышты батарея құрамы мырыш ұнтағынан, мырыш оксидінен, марганец диоксидінен және графиттен тұрады. Сонымен қатар, оның құрамына сепаратор, ток өткізгіш, ерітінді ретінде калий гидроксидінің ерітіндісі қолданылады. 1 суретте марганец – мырышты батареяның құрамы көрсетілген.



Сурет 1. Марганец – мырышты батареяның құрамы

Темір және қағаз қорапшасынан ажыратылған батареядағы активті массаны ұнтақтап құрамында қалып қойған темір бөлшектерін магнитті қолданып бөліп аламыз. Бұл процесті бірнеше рет қайталап, құрамындағы Zn, Mn, C бір - бірінен ажыратуға дайындаймыз. Бұл зертханалық жұмыста тұтыну мерзімі біткен марганец – мырышты батареяның құрамындағы графитті, мырышты, марганецті қоспаны тазартылған сумен бірнеше рет өңдейміз, содан кейін сүзіндіге 25, 30, 35, 40% күкірт қышқылын 40, 50, 60, 70⁰C температураға дейін қыздырып қосып, ерітіледі. Құрамындағы ерімейтін қалдық ақ лентада сүзіліп, ақ лентаның бетіндегі графит кептіріліуге жіберіледі. Төменде графит мырыш, марганец тұзынан бөлініп жатқан көрінісі 2 суретте кескінделген.



Сурет 2. Ерітіндіден бөлініп алынған графит пен мырыш, марганец тұзының көрінісі

Ерітіндінің құрамында қалған мырыш және марганец тұзын 25% аммиак ерітіндісімен рН-6 дейін бейтарапталады. Ерітіндіге 30 минут ауа жібергенде марганец диоксиді бөлінеді. Марганец диоксидін сүзіп бөліп алынады. Сүзіндіні кристаллдап сусыздандырғанда мырыш сульфаты алынады.

Нәтижелер мен талқылау

Активті массаның құрамы JSM 64-90 растрлы микроскопта зерттелінді. Активті массаның құрамы 3 суретте келтірілген.

Сурет 3. Жұмысқа жарамсыз батареяның құрамындағы активті масса




Алынған спектр нәтижелеріне сүйенсек (1 кесте) құрамында графит, күкірт, марганец, калий, мырыш, темір бар екендігі анықталды. Бұл элементтер өсімдіктерге қажетті микроэлементтердің қатарына жатады.

1 кесте – Активті массаның химиялық құрамы

C(бос)	SO ₃	K ₂ O	MnO ₂	Fe ₂ O ₃	ZnO
29,37	0,37	0,38	45,61	0.25	19,34


Зерттеу нәтижелері бойынша активті масса құрамында мырыш оксиді 19,34 % -ды құрайды. Зерттеу нәтижесіне сүйенсек мырыш тұзын бөліп алуға болады. Бөліп алынған мырыш тұзы тыңайтқыш құрамына енгізіледі. Активті массаның құрамындағы калий, марганец, темір минералды тыңайтқыштың құрамына енген жағдайда өсімдіктерге кері әсерлерін тигізбейді.

Активті массадан бөлінген графиттің құрамына JSM 64-90 растрлы микроскопта зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижеі 4 суретте көрсетілген.



Сурет 4. Активті массадан бөлінген графит Активті массадан бөлінген марганец диоксидінің құрамына JSM 64-90 растрлы микроскопта зерттеу жүргізілді. Зерттеу

нәтижесі 5 суретте көрсетілген.




1Сурет 5. Активті массадан бөлінген марганец диоксиді

2 кесте - 60 °С температурада бөлінген марганец диоксидінің химиялық құрамы

Элемент	Салмақтық %	Оксид	Салмақтық %
N	10.27	NO ₂	33,74
O	52.36		-
S	7.13	SO ₃	25,32
Mn	28.04	MnO ₂	44,35
Fe	0.19	Fe ₂ O ₃	0,54
Zn	2.01	ZnO	2,5

Активті массадан бөлінген мырыш тұзының құрамына JSM 64-90 растрлы микроскопта зерттеу жүргізілді. Зерттеу нәтижесі 6 суретте көрсетілген.



Сурет 6. Активті массадан бөлінген мырыш тұзы

3 кесте - 60 °С температурада бөлінген мырыш тұзының химиялық құрамы

Элемент	Салмақтық %	Оксид	Салмақтық %
N	8.29	N	8,29
O	51.40		-
Al	0.10	Al ₂ O ₃	1,08
S	17.29	SO ₃	43,225
Mn	2.72	MnO ₂	4,3
Ni	0.33	Ni ₂ O ₃	0,46
Zn	18.87	ZnO	23,51

Зертханалық жағдайда белгілі әдіс бойынша алынған 1:1:0 маркалы карбоаммофос және 1:1:1 маркалы карбоаммофосканың технологиялық көрсеткіштері 4 кестеде көрсетілген.

4 кесте. Карбоаммофосканың технологиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Карбоаммофос	Карбоаммофоска
Аммофос құрамы (апатит негізінде), %		
P ₂ O ₅	50,3	50,3
N	10,8	10,8
H ₂ O	2,0	2,0
Карбамид ерітіндісі шоғыры, %	90	90
Карбамид ерітіндісі тығыздығы, кг/м ³	1210	1210
Құрамдастарды араластыру уақыты, мин	2	2
Температура, °С		
Карбамид ерітіндісі	115-120	115-120
Араластырғыштағы шихта	90-100	85-95
Барабаннан шығардағы түйіршіктер		
Біріктіріліп жұмылдырылған	55-65	55-65
Салқындатқан	18-20	18-20
Ылғал мөлшері, %		
Араластырғышқа кіретін бастапқы шихтада		
Араластырғыштан шығатын шихтада	5,1	3,4
Судың булануы, % (үрдіске берілген мөлшерден)		
Араластырғыштағы	69,0	70,0
Біріктіріп жұмылдыратын барабандағы	7,7	11,0
Салқындатқыш барабандағы	5,1	0,0
Тауарлық бөлшек құрамы (1-4 мм), салқындатқыш барабаннан кейінгі өнімде, %	60	85
Тауарлық өнім құрамы, %		
N жалпы	27,5	20,2
N аммон.	6,9	4,4
N амидт.	20,6	15,8
P ₂ O ₅ жалпы	27,0	20,0
P ₂ O ₅ сіңір	26,6	18,8
P ₂ O ₅ сулы	26,7	17,9
K ₂ O	0	20,4
H ₂ O	0,86	0,95
N:P ₂ O ₅ :K ₂ O қатынастары	1:1:0	1:1:1


Карбоаммофоска құрамы ТУ 6-08-271-77 сай екендігін көрсетеді.

Мырыш тұзы NPK 1:1:1 қатынаста алынған карбоаммофоскаға 0,02-0,1 қатынас аралығында қосылды.

Зерттеу жүргізу барысында алынған барлық өнімдерге растрлы электронды микроскопта талдау жұмыстары жүргізілді. Талдау нәтижесінде алынған мәліметтерге сүйене отырып, мырыш тұзының ең тиімді мөлшері үшінші сынақ екендігі айқындалды. Себебі, мырыш тұздарының түзілуінің жетіспеушілігіне байланысты 0,02 қатынасында өсімдікке қажетті мөлшерін бере алмай қалады, ал 0,1 - ден арттыру тиімді емес, өйткені

талап етілетін нығыздалу мен гигроскопиялық қасиеті төмендеп, дайын өнімдегі қоректік заттардың мөлшері негізсіз азаяды.

7 суретте және 5 кестеде келтірілген талдау нәтижесі бойынша зерттеу нәтижесінде алынған күрделі аралас минералды тыңайтқыш құрамына мырыш тұзының қажетті мөлшерде енгенін көруге болады



Сурет 7. Мырыш тұзы қосылған карбоаммофоска минералды тыңайтқышы

5 кесте – Карбоаммофоскаға әр түрлі мөлшерде мырыш тұзының қосылған химиялық құрамы

Сынақ	N	P ₂ O ₅	K ₂ O	ZnO
1	20,1	20,8	20,05	0,41
2	19,8	20,03	19,6	0,8
3	19,5	19,7	19,4	1,2
4	18,9	19,1	19,1	1,91
5	18,3	18,6	18	1,48

Қорытынды.

Алынған нәтижелер бойынша үшінші сынақтың көрсеткіші МЕСТ талаптарына сай екендігі анықталды. Ылғалдылығы 6 % -ды құрайтын мырыш құрамдас карбоаммофоска минералды тыңайтқышы алынды. Талдау нәтижесі бойынша: P₂O₅ -18,6- 20,8 %; N-18,3-20,1 %; ZnO - 0,41- 1,48 аралығында ауытқитындығы дәлелденді. Шамамен 1 тонна күрделі аралас тыңайтқышқа 2 кг мырыш тұзы жеткілікті.

Бұл тыңайтқышты қолдану өте тиімді, жұмыс істейтін уақыты ұзақ, өзіне тиесілі қасиетін ұзақ уақыт сақтай алатын тыңайтқыштар қатарына жатады.

Мырыш элементінің көмегімен мақтаның, бидайдың, жүгерінің өнімділігін арттырады, жеміс-жидектердің қантының және бидайдағы протеиннің пайызын жоғарылатады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Бахов Ж.К. Өнеркәсіптік өндіріс және экология. Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2001, 64б.
 2 Бишимбаев У.К., Жантасов К.Т., Молдабеков Ш., Петропавловский И.Д., Дормешкин О.И., Жантасова Д.К., Джанмулдаева Ж.К. Күрделі және күрделі аралас минералды тыңайтқыштардың технологиясы мен даму тенденциясы. Шымкент: Әлем баспасы, 2015. 380б.

3 Бишимбаев У.К., Молдабеков Ш.М., Жантасов Қ.Т., Анарбаев А.А., Бестереков У. Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы. Т. 3. Минералды тыңайтқыштардың химиялық технологиясы. Алматы: Кітап баспасы, 2007, 544 б.

4 Соколовский А.А., Яшнее В. Технология минеральных удобрений и кислот. М.:Химия, 1971, 244с.

5 Джанмулдаева Ж.К. Технология минеральных удобрений. Шымкент: Алем, 2019, 180с.

6 Молдабеков Ш.М., Жантасов Қ.Т., Налибаев М.И., Қадірбаева А.А., және басқалар.Калий тыңайтқыштарының технологиясы: Шымкент: Әлем, 2016, 204б.

7 Джанмулдаева Ж.К. Азотные удобрения. Шымкент: Алем, 2018, 148с.

8 Анарбаев А.А., Молдабеков Ш.М., Бестереков У., Жантасов Қ.Т. Минералды тыңайтқыштар технологиясы.Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2001, 250б.

Аннотация. Актуальность проблемы утилизации отработанных одноразовых химических источников тока обусловлена большим содержанием в них цветных металлов. Попав в окружающую среду химические источники тока за короткое время разрушаются и резко увеличивают содержание тяжелых металлов в почве. В данной статье приведены результаты научных исследований о возможности процесса получения цинксодержащего минерального удобрения с использованием отходов марганцево-цинковых батареек. Исследован состав активной массы использованных марганцево-цинковых батареек, разработана технология извлечения сульфата цинка из отходов, исследовано влияние содержания сульфата цинка на состав карбоаммофоски, разработана технология получения цинксодержащего минерального удобрения с использованием отходов марганцево-цинковых батареек. На основании выполненных исследований разработаны и предложены новые технологические решения по получению цинксодержащих минеральных удобрений.

Ключевые слова: Батарея, сульфат цинка, источники тока, микроудобрения, активная масса, карбоаммофоска.

Abstract. The urgency of the problem of recycling of used disposable chemical current sources is due to the high content of non-ferrous metals in them. Once in the environment, chemical current sources are destroyed in a short time and dramatically increase the content of heavy metals in the soil. This article presents the results of scientific research on the possibility of obtaining a zinc-containing mineral fertilizer using waste manganese-zinc batteries. To study the composition of active mass used zinc-manganese batteries, a technology for the extraction of zinc sulphate from waste, the influence of sulphate of zinc on the structure of carbamates, the technology of production of zinc-containing fertilizers with the use of waste zinc-manganese batteries. Based on the research carried out were developed and proposed new technological solutions for the production of zinc-containing mineral fertilizers.

Keywords: Battery, zinc sulfate, current source, microfertilizers, active mass, carbamafoska.

ӘОЖ: 502.03

Рахманбердиева Ж.Н., Шапалов Ш.Қ., Мұстафаева М.Б.

PhD доктор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

PhD доктор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ОРТА ЖӘНЕ XX ҒАСЫРДАН БАСТАП ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Тіршіліктің қарқынды даму сатысына сәйкес қоршаған ортаға антропогенді әсердің нәтижесінде пайда болған көптеген экологиялық мәселелер қазіргі таңда шешімін табуға тиісті маңызды мәселелерге жатады. Табиғи ресурстарды пайдалануда адамзат қоршаған ортаға кері зиянды әсерін тигізеді және нәтижесінде қоршаған орта нысандарының сапасы ғана емес, адамның өмір сүру жағдайы мен денсаулығы да өзгереді. Атмосфералық ластанулардың созылмалы әсері адам денсаулығына әсер ететін жағымсыз әсерлердің негізгі түрі болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, әлемдік және еліміздің әртүрлі аймағында тұрып жатқан азаматтардың қауіпсіз өмір сүру жағдайына байланысты өзекті мәселелері болып табылады. Мақалада орта ғасырдан бастау алған қоршаған ортаны қорғаудың басты мәселелеріне әдебиеттік шолу жасалған.

Кілт сөздер: ежелгі ғасыр, орта ғасыр, қоршаған орта, экологиялық мәселелер, ауа ластануы, антропогенді әсер, қауіпсіздік шаралары.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасында қоршаған ортаны қорғау, табиғатты пайдалану және тұрғындар денсаулығының мәселесі маңызды құрамды бөлік болып табылады. «Қазақстан-2030» стратегиясында «ҚР азаматтарының денсаулығы мен амандығы» ұзақ мерзімді маңызды сұрақтардың бірі. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, Қазақстанның әртүрлі аймағында тұрып жатқан азаматтардың қауіпсіз өмір сүру жағдайына байланысты мәселелер өзекті мәселе болып табылады [1].

Ортағасырлық Еуропа X-XV ғасырларда кең дамудың ресурстары таусылған кезде экологиялық дағдарысқа тап болды (еуропалық ормандардың жойылуы және жер жырту, қалалардың орта ғасырлардағы қолөнер өндірісі орталықтары ретінде өсуі). Аграрлық шамадан тыс қоныстану халықтың қалаларға жаппай кетуіне ықпал етті. Қалалардың өсуіне бекініс қабырғалары кедергі келтірді, бұл халықтың көп жиналуына әкелді және сол кездегі антисанитарлық жағдайларға байланысты эпидемиялардың дамуына ықпал етті (тек 1346 жылдан 1353 жылға дейін Еуропа халқының 20-дан 50% - на дейін обадан жойылды). Ресурстар үшін күрестің күшеюі көптеген қанды соғыстар мен орта ғасырдың қиыншылықтарын туындатты. Бұл дағдарыстың шығуы: басқа континенттерден (негізінен Америкадан) ресурстардың ағыны, оның отарлауына байланысты жаппай эмиграция және, сайып келгенде, индустриялық қоғамның қалыптасуына әкелген өнеркәсіптік революция Индустрияландыру, еңбек өнімділігін күрт арттыру және қоғамның дамуын жеделдету, сонымен бірге көптеген әлеуметтік-экономикалық және экологиялық проблемаларға себеп болды. Ресурстар үшін шиеленіскен күрес екі әлемдік және көптеген жергілікті соғыстарға, қару жарыстарына себеп болды. Әскери қарама-қайшылықтың әсерінен жедел индустриалды даму қазіргі экологиялық дағдарысқа және оны шешуге әрекет ретінде қоршаған ортаны қорғау кезеңіне әкелді [2].

Осылайша, жеке, көбінесе бұрыннан белгілі фактілерден табиғат пайдалану тарихы туралы жана түсінік біртіндеп қалыптасады. Ірі тарихи оқиғалар көбінесе адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасының сипатына, соның ішінде осы қатынастардың динамикасына байланысты болды. Жердің табиғи ресурстары планетаның масштабында да, жекелеген аумақтарда да шектеулі және оларға қол жеткізу үшін күрес тарихи процестің маңызды қозғаушы күштерінің бірі болды. Экологиялық дағдарыстар

экстенсивті даму резервтері таусылған кезде пайда болды. Экологиялық дағдарыстар жаппай ашаршылық пен індетте, экономикалық күйреуде, соғыстар мен қиыншылықтарда көрінді.

XX ғасырдың ортасынан бастап адам және табиғат арасындағы жаңа жағдайлар бастау алды. Осыдан отыз немесе қырық жылдан бұрын «экология» сөзін ғалымдар немесе мамандар қолданатын. 1980 жылдарда экология мәселелерін жаһандық көлемде назар аударып бастады. Қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің өмірінде экология мәселелерін ашып көрсету қажет. Адамзатқа керек шикізатқа сұраныс материалдық өндірістердің көлемін арттыруда, жер қойнауындағы және мұхиттағы байлықтар жедел игеріле бастады [3].

Адамзаттың қоршаған ортамен қарым-қатынасы біртіндеп, негізінен дұшпандық тәсілден бастап, орта ғасырдың аяғында бірқатар экологиялық дағдарыстарға дейін ашық бірлескен жағдайға көшті. Ортағасырлық адамдар өздерінің табиғи орталарына жаңа көзқараспен қарай бастады. Енді олар қазіргі әлемнің циклдік, "жаңа экологиялық" көзқарасын болжай отырып, қоршаған ортаға антропогендік әсердің салдарын терең түсінуге мәжбүр болды [4].

1990 жылдан бастап CO₂ шығарындыларына байланысты жаһандық жылыну климаттың өзгеруін тездетеді және миллиондаған адамдардың, өсімдіктер мен жануарлардың өмір сүруіне қауіп төндіреді, құрғақшылық, өрт және су тасқыны сияқты метеорологиялық құбылыстарды тудырады, олар жиі және апаты болып келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) адамзаттың 90% - ы ластанған ауамен дем алады деп санайды, сондықтан тыныс алу органдарының ауруларын азайту үшін ауаның ластануын төмендету шараларын сақтауға талап етеді [5].

Кесте 1 - 1946-1948 жж. қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарылған жұмыстар

1	1946	БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО-ның құрылуы, оның бірінші басшысы - Ұлы эволюционист биолог Джулиан Хаксли. Қоршаған ортаны қорғау – ЮНЕСКО жұмысының басты бағыттарының бірі. "ЮНЕСКО курьері" журналының басылымы, табиғат қорғау тақырыбы ұсынылған.
2	1948	Табиғатты қорғаудың халықаралық одағын (IUCN, IUCN) құру, бұл әртүрлі елдердің табиғатты қорғау қозғалыстарының табиғатты аумақтық қорғау саласындағы жұмысының өзіндік нәтижесі болды (КСРО-да қорғалатын іс, АҚШ пен Еуропа елдерінде ұлттық парктер құру) және жекелеген түрлерді құрып кету қаупінен сақтау.


Азық-түліктің қарқынды өндірісі қоршаған ортаға зиян келтіреді, топырақты құрғатады және теңіз экожүйелеріне зиян келтіреді. Сонымен қатар, табиғи ресурстарды шамадан тыс пайдалану азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыз судың қол жетімділігіне қауіп төндіреді [6].

Oxfam Intermon мәліметтері бойынша, ластанған су денсаулыққа ауыр зиян келтіреді және жылына бес миллион адамның өліміне әкеледі. БҰҰ қалдықтарды жоюды, химиялық заттарды қолдануды азайтуды және басқа да шаралармен қатар Ағынды суларды тазартуды қолдайды. Мұхиттар үлкен пластикалық қоқыс полигондарына айналды. Сонымен қатар, мұхиттармен байланысты басқа да маңызды экологиялық проблемалар бар, мысалы, жаһандық жылынуға байланысты экожүйелерге зиян келтіру, ластаушы заттардың төгілуі, ағынды сулар және отынның төгілуі. БҰҰ азық-түлік өндірісінің моделі мен тамақтану әдетін, оның ішінде энергияны үнемдеу және CO₂ шығарындыларын азайту үшін жергілікті ингредиенттерді қолдана отырып, көбірек өсімдік негізіндегі диетаны өзгерту қажет деп санайды.



Сурет 1. 1850 – 2010 жж. қоршаған ортаны қорғау мәселелері

АҚШ - тағы қоршаған ортаны қорғау туралы заңдар пакетін қабылдау-ауаны қорғау (1963), су ресурстарын қорғау (1965), жабайы табиғатты қорғау (1964) және қатты қалдықтарды жою (1965).




Сурет 2. АҚШ-тағы азот оксидтері, күкірт диоксиді және қатты бөлшектер шығарындыларының өсу динамикасы, млн тонна/ж

Атмосфералық ауаға азот оксидтері, күкірт диоксиді және қатты бөлшектер шығарындылары қоршаған ортаға қауіпті әсер етеді. Атмосфералық ластанулардың созылмалы әсері адам денсаулығына әсер ететін жағымсыз әсерлердің негізгі түрі болып табылады. Ластанудың халыққа созылмалы әсер ету сипаты бойынша тексеру мен диагностикаға әдістемелік бағыт ерекшеліктерін анықтайтын екі түрді бөліп алып қарауға болады:

- этиологиялық фактор нақты ластаушы болып табылатын созылмалы арнайы әсер;
- биологиялық әсері бойынша ерекшеленетін және ағзаға айқын арнайы әсері жоқ әртүрлі химиялық кластарға жататын заттар қатысатын созылмалы арнайы емес әсер[7].

Өткен ғасырдағы қоршаған ортаны, ауа атмосферасын қорғау мәселелері бойынша 1977 ж. - озон қабаты жөніндегі үйлестіру комитетінің құрылуы, 1985-1986 ж. - Антарктида үстіндегі "озон тесігінің" пайда болуына және оның жылдан жылға артуына

хлорфтор шығарындыларының әсерін тікелей дәлелдеу жұмыстары атқарылды. 1987 жыл – озонды бұзатын заттардың шығарылуына тыйым салу туралы Монреаль хаттамасына қол қойылды. Осы номенклатура ережелерін 1990, 1992 және 1994 жылдардағы шарттармен толықтырылды және кеңейтілді [8].



Сурет 3. Әлемде озонды бұзатын заттар өндірісі 1950ж.-1997ж.

Қорытынды. Бұл мақалада ежелгі және орта ғасырдан бастау алған қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне әдебиеттік шолу жасалды. Қоршаған ортаны сақтап қалу, адам өміріне қолайлы, жағымды экологиялық жағдайды қалыптастыру мәселелері ХХ ғасырдың аяғынан бастап үлкен маңыздылыққа ие болуда. Пайдалы қазбалардың – мұнайдың, табиғи газдың, көмір және тағы басқалардың жоғалуы байқалып отыр, жер шарының әрбір бесінші тұрғыны таза су ішпейді. Қоршаған ортаны қорғаудың негізгі шарттары мемлекет өз органдарына қоршаған ортаны қорғау бойынша экономикалық, техникалық, ұйымдық және құқықтық шараларды жүзеге асыруды міндеттейді. Қорыта айтқанда, қоршаған ортаны қорғау мәселелері тек аймаққа ғана емес, бүкіл ғаламдық экологияға әсер етуі жағынан аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Әрине оларды шешуге аймақ мемлекеттері біріге отырып жұмыстар атқарумен қатар, осы орайда интеграциялық үрдістің, аймақтағы ұйымдардың маңыздылығын арттыру қажет сияқты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Экология мәселелері - Елбасы назарында // Атамекен. 2009. 2 желтоқсан. б.1
2. Қоршаған ортаны қорғау: Оқу құралы/ Ж.Ж.Жарылқасын., Г.М.Елеусинова, Н.Т.Жакетаева, А.М.Жарылқасынова, Н.Р.Изденова. Қарағанды, 2017. 64 б.
3. Мұхажанова Н.А. Жаһандық экология: оқу құралы. Алматы : Экономика, 2011. 172 б.
4. An Environmental History of the Middle Ages: The Crucible of Nature By John Aberth, Routledge, 2013 ISBN: 978-0-415-77946-3
5. Колумбаева С., Білдебаева Р., Шәріпова М. Экология және тұрақты даму: оқу құралы. 2012. 153 б., 21-29 б.
6. Экологиялық энциклопедия / А.Ж. Ақбасова, Е.Ү.Жамалбекова, Т.Қалыбеков т.б. Алматы, 2007. 303 б.
7. Акимова Т.А., Таскин В.В. Основы экоразвития: Учеб. пособие. М., 1994. 20с.
8. WolfKitses. History of the environment since 1945. 2018. 102 с.

Аннотация: Многие экологические проблемы, возникшие в результате антропогенного

воздействия на окружающую среду в соответствии со стадией бурного развития жизнедеятельности, относятся к важнейшим проблемам, которые в настоящее время должны быть решены. В использовании природных ресурсов человечество оказывает негативное вредное воздействие на окружающую среду и, как следствие, меняется не только качество объектов окружающей среды, но и условия жизни и здоровье человека. Хроническое воздействие атмосферных загрязнений является основным видом побочных эффектов, влияющих на здоровье человека. Охрана окружающей среды, рациональное использование природных ресурсов, актуальные вопросы, связанные с безопасными условиями жизни граждан, проживающих в разных регионах мира и страны.

В статье представлен литературный обзор основных проблем охраны окружающей среды, начиная со Средневековья.

Ключевые слова: древний век, средневековье, окружающая среда, экологические проблемы, загрязнение воздуха, антропогенное воздействие, меры безопасности.

Abstract: Many environmental problems that have arisen as a result of anthropogenic impact on the environment in accordance with the stage of rapid development of life activity are among the most important problems that currently need to be solved. In the use of natural resources, humanity has a negative harmful impact on the environment and, as a result, changes not only the quality of environmental objects, but also the living conditions and human health. Chronic exposure to atmospheric pollution is the main type of side effects that affect human health. Environmental protection, rational use of natural resources, topical issues related to the safe living conditions of citizens living in different regions of the world and the country.

The article presents a literary review of the main problems of environmental protection since the Middle Ages.

Keywords: antiquity, Middle Ages, environment, environmental issues, air pollution, anthropogenic impact, safety measures.

UDC: 314.7

Yesimkhanova N.A., Torebek D.O., Mamekova S.K.

candidate of pedagogical sciences, senior lecturer, Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

master, lecturer, Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

master, senior lecturer, Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

ANALYSE OF OIL SERVICES AND LOCAL MAINTENANCE REQUIREMENTS IN KAZAKHSTAN

Abstract: Local content requirements can benefit Kazakhstan in the long term, ultimately having a positive impact on both the economy and the country's fuel and energy complex. In the field of oilfield services, Kazakhstan needs to focus on acquiring and expanding expertise and professional experience that will meet the new operational and technical conditions emerging in the country's extractive industry - especially on the shelf of the Caspian Sea. Kazakhstan may need a strategic approach to the development of a number of industries (such as metallurgy, construction, etc.) in order to support the service sector and provide oil and gas companies with more complex, high-tech goods and services, for which demand will be high. The state of oil services and local maintenance requirements in Kazakhstan, as well as provides a conclusion and recommendations on reduce the scope of protectionist policies are considered and analyzed in this article.

Key words: drilling industry, drilling rigs, oilfield services sector in Kazakhstan, requirements for local content in goods

Characteristics of the drilling industry in Kazakhstan

Drilling operations in Kazakhstan are carried out mainly onshore. The main share of this market belongs to only a few companies, both independent and part of the mining enterprises. As in other CIS countries, the national reporting system of Kazakhstan lacks an agreed and comprehensive system of statistics on the rig fleet as a whole for the country.

The leader of the drilling industry in Kazakhstan is "KazPetroDrilling" JSC (KPD) - a consortium of drilling enterprises, which includes a subsidiary of KMG - "KazMunayGas Burenie" LLP, as well as "Burgylau" LLP, "AstraStar" LLP and "MH INDUSTRY" LLP. According to the estimated figures, in 2013 the KPD drilling run was 538 thousand meters, or 21% of the total drilling work in Kazakhstan. In total, KPD employs 5,253 people (for comparison, in 2011 the company employed 3,585 people). The consortium's fleet includes 42 drilling rigs (in 2011 there were 34), the drilling capabilities of which range from 200 meters to 7,000 meters in depth, as well as 51 workover rigs. At the same time, the consortium's fleet of installations is growing. Plans for 2013 included two new units: one ordered in the United States and one assembled with Discovery Industrial Services at a plant in Ukraine. According to official information from KPD, the consortium also has experience working with external contractors, including Schlumberger, Baker Hughes, etc.

The second place in terms of drilling volume belongs to the Sino-Kazakh joint venture LLP KAZAKHSTAN-CHINESE DRILLING COMPANY "Great wall", which operates mainly with JSC "CNPC- Aktobemunaigas". KCDC "Great wall" LLP has a fleet of 27 drilling rigs, the drilling functionality of which ranges from 3000 to 7000 m. Most of them are from China, although, according to official figures, there are also three Russian-made units. Other major drilling contractors in Kazakhstan are "Sibu-Kyzylorda Engineering Drilling Company" LLP, SMART OIL drilling company (12 drilling rigs, 96 thousand meters were drilled in 2013), "Ontustik Munaygas" JSC (10 drilling rigs), "Vostok-neft" LLP, "NefTechService" LLP and the Chinese Sinopec. Activities in this area are carried out by a number of other enterprises, but individually their contribution is only a small share of the total drilling market in Kazakhstan (some of them are foreign operators)

Contractors in Kazakhstan mostly use equipment imported from abroad, as Kazakhstan does not have production of medium and heavy rigs. First of all, the rigs are imported from Russia and China. Some drilling contractors (including KPD) also import some rigs from the US and Europe.

Although the circle of producers in Kazakhstan is limited, it is still growing. Thus, the Petropavlovsk Heavy Machine Building Plant in the North Kazakhstan region carries out the installation of self-propelled drilling rigs mounted on a car (truck), including models with a drilling depth of 2,000 m. Other assembly and construction companies in Kazakhstan install pumps and other types of drilling and service equipment.

In addition, Kazakhstan service companies operate repair equipment for the maintenance of the drilling rig fleet in Kazakhstan.

On the shelf, the main problem at a certain period was the lack of drilling rigs: as of the end of 2013, only 11 rigs were operating in the Caspian Sea (excluding the rigs used in Azerbaijan), while one was involved in the Caspian projects of Russia. Ten of them are managed by private contractors, including four semi-submersible, five jack-up and one barge ("Sunkar-257" drilling barge) operated by Parker Drilling. Kazakhstan is seeking to fill the rig shortage by installing its own floating offshore rigs and associated infrastructure to expand its fleet. These actions are aimed at helping oilfield service companies in Kazakhstan adopt the skills and technologies for providing oilfield services in the field of offshore exploration and production from experienced foreign firms, working side by side with them. However, with falling oil prices and significant cuts in exploration and production costs, the scale of offshore exploration is shrinking, and even local installations are not fully utilized.

The first Floating Drilling Barge assembled in Kazakhstan was the "Caspian Explorer" submersible drilling barge (FDB). The construction of the FDB was carried out in fulfillment of obligations assumed by a consortium of Korean companies (consisting of Korea National Petroleum Corporation (35%), SK Innovation (25%), LG International Corp. (10%), Hyundai Hysco Co. Ltd. (10%), Samsung C and T Corp. (5%), Daesung Industrial Co. Ltd (5%), Daewoo Shipbuilding and Marine Engineering (5%), and Aju Corporation (5%) under the

Agreement of Principles signed in 2005 between JSC "NC KazMunayGas (KMG) and KC Kazakh B.V. ("KCK"), a company established by the aforementioned Korean consortium, as part of the development program for the Kazakh shelf of the Caspian Sea. Various modules, equipment and materials of PBB were manufactured and assembled abroad, and after delivery to Kazakhstan via the Volga-Don canal in 2011, the installation of FDB itself began at the shipyard of the Kazakh company "Ersay Caspian Contractor" LLP, which was successfully completed in June 2012. Since the date of its foundation on December 26, 2011 the owner of FDB is "KC Caspian Explorer" LLP (KCCE), which is a subsidiary of KCK in Kazakhstan

Initially, FDB was designed for drilling operations on the Zhambyl offshore structure in shallow water in the northern part of the Caspian Sea, and therefore it is capable of operating at a water depth of 2.5-5.5 m and drilling exploratory wells up to 6,000 m deep below the floor of the drilling. On April 27, 2012, FDB was transferred by KCCE to the trust management of "TenizBurgylau" LLP (currently KMG Drilling & Services LLP), and in 2013-2014 it drilled 2 exploration wells in the Zhambyl area (ZB-1 in 2013 and ZT-1 in 2014). It was originally envisaged that FDB would also be used on other offshore projects in the shallow waters of the Caspian Sea, and given its successful drilling campaigns for the Zhambyl project, this would be expected and feasible.

However, with the fall in oil prices and significant cuts in oil and gas costs, offshore exploration has been postponed indefinitely, and as a result, the new FDB is currently in cold storage at Ersai shipyard. "KMG Drilling & Services" LLP ceased to be by the FDB operator after the expiration of the fiduciary agreement on March 31, 2015, which was not renewed due to the lack of plans for the further use of FDB.

In 2012, a service subsidiary of KMG signed agreements for the installation of the first jack-up drilling rig built in Kazakhstan, designed for deep water drilling, on a turnkey basis, worth USD 242 million. Launched in April 2015, this rig will operate at depths ranging from 5m to 80m with an estimated depth of 6,000m below the seabed. It was installed at the Ersai shipyard in the Kuryk settlement and at the Keppel-KazStroyService enterprise in Aktau. The work involved 1,000 people. This is a FELS model of B Class, renowned for its state-of-the-art performance and efficiency. It will be managed by "KMG Drilling & Services" LLP. Both shipyards where the unit was assembled are located in the Mangistau region. And they both belong to joint ventures. The first (in Aktau) is a joint venture with the participation of the Singapore engineering and design firm Keppel and the Kazakh company "KazStroyService", which provides design, logistics and construction services. The second, the Caspian shipyard Ersai, is run by the Italian engineering firm Saipem and the English-registered Lancaster Group. Each facility is capable of providing 12,000 tons of metal structures per year. These two enterprises have provided local construction and erection firms with the opportunity to work in conjunction with highly qualified foreign rig erectors.

Share of local content in Kazakhstan

A key factor influencing the oilfield services sector in Kazakhstan is the large-scale introduction of rules and regulations governing the share of use of local goods, services and labor (local content) by companies carrying out exploration and production projects. Following the example of other oil producing states (such as Norway, the UK and Brazil), Kazakhstan has introduced regulations aimed at maximizing local content. This is due to the desire to preserve the funds spent on goods, works and services in the domestic market, to expand the local human and technological base, as well as to create a service sector that will be able to export its services in the long term.

Теориялық талдау. Біздің қолымыздағы бірнеше қолжазба дәптерлерінде қайталанып жазылғанына қарағанда Жылқыбай ақын 1833 жылы туылып, 1901 жылы қайтыс болған [2.6]. Руы – Ұлы жүз ішіндегі Сіргелі аталығынан. Жылқыбайдың әкесі Байшопан кедей шаруа, момын адам болған сыңайлы. Өйткені, қолжазба деректе «Байшопан момын шаруа кісі екен. Әкесі кедей, Жылқыбай жиырмаға келгенше әркімнің қосын айдап жүрген» деген дерек берілген [2.6]. «Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығындағы деректерге сүйенсек: Байшопанның ұлдары: Сақыбай, Жылқыбай, Қален, Кәрібай, Кербалақ. Брақ аталған адамдардан ұрпақ бар ма, жоқ па? Әлі анықталмаған. Ауыл молдасынан сауат ашқан Жылқыбайды Үмбет деген өз ағайыны, молда кісі он бір жасынан бастап, алты жыл оқытады. Сонда он бір жасынан бастап, он жеті жасқа дейін оқыған кітаптары XIX ғасырдағы оқыту жүйесіндегі дәстүрлі: «Әптиек», «Құран Кәрім», «Шар кітап», «Сопы Аллаяр», «Сопы ишан», «Пікайдан», «Мұхтасар» секілді мұсылман кітаптары болады. Бойында бар ақындық ұшқыны Жылқыбайды өте жас кезінен бастап, ауыл арасындағы қыз бен жігіт айтысына қатысуға жетелейді. «Ол Өтебике, Қалым деген қыздармен айтысып, әріптес болған» [2.6 бума.3].

Ақынның өмірбаяны мен шығармашылық қызметі, ұрпақтары туралы кешенді зерттеулердің енді ғана басталғанын да еске сала кетеміз. Жылқыбай ақын суырыпсалмалық (импровизация) тәсілін жетік меңгерген, ауызша жырлау дәстүрімен қатар жазба дәстүрді де меңгерген, жырлау әдісін сопылықтың қанағат категориясымен терең сусындатқан дастаншыл эпик болғандығы, өзін жарнамалап, жалған атақ пен уақытша дақпыртқа алданбаған ақын екендігі байқалады. «Оның көптеген дастандары, өзінің қолжазбалары арқылы елге тарап, шәкірттері жаттап алып, таратып отырған. Оның ірі шәкірттерінен қолжазба деректерден мәлім болғандары: атақты Нұралы Нысанбайұлы (1830-1928), Қарашаұлы Ырысбай (1838-1917), Бөршекұлы Иса (1866-1949), Тайманұлы Орынбай (1872-1946), Нысанұлы Айнабек (1909-1972)» деген дерек [2.6 бума.7]. 1979 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Ақын-жыраулар» еңбегіндегі Айнабек ақын туралы мәліметте, «Жылқыбай, Зұлпықар, Италмас тәрізді ақындарға еріп, өнерін ұштаған» деп жазылған [3.13]. Жоғарыда берілген деректерден мынадай тұжырым жасауға болады. Жалғыз Жылқыбай емес Кеңес дәуіріне дейінгі Оңтүстіктің талай саңлақ ақыны өз туындыларын баспа бетіне шығаруға талаптанбаған. Мұның біздіңше, бірнеше объективті себептері бар деп санаймыз. Олар:

1. XIX ғасыр ақындарының шығармашылық қалыптасу ортасы, даму тенденциясы арысы бұрыннан қалыптасқан ислам дінімен қабысқан Ата жолымен (салт-дәстүр, әдет-ғұрып өлшемдері), қасиетті Құраннан бастау алатын исламияттың XII ғасырдан бастап қолданысқа түскен сопылықтың мағрифатымен терең таныстығы бар медреселік оқыту бағдарламасын меңгерген, сопылықтың төрт негізгі қағидатымен біте өріліп, күнделікті өмір тіршілігіндегі қарым-қатынасы, тәлім-тәрбиесі терең суарылған кісілік пен кішіліктің қатты әсері болғандығы;

2. Таза импровизация дәстүріндегі ақындардың өз шығармаларын дер кезінде жинап алмауы немесе басқалар тарапынан (шәкірттері) жиналмауы әрі баспаға ұсыну жұмыстары жүйеге түспегендігінен;

3. Көпшілік ақындардың өз шығармаларын баспадан шығаруға мүмкіндіктері бола бермеген секілді;

4. Жазба ақындық дәстүрді қатар меңгерген деп санауға мүмкіндік берер Жылқыбай, Нұралылардың өз мұраларын көзі тірісінде баспа бетінен шығуына келісім бермегендігі

яки ықылас танытпағандығы [4.18]. Бұл пікірімізге дәлел: біздегі қолжазбада Нұралы ақынның көзін көрген адамдардан алынған (1916 жылы Ә. Диваев арнайы келіп, Нұралыға жолығып, дастандарыңызды бастырып берейін деген) «Егер көзім тіріде менің дастандарым жарыққа шықса, онда менің қадірім кетіп қалады» секілді таным-түсініктің де қатты ықпалы тиген секілді [2.3 бума.9]. Міне, осындай орта тудырған таным Жылқыбай ақын мұрасының бізге толық жетпеуіне де әсер еткен деп шамалап айтуға негіз береді. Бірақ ең негізгісі, фольклорист У. Далгат айтқандай: «...суырыпсалма ақындар поэзиясы, сөзсіз көркемдік қасиетіне сәйкес фольклор мен жазба әдебиетін жалғастырушы буын» екендігі де рас [5.8]. Осындай түсінік салдарынан ең өкініштісі, ақынның термелерінің, толғау, арнау, жоқтауларының көпшілігі жоғалған.

Тәжірибелік бөлім. Жылқыбай ақын мұрасын талдап-танытуда мынадай мәселелерге назар аударғанды жөн деп санаймыз. Ең алдымен, әдебиет тарихында зерттелуі кенжелеу қалып келе жатқан Оңтүстік аймақтық әдеби мектебі, қалыптасу, даму тарихы және оның өкілдері кім деген мәселеге тоқталып өту, бұрын белгісіз ақындар мұраларын «әдебиеттану ғылымының талаптарына сай қарастыра отырып, қайта айналып, қайырыла соғар мәселелер дейміз. Бұл ретте Жылқыбай ақын мұрасымен қатар Майкөт, Италмас, Сүйіндік, Кейкі, Кенжебай, Сарыұлы Дәулет, Оңғарбай шешен, Ұлбике секілді т.б. белгілі, белгісіз ақындар мұраларын соны талаптар деңгейінде пайымдау жөн болмақ. Өйткені, қазақ жерінің үш аймақтық жүйе негізінде отарлануы ел әдебиетінің қалыптасуына қатты әсері болған. Осы негізде біз жүйелеп жүрген Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдеби мектебінің өзіне тән үрдістері, дара бағыттары туғаны мәлім. Оңтүстік аймақтық мектебіне тән сондай бағыттың негізгісі – терме-жыршылық, қисса-дастаншылдықтың дара һәм биік көрінісін тудырған эпикалық дәстүр еді. Айтылған екі бағыттың да түпнегіз бастауларында Тәңірлік һәм Ислам қағидаттарына негізделген инсанияттың терең белгілері жатқаны анық. Майлықожа, Жылқыбай, Нұралы секілді ірі ақындардың өзіндік мектебі, ақындық дәстүрі қалыптасқандығы кейінгі қолжазбалар, зерттеулер аясында айқындала түсуде. Осындай іргелі мектеп қалыптастырған ақындардың бірі – Жылқыбай ақын. Оған әл-әзірге ақынның біздің қолымыздағы көлемді бірнеше толғауы, үш дастаны дәлел бола алады. Қандай әдеби мектеп болмасын оларға тән ортақ желі, ортақ тақырып болған. Күнгей ақындарына тән ортақ тақырыптарға: адамның туылғанынан қайту аралығындағы жас кезеңін суреттеу, ахлақ мәселелері, психотехникалық сезім, жақсы әйел мен жаман қатын, Иасауиа іліміндегі «бенденің кәмалаттығы» яки кемелділікке жету жолдары, зарығып жүріп ұл көру т.б. Міне осы қалыптасқан дәстүрлі бағыт-тәсілден Жылқыбай да озып кете алмаған.

Жүрегім отты шоққа қарылғандай,

Тынысым бітіп өкпем тарылғандай, – деп басталатын поэтикалық қуатты толғауларынан ақындықтың әдемі үлгісі аңғарылады [6.12]. Екінші бір толғауында өлке ақындарына тән дәстүрлі «өмір кезеңдерін» тізбектей жырлау, адам өмірінің эволюциялық өсу кезеңдеріне үңілу Жылқыбайға да тән. Басқа көптеген ақындарда (Мәделіқожа, Майкөт, Сүйінбай, Жамбыл, Сүйіндік, Нұралы т.б.) адам баласының дүниеге келгенінен бастап суреттелер реттік қатар бір жастан басталса, Жылқыбайдың бұл толғауы тоғыз жас кезеңінен басталады. Бәлкім, алдыңғы парақтары жоғалып кетуі де кәдік.

Онан соң тоғыз жасқа келді ынталы,

Сол шығар балалықтың толған шағы.

Тоғызда талаптанып атқа шауып,

Онан соң басқа қонды онның бағы, – деп басталып, әрі қарай сатылап өсіп, реттік тізбек құрайды [6.13]. Ақынның адам жасының өсу эволюциясын беруі де таза қарапайым, қазақи ұғыммен, табан астында шығарып салу стилімен, қарапайым дәстүрлі тілмен өрнектеледі. Мұның өзі ақын болмысын танытып қана қоймайды, біріншіден, ауызша жырлау стилі мен жазба ақындықтың ұштасқан түрін көрсетеді. Ақынның өлең жазу тәсілі суырыпсалмалық әдісі екендігін, кейіннен хатқа түсіріп отырғанын дәлелдейді.

...Онан соң оннан ауып, он бір келді,
Түсіндік осы жаста оң мен солды.
Әр істі ата-анамен ақылдасып,
Байқадық жаңылмастан жүрер жолды.
Онан соң тағы келді он екі жас,
Ата-ана, ағайынға болдық сырлас.
Баланың өкімі – ойын дегенменен,
Көрмесең арылмады құрбы-құрдас.
Қыздармен жасырынбақ, үйшік ойнап,
Қылушы ек оңашада көп ілтипат.
Іліндік сөйтіп жүріп он үшін,
Қосылдық балалықтың дәл күшіне.
Шомылып күнде суға, құмға аунап,
Түсіндік бұл жұмыстың мәнісіне.
Тақымға үйіп алып, құмды тесіп,

Үйрендік бұл жұмыстың әдісін де...[6.13] деп тізбектелген үлгі-қалыпқа қоса сопылықтың қайнарынан еркін сусындаған белгісін де көреміз. Бұл өлке ақындарының көпшілігінің шығармашылығына тән жырлау стилі екендігі байқалып тұрады. Мәселен, Жылқыбайдағы:

...Жиырма екі, жиырма үш, жиырма төрт жас,
Басыңа бақ қонар кез, *нұрға шомып*. Немесе,
...Жиырма бес барлық жастың алтыны еді,
Жайнатқан жігіттіктің *нұр кемелін*.
...«Құры» деп кемпір айтар түріңменен,

Табыстың жетпіс деген *піріңменен*, – секілді шайырлықтың шыңында шалқыған тіркестерінен-ақ көруге болады [6.14]. Ақынның келесі бір толғауында Оңтүстік әдеби мектебіне тән тағы бір ерекшелік: толғаудың он сегіз мың аламды (әлем) таныстыруынан яки кәміл пірлеріне сыйынудан басталатын болса, Жылқыбай толғауларында жоғарыда айтылған «таныстыру формасының» яки кіріспесінде бірінші жол таңдалса, дастандарында екінші жол-әдісті таңдағаны сезіледі. Ал «дүние – кәрі жолбарыс» секілді тұрақты тіркестерінің басқа толғау, дастандарында кездесуі қалыпты жәйт.

...Халыққа баян айлайын.
Он сегіз мың аламды.
Дүние – кәрі жолбарыс,
Шығарар бір күн параңды.
Дастан қылса таусылмас,
Әртүрлі өткен заманды.
Дүниенің не кезі,
Жау қылады далаңды.
Әмір, Иса пайғамбар,
Темір тамға қамалды.
...Әуелгі дүние дос болып,
Ақыры қылды залалды [6.15].

Дүниенің тұтқасы – ислам діні, оқ пен суды, пейіш пен тозақты қатар алып параллель әдісімен суреттеу, тіршілік тұтқасы бір Алла деген таным Жылқыбайға да тән.

...Әмбені Құдай сақтайды.
Оқыған молда шарифат,
Қоныстан іскен қағаз қап.

Кітаптың сөзі анық-ты,
Ұстамандар қалыпты.
Жанғыратқан біреу бар,
Жаратты суда балықты.
Сегіз бейіш жаратты,
Ортасынан ағызып,
Ауызы кәусәр арықты.
Жеті тоған жаратты,
Бір парасы су дейді,
Бір парасы оқ дейді,
Бір параның ішінде,
Жылан мен шаян көп дейді.
Соның бәрін сұраған,
Бір періште Мәлік-ті,
Ырзығыңа Алла қарыздар [6.16].

Ақынның келесі бір толғауы XIX ғасырдағы дәстүрлі тақырып: ақындық өнер, жақсылық пен жамандық, жақсы пен надан секілді дәстүрлі ахлақ тақырыбындағы мәселелерді қозғайды. Қалыпты теңеулер мен тыңдаушыға лайық сөз саптау әдісімен, көпшіліктің алдында орындалған толғау екендігі сезіліп тұрады.

Ақынның ендігі бір толғауы – өмір мен өлім шекарасындағы адам болмысының қасиетіне арналады.

...Жая десен жал берген,
Шекер қосып бал берген.
Бір күні өтсең бектерім,
Шешен бармас басыңа.
Ауылын алыс қалдырған,
Сүйсең мейірің қандырған.
Тұла бойы балдырған,
Бір күні өлсең бектерім,
Балаң бір бармас басыңа.
Құйрық-жалың, қанатың,
Күш-қуатың, ыждаһатың,
Алатаудай айбатың,
Бір күні өлсең бектерім,
Ата-анаң бармас басыңа.
Мыңды көріп, бірді алған,
Бір күні өлсең бектерім,
Қатының бармас басыңа.
Құрбы-құрдас, қатарың,
Жақының бармас басыңа.
Дүние деген осы ма?
Бір күні тастап кетеді,
Қара жердің астына [6.18].

Ақын мұрасының келесі қомақты, негізгі бөлігін – дастандары құрайды. Жылқыбайдың дастандары туралы қолжазба деректерде «Ақындыққа бет қойған алғашқы кезеңінде ақын өзіне жол көрсетер ұстаз іздей бастайды. Осы талаптың қабатында Нұралы ақындықты ерте бастаған, «молда» атанған Байшопанұлы Жылқыбай ақынға ұшырасады. Жылқыбай – ақындарға ұстаз болған, шәкірт баулыған, өзі жазып шығарған термелерін, дастандарын шәкірттеріне жаттатып жүретін дағдысы болған, әдебиет тарихында тиісті зерттеліп, бағасын ала алмай келе жатқан ақындарымыздың бірі. Жылқыбайдың мұндай

жақсы қасиеттерінен әсер алып үйренген Нұралы оның өз қолжазбаларынан «Орақ-Тағай», «Заман хан», «Арша хан», «Жәнібек-Мақпал», «Асқарбай-Сарыбек», «Ораз молда», «Салиқа қатын» сияқты дастандарын үйренген», – деген аса құнды мәлімет бар [2.6 бума.14]. Бұл мәліметтен Оңтүстік шайырларының ішіндегі аса үлкен әдеби мектебі қалыптасқан Нұралы ақынның тәлім алған алғашқы ұстаздарының бірі Жылқыбай ақын екендігі анықталады.

Қорытынды. Адам үшін ең ыстық - Отаны, ата-бабасының ғұмыр кешкен, өзінің туып, өскен елі, жері. Сондықтан да Жылқыбай ақын үшін қымбаты –Қазығұрты. Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдеби мектебінің белді өкілінің бірі – Жылқыбай ақынның дастан жырлау дәстүрі де басқа ақындарға ұқсас. Мәселен, ақынның «Орақ-Тағай» дастаны:

Бисмилла деп айтайын,
Кеуліме алып Алланы.
Кеткен шығар пенденің,
Бар болсақ таба алғаны.
Құданың көзі бейайып,
Мақұлық асы тамғаны.
Ерлерден дастан бастайын,
Жар болсын бізге әруағы.
Жылқыбайдың сөзі еді,
Кітапқа осы салғаны.
Есітпекке мәртебе,
Бұлардың ұрыс-жанжалы.
Баяғы өткен заманда,

Күн сайын болған таланда... – деп басталады [6.19]. Бұлайша әр туындының кіріспесінде өзін таныстыра кету тек Жылқыбайда ғана емес, Қазығұрт-Қаратау аймақтық мектебіне тән дәстүр-белгі екендігі де анықталып отыр. Әзірге әдеби айналымға түсе қоймаған «Орақ-Тағай», «Асқарбай-Сарыбек», «Зияда-Шахмұрат» секілді дастандарының сюжеттік желісі Шығыс мотивтерінен алынған. Ақынның дастан жанрындағы еңбегі ХІХ ғасырда қатты дамыған қиссашылдықтың айқын белгісі деп қарастыруымызға болады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Бердібай Р. Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы: Ғылым, 1981, 64б;
- 2 «Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығының қолжазбалар қоры, №1 п. 2, 4, 7 3 бума.9, 14бб;
- 3 Ақын-жыраулар. Алматы: «Ғылым», 1979, 13 б;
- 4 Өмірзақов С. ХІХ ғасыр әдебиеті (нұсқалық) Шымкент: «Нұрлы бейне», 2007, 18 б;
- 5 Далгат У. Б. Литература и фольклор. Москва: 1981, с. 8.
- 6 Жылқыбай Байшопанұлы. Шығармалары. «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығы, Алматы: «Нұрлы әлем», 2013, 95 том, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 19 бб;

Аннотация: Эта статья была написана с целью для ознакомления с литературным наследием и жизнью Жылқыбая Байшопановича, который родился в Байдибекском районе Туркестанской области, где прошла его жизнь и творческая деятельность, не получив должной оценки в истории литературы. Последнее наследие поэта вышло в одномтомном сборнике «Многотомник, посвященный историческому, духовному наследию Южно-Казахстанской области». Труды поэта, которые до сих пор не узнаваемые, являются результатом многолетних поисков, проводимых научно-исследовательским центром «Қазығұрт». Мы нашли это целесообразным дать краткие сведения о биографии, произведениях поэта. Жылқыбай является одним из поэтов, который был учителем, воспитывался учеником, имел навыки запоминания сочиненных им терминов, поэм, не получил должного изучения и оценки в истории литературы.

Он является одним из первых учителей поэта Нуралы, у которого была самая большая литературная школа среди южных поэтов. Отличительной чертой поэта является то, что в произведениях Жылкыбая была выбрана первая строка в изложенном выше введении «ознакомительной формы», а во второй использовался метод - способ.

Ключевые слова: Байдибек, Жылкыбай, биография поэта, творчество поэта, последующие достижения, исследования, поэзия, педагогическая деятельность

Abstract: This article was written to be acquainted with the literary heritage and life of Zhylykybay Baishopanovich, who was born in the Baidibek district of the Turkestan region, where his life and creative activity took place, without receiving a proper assessment in the history of literature. The last legacy of the poet was published in the one-volume collection "Multi-volume book dedicated to the historical and spiritual heritage of the South Kazakhstan region". The works of the poet, which are still not recognizable, are the result of many years of research conducted by the Kazygurt Research Center. We found it expedient to give brief information about the biography and works of the poet. Zhylykybay is one of the poets who was a teacher, was a student, had the skills to memorize the terms and poems he composed, and did not receive proper study and evaluation in the history of literature. He is one of the first teachers of the poet Nurala, who had the largest literary school among southern poets. A distinctive feature of the poet is that in the works of Zhylykybay, the first line in the introduction of the "introductory form" described above was chosen, and in the second was used the methods that was called method-usage.

Keywords: Baidibek, Zhylykybay, poet's biography, poet's work, subsequent achievements, research, poetry, pedagogical activity

ӘОЖ 16.01.11

¹Қалшабеков А.Б., ²Ізтай А.А., ³Агаева Ф.

¹ филология ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

² магистрант, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

³ филология ғ.д., профессор, Баку Мемлекеттік университеті, Баку, Әзербайжан

ТЕМПОРАЛДЫЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭПИКАЛЫҚ ЖЫРЛАРДА БЕРІЛУІ

Аннотация. Функционалды грамматика - бұл тілдік жүйенің грамматикалық бірліктерінің қызметтерін және айтылымның басқа элементтерімен, мәтінмен өзара әрекеттесу кезінде осы бірліктердің жұмыс істеу заңдылығын зерттейтін грамматиканың бір түрі. Ол бірнеше семантикалық категориялардан тұрады. Функционалды грамматиканың темпоралдылық категориясы уақыттың өту сипатын білдіріп, орын алып жатқан оқиға барысындағы темпоралдылықты көрсетеді. Бұл мақалада темпоралдылық категориясы және оның қатынастары жайында сөз болады. Оның актуалданған, бейактуалды, абсолютті, қатыстық, контактілі және дистантты түрлеріне тоқталады. Темпоралдылық қатынастардың мағынасы ашылып, оларға батырлық, эпикалық жыр-дастандардан мысалдар келтіріліп, сол арқылы қатынастар түсіндіріледі. Эпостық шығармалар уақыттық қатынастарды және олардың мысалдар арқылы қалай жеткізілетіндігін ұсынады. Темпоралдылық қатынастарының негізгі ортасы эпикалық жырлар екендігі дәлелденеді. Бұл мақала темпоралдылықты практикалық түрде талдауға үлесін тигізеді.

Кілт сөздер: темпоралдылық, уақыт, вектор, қатынас, актуалды, бейактуалды, абсолютті, қатыстық, дистанттық қатынастар.

Кіріспе. Соңғы жылдары қазақ тіл білімінде зерттеудің басты нысанасының бірі функционалды грамматика екендігі мәлім. Функционалды грамматика бірнеше семантикалық категориялардан тұрады. Аспектуалды, таксистік, модальділік, шақтық локалдылық т.б. категориялармен тығыз байланыста жатқан – темпоралдылық категориясы. «Темпоралдылық» ұғымында «уақыт» түсінігі бар. Уақыт – ғаламда болып жатқан оқиғалардың ұзақтығы мен тізбектілігін сипаттап түсіндіретін ұғым. Ол – адамзат

танымының кейінгі даму сатысында қалыптасқан концептілердің бірі. Уақыттық қатынастар тіл білімінде темпоралдылық категориясымен анықталады. Бұл категория логика-семантикалық категориямен сәйкес келетін морфо-синтаксистік қатынас ретінде ерекшеленеді. Ғылыми тұжырымдарға жүгінсек, темпоралдылық мәтінді қатысымдық-мағыналық бірлік ретінде анықтайтын объективті-субъективтік синтаксистік категорияға жатады. Бұл жағдайда сөйлеуші заттар әлемі мен олардың уақыт кеңістігіндегі орнын сипаттай отырып, әлемнің темпоралдылық бейнесін санасында қалыптастырады және өзінің белгілі бір уақыт кезеңіндегі көзқарасын білдіреді [1, 19].

Теориялық талдау. Темпоралдылық – функционалды-семантикалық әрі векторлық категория. Вектор дегеніміз – бағытталған кесінді. Ол сандық және бағыттық мағынаны білдіріп, бір сызық бойында қозғалады. Мұнда сөйлеу сәтіне байланысты АБ бұдан бұрын болған іс-әрекет, ал егер іс БВ кесіндісінің бойында жүзеге асқан болса, онда бұл осы уақытта болып жатқан қимылдарды сипаттайды. ВГ кесіндісі сөйлеп тұрған сәтпен есептегенде алдағы уақытта, болашақта орын алатын әрекеттерді көрсетеді. Мұндағы негізгі орталық – сөйлеу сәті [2, 110].

Сөйлеу сәті – шақтық меженің ортасы, шақтық қатынастардың бастапқы нүктесі. Бұл нүкте шақ түрлерінің анықтағышы, соған байланысты оның шақтық дейктикалық орталығы болып есептеледі.

Шақтық дейктикалық орталық етістіктің шақ тұрпаттарының жүйесінен көрінеді. Шақ категориясы түрлерге бөлінуде өзіне белгілі бір нүктені меже етіп алады және соған негізделген жүйе құрайды. Категория құрамындағы компоненттер осы межеге бағынып, соған байланысты топқа бөлінеді.

Шақ категориясының формалары және олардың білдіретін мағыналары белгілі дәрежеде дейктикалық орталыққа қатысты. Мысалы, «Қыз Жібек» жырынан:

Батырдың жүзін көрмекке,
Қалжындасып күлмекке,
Тәуір көрсе, біреуі соған тимекке,
Тамам қыздар бас қосып,

Соңынан қуып таласты [3, 40],- деген жолдарындағы *-мек* (мәтін ішінде септік жалғауы жалғанып, заттанып тұр), *-ып*, *-ты* формаларын көре аламыз. Олар шақтық дейксиске, яғни сөйлеу сәтіне қатысты алда болатын әрекетті, болып өткен әрекетті білдіреді.

Сонымен, тіліміздегі шақ мағынасын білдіретін категориялар мен лексикалық бірліктер нақты сөйлеу актісіне түспей жеке семантикалық ерекшеліктері арқылы шақтық мағыналарды білдіре алады. Бұл тілдік құралдар статикалық күйде тұрып басқа құралдармен байланысып, тілдік жүйеден сөйлеу жүйесіне өтіп динамикалық күйге ауысады. Осы тұрғыда шақтық дейктикалық орталық екі түрлі сипатта: тілдік жүйеде шақтық мағына білдіруге бейімделген және тілден тыс сөйлеушінің сөйлеу сәті болады. Сонымен, шақтық дейксистің тілдік емес және жүйелі тілдік орталықтары бар.

Темпоралдылық категориясының негізгі семантикалық шегі және өлшем бірлігі сөйлеу сәтімен анықталады. А.В.Бондарко темпоралдылық қатынастарды шақтық дейксистің қатынасына қарай бірнеше түрге бөліп қарады. Олар: 1) актуалды/бейактуалды шақтық қатынас; 2) абсолютті/қатыстық шақтық қатынас; 3) контактілік/дистанттық қатынас [4, 48].

Темпоралдылық қатынастың мұндай түрлері эпикалық жырларда да көрініс тапқан.

Актуалды/бейактуалды шақтық қатынас сөйлеу жағдаятының сөйлеу сәтіндегі қатынасына қарай актуалданған және актуалданбаған шақтық қатынас болып бөлінеді. Мысалы, «Едіге» жырындағы: «...Мен Сәтемір ханның қызы едім, мені зорлықпен алып келе жатыр» немесе «...Не қып жатырсыңдар? Алыбың бәрімізді қырамын деп жатыр!», «...Алыпты өлтіріп, қызыңды Едіге аман-есен алып келе жатыр деп айтыңдар!» [5, 30] немесе «Көрпеш һәм Баян сұлу» жырындағы:

Айдалаға тазшекең құрар шатыр,
Қызыңменен жатыпты тазша батыр.

Баян қыздың үйіне кіріп барсам,

Екі аяғы төрт аяқ болып жатыр, [6, 39]. - деген актуалды шақтық қатынасты сөйленімдер бұл ойлардың жарыққа шыққан уақыттары үшін актуалды. Бірінші мысалда Едіге батырдың Сәтемір ханның қызын құтқарардағы диалогі және құтқарып елге қайтып жатқандағы өзінің достарына айтқан сөзі, екінші мысалда Қодардың Қарабай байға қызының жанында тазшаның жүргенін айтып жеткізіп жатқаны айтылған. Бұл сөйленімдер айтылған уақыты үшін актуалды. Бұндай сөйленімдер оқырман немесе тыңдаушының назарын аудартып, бұдан кейін қандай жағдай болады деген ой салып, келесі оқиғаны күту әрекеттеріне итермелейді, түрткі болады.

Актуалданған жағдаятқа құрылған сөйленімдерде оның мазмұны сөйлеу жағдаятымен тығыз байланысты. Сөйлеу жағдаяты сөйлеуге коммуниканттардың қатысу-қатыспауымен сипатталады. Сөйленімге сөйлеуші мен тыңдаушы жағдаяттық ақпаратты тікелей беруге қатысса, онда бұл актуалданған қатынас деп аталады. Мұндай сөйленімдердегі адамдардың қатысуы сол шақ үшін актуалды болады. Бұл қатынас, әсіресе, диалогке тән болып келеді.

Бейактуалды (актуалданбаған) шақтық қатынасқа құрылған сөйленімдер айтылып тұрған уақытта актуалды болмайды және сөйленім мазмұны сөйлеу жағдаятына қатыссыз болады. Мысалы:

Сенің атаң қара кісі еді,
Мал бергеннің құлы еді.
Енең қара кісі еді,

Ас бергеннің күні еді [5, 28]. Мұнда *e* көмекші етістігіне *-ді* өткен шақ формасының қосылуы арқылы бұған дейін болып кеткен істі білдіріп тұр. Демек, актуалданбаған сөйленім сөйлеп тұрған, яғни негізгі оқиға өрбіп жатқан сәтке сәйкес келмейді. Мұнда автор үшін де, тыңдаушы үшін де шығармадағы қимыл-әрекеттің өту мерзімі сол сәтке қатыссыз. Олардың арасында тек қана қимылдардың бірінен соң бірі болып жатқанын білдіретін шақтық байланыс бар. Осындай баяндау тәсілдері көркем шығармадағы әрбір оқиғаға, әрекеттерге қатысты өрбіп, әрі қарай дамып отырады. Мысалы: *«Орақ өледі. Ақ жауып, арулап көмеді. Артынан бір бөлек күн өткен соң баяғы өлтірген Алишы, Исмайыл, Тобаяқ, Қарабатыр, Тілеке келіп, жылап-сықтап отырып бата оқиды. Сонда Орақтың сексен беске келген Қараүлек деген шешесінің Орақты жоқтап айтқаны»*. *«Дауды бітірді, жауды қырды. Тоқтамыс хан тыныш болып, жайына тұрды. Жұртын билеп, жұрт билігін алды. Сөйтіп тұрды»* [7, 14].

Тәжірибелік бөлім. Актуалданбаған қатынас көркем шығармалар мен ауыз әдебиеті үлгілерінде ғана емес, ғылыми оқу құралдарында да осы шақтың формасы арқылы жасалған етістіктерде, яғни белгілі бір ғылыми терминдерге анықтама беру мен олардың заңдылықтарын түсіндіруде қолданылады. Актуалданбаған жағдаяттағы сөйлеу типіндегі шақтық дейксистік өхіндік ерекшеліктері жайлы Ю.С.Маслов былай деп жазады: *«Бұл формалар шындық өмірдегі осы шақпен, яғни сөйлеу сәтімен сәйкес келмейді. Шартты түрдегі эпикалық уақытты білдіреді»*[8, 24-25]

Абсолютті және қатыстық шақ. Егер сөйлеу сәті орталық қызметін атқарып тұрса, онда ол абсолютті шақ болады. Мысалы: *«Сол бала Едіге сегіз жасқа келген соң оқудан шықты. Мал табамын деп, біреудің қойын бақты. Төрт кісі келеді, орталарында бір аяғысы ақсақ малды жетелеп. Төртеуі сонда бүй деп айтады»*. *«Осылай сөйлесіп тұрған уақытта қалмақтың көп қолы келіп қалған екен. Бөріханның жығылғанын көрген соң, көп қалмақ бұларға жабыла қоя береді»* [7, 38]. Мұнда темпоралдықтың дейктикалық ортасы бар және онымен салыстырғанда жоғарыдағы іс-әрекеттер бұған дейін жедел түрде іске асқан оқиғалар.

Қатыстық шақта белгілі бір әрекет сөйлеп тұрған сәттен, дейктикалық орталықпен

салыстырғанда, екінші бір уақытқа жүктеліп тұрады. Мысалы «Қыз Жібек» жырында:

Төлегенді көрсет деп,
Екі жүздей елшіден
Өлеңменен сұрады.
....Жалғыз ағам Төлеген
Қай уақытта келер деп,
Қашан көзім көрер деп,
Бала алты жасында
Төлегеннің келетұғын жолында
Алдынан шығып тұр екен [3, 55].

Жоғарыдағы алғашқы жыр жолында осы шақ *көрсет* етістігі жедел өткен шаққа жүктеліп тұр. Екінші мысалда Сансызбайдың ағасы Төлегенді күтуіне келер шақ телінген. Көбінесе, көркем шығарма, эпикалық жырлар абсолютті шақтық қатынаста көрініс табады. Ал шақтың қатыстығы көп кездесе бермейді.

Эпикалық жырлардағы темпоралдылық сөйлеу сәті мен қимылдың өту мерзімінің арасындағы жақын (контакттілі) және алшақ (дистантты) қатынастар арқылы да жүзеге асады. Сөйлеу сәтіне жақын арада болған оқиғалардың онымен, яғни сөйлеу уақытымен байланысын үзбей, қатар жүріп отырады. Эпикалық жыр мәтіндеріндегі өткен оқиғалар мен қазіргі, жырды оқып отырған немесе айтып отырған сәттің ешқандай байланысы болмайды. Жырларда орын алған сәттер қазіргі күнмен байланысқа түспейді. Олар тым ерте заманда орын алғандықтан фольклордың қоржынында қала береді.

Ал алшақ немесе дистантты қатынас оқиғаның өткен уақыты мен қазіргі уақыт арасында ешқандай байланыс орнатпайды. Бұл қатынаста екі уақыт арасы алшақтаған сайын бұрынғы уақиға мен бүгіннің арасындағы тығыз байланыс әлсірей түседі. Автор мен тыңдаушы не оқырман үшін қазіргі уақытта ол оқиғалардың маңызы шамалы, айқындығы аз, пассив құрылымда болады. Шақ категориясының формалары шақтық мағынаны ғана, яғни оқиғаның қай уақытта өрбігенін ғана көрсетеді.

Жалпы, фольклор жанрларында, оның ішінде, әсіресе, аңыз-әңгімелер мен ертегі, жыр-дастандарда алшақтық қатынастар пысықтауыштық нақтылағыштар арқылы беріледі. Оның басты себебі аталған жанрларда өрбіп жатқан оқиғалардың біздің заманымыздан бірнеше ғасыр бұрын орын алуы және олардың қазіргі заманнан алшақ қатынаста болуымен түсіндіріледі. Мысалы, «Қарасай, Қазі» жырында: «Өткен заманда Мұса деген бай болыпты. Мұса биден отыз ұл қалады. Отыз ұлдың ішінде Мамай би болып, ел билейді, Орақ батыр болып, ел қорғайды» [9, 10].

«Көрпеш һәм Баян сұлу» жырында:
Қыл көпірден адамды айдар еміс,
Қылмысшылды тамұққа айдар еміс.
Тыңдай тұрған жігіттер, ерлер болса,
Ерте заман бір екі бай бар еміс [6, 12].

«Едіге» жырында: «Ерте заманда Баба Омар деген әулие бар екен. Он бесте әулиелік қылып кеткен екен. Сол уақытта бір қызға көзі тиген екен. Көзі тиген сол қыз буаз болған екен. Буаз болған соң, ұғыл тапты. Ол ұғылының атын Баба Түкті Шашты Әзіз қойды» [5, 9].

«Қыз Жібек» жырында:
Бұрынғы өткен заманда,
Қалың қазақ ішінде
Базарбай деген бай бар еді,
Төрт түлік малға сай еді [3, 37].

Қорытынды. Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, жырлардағы алшақтық қатынас етістіктің шақ категориясы арқылы берілген. Мұндай сөздер жыр дастандар басталар тұста айтылып, кейінгі оқиғаларда түрлі грамматикалық көрсеткіштер арқылы

нақтылана түседі. Мәтін басындағы сөздерден кейін *болыпты, қалады, билейді, бар еміс, бар екен, болған екен, бар еді, сай еді* тәрізді етістіктер лексикалық нақтылаушысыз да оқиғаның сөйлеу уақытынан әлдеқайда бұрын болып кеткенін көрсетіп тұр.

Қорыта келгенде, эпикалық жырларда темпоралдылық қатынас түрлерінің барлығын кездестіруге болады. Олардың ішінде актуалданған, абсолюттік, дистанттық қатынастар жиі ұшырасады. Актуалданған қатынас жырдың оқиғаларын сөйлеп тұрған сәтке байланыстырып, жібермей ұстап тұрады. Абсолюттік қатынас бойынша мәтіндегі оқиғалар сөйлеу сәтіне белгілі бір дәрежеде қатысты болған кезде көрініс табады. Ал дистанттық қатынас жырлардың өне бойымен астасып жатады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Гулыга Е.В., Шендельс Е.И. Грамматико-лексическое поле в современном немецком языке. Москва, 1969, 184 с.

2 Қосымова Г.С., Есенова Қ.Ө., Жаңабекова А.Ә., Әмірбекова А. Функционалды грамматика: оқу құралы. Қарағанды: АҚНҰР, 2016, 280 б.

3 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: Фолиант, 2009. т. 53: Ғашықтық жырлар. 456 бет.

4 Бондарко А.В. Функциональная грамматика. Ленинград: Наука, 1984, 135 с.

5 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: Фолиант, 2006. т. 39: Батырлар жыры. 448 бет.

6 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: Фолиант, 2006. т. 54: Ғашықтық жырлар. 456 бет.

7 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: Фолиант, 2006. т. 41: Батырлар жыры. 385 бет.

8 Казем-Бек А. Общая грамматика турецко-татарского языка. Казань, 1824. 64 б.

9 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: Фолиант, 2006. т.35: Батырлар жыры. 2008. 392 бет.

Аннотация. Функциональная грамматика - разновидность грамматики, изучающая функции грамматических единиц системы языковой и закономерности функционирования этих единиц во взаимодействии с другими элементами высказывания и целостного текста.

Он состоит из нескольких семантических категорий. Категория темпоральности функциональной грамматики отражает характер течения времени и отражает темпоральность события. В этой статье обсуждается категория темпоральности и ее взаимосвязь. Он ориентирован на актуальные, нерелевантные, абсолютные, относительные, контактные и удаленные типы. Раскрывается значение временных отношений, им даются примеры героических, эпических стихов и тем самым объясняются отношения. Эпические произведения представляют временные отношения и то, как они передаются с помощью примеров. Доказано, что основным средством временных отношений являются эпические песни. Эта статья способствует практическому анализу темпоральности.

Ключевые слова: темпоральность, время, вектор, отношения, актуальные, неактуальные, абсолютные, относительные, дистантные отношения

Abstract. Functional grammar is a kind of grammar that studies the functions of grammatical units of the language system and the regularity of the functioning of these units in interaction with other elements of speech, text. It consists of several semantic categories. The category of temporality of functional grammar reflects the nature of the passage of time and reflects the temporality of an event. This article discusses the category of temporality and its relationship. It focuses on actual, irrelevant, absolute, relative, contact, and remote types. The meaning of temporary relationships is revealed, examples of heroic, epic poems are given to them, and thus relationships are explained. Epics represent temporal relationships and how they are conveyed through examples. Epic songs have been proven to be the main vehicle of temporary relationships. This article contributes to a practical analysis of temporality.

Keywords: temporality, time, vector, relation, actual, nonactual, absolute, relative, remote relations

**КОГНИТИВТІ АСПЕКТИДЕГІ ТІЛДІ ҮЙРЕНУ-МӘДЕНИАРАЛЫҚ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ НЕГІЗІ
ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКА В КОГНИТИВНОМ АСПЕКТЕ –
ОСНОВА МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ
LANGUAGE LEARNING IN COGNITIVE ASPECT –
BASIS OF INTERCULTURAL COMMUNICATION**

ӘОЖ 373.1.2:372.8

¹Донбаева А.Б., ¹Рысбаева М.К., ²Мухаммад Раджаб

¹филология ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²PHD доктор, Аль-Азхар университеті, Каир, ЕАР

**КОНТРАСТИВТЕРДІҢ МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ
ҚОЛДАНЫСЫ (ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ АРАБ ТІЛДЕРІ
КОНТРАСТИВТЕРІНІҢ ТІЛАРАЛЫҚ БАЛАМАЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Түйін: Еліміз Тәуелсіздік алғалы мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыруда игі қадамдар жасалды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы да рухани құндылықтарымызды түгендеуге, ғылыми тұрғыдан зерттеуге байланысты ауқымды жұмыстармен жалғасын тауып отыр. Бұл орайда қазақ тілі де рухани жаңғырудың өзегі ретінде қарастырылып, оның аясындағы құндылықтарға ерекше назар аударылуда. Егеменді еліміздің мәдениаралық қарым-қатынаста дамуы сөйлеу тілін (мәтіндерін) тілдік тұрғыдан қолданбалы лингвистика бағытында зерттеуді қажет ететіндігінен туындайды. Ең бастысы – контрастивтердің мәдениаралық қарым-қатынастағы қолданысы, тілдегі көріністері мәселесі бойынша, соның ішінде, қазақ, орыс, ағылшын және араб тілдері салғастырмалы тіл білімінде арнайы зерттеулер жүргізіліп келеді. Бірқатар лексикалық, грамматикалық бірліктер мен стилистикалық тәсілдерді, экстралингвистикалық факторларды ұтымды қолдану арқылы іске асады. Мақалада көркемдік-бейнелеуіш тілдік құралдар үш деңгейде қарастырылады: фонетикалық, лексикалық және синтаксистік.

Кілттік сөздер: рухани жаңғыру, контрастивтер, мәдениаралық қарым-қатынас, қазақ, орыс, ағылшын, араб тілдері

Кіріспе. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы да рухани құндылықтарымызды түгендеуге, ғылыми тұрғыдан зерттеуге байланысты ауқымды жұмыстармен жалғасын тауып отыр. Бұл орайда қазақ тілі де рухани жаңғырудың өзегі ретінде қарастырылып, оның аясындағы құндылықтарға ерекше назар аударылуда. Елбасы «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деген өз мақаласында [1], «Рухани жаңғыру» дегеніміз – кез-келген адамның жан-жақты дамуы. Санамызды өзгерту, табиғи ресурстарымызды дұрыстап пайдалану, бабадан қалған жеріміздің құндылықтарын алдымен өзімізге тану, білу, тұлға ретінде өсуіміз бен дамуымызды тоқтатпау деген ұғыммен пара-пар. Бұл тұрғыда «үш тілді меңгеру» бағытын ұстанып, мәдениаралық қатысым, сондай-ақ, ең алдымен нақты сөйлеу тәртібіндегі, шынайы тұлғааралық қарым-қатынастағы ұлттық-мәдени, әлеуметтік көріністі бейнелеуді мақсат етіп қояды. Мәдениаралық қарым-қатынастың табысты жүзеге асуы серіктес қолданған тілдік бейне бейвербалды амалдарды ғана емес, сөйлеу тәртібін, қатысымдық модельдерді, сөйлеу формулаларын дұрыс түсінуге көбірек байланысты. Тіл білімі дамуының қазіргі кезеңінде лингвистикалық проблемалардың өзегінде түрлі ұлттық мәдениет өкілдерінің қатысымдық үдерістерін зерттеу мәселесі тұр. Бұл қатысым, әрине, тілде айқын көрініс табады. Тіл адамзаттың ұжымдық тәжірибесінің қоймасы болып табылады. Бұл тәжірибе сөз мағыналарында және адамдардың қандай да бір мәдениетке

жататындығын анықтайтын тұрақты мінез-құлық нормалары арқылы танылады. Ал сол ұжымдық даналықты ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде адамдар үшін аса маңызды идеяларды қысқа, нұсқа жеткізетін тілдік бірліктер үлкен рөл атқарады.

Оппозициялық семантикаға құрылған қарама-қайшылықты барлық жағынан жеткізе алатын тіліндегі қарама-қарсы бірліктерді номинациялау дәстүрін жалғастыра алатын контрастивтер термині гипероним термин (араб тілінде- әл-аддад) ретінде ұсынылды. Тілдік парадигмадағы құрылымдық ұйымдасуы және таңбалық тұрғыдан берілуінде өзіндік ерекшеліктерге ие антонимдер мен энантионимдердің феномендік белгілерін анықтау нәтижесінде араб тіліндегі антонимдерді әт-тәкабул әд-дәләли, ал энантионимдерді әл-аддад деп атау қажеттілігі дәлелденді. Қазақ, ағылшын және араб тілдерінің контрастивтерін топтастыру барысында салғастырылатын тілдердің антонимдері оппозиция әдісі арқылы талданып, олар градуалды, привативті және эквиолентті түрлерге жіктелді. Ағылшын және араб варианттары мен диалектілерінің аймақтық тұрғыдан кең таралуына және экстралингвистикалық факторлардың әсеріне байланысты қазақ тіліне қарағанда, энантионимдердің көлемі әлдеқайда артық. Үш тілде де эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер номинативті энантионимдерге қарағанда өнімділік сипатымен айрықшаланады.

Қазақ, ағылшын және араб тілдеріндегі узуалды антонимдер градуалды, привативті және эквиолентті антонимдерге ажыратылып топтастырылды. Бұл жүйелеудің негізі универсалды болғандықтан, қазақ, ағылшын және араб тілдеріне ортақ. «Градуалды антонимдер белгілі бір қасиеттің, сапаның ең соңғы шегіне дейінгі дәрежесін білдіреді. Олардың арасында аралық мағыналарды білдіретін бір немесе бірнеше компонент болуы мүмкін. Бұл аралық мүше қасиет-сапаның өлшемдік шкаласының дәл ортасында орналасып, сапа белгісінің қарама-қарсы полюстерінің аралығындағы қалыпты жағдайды білдіреді» - (мұздай - суық - салқын - жылы - ыстық). Мысалы, Үйдің жылы-суығын қыс түскенде білесің,

Ағайынның алыс-жақынын іс түскенде білерсің.

Best late than never- Ештен кеш жақсы

Ма фиш жадид билә қадим (Ескісі жоқтың жаңасы болмас).

Теориялық талдау. Талданған материалдар нәтижесі қазақ, ағылшын және араб тілдерінде градуалды антонимдердің өнімділігін көрсетті. Бұл түрге жататын антонимдердің тілдегі сандық көрсеткіштерінің арасалмағы бірдей (795 - қазақ тілінде, 790 – ағылшын, 785 -араб тілінде) және олар салғастырылатын тілдердегі антонимдердің негізгі бөлігін құрайды. Мысалы, үлкен-кіші, ыстық-суық, алыс-жақын, жақсы-жаман, азаю-көбею, арзан-қымбат, бай-кедей т.б., go-stop, good-bad, pelf-evil, тауил-қасир (ұзын-қысқа),сақилун-суубун (жеңілдеу-ауырлау) және т.б.

Привативті антонимдер градуалды антонимдердің компоненттері сияқты бірін-бірі жоққа шығаратын нышандарға ие, бірақ олардың арасында аралық элемент болуы мүмкін емес. Привативті антонимдердің элементтері білдіретін сипаттың екі ұғымның көлемі бірдей болып немесе біріге келіп, осы тектік ұғымның бүкіл көлемін қамтиды; бұл қатарға әр түбірлі (бойдақ-үйленген, әйел-еркек, өз-өзге, өлі-тірі, women-men, wife-husband, сакит-қаил (үндемейтін-сөйлейтін), сахих-қата (дұрыс-қате) және түбірлес (абыройлы-абыройсыз, мәлім-беймәлім, сабырлы-сабырсыз, pleasant- unpleasant, sanitary- unsanitary, well-unwell, timely-untimely, сахих- ғайр сахих (дұрыс-дұрыс емес), мааруф-ғайр маруф (белгілі-белгісіз) лексемалар енеді.

Антонимдерді топтастыруда қарама-қарсы мағыналы аффикстері бар сөздерді привативті антонимдердің қатарына қосуға бола ма деген сұрақ туындауы мүмкін. Алайда, тілдік жүйе мұндай көзқарасқа сыймауы ықтимал. Мәселен, білімді-білімсіз, әлді-әлсіз жұптарында теріс мағынадағы аффикстің болуы оларды привативті антонимдер түріне жатқызуға мүмкіндік бермейді, себебі, осы сөздермен белгіленіп отырған ұғымдардың арасында аралық мүше бар: білімді - білімі шамалы - білімсіз, әлді - әлі аз - әлсіз; small-

smaller-very small, big-biger-very big, ақилун- қаллилу ақли-қамқа.

Аталған жұптар арасында мүше болуы мүмкін емес антонимдерден сапалық сипат та ерекшеленеді: жүйелі-жүйесіз, қауіпті-қауіпсіз, мәдәниун-бидун pleasant-unpleasant, sanitary- unsanitary, well-unwell, timely-untimely, мәдәниун (әдепті-әдепсіз), маруф-ғейру маруф (таныс-бейтаныс).

Зерттеу жұмысында қазақ, ағылшын және араб тілдеріндегі привативті антонимдер ауқымды тілдік деректер арқылы талданды. Олар жиілігі жағынан градуалдылардан кейінгі орында тұрады (310 - қазақ тілінде, ағылшын тілінде- 300, 345 - араб тілінде), араб тіліндегі привативтер негізінен осы тілдің құрылымдық-типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болып келеді. Қазақ тілінің префиксалды привативтері арасында араб тілінен енген сөздер басым белігін құрайды. Расмиун-ғайру расмиун (ресми-бейресми) т.б.

Эквиполентті антонимдердің арасында қолданыстық машық арқылы қалыптасқан ассоциативті карама-қарсылық орын алады. Мұндай карама-қарсы қоюшылық тілді қолданушының санасында кос компонент сияқты орын алады. Мысалы, Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Эквиполентті антонимдер құрамына іс-әрекеттің, белгілі бір күйдің карама-қарсылығын білдіретін лексемалар: түсу-міну, көтерілу-құлау, сату-сатып алу, to go- to stop, to take- to put, to sit down- to get up, катаба-масаха (жазу-өшіру), саада-асафа (куану-ренжу), нама-истайхаза (ұйықтау-ояну), лексикалық конверсивтер: жеңу-жеңілу, үйрену-үйрету, дараса-дарраса (оқу-оқыту), қайдун-макуудун (басқарушы-басқарылушы), жыныстық, туыстық нышандары: ұл-қыз, ата-ана, mother-father, son-daughter, әббун-уммун (әке-шеше), ибнун-бинтун (ер бала-қыз бала), тәулік уақыты: таңертең-кешке, day-nigt, иаумун-лэйлун-(күндіз-түн), әлеуметтік қатынастары: патша-азамат, king-slave, раббун-абдун(қожайын-құл) т.б. бойынша компоненттері карама-қарсы қойылған, бір-бірінен мағыналық жағынан өзара байламды жұптар енеді. Эквиполентті антонимдер жиілік тұрғысынан алғанда ең өнімсіз қатарды құрайды (45 - қазақ тілінде, ағылшын тілінде-55, 70 -араб тілінде).

Тілдік құрылымда антоним болмайтын сөздер мәтінде карама-қарсы қойылып, стилистикалық антонимдер деп танылады. Қазақ тіл білімінде контекстуалды антонимдердің маңызы туралы мәселе А.Қ. Жұмабекованың еңбегінде жүйеленген. Араб тіл білімінде контекстуалды антонимдер С.Ж. Әбу Хадыр және Ф.А. әл-Қаръан сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Контекстуалды антонимдер әр алуан тілдік және тілден тыс себептерге байланысты контексте бір-біріне карама-қарсы қойылады. Мұндай антонимдер сөйлеу барысында контекстуалды мағынаға ие бола отырып, бір рет қана қолданылады. Олардың өзара карама-қарсылығын жасайтын құрылымдардың және формальды құралдары міндетті түрде болуы қажет. Осыған байланысты олар контекстен тыс екінші рет қолданылмайды: Мысалы, Үй иесі мейірлі отырса, қонақ көңілді отырады. Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол. Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар.

Тәжірибелік бөлім. Қазақ, ағылшын және араб тілдеріндегі энантионимдер таралуына қарай жалпы тілдік және диалектілік, ал функционалдық ерекшеліктеріне қарай номинативтік және эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер деп бөліп топтастырылады.

Қазақ әдеби тілінде энантионимдердің көлемі басым болғанымен, диалектілік энантионимдердің де өзіндік орны бар екенін айта кету керек, біз жинақтаған диалектілік энантионимдердің сандық көрсеткіші 60-қа жуық.

Мәселен, әжептәуір сөзі диалектілерге тәп-тәуір, жап-жақсы, кәдімгідей және нашар, келіссіз, жағымсыз деген энантиосемиялық мағыналарда жұмсалады. Өзі ауданда істейді екен. Әжептәуір қызметкер дейді. Демалыс алып, осындағы нағашысының үйіне қонаққа келіпті (Т. Ахтанов, «Дала сыры»). Оның әйелі әжептәуір кісі екен, жекіп тастады (КТАС,

97).

Сондай-ақ, қазақ тіліндегі диалектілік энантионимдерден «қыз бала» және «ер бала, жігіт» мағыналарында жұмсалатын балдыз сөзі, «ұнамсыз, жағымсыз» және «жақсы, тамаша» деген мағыналарды аңғартатын ерсі сөзі, «әйел» және «ер адамдар, бір топ адамдар» деген мағынада жұмсалатын жамаат сөзі (ҚТАС, 131), бас және адам денесінің бастан басқа бөлігі деген мағыналардағы келде сөзі (ҚТАС, 311), сондай-ақ, көке, тәте т.б. сөздерді атауға болады.

Ағылшын тіліндегі энантионимдердің болуының негізгі себептерінің бірі – ағылшын тілінің варианттылығының көптігімен түсіндіріледі. Ағылшын тіліндегі энантионимдердің сандық көрсеткіші 70-ге жуық сөзді құрайды. Мысалы, double bed сөзінің екі адамдық төсек, ерлі зайыптылар жатын орны және екі бөлек төсек, ажырасқан, екіге бөлінген төсек деген энантиосемиялық мағыналары варианттар арқылы қалыптасқан. Айталық, Американдық вариантта double bed ажырасқан, екіге бөлінген екі төсек деген мағына білдірсе, Англия вариантында адамдық төсек, ерлі зайыптылар жатын орны деген мағына береді.

Араб тіліндегі энантионимдердің көлемі басым болуының негізгі себептерінің бірі - араб диалектілерінің көптігімен түсіндіріледі. Араб тіліндегі диалектілік энантионимдердің сандық көрсеткіші 200-ге жуық сөзді құрайды, олар жұмыста деректік материалдар негізінде кеңінен талданды. Мысалы, сәмид- сөзінің көңіл көтеруші, ойын-сауық құрушы, ойнаушы және қайғылы деген энантиосемиялық мағыналары диалектілер арқылы қалыптасқан. Айталық, Йемен диалектісінде сәмид- көңіл көтеруші, ойын-сауық жасаушы деген мағына білдірсе, Тунис диалектісінде қайғылы деген мағына береді. Мұндай энантионимдер қатарын (түннің) келуі және кетуі деген энантиосемиялық мағынадағы ас'аса, өгей қыз және өгей шеше секілді қарама-қарсы мағыналы рабибатун, шөлдеген және тойған мағыналарды аңғартатын эн-наыш, қараңғы және жарық деген мағыналы эс-судфа-сияқты т.б. сөздер мен толықтыруға болады.

Энантионимдерді жіктеудегі маңызды критерийлерінің бірі - олардың мағыналық ерекшелігін есепке алу болып табылады. Бұл критерийге сәйкес номинативтік және эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер болып бөлінеді.

Номинативтік энантионимдер контрарлы, комплементарлы қарама-қарсылықты, сонымен қатар іс-әрекеттің, белгінің және қасиеттің қарама-қарсылық бағытын білдіреді. Мағынаның контрарлы қарама-қарсылықты білдіретін лексикалық бірлігі өнімдірек топ болып табылады. Номинативтік энантионимдер сөз мағынасының дамуы нәтижесінде пайда болады да, ол көбінесе етістіктерге тән болады.

Номинативтік энантионимдердің семантикалық компоненттерін: 1) пайда болу-жоғалу; 2) қосылу-бөліну; 3) тазалау, сырлау, әрлеу-бүлдіру, былғау; 4) әкелу-әкету; 5) айыру-қосу; 6) бір орында болу-ол орыннан алысқа ұзап кету.

Қазақ, ағылшын және араб тілдеріндегі номинативтік антионимдерден мыналарды атап өтуге болады:

Айталық, бояу етістігі «заттың түсін келтіру, жаңа өң беру» және «бүркемелеу, көлегейлеу, жасыру» деген мағыналарды береді. Күйдірген кірпіштің бірін қызылға, бірін жасылға, бірін сарыға бояп салдырған екі қатарлы үй тұр (С. Шәріпов). Расы жоқ сөзінің, Ырысы жоқ өзінің, Өнкей жалған мақтанмен, Шынның бетін бояйды (Абай).

Езгі сөзі де «бодандық, құлдық» және «бостандық, еркіндік» деген энантиосемиялық мағыналарға ие. Бір қуанарлық жай: езгі тіршілік ескі жұртынан алда-жұлда қол үзіп, жаңа тұрмысқа біржола қоныс аударып жатқандар аз емес (Ө. Қанахин). Уа, достым, арманымның қиял құсы, Жаныма жақынырақ келіп қоншы. Көп көрген, көп жасаған шежіре едің, Ежелден еркін ойдың езгі досы! (Қ. Аманжолов).

Ағылшын тілінде сөздерінің қарама-қарсы мағынасы төмендегі мысалдан анық байқалады: sanitary –таза, залалсыз, unsanitary-лас, залалды, safe сөзі «қауіпсіз, қатерсіз» деген мағыналарда қолданылса, екіншісінде unsafe «қауіпті, қатерлі» деген мағыналарды

береді.

Сондай-ақ, well-unwell сөзі «сау, ойдағыдай, аман» және «дені сау емес, қиын жағдайда» деген энантиосемиялық мағыналарда жұмсалады.

Ал араб тілінде әл-жәләл сөзінің қарама-қарсы мағынасы төмендегі деректерден анық байқалады. {Өлімнен басқа барлық зат жеңіл-аударма}, {Егер кешірімділік жасасам, тек үлкен нәрсені кешірем-аударма}. Бұл мысалдардың алғашқысында әл-жәләл- сөзі «жеңіл, оңай, кішкентай» деген мағыналарда қолданылса, екіншісінде «үлкен, қиын, ауыр» деген мағыналарды береді. Сондай-ақ, ратба- сөзі «қалау» және «қаламау» деген энантиосемиялық мағыналарда жұмсалады.

Мұндағы рағиба- сөзі «қалайсындар» және «қаламайсындар» деген екі мағынада түсіндіріледі. Осы тәрізді энантионимдерге «апару» және «әкелу, келтіру» деген мағыналардағы сарафа- етістігі, «келу» және «кету» деген мағыналарды білдіретін талаға- сөзі, күдіктену және күдіксіз, анық сену деген қарама-қарсы мағыналарда қатар кездесетін занна- етістігі т.б. жатады. Қолданыста эмоционалды-бағалауыштық энантионимдердің бағалауыштық не эмоционалдық компоненттері өзара қарама-қарсы қойылады. Сөздерді қалыптан не стандарттан тыс қолданудың нәтижесінде мағынаның эмоционалдық-бағалауыштық рендерінің мәні артады.

Қазақ тіліндегі әдемі сөзінің келесі деректерде эмоционалды-бағалау нәтижесінде қарама-қарсы мағыналарда қолданылғаны байқалады: Көрші бөлмеге келген әдемі қыз туралы әңгіме таусылар емес (ЕК). Айбаланың әдемі мінезі Аскарды шошытты (СМ.).

Сондай-ақ, философ сөзі де «данышпан, білгір, ақылгөй, данагөй, ойшыл» және «ақылсыз, білімсіз» деген энантиосемиялық мағыналарда қолданылады. Өз заманында философ болған Шәкәрімді қазір де солай атау ләзім! (А.С.). Ол да соңғы кезде ойына келгенді сөйлеп, философ болып жүр (А.М.). Бұл мысалдардың алғашқысында философ сөзі «данышпан, білгір, ойшыл» деген мағыналарында қолданылса, екіншісінде сынау мәнінде «білімсіз, дүмше» деген мағыналарда жұмсалған.

Ақылды сөзінің энантионимдер қатарына жатқызылуы да эмоционалдық баға беру жолымен түсіндіріледі. Сағат сана-сезімі, ой-өрісі кең, ақылды жігіттердің санатына жататын (А.Х.). Әй, аңылдым, өректіме демеп пе ем, көк шуылдақ! Қыскарт енді! (М.Ә.) Бұл сөйлемдерде ақылды сөзі «ақылды» және «ақымақ» деген қарама-қарсы мағыналарда келтірілген.

Қазақ тіліндегі жаман деген сөздің энантиосемиялық мағынасы бар. Жаман болса жолдасың астыңнан өткен сызбен тең (Ақтамберді) Мұнда жаман сөзі тура мағынасында қолданылса, келесі деректе энантиосемиялық мағынасын көре аламыз:

Менде де бар бір жаман, не қылайын қазақтың жүйрігі мен жорғасын («Айман-Шолпан» жырынан).

Эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер ағылшын тілінде де өте көп кездеседі. read «оқылған» және unread «оқылмаған» дегенді білдіреді.

Wise сөзінің негізгі мағынасы «ақылды, данагөй, білгір» дегенді білдіреді. Ал мәтін ішінде езге мағынаға ие болуы мүмкін unwise немесе wise «ақымақ, топас, надан». Бұл мысалдағы «wise» сөзі энантиосемиялық мағынада қолданылған. Себебі, тек жақсы, жағымды кейіптегі адамға байланысты анайы түрде, ал надан немесе қараңғы көзқарастағы адамға тұрпайы тұлғасында қолданылады.

said сөзі «айтылған, делінген сөз, мәтін т.б.» және энантиосемиялық мағынада unsaid «айтылмаған, қозғалмаған сөз» деп қолданылады.

Эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер араб тілінде де өте көп кездеседі. Сарийм- сөзі «түн» және «күндіз» дегенді білдіреді. Бәшшәра-сөзінің негізгі мағынасы «сүйіншілеу, қуанышты хабарды жеткізу» дегенді білдіреді. Ал мәтін ішінде езге мағынаға ие болуы мүмкін: («...соларды күйзелтуші азаппен сүйіншіле» (ҚКА, 3/21). Бұл аяттағы «сүйіншіле» сөзі энантиосемиялық мағынада қолданылған. Себебі, тек жақсы, жағымды хабарға байланысты сүйінші сұрауға болады, ал жамандық немесе суық хабарға байланысты

сүйіншіленбейді.

Мәсуба- сөзі «жақсылық, сауап» және энантиосемиялық мағынада «жаза» деп қолданылады. «(Оларға) айт: "Сендерге Алланың қасында жаза тұрғысынан бұдан да жаманын хабарлайын ба? "...» (ҚКА, 5/60). Осы аятта «сауап» мағынасындағы бұл сөзі энантиосемиялық мағынада «жаза» ретінде қолданылып тұр.

Қазақ тіліндегі батыр сөзі өзара қарама-қарсы «батыр» және «қорқақ» мағынада жұмсалады. Бір батырға мың қорқақ шақ келмейді (Мақал). Келтірілген деректе батыр сөзі «батыр» деген тура мағынасында қолданылса, келесі өлең жолдарынан аталған сөздің энантиосемиялық мағынада жұмсалғаны анық байқалады : Мұндай ма едің ана күн,

Мұның қалай, батыр-ау?! (Абай).

Шебер сөзі кейде мысқылдау арқылы өзіне қарама-қарсы «олақ» деген мағынада қолданылып, энантиосемиялық мағына құрайды. Толыбай ағашқа да, темірге де елден асқан шебер (Ә. Әбішев). Шеменсіген жамандар, Шеберсініп бүлдірер (Ж. Базарбеков). Бұл мысалдардың біріншісінде шебер сөзі «өз ісін жақсы меңгерген, қолынан неше түрлі іс келетін» деген мағынада жұмсалған. Ал екінші сөйлемде «шебер емес, олақ» деген мағынада қолданылған.

Құнсыз сөзінің де «қымбат» және «арзан» деген энантиосемиялық мағыналарда жұмсалуды төмендегі деректерден байқалады. Ананың сәбиі үшін түн ұйқысын төрт бөлген қызметі әр мұсылман баласына құнсыз еңбек екені айдан анық (Ж. Базарбеков). Әке-шешесі үшін құрбандыққа атап, Дәмеш сияқты қыздар құнсыз бәске сатылып жатыр. Әй, аштық-ай, әй, аштық, қылдың-ау! (М.Ә.). Аталған деректердің біріншісінде құнсыз сөзі «баға жетпес» деген мағынада жұмсалған. Ал екіншісінде «арзан» деген мағынада қолданылған.

Сондай-ақ, жұмыста «ақ» және «қара» мағынада жұмсалатын аппақ сөзі, «ақылды» және «ақымақ» мағыналарда жұмсалатын ақылды сөздерімен қатар сайтан, керемет, әдемі секілді т.б. атау энантионимдер жан-жақты талданды.

Ағылшын тілінде атау энантионимдер көлемі жағынан басқаларына қарағанда көп болып келеді. Бұған біз жинаған деректер дәлел бола алады. (300 сөз). Мен сөзінің ағылшын тілінде «ер кісілер, көпшілік, жамағат» және тап «жеке адам» деген энантиосемиялық мағыналары бар. Аталған сөздің ағылшын тіліндегі негізгі мағынасы «ер адам» дегенді білдіреді. Сөздің қарама-қарсы мағынасы, үлгі етуге жарайтын, топты басқара алатын адамды осылай деп атаған.

To hold етістігінің септеуліктер арқылы энантиосемиялық мағынада қолданылуын төмендегі мысалдардан аңғаруға болады: hold down-қол астында ұстау, hold forth—басыну, hold good-күшінде болу, hold off- кейінге қалдыру, hold on – мықтап ұстау, hold out – берілмеу, hold over – кейінге қалдыру, hold up- тотату, ұстау.

Dig boy бұл атаудың «үлкен адам» және «кішкентай бала» деген мағыналары бар. Есейген, бірақ ақылы таяз адамдарды жасаған қылығы үшін атаған, яғни, бұл сөз ағылшын тілінде жасырын мағына береді. Араб тілінде де атау энантионимдер көлемі жағынан басқаларына қарағанда көп болып келеді. (250 сөз). Әл-уммән- сөзінің араб тілінде «үммет, көпшілік, жамағат» және «жеке адам» деген энантиосемиялық мағыналары бар. Аталған сөздің араб тіліндегі негізгі мағынасы «адамдардың бір тобы» дегенді білдіреді. Қазақ тіліне аударғанда «үммет» деген мағына береді. Сөздің қарама-қарсы мағынасы, үлгі етуге жарайтын, топты басқара алатын адамды әл-уммән- деп атаған. Бұл екі мағына да Құран Кәрімде кездеседі «Адам баласы бір-ақ үммет еді» (ҚКА, 2/213). Бұл аятта әл-уммән- сөзі бірінші мағынасында қолданылса, келесі аятта «Шынында Ыбырайым нағыз Аллаға бой ұсынушы, хаққа бейім бір басшы еді. Аллаға серік қосушылардан емес еді» (ҚКА, 167120).

Бітанан- бұл атаудың энантиосемиялық мағынада қолданылуын әл-Фарра өз еңбегінде келтіреді: «Араб тілінде бітанан- мен зінаран- жасырын мен көрінген, анық бір-бірінің орнына келеді» [5,105].

Жинн- бұл атаудың «жын» және «періште» деген мағыналары бар. Ибн әл-Анбари өз еңбегінде жинн- жын деп адамдардың көзіне көрінбей

жасырынатын үшін аталған, яғни, жын сөзі араб тілінде жасырынды деген мағына береді дейді. Бұл атау Құран Кәрімде бірнеше рет келген, солардан мысалға мына аяттарды келтіруге болады:

«Олар Алла мен періштелер арасында ұрпақтық байланыс ұйғарды, Расында періштелер; олардың Алланың алдында келтірілетінін біледі. (Немесе Алла мен жын арасында жегжаттық ұйғарды)» (ҚКА, 37/158). Осы аятта келген жинн- сөзіне назар аударсақ, аудармасының өзінен-ақ бұл сөздің энантиосемиялық мағынасының бар екені көрінеді.

Сондай-ақ, араб тіліндегі атау энантионимдерден толы және бос деген мағыналарды аңғартатын әл-мәжур-сөзіне, сау және науқас деген мағыналарды білдіретін әс-сәлийм-сөзіне және т.б. энантионимдер жан-жақты талданды, осы бөлімінде казак және араб тілдеріндегі етістік энантионимдер де талданды.

Тарады сөзі қазақ тілінде түрлі сөздердің семантикасымен байланысып, энантиосемиялық мағынада жұмсалады. Алмас келін түсірді деген хабар ауылға тез тарады. Бұл сөйлемде тарады сөзі «етек алды, жайылды» деген мағынаны берсе, ендігі сөйлемде энантиосемиялық мағынада «жойылды, жоғалды, басылды, сейілді, айықты» деген мағыналарда қолданылған. Жаңбыр тоқтап, күн шыққаннан кейін бұлттар тез тарады.

Сондай-ақ, баю етістігі де «көбею, дүние-мүлкі молаю, дәулеті арту» және «азаю, біту, түгесілу, таусылу» деген қарама-қарсы мағыналарда қатар жұмсалады (ҚӘТС, 2-608). Кәріп пенен Әбжекең, қойлары өсіп байыпты. Қотандары қомақты, Қойын бөлек бағыпты (С. Сейфуллин). Бұл сөйлемде аталған етістік бірінші мағынасында қолданылған. Аталған етістіктің энантиосемиялық мағынада жұмсалуды келесі мысалдан көрінеді. Қымыз байып қалған еді (ҚӘТС, 2-608).

Өгейлеу етістігі «өгейсу, жатырқау» және «сағыну» деген мағыналарды береді. Балам Ордадан келіп еді, шешесін өгейлеп қалыпты (ҚТАС, 544). Мұнда аталған етістік бірінші мағынасында пайдаланылса, мына бір сөйлемде «сағынды» деген мағынада қолданылып энантиосемиялық мағынаға жегілген: Айырылысқан елдің сағынышы оңайға салқындасын ба? Ана баланы, аға ініні, қыз төркінін, жігіт қайнын өгейледі (ҚТАС, 544). Сонымен қатар, «жату» және «тұру» мағыналарын аңғартатын жату етістігі (ҚТАС, 246), «алып келу, алып беру» және «жіберу, жолдау» мағыналарда жұмсалатын келтіру етістігі (ҚТАС, 313), «тапсыру, беру» және «шығару, алу» мағыналардағы құю (ҚТАС, 446) етістіктері сияқты т.б. етістік энантионимдер бар.

Ағылшын тілінде to get етістігінің to get away «табанын жалтырату» және to get along «көңілін табу, орнығу», to get it «көтеру, түсіну», to get hold of «қармау, жібермей ұстау», to get into «ену, кию», to get off «түсу, құтылу, шешу», to get on «отыру, міну, жалғастыру», to get out «түсу, шығару, алып кету» т.б. деген энантиосемиялық мағыналары бар. Ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде оның «алу» және «жету» сондай-ақ, «әкелу» деген мағыналары да көрсетілген. Аталған етістіктің сөздіктегі мағыналарына қарасақ, энантиосемиялық мағынасы айқын көрінеді. Мәселен, «қол жеткізу, жету» деген мағынасы мен «құтылу, табанын жалтырату», сонымен қатар «қармау-жіберу» деген мағыналар арасында өзара қарама-қарсылық байқалады.

To shop етістігі қарама-қарсы «сату» және «сатып алу» мағыналарын білдіреді.

To come етістігі «бару» және «қайту» ұғымдарын қамтиды. Мұндағы етістік «жүру» деген мағынада жұмсалған. Ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде аталған етістіктің біреуді «келді, оралды, қайтты, барды, жүрді» деп көрсетілген. Мұнда, «бару» мен «қайту» бір-біріне қарама-қарсы мағына деп түсіндіріледі.

Араб тілінде әлә- етістігінің - «тырысу, еңбектену, талпыну» және «істемеу, хақысын бермеу», яғни, «толық атқармау» деген энантиосемиялық мағыналары бар. Араб тілінің «әл-Уасит» түсіндірме сөздігінде «тырысу» және «немқұрайлы болу, салғырттық таныту» сондай-ақ, «дұрыс істемеу, ақырын істеу» деген мағыналарында көрсетілген. Аталған етістіктің сөздіктегі мағыналарына қарасақ, энантиосемиялық мағынасы айқын көрінеді:

«тырысу, жақсы орындауға атсалысу» деген мағынасы мен «немқұрайлы болу, салғырттық таныту», сонымен қатар «дұрыс істемеу, шала істеу» деген мағыналар арасында өзара қарама-қарсылық байқалады. Бәәъа- етістігі қарама-қарсы «сату» және «сатып алу» мағыналарын білдіреді.

Әсәбе- етістігі «сауап беру» және «жаза беру» ұғымдарын қамтиды. «Сонда Алла оларға бұл сөздері себепті астарынан өзендер ағатын, онда мүлде қалатын бақшаларды бағыштады» (ҚҚА, 5/85). Бұл аяттағы әсәбе- сөзі «сауап берді» мағынасында қолданылып тұр. Басқа бір аятта «Алла... қайғы үстіне қайғыға ұшыратты» (ҚҚА, 3/153). Мұнда сөзі «қайғы берді» деген мағынада жұмсалған. Араб тілінің «әл-Уасит» түсіндірме сөздігінде аталған етістіктің біреуді «марапаттады, сыйлады, жазалады» деп көрсетілген. Мұнда, «марапаттау» мен «жазалау» бір-біріне қарама-қарсы мағына деп түсіндіріледі.

Нәтижелер мен талқылау. Қазақ, ағылшын және араб тілдеріндегі лексика-грамматикалық мағына негізінде пайда болатын қосымшалы энантионимдер бар. Мұнда қазақ тілінде септік жалғаулары әсерінен пайда болатын қарама-қарсылық арқылы жасалады. Мысалы, -қа, -ке, -га, -ге және -дан, -ден, -тан, -тен септік жалғаулары арқылы кейбір етістіктерде қарама-қарсы мағына үстеледі. Айталық, -ке және -тан септік жалғаулары арқылы алу етістігінің энантиосемиялық мағынасы білдіріледі. Ол жаңа жұмысшыларды қызметке алды. «Қазақстан» ұлттық телеарнасының басшысын жұмыстан алды (БАҚ). Бұл мысалдарда алды етістігі екі сөйлемде тұрпаттары бірдей болса да қарама-қарсы мағынада жұмсалып тұр. Аталмыш сипаттағы энантионимдерді талдағанда Б. Сағындықұлы, А.Е. Жүсіпов секілді ғалымдардың ұстанымдарын қолдаймыз. Мұндай қосымшалы энантионимдерді басқа тілдерден де байқаймыз. Мәселен, қырғыз тілінде алу «кызматқа алу -взять на работу» және «кызматтан алу - уволить с работы» деген мағынада қолданылса, татар тілінде де «эштан алу - уволить, освободить (с работы, со службы)» және «эшке алу - взять, принять (на работу, на службу)».

Алыну етістігі де қосымша арқылы энантиосемиялық мағынаға ие. Жылдық көрсеткіштердің барлығы да есепке алынды (Қ.Ә.). Жастары жиырма екіге толмағандары есептен алынды («Арка ажары»). Бұл сөйлемдердегі алынды етістігі «тіркелді, қосылды, санатқа алынды» және «тізімнен алынып тасталды, санаттан шықты» деген қарама-қарсы мағыналарды береді.

Ағылшын тілінде де, кейбір қосымшалардың, септеуліктердің энантиосемиялық мағыналары қалыптасқан. Алайда, олардың барлығын энантионимдер қатарына жатқызу да қиын. Мұндай қосымшаларға төмендегідей ғылыми талдау жасалды: to get етістігінің to get away «табанын жалтырату» және to get along «көңілін табу, орнығу», to get it «көтеру, түсіну», to get hold of «қармау, жібермей ұстау», to get into «ену, кию», to get off «түсу, құтылу, шешу», to get on «отыру, міну, жалғастыру», to get out «түсу, шығару, алып кету» т.б. деген энантиосемиялық мағыналары бар. Ағылшын тілінің түсіндірме сөздігінде оның «алу» және «жету» сондай-ақ, «әкелу» деген мағыналары да көрсетілген. Аталған етістіктің сөздіктегі мағыналарына қарасақ, энантиосемиялық мағынасы айқын көрінеді. Мәселен, «қол жеткізу, жету» деген мағынасы мен «құтылу, табанын жалтырату», сонымен қатар «қармау-жіберу» деген мағыналар арасында өзара қарама-қарсылық септеуліктердің қызметі арқылы орындалып тұрғаны байқалады.

Қорытындылар. Сонымен қатар ағылшын тіліндегі қарсылықты қарама-қарсы мағына беретін –un, - less, -in жұрнақтары арқылы энантиосемиялық мағыналы энантионимдер жасалады: pleasant- unpleasant, sanitary- unsanitary, well-unwell, timely-untimely, Араб тілінде кейбір қосымшалардың энантиосемиялық мағыналарын энантионимдер қатарына жатқызу да қиын.

(-из) және (-изэ) қосымшалары «өткен» және «келер» шақ етістіктерінде қолданылып, энантиосемиялық мағынаны жеткізеді. (-мз) жұрнағы негізінен өткен шақта, ал (-изэ) жұрнағы келер шақта

қолданылатыны белгілі. Құран Кәрімнен төмендегі аяттын мысалға келтіріп керейік, Халифа Алтай бұл аятты төмендегіше аударған: «Ол залымдарды, Раббыларының құзырында тұрғызылып, бір-бірлеріне сөз қайтарып тұрғанда бір көрсең...» (ҚКА, 34/31).

Шынында да, осы аяттың аудармасында (-из) қосымшасы өткен шақ мағынасын бермейді, өйткені әлі ешкім Раббысының құзырында тұрғызылған емес, мұның барлығы келер шақта, яғни қиямет күнінде болатын нәрсе.

(ин-) қосымшасы араб тілінде бірнеше мағынаға ие; грамматикалық еңбектерде егер деген көбіне шартты мағынаны білдіреді. Аталған қосымшаның энантиосемиялық мағынасы «болымдылық» пен «болымсыздықты» білдіреді деп түсіндіріледі. Мысалы, Абдулла тұрды және тұрмады деген мағыналарда жұмсала алады.

{лә-) жалғауының бірінші мағынасы «болымсыздық» ұғымын білдіреді. Екінші мағынасы «растау, құптау, қуаттау, дәлелдеу» дегенді нұсқайды. Аталған жалғаудың энантиосемиялық мағынасына дәлел ретінде төмендегі аяттағы (лә-) жалғауының мағынасы жоғарыда көрсетілген екінші мағынаны аңғартып тұр. Осы аяттың қазақша Құран Кәрімнің аудармаларындағы мағыналарына қарасақ: «із жоқ еткен кент халқының бізге қайтпауы мүмкін емес» (ҚКА, 21/95), яғни, міндетті түрде олар қайтады. Аяттағы (лә-) жалғауының бірінші және екінші мағынасында бір-біріне мүлдем қарама-қарсы энантиосемиялық мағынасы көрінеді. Егер аудармашы бұл құбылысқа мән бермесе, аятты мүлдем теріс аударуы да мүмкін.

Осы орайда оппозициялық семантикаға құрылған қарама-қайшылықты барлық жағынан жеткізе алатын және ағылшын тіліндегі қарама-қарсы бірліктерді номинациялау дәстүрін жалғастыра алатын контрастивтер термині гипероним термин ретінде ұсынылды.

Араб тіл білімінде де аталған тілдік бірліктер терминологияда ортақ эл-аддад терминімен беріліп келді.

Тілдік парадигмадағы құрылымдық ұйымдасуы және таңбалық тұрғыдан берілуінде өзіндік ерекшеліктерге ие антонимдер мен энантионимдердің феномендік белгілерін анықтау нәтижесінде араб тіліндегі антонимдерді эт-тәкабул эд-дәләли, ал энантионимдерді эл-аддад деп атау қажеттілігі дәлелденді.

Қазақ, ағылшын және араб тілдерінің контрастивтерін топтастыру барысында салғастырылатын тілдердің антонимдері Н.С. Трубецкойдың оппозиция әдісі арқылы талданып, олар градуалды, привативті және эквиполентті түрлерге жіктелді.

Ағылшын және араб варианттары мен диалектілерінің аймақтық тұрғыдан кең таралуына және экстралингвистикалық факторлардың әсеріне байланысты қазақ тіліне қарағанда, энантионимдердің көлемі әлдеқайда артық. Үш тілде де эмоционалды-бағалауыштық энантионимдер номинативті энантионимдерге қарағанда өнімділік сипатымен айрықшаланады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Астана, 12 сәуір, 2017 ж. <https://www.akorda.kz/ru>

2 Мусин Ж. Қазақ тіліндегі антоним сөздер. - филол. ғыл. канд. дис. Көкшетау, 1970.- 253 б.

3 Жумабекова А.Қ. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы, 2000. 184 б.

4 Жүсіпов А.Е. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары. - филол. ғыл. канд. дис. автореф. Астана, 2004. 29 б.

5 Философский словарь под ред. И.Т. Фролова. М., 1991. 560 с.

6 Миллер Е.Н. Природа лексической и фразеологической антонимии // Саратов, 1990.223 с.

7 Жумабекова А.К. Оппозитивный анализ антонимических единиц казахского и русского языка: дисс. ... док. филол. наук. Алматы, 1995. 161с.

- 8 Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. Алматы:Мектеп, 1984. 176 б.
- 9 Иванова В.А. Антонимия в системе языка. Кишинев: Штиница, 1982. С. 212.
- 10 Аханов К. Қазақ тіліндегі антонимдер // Пионер, 1955. №11. 20 б.
- 11 Абдығалиева Т. Қазіргі қазақ тіліндегі болымдылық-болымсыздықтың мағынасы мен қызметі. Алматы: Білім, 1996. 160
- 12 АТТС - (Араб тілінің «әл-Уасит» түсіндірме сөздігі).
- 13 АТҚС - (Араб тілінің қысқаша сөздігі). РАС - Русско-арабский словарь.
- 14 ОАР-РАС- Оксфордский англо-русский, русско- английский словарь
- 15 Донбаева А.Б. Даналықтың түбі бір //Ғылыми монография. Алматы, 2003ж.230б.

Аннотация: С обретением нашей страной независимости были предприняты меры по повышению статуса государственного языка. Программа «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» продолжает свою работу, связанной с научным изучением духовных ценностей. В этом контексте казахский язык также рассматривается как ядро духовной модернизации, особое внимание уделяется языковым ценностям. Развитие межкультурной коммуникации суверенной страны обусловлено тем, что язык (тексты) речи нуждается в изучении прикладной лингвистики. Проводятся специальные исследования по проблеме использования контрастивов в межкультурной коммуникации, в том числе в сопоставительном языкознании казахского, русского, английского и арабского языков. Реализуется использование ряда лексических, грамматических единиц и стилистических приемов, экстралингвистических факторов. В статье также рассматриваются художественно-изобразительные языковые средства на трех уровнях: фонетическом, лексическом и синтаксическом.

Ключевые слова: рухани жаңғыру, контрасты, межкультурное общение, казахский, русский, английский, арабский языки

Abstract: With the independence of our country, measures were taken to improve the status of the state language. The program "Bolashakka bagdar: Rukhani zhangyru" continues its work related to the scientific study of spiritual values. In this context, the Kazakh language is also considered as the core of spiritual modernization, with special attention paid to linguistic values. The development of cross-cultural communication in a sovereign country is due to the fact that the language (texts) of speech needs to be studied in applied linguistics. Special research is being conducted on the use of contrastives in intercultural communication, including comparative linguistics of Kazakh, Russian, English and Arabic. The use of a number of lexical, grammatical units and stylistic techniques, as well as extralinguistic factors, is implemented. The article also examines the artistic and visual language means at three levels: phonetic, lexical and syntactic.

Key words: rukhani zhangyru, contrasts, intercultural communication, Kazakh, Russian, English, Arabic

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТ
ТВОРЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ
CREATIVE DIRECTION**

тақырыптық рубрикалар/тематические рубрики/ subject headings

**ТЕАТР ЖӘНЕ ЭСТРАДАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ТЕАТР И ЭСТРАДНОЕ ТВОРЧЕСТВО
THEATER AND VARIETY CREATIVITY**

ӘОЖ.37,372,578.

¹Садовская В.С., ²Байгунова Д.М., ²Мусакулова Д.А.

¹педагогика ғ.д., профессор. ММУМИ, Мәскеу, Ресей

²магистр аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²магистр аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**МӘДЕНИ - ТЫНЫҒУ МЕКЕМЕЛЕРІН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ**

Түйін: Бұл мақалада МТМ-н әдістемелік қамту ең алдымен ҚР мәдениет министрлігінде іске асырылатындығы қарастырылған. Әдістемелік қамтудың мемлекеттік жүйесі- бұл халық шығармашылығы мен мәдениеттің мемлекеттік ғылыми - әдістемелік орталығы ҚР мәдениет министрлігінің қарамағындағы басты ұйымдастыру - әдістемелік қамту мекемесі болып табылады. Республикалық мәдениет және халық шығармашылығы орталығы (РМ және ХШО) көркемөнер шығармашылығы және мәдени - тынығу жұмысы саласындағы ғылыми-әдістемелік қызметті реттейді, бағдарламалайды және үйлестіреді, Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығын (ОМ және ХШО) әдістемелік қамтуды жүйелі және мақсатты түрде жүзеге асырады.

РМ және ХШО сәйкес ғылыми – зерттеу институттарымен, жоғары оқу орындарымен, орта арнаулы оқу орындары және зертханалармен жан - жақты жоспарлы ғылыми байланыстарды орнатады; ғалымдарды өздерінің проблемалық топтарына қосады; ғылыми ақпаратты талдайды және жүйелендіреді; алынған мәліметтерге сүйене отырып мәдени - тынығу қызметінің өзекті мәселелерін, оның негізгі тенденцияларын зерттейді; нақты тәжірибелік жұмысты жүзеге асырады; мәдени - тынығу жұмысы мен халық шығармашылығын әдістемелік басқарудың республикалық буынына, оның ғылыми - әдістемелік бөлімдеріне арналған нұсқаулықтарды дайындайды және насихаттайды.

Кілттік сөздер: Шығармашылық, мәдениет, әдістеме, мекеме, қоғам, маман, қызмет, жұмыс.

Кіріспе. Халық шығармашылығы мен мәдениетті әдістемелік қамту мәдени - тынығу мекемелері (МТМ) мамандарының ұйымдастыру - әдістемелік жұмыстарын реттеуші, бағыттаушы, үйлестіруші мемлекеттік, ведомстволық және қоғамдық орталықтарды, органдарды, қызметтерді қамтитын тұтас жүйеде жүзеге асырылады.

МТМ-н әдістемелік қамту ең алдымен ҚР мәдениет министрлігінде іске асырылады. Әдістемелік қамтудың мемлекеттік жүйесі- бұл халық шығармашылығы мен мәдениеттің мемлекеттік ғылыми - әдістемелік орталығы ҚР мәдениет министрлігінің қарамағындағы басты ұйымдастыру - әдістемелік қамту мекемесі болып табылады. Республикалық мәдениет және халық шығармашылығы орталығы (РМ және ХШО) көркемөнер шығармашылығы және мәдени - тынығу жұмысы саласындағы ғылыми - әдістемелік қызметті реттейді, бағдарламалайды және үйлестіреді, Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығын (ОМ және ХШО) әдістемелік қамтуды жүйелі және мақсатты түрде жүзеге асырады.

PM және ХШО сәйкес ғылыми – зерттеу институттарымен, жоғары оқу орындарымен, орта арнаулы оқу орындары және зертханалармен жан - жақты жоспарлы ғылыми байланыстарды орнатады; ғалымдарды өздерінің проблемалық топтарына қосады; ғылыми ақпаратты талдайды және жүйелендіреді; алынған мәліметтерге сүйене отырып мәдени - тынығу қызметінің өзекті мәселелерін, оның негізгі тенденцияларын зерттейді; нақты тәжірибелік жұмысты жүзеге асырады; мәдени - тынығу жұмысы мен халық шығармашылығын әдістемелік басқарудың республикалық буынына, оның ғылыми -әдістемелік бөлімдеріне арналған нұсқаулықтарды дайындайды және насихаттайды.

Теориялық талдау. PM және ХШО облыстық орталықтардың ғылыми -әдістемелік жұмысын үйлестіреді, олармен бірлесе отырып ортақ тақырыпты ойластырады, осы тақырып бойынша облысаралық проблемалық топтар қалыптастырады, оларды басқарады, орталықтардың күші мен қаражатын пайдалана отырып, бар мүмкіндікті неғұрлым күрделі мәселелерді шешуге бағыттайды.

PM және ХШО республикалық буындағы мамандардың оқуын, тәжірибе алмасуды ұйымдастырады; осы мақсатта түрлі іс - шараларды (семинарлар, мәжілістер, сынақтан өту және т.б.) өткізеді, облыстық орталықтар дайындаған материалдарға пікір білдіреді, осы орталықтарға үнемі әдістемелік және практикалық көмектер көрсетіп отырады. Облыстық буын арқылы PM және ХШО өздері дайындаған нұсқауларды тәжірибеге ендіреді, оларды нақты аймақтар жағдайында сынақтан өткізеді.

Республикалық мәдениет және халық шығармашылығы орталығы (PM және ХШО) облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығымен (OM және ХШО) бірлесе отырып ғылыми - әдістемелік жұмыстың жиынтық келелі жоспарын дайындайды. Бұл жоспарда өзекті мәселе, оны шешу шаралары, ұсыныстарды ендіру, сондай - ақ проблемалық топтардың құрамы мен жұмыс істеу мерзімі көрсетіледі. PM және ХШО - на келелі жиынтық жоспарлардағы іс - шаралардың жүзеге асырылу мерзімін нақтылай түсетін жылдық және тоқсандық жоспарлары болады. Бұл жоспарларда кешендік және салалық тұрғыдан келу жымдасып жатады, яғни бөлімдерлік тапсырмалардан басқа оларда мамандардың бір тобына есептелген тапсырмалар қарастырылады.

Осыған сай PM және ХШО-ның жұмысы ұйымдастырылады. Оның құрылымына төмендегі бөлімдер кіреді:

- мәдени - тынығу жұмысы;
- халық шығармашылығы;
- ғылыми - зерттеу;
- озат тәжірибені насихаттау және ақпарат;
- репертуарлық - редакциялық;
- ұйымдастыру - әдістемелік бөлімдер.

Мәдени - тынығу жұмысы және халық шығармашылығының бұл бөлімдерінің өз бөлімшелері бар: клуб мекемелері, саябақтар мен бұқаралық демалысты ұйымдастыру әдістемесі, саяси - тәрбиелік жұмыстар әдістемесі, әуесқой бірлестіктер мен дискотекалар, кино және сурет өнері, фольклор, театр, бейнелеу - қолданбалы өнер, балалар және жасөспірімдермен жұмыс, көрнекі үгіт және техникалық насихат құралдары, эстрада және цирк, сондай - ақ фестивальдер, көрмелер дирекциясы және т.б.

Салалық бөлімдер қажеттілігіне қарай ортақ жоспарлы мәселелерді бірлесе отырып қарастыру үшін ғылыми - зерттеу бөлімдеріне өз өкілдерін жібереді. Бұл тәжірибені неғұрлым жемісті және жан - жақты зерттеуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар проблемаға тұтастық тұрғысынан келуді, халық шығармашылығы мен мәдени - тынығу жұмысы мамандарына төлемақы төлеуді қамтамасыз етеді. Осыған сай тиісті бөлімдер кешенді тақырыптармен параллельді түрде салалық тапсырмаларды орындайды.

PM және ХШО директорлар Кеңесін құрады, оған облыстық орталықтардың жетекші қызметкерлері кіреді. Кеңес келелі жиынтық жоспарды қарастырады, облысаралық проблемалық топтардың жұмысын талқылайды және қорытындылайды, озат тәжірибе

алмасуды ұйымдастырады.

Бөлімдер жанынан қоғамдық секциялар құрылады. Оған білікті ғалымдар, аппарат қызметкерлері, халық шығармашылығы мен мәдени - тынығу жұмысының практиктері кіреді. Әр секция ұжымдық эксперт қызметін атқарады.

Тәжірибелік бөлім. РМ және ХШО баспа цехын, дыбыс жазу студиясын, кино-фотостудиясын, қолданбалы - безендіру шеберханаларын (сахналық костюм тобымен бірге) және өзге де өндірістік бөлімшелерді құрады. Олар түрлі құралдарды басып шығаруды қамтамасыз етеді.

РМ және ХШО –ның базалық клуб мекемесі болады. Онда шығармашылық зертханалар мен студиялар, тәжірибелік, сценарийлік және режиссерлік топтар, көркемөнер шығармашылығының үлгілі ұжымдары, әуесқой бірлестіктер, қызығушылық клубтары және т.б. жұмыс жасайды. Базалық мәдениет үйінде халықтық сурет галереясы, мұражай, республикалық халық театрлары, әдіскерлер бөлімі бар сырттай мәдениет университеті ашылады. Сондай - ақ, мұнда Мәдениет министрлігінің жылдық есептері, облыстық орталықтардың келелі жоспарлары талданады, жергілікті орталықтардың қызметі жөніндегі есептер тыңдалады. РМ және ХШО мерзімді басылымдарға қажетті материалдарды жариялай отырып отандық және шетелдік тәжірибені жинақтайды, насихаттайды, сондай - ақ телевидение мен радио құралдарын пайдалана отырып, брошюралар, альбомдар, көрмелер ұйымдастыру, оқу - көрсетілім іс-шараларын, семинар - мәжілістер өткізу арқылы озат тәжірибені насихаттайды.

Республикалық орталық мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату орталықтары ұйымдастырған оқу - әдістемелік іс-шараларға, республикалық және облыстық орталықтар қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату бағдарламалары мен оқу жоспарларын дайындауға қатысады. Республикалық орталыққа сондай - ақ, ЖОО кәсіптік мамандықтар факультетінің мәдени - тынығу жұмысы және көркемдік бөлімдерінің, халықтық мәдениет университеттерінің, халықтық көркемөнер ұжымдарының оқу жоспарлары мен бағдарламаларын дайындау да жүктеледі.

РМ және ХШО-ның ұйымдастыру - әдістемелік қызметінің мазмұны ұлттық және аймақтық ерекшеліктерге байланысты өзгеріп отырады. Жаңа жағдайларда РМ және ХШО үздік көркемөнер ұжымдарының, балдық би орындаушыларының ақылы шараларын ұйымдастырады. Мұнан өзге олар өзін - өзі ақтау негізінде баянда ойнаушылардың, көркемөнер ұжымдары жетекшілерінің, сәнді би студиялары мен мектептерінің, мәдени ұйымдастырушыларының, суретші - безендірушілердің ақылы курстарын, ақылы шығармашылық бірлестіктерді (вокальды-аспаптық және эстрадалық ансамбльдер, үрмелі аспаптар оркестрі, ойынханалар және т.б.), оқу - әдістемелік кинофильмдер зертханасын, көрнекі - үгіт жұмыстары үшін фотоиллюстрация зертханаларын құра алады. Осылайша мұнда халық шығармашылығын одан әрі жемісті жетілдіруге, мәдени – тынығу мекемелеріндегі көркемөнер ұжымдарына әдістемелік және практикалық көмек көрсетуге зор мүмкіндік туады.

ОМ және ХШО өз аймақтарының ерекшеліктеріне қарай жұмыс істейді. Осы ерекшеліктерді есепке ала отырып ғылыми - зерттеу институттары дайындаған материалдарды пайдаланады, қажеттілігіне қарай өз бетінше қосымша ғылыми ізденіс, тәжірибелік жұмыстар жүргізеді, мәдени – тынығу тәжірибесіне өз ұсыныстарын ендіреді және насихаттайды. Көзге көріне бермейтін мәселелерді шешуге бағытталған конструктивті, шығармашылық және насихат жұмыстары - ОМ және ХШО –ның басты іс - әрекеті.

РМ және ХШО облыстық орталықтардың жұмысын үйлестіреді және бағыт беріп отырады, өзара бірлесе отырып бұл орталықтардың негізгі жұмыс тақырыбын анықтайды, облысаралық проблемалық топтар құрады. Осылайша РМ және ХШО республикалық жиынтық жоспарда қарастрылған әлі де шешімін таппаған мәселелерге барынша көңіл бөледі, оны нақтылап, жетілдіріп, жергілікті орталықтардың жоспарына енгізеді. Мұның

бәрі жалпы мәселелерді басқаша ұсыну мүмкіндігін жоққа шығармайды.

РМ және ХШО өз желісі бойынша облыстық буын мамандарының оқуын жүзеге асырады, оларға жүйелі түрде ұйымдастырушылық, әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді. Ғылыми - әдістемелік басшылық жүйесінің облыстық буыны — РМ және ХШО-ның клуб жүйесіне өз ықпалын тигізуіне көмектесетін негізгі желі. РМ және ХШО -ның осы буындармен іскерлік байланысын оң жолға қойып, олармен бірлескен қызметті іске асыруы еңбекте жетістікке жетудің кепілі.

Республикалық орталықтар сияқты әрбір ОМ және ХШО-ның да кешенді және салалық тұрғыдан сәйкестендірілген келелі, жылдық және тоқсандық жоспарлары болады. ОМ және ХШО дирекциясы жанынан жергілікті әдістемелік орталықтың директорлар Кеңесі құрылады.

ОМ және ХШО-ның тәжірибелік және шығармашылық жұмыс базасы болып табылатын тірек мәдени - тынығу мекемесі болады. Мәдениет үйі жанында түрлі жанрлар мен жұмыс түрі бойынша республикаға танымал халықтық және әуесқой ұжымдар, студиялар мен зертханалар, талапқа сай келетін шеберханалар жұмыс істейді.

Облыстық ғылыми - әдістемелік орталықтар РМ және ХШО дайындап, ұсынған нұсқауларды тәжірибеге ендіруге назар аударады. Бұл орталықтар жергілікті ғылыми қоғамдармен тығыз байланыс орнатып, білікті мәдениет қызметкерлерін, әдебиет пен өнер қайраткерлерін тарта отырып, ғылыми негізделген жұмыс әдістерін және жетілдірілген практикалық әдістемені меңгеру, бұларды аймақтың ерекшелігін ескере отырып нақты жағдайларда пайдалану мәселесі бойынша аудандық мәдениет үйімен бірлестікте жұмыс жасайды. ОМ және ХШО бұл мақсатта базалық тірек мәдениет үйін (ең үздік АМУ базасында), оның жанынан шығармашылық зертханалар, озат тәжірибе мектептерін, үлгілі клуб ұжымдарын құрады.

ОМ және ХШО аудандық мәдениет үйінің әдістемелік жұмысын үйлестіреді және бағыт беріп отырады. Жыл сайын барлық жетекші бағыттар бойынша негізгі шаралардың облыстық жиынтық жоспарын дайындайды, жоспарды жемісті жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастырады және оның орындалу барысын жүйелі түрде бақылап отырады.

1985 жылдан бастап халық шығармашылығы және әдістемелік орталықтарда ғылыми әдістеме, мәдени - тынығу жұмысы әдістемесі, халық шығармашылығы мен клуб мекемелерін, мәдениет және демалыс саябақтарын басқаруды жетілдіру және әдістемесі, редакциялық - баспа және ақпаратты ұйымдастыру жұмысын, мәдени - тынығу жұмысында техникалық құралдарды пайдалану әдістемесін қамтыған жаңа құрылым қалыптасты.

Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығы аудандық мәдениет үйі әдіскерлерінің, осы мекемелердің шығармашылық құрамының оқуын ұйымдастырады. ОМ және ХШО үшін аудандық мәдениет үйі (АМУ) ғылыми - әдістемелік нұсқауларды тікелей жергілікті жерлерде іске асыруда, оларды аудан көлемінде жұмыс жасап тұрған барлық мәдениет мекемелерінің тәжірибесіне ендіруге негізгі база болып табылады.

АМУ-нің әдістемелік кабинеті бірыңғай кешенді жоспар негізінде әдістемелік жұмысты ұйымдастырады. Бұл жоспар іс - әрекеттің өзара ықпалдасты негізгі екі бағытын қарастырады: *бір жағынан* аудан орталығы тұрғындарына жоғары дәрежеде мәдени қызмет көрсету, *екінші жағынан* ауданның мәдени - тынығу мекемелерін әдістемелік қамту.

АМУ әдістемелік кабинеттерінің қызметі ең алдымен аудандағы мәдени - тынығу мекемелеріне өздерінің саяси - тәрбиелік міндеттерін ғылыми - әдістемелік орталықтар дайындаған нұсқаулықтар мен бағдарламалар негізінде жүзеге асыруына тікелей әдістемелік және практикалық көмек көрсетуге келіп саяды.

Әдістемелік бірлестіктердің ережесінде оның нақты міндеттері, қызметі мен мәртебесі, АМУ –нің әдіскері, аудандық кинофикация желісінің әдіскері, мәдениет және демалыс саябағының нұсқаушысы, аудандық оқушылар сарайының әдіскері, спорт комитетінің нұсқаушысынан құрылған құрам ашық көрсетіледі.

Әдістемелік бірлестікті арнайы білім мен практикалық тәжірибесі бар неғұрлым тәжірибелі әдіскер басқарады. Оны үйлестіру Кеңесі бекітеді және төмендегідей міндеттерді атқарады:

- аудандағы әдістемелік жұмысты жоспарлайды;
- бірлестік мүшелерінің міндеттерін бөледі;
- әдіскерлердің ауылдық жерлерге іс-сапарларының кестесін құрады;
- жекелеген тапсырмалар береді және олардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады;
- әдіскерлер мәжілісін дайындайды және өткізеді;
- әдістемелік бірлестіктің жұмыс есебін дайындайды және есепке алады.

Ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыру - әдістемелік жұмысы тек ауылдағы мәдени - тынығу жұмысын ұйымдастырушы ғана емес, сондай - ақ өз әрекет ету аймағында ауыл клубтарына әдістемелік және практикалық көмек көрсетуде АМУ-нің тірек пункті болып табылады.

Ауылдардағы мәдени – тынығу мекемелерін ұйымдастыру - әдістемелік басқаруды жүзеге асыру үшін ауылдық мәдениет үйінің жанынан **әдістемелік Кеңес және әдістемелік кабинет** құрылады. Әдістемелік Кеңесті ауылдық мәдениет үйінің директоры басқарады және әдістемелік кабинет базасында да, сондай - ақ мөлтекаудандағы клуб пен мәдениет үйінде де өз жұмысын жүргізеді.

Әдістемелік Кеңес ауылдағы мәдениет қызметкерлеріне мәдени – тынығу жұмысы мен жаңа жұмыс әдістерін меңгеру бойынша семинар сабақтарын ұйымдастырады, мәдениет үйі директорларымен, олардың белсенділерімен **жеке және топтық кеңестер** жүргізеді, мәдени - тынығу жұмысының озат тәжірибесін таратады, ОМ және ХШО –нан және халық шығармашылығы мен мәдени - тынығу жұмысының аудандық әдістемелік кабинетінен алынған барлық материалдарды клубтарға жеткізеді.

Ауылдық мәдениет үйі ауылдағы аймақтық ұйымдастыру - әдістемелік орталық болғандықтан, онда аудандық мәдениет үйі, ауыл клуб мекемелері және ауылшаруашылық өндірістік учаскелері арасындағы шығармашылық байланыстарды неғұрлым тиімді жүзеге асыруға мол мүмкіндік бар.

Ауылдық мәдениет үйі аудандағы клуб мекемелерінің жұмысы жөніндегі материалдарды (сценарийлер, жоспарлар, жемісті өткізілген тақырыптық кештердің, ауызшажурналдардың, конференциялардың жарнамалық материалдарын) жинақтап, өзінде сақтап отыруға міндетті.

Қорытынды. Ауылдық клуб мекемелеріне барғанда ауылдық мәдениет үйінің қызметкерлері, әдістемелік Кеңес мүшелері жоспарлардың орындалуын, әдістемелік құралдар мен әдебиеттердің болуын тексереді, көшпелі көрсетілім іс-шараларын, семинар - практикумдар өткізеді, практикалық кеңестер береді, мәдени - тынығу жұмысының ең үздік тәжірибесін жинап, таратады, клуб мекемесі жұмысының тиімді жұмыс түрлерін насихаттайды.

Ауыл клубының әдістемелік бұрышы. Ауыл клубының әдістемелік бұрышы негізінен нақты бір ауыл клубы шеңберінде жұмы істейді. Сондықтан түрлі сипаттағы барлық өткізілген іс - шаралар әдістемелік тұрғыдан осы әдістемелікбұрышта дайындалып, ұйымдастырылуы тиіс. Біздің пікірімізше, әдістемелік бұрыштардың жұмысы ең алдымен мәдениет қызметкерлері мен белсенділерге тікелей әдістемелік көмек көрсетуге, бөлімшелер арасындағы байланысты, сондай - ақ орталық мекемелер мен ұйымдар арасындағы байланысты жүзеге асыруға негізделеді.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта әдістемелік бұрыштардың құрылымы, штаты, негізгі міндеттері, функциясы, жалпы ережесі, жұмыс көлемі, мазмұны анықталған қандай да бір құжат жоқ. Істің мұндай жағдайы Еліміздің президенті мен үкіметіміз жүктеп отырған міндеттерді шешуді тежейді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Абишев М.А., Багов И.Т. Организация системы методического руководства культурой и художественным творчеством. Шымкент, ЮКГУ, 2005г.
- 2 Абишев М.А., Багов И.Т. Методическое руководство самодеятельным художественным творчеством. Чимкент, ОНМЦ НТ и КПр, 1989г.
- 3 Багов И.Т., Абишев М.А. Методическая деятельность межсоюзных Домов, Дворцов культуры и ОМДСТ. Чимкент, ОМДСТ, 1989г.
- 4 Багов И.Т. Методический кабинет РДК–организационно-методический центр народного творчества и культурно-просветительной работы. Чимкент, ОНМЦ НТ и КПр, 1988г.
- 5 Багов И.Т., Уалиханова А. Мәдени-тынығу жұмысын әдістемелік қамту. Оқулық. Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2015. 270б.
- 6 Каргин А.С.: Воспитательная работа в самодеятельном художественном коллективе. М.: Просвещение, 1984. 188с.

Аннотация: В данной статье предусмотрено, что методическое обеспечение МТМ реализуется, прежде всего, в Министерстве культуры РК. Государственная система методического обеспечения - это главный организационно - методический центр народного творчества и культуры, находящийся в ведении Министерства культуры РК. Республиканский центр культуры и народного творчества (РМ и МЦХ) регулирует, программирует и координирует научно - методическую деятельность в области художественного творчества и культурно - досуговой работы, систематически и целенаправленно осуществляет методическое обеспечение областного центра культуры и народного творчества (СШ и МЦХ). Устанавливает всесторонние планомерные научные связи с научно – исследовательскими институтами, высшими учебными заведениями, средними специальными учебными заведениями и лабораториями в соответствии с РМ и МЗО; включает ученых в свои проблемные группы; анализирует и систематизирует научную информацию; на основе полученных данных изучает актуальные проблемы культурно - досуговой деятельности, ее основные тенденции; осуществляет конкретную практическую работу; разрабатывает и пропагандирует руководства для республиканского звена методического управления культурно - досуговой работой и народным творчеством, его научно - методических отделов.

Ключевые слова: творчество, культура, методика, учреждение, общество, специалист, деятельность, работа.

Abstract: This article provides that the methodological support of MTM is implemented primarily in the Ministry of culture of the Republic of Kazakhstan. The state system of methodological support is the State Scientific and methodological center of folk art and culture, which is the main organizational and methodological support institution under the Ministry of culture of the Republic of Kazakhstan. The Republican center of culture and folk art (RM and ISE) regulates, programs and coordinates scientific and methodological activities in the field of artistic creativity and cultural and leisure work, systematically and purposefully provides methodological support to the regional center of culture and folk art (secondary school and ISE). Establishes comprehensive planned scientific contacts with research institutes, universities, secondary specialized educational institutions and laboratories in accordance with the RM and ICOs; includes scientists in their problem groups; analyzes and systematizes scientific information; studies topical issues of cultural and leisure activities, its main trends based on the obtained data; carries out specific practical work; prepares and promotes guidelines for the Republican branch of methodological management of cultural and leisure work and folk art, its scientific and methodological departments.

Key words: creativity, culture, methodology, institution, society, specialist, activity, work.

**БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН (КӘСПТІК БІЛІМ)
ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО И ДИЗАЙН
(ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ).
VISUAL ARTS AND DESIGN (VOCATIONAL TRAINING)**

UDC 74.01/.09

¹Kunzhigitova G.B., ²T.S.Burkitbayev, ²Martynova N.V.

¹chief instructor, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

²candidate of pedagogical science, candidate of pedagogical sciences, associate professor of department of design, arts, crafts and ethno culture. M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

²Pacific National University, [Khabarovsk](#), [Russia](#)

**APPLICATION OF THE KAZAKH NATIONAL ORNAMENT STYLING
METHODS**

Annotation: The article summarizes materials which could be used as additional sources for Art ornament studies. The article also shows search history analysis of new ornamental art forms and their interpretation.

There are many theories about the origin of the ornament. The ornament origin is not well known. Ornament captures aesthetic understanding of human activity, it creatively transforms nature or religious content. Men have been decorating their home, clothing, household items for a long time. We see the simplest patterns on clay vessels, on labor tools of the most ancient people: dots, straight and wavy lines that form an ornament pattern [1, p.252]. Which there is the object of research in our article.

Key words: ornaments, ornament types, artists of contemporary art, transferred ideas, different methods of style.

Introduction. The mystical theory of ornamental art origin was founded by S.Reinak in "Art and Magic" work. Subsequently, ethnographers were engaged in its development, based on the study of people's culture at an early development stage [2].

In the ornament, especially in folk art - where it is most widespread - a folklore and poetic attitude to the world is captured.

Contemporary artists create new forms of ornament, including both ancient elements and modern symbols [1, p.253].

Over some time, motives lost their original meaning, and rather they retained decorative and architectonic expressiveness. Aesthetic social needs were of great importance for genesis and for further ornamental development: rhythmic correctness of generalized motives was one of the earliest ways in artistic development around the world. Rhythmic correctness helped to comprehend orderliness and harmony of reality.

The origin of the ornament goes back centuries and, for the first time, its traces were captured in the Paleolithic era. For instance, ornament had begun to take over in Neolithic culture. However, unfortunately, ornament seemed to not have as much importance and interest in the society at that time. Although, it still had some traces in decorative art. Each era, style, consistently emerging national culture developed its own system; therefore, the ornament is a reliable sign that certain art works belong to specific time period, specific people, country.

Through grapheme, a person expressed his perception of the world around him for the first time, modeling it in symbolic forms, mastering and appropriating it [3]. The ornament demonstrated a person's spontaneous attitude, and at the same time, it showed content consciousness forms. Graphics have shown an enviable stability of style for thousands of years. Ariel Golan believes that the ornament acts as a pre-written way of fixing concepts and ideas, that it forms the symbolic space of culture [4].

South American Indians, Australia, Africa, and Oceania have traces of some sort of traditional ornamental art elements. These figures are present in their modern art pieces, although in a bit geometrically different forms.

Some sources include Zoroastrianism, which could be attributed to religious followers. We might assume that these followers were Mazdeism from Zirehgeran and Derbent territories [5].

But artist usually styles the real form “geometrically”. However, when we talk about “geometrical” representation of the figures/objects, it could also mean that the “actual, real” description might not be “accurate”. That is because people, figures, animals, etc. can be “geometrically” drawn in a way that have no or minimum association with them. The important thing to remember is that whether the figures are drawn more “realistically” or “geometrically”, they try to awaken perceiver’s view on aesthetic and emotional beauty. We can see these pattern in figurative structures of woven patterns, book miniatures, jewelry, stone and wood carving.

According to “History of ancient Russian art”: “Some plots, decorations and ornament elements of a clearly magical incantatory character played the role of conspiracies for prosperity or protecting amulets from evil” [6].

If we look into the meaning of ornament, it is stated in “Myth and symbols” book: "The ornament consists from a set of simple figures ..." [7].

Ornament has taken a large place in folk art craft. According to Josef Vydra, one of the largest Czech researchers of folk culture, there are four main functions of ornament:

- 1) psychic - it acts on a person with its symbolism and, thus, excites or soothes him.
- 2) operational - it facilitates the use of the object;
- 3) constructive - it supports object tectonics and affects its spatial perception;
- 4) representational - it increases the impression of object’s value;

Psychic function excites and calms a person. Operational function teaches a person to use an object well. Constructive function of an ornament is describes figures’ tectonical geometrics. Lastly, representational function improves object’s value.

In “Ornaments, styles, motifs” book, they describe ornament as "Ornament in folk art and folk art itself have always been good for the cause, and its interpretation, in essence, corresponds to the principles of modern aesthetics" [8].

According to Medieval East art researchers state that “highly developed calligraphy, which was a letter not only of religion, but also of poetry, philosophy, science, was regarded as an art and occupied an honorable place among other types. Having achieved unusual subtlety and grace in the use of various complicated handwritings, calligraphy turned into one of ornament types that played a significant role in the art of Muslim Middle Ages ”[9].

Pre-Columbian America, Middle Ages, European Middle Ages, Ancient East, Asian cultures represent reality using ornaments in more accurate ways. Artistic ornaments in folk art determines national traditions. Therefore, it formed very stable forms and principles. For example, in India the ancient art of rangoli (alpona) - ornamental drawing - prayer has been preserved.

There are several features of official ornament organization: connection with the surface, style, flatness. In general, ornament is used to arrange objects in order.

Ornament is a universal symbolic form of fine art interconnected with entire mythological complex [10].

Not every pattern can be considered as an ornament. Thus, a patterned fabric with an endlessly repeating pattern is not ornamental. By composition nature=, the ornament can be ribbon, centric, bordering, heraldic, filling the surface, or combining some of these types in more complex combinations. This is due to the conditioned form of object being decorated.

At different times, ornament elements have been used in order to represent different meanings, hence, to represent different beliefs and traditions, realities. Furthermore, ornament had various style, types, perception throughout art history. Let us consider a ROSETTE – a rose flower – which had been used to show love, aesthetic and belonged to Venus goddess. That belief was attributed to ancient pagan way of thinking. Whereas in Islam religion, rose described cosmic power, and paradise life. On the other hand, in the Middle ages, rose flower were thought as a Mother God’s flower.

Ornament, an artistic and aesthetic means of decorating the living environment, solved one of the most difficult tasks of art. According to Nurlanova K., - “the problem of artistic synthesis that expressed an attitude to the world” [11].

Ornament (Latin *Ornamentum* - decoration) - a pattern based on the repetition and alternation of its constituent elements; intended for decorating various objects (utensils, tools and weapons, textiles, furniture, books, etc.), architectural structures (both outside and in the interior), plastic arts (mainly applied), among primitive people also the human body itself (coloring, tattooing). Associated with the surface that it decorates and visually organizes, the ornament, as a rule, brings out or accentuates the architectonics of the object. The ornament either operates with abstract forms, or styles real motives.

According to Margulan A., - ornament, "was a constant assortment of the Kazakhs' entire lives" [11, p.225], "Kazakhs seem to live in the world of ornament" [12].

